

**Сүлейман Демирел атындағы университет**

**Б.Д. Керімбекова**

**ПОЭМА ЖАНРЫН ТАЛДАУ**

**Оқу құралы**

Алматы 2011

**Сүлейман Демирел атындағы университет**

**Б.Д. Керімбекова**

**ПОЭМА ЖАНРЫН ТАЛДАУ**

**Оқу құралы**

Алматы 2011

**УДК 821. 0**  
**ББК 83. 3 Қаз**  
**К 32**

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы “Білім” тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған;  
Хаттама № 15. 10. 06. 2011ж.

**Пікір жазғандар:**

Филология ғылымдарының докторы, профессор З. Бисенғали  
Филология ғылымдарының докторы, профессор Д. Ысқақұлы

**Керімбекова Б.Д.**

Поэма жанрын талдау: оқу құралы/ Б.Д. Керімбекова.  
– Алматы: С. Демирел атындағы университет, 2011. – 140 б.

**ISBN 9965-792- 51-8**

«Поэма жанрын талдау» атты оқу құралында күрделі жанр – поэманың жанрлық ерекшеліктері мен түрлері, қазақ поэмаларының тақырыптық сипаты мен ондағы көркемдік ізденістер ақын Ф.Оңғарсынова поэмалары негізінде сараланады.

Оқу құралы жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттар мен ізденушілерге, сондай-ақ, оқытушыларға арналады.

**УДК 821.0**  
**ББК 83.3 Қаз**

Алматы 2011

## АЛҒЫСӨЗ

Поэма – әдебиеттегі күрделі жанрдың бірі ретінде бірден қалыптаса салмады. Бастауын қисса-дастандар мен лиро-эпостық жырлардан алатын қазақ поэмасының да ұзаққа созылған өсу жолдары, даму кезеңі бар. Қазақ әдебиеті тарихы мен оның жалпы даму үдерісіндегі поэманың атқарып келген қызметінің айрықша болғандығына әдебиет таныр қауым қашаннан қанық. Эпикалық шығармалардан гөрі айтар ойын ықшамдап ұсынатын қысқа жанрлы дүниелер өтімді болып тұрған бүгінгідей жаһандану заманында да поэма өз миссиясынан жаңылмай келеді, құндылығын азайтқан емес.

Қанша заман өтсе де, сөз өнерін серік еткен қай қаламгер болмасын өзінің туған халқының ғасырлар бойы жинақталған, қордаланған бай көркемдік дәстүріне сүйенуді басты мұрат тұтары анық. Ежелгі дәстүрге сүйенген, соны жалғастырып байыта, тереңдете түскен қаламгерлер қазақ поэмасының алғашқы ең жақсы үлгілерін қалыптастырып берді.

Осыған орай қазақ поэмасының өсу, даму жайлы айтқан С. Мұқанов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, М. Қаратаев, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, т.б. ғалымдардың пікірлерінен бөлек, қазақ әдебиеттануы тарихында поэма жанрына арналған бірнеше арнаулы ғылыми зерттеу еңбектер жарық көрді. “Қазақ совет әдебиетіндегі 20–30 жылдардағы поэмалар” деген еңбегінде ғалым Ә. Нарымбетов қазақ поэмаларының қалыптасу кезеңін белгілесе, “Қазіргі қазақ поэмасы” (1982), “70-80 жылдардағы қазақ поэмасы” (1999) т.б. еңбектерінде әдебиет тарихында бағалы орынға ие бірқатар поэмалардың тақырыптық–идеялық маңызы теориялық тұрғыдан әр қырынан қарастырылады. Ш. Әлібековтің “Қазақтың революцияға дейінгі сюжетті поэмалары” атты диссертациясында ХХ ғасыр поэмалары сөз болады. Н. Қарбанованың “Тарихи адамдар бейнесі” (1968) диссертациясында 1950–60 жылдардағы тарихи тақырыпқа жазылған поэмалардың жанрлық–көркемдік ерекшеліктері Х. Ерғалиев, Қ. Бекхожин, Ғ. Қайырбеков, Қ. Тоғызақов поэмалары негізінде сараланып, ғылыми негізде тұжырымдалса, М. Султанбековтың “Поэмы Абая” (1970) атты кандидаттық диссертациясында А. Құнанбаевтың поэмаларының ерекшеліктері танылады. Б. Отарбаеваның “Идейно-художественное и жанровое своеобразие казахской советской поэмы 50-60х гг” (1983), Қ. Алпысбаевтың “Проблемы жанров современной казахской поэмы” (1986), “Поэма және сюжет” (1992), А. Егеубаевтың “Идейно–художественное влияние поэмы “Кудатгу билик” Юсуфа Баласагунского на развитие казахской литературы” (1989) ғылыми еңбектері де қазақ поэмасының көркемдік ерекшелігін ашуға арналған.

Кейінгі жылдары поэмаға қатысты жазылған Ж. Балтоғаеваның “М. Жұмабаев поэмаларының жанрлық–көркемдік ерекшеліктері” (2003), М. Жақыпбекованың “Ерлікті бейнелеудің ұлттық өрнектері”(28 Панфиловшылар туралы поэмалар) (2005), Ж. Досбайдың “Қ. Бекхожин поэмаларының көркемдік әлемі (2005), Г. Қажыбаеваның “Қазіргі қазақ

балалар поэмасы” (2006), Қ. Құрмамбаеваның “Шәкәрім поэмаларының тарихи және әдеби негіздері” (2006) атты кандидаттық диссертацияларында қазақ поэмаларының идеялық–көркемдік ерекшеліктері жекелеген ақындар шығармашылығымен байланысты қарастырылады. Сонымен бірге, Қ. Юсуповтің “Ж. Нәжімеденовтың ақындығы”, Ж. Мәмбетовтің “Ж. Молдағалиевтің ақындық шеберлігі”, Қ. Хамидуллаевтың “М. Мақатаевтың ақындық шеберлігі” т.б. сынды диссертациялық жұмыстарда аталған ақындардың өлеңдерімен қатар поэмаларына да жан-жақты талдаулар жасалады.

Ал аталған оқу құралында күрделі жанр – поэманың жанрлық ерекшеліктері мен түрлері, қазақ поэмаларының тақырыптық сипаты мен ондағы көркемдік ізденістер ақын Ф.Оңғарсынова поэмалары негізінде сараланып, оқырман назарына ұсынылмақ.

“Тоқырау жылдары” аталған “жылымық” кезеңнің әдебиетіне өзгеше мінезді өлеңдерімен келген Ф. Оңғарсынова шығармашылығын қазақ поэзиясына үлкен бетбұрыс әкелген шын мәніндегі әдеби құбылыс деуге болады. Қазақ әдебиетінде дара дауысы бар ақын Ф. Оңғарсынованың ақындық мұрасына оның ішінде, лирикалық кейіпкер әлемі, мінез, дәстүр жалғастығы сынды ақын шығармашылығына қатысты бірсыпыра мәселелердің қарастырылғаны белгілі. Атап айтсақ, Ф. Оңғарсынова поэзиясы С. Айбергенованың “Қазақ ақын әйелдер шығармашылығындағы дәстүр жалғастығы” атты ғылыми еңбегінде алдыңғы буын мен кейінгі толқын қазақ ақын қыздарының шығармашылығымен байланыста қарастырылса, Н. Қамарованың “Қазіргі қазақ өлеңдеріндегі психологизм” деп аталатын кандидаттық диссертациясында ақын өлеңдеріндегі психологизм табиғаты танылып, теориялық терең талдаулар жасалады. “Қазіргі қазақ лирикасындағы мінез мәселелері” атты Ж. Сұлтанғалиеваның диссертациясында ақынның өлеңдеріндегі мінез ерекшеліктері сөз болады. Ал, З. Мүтиевтің “Ф. Оңғарсынова лирикасы” дейтін кандидаттық диссертациясында ақынның лирикасы жан-жақты әрі кең көлемде зерттелінген болатын.

Ф. Оңғарсынованы сыршыл, ойшыл лирик ақын ретінде бағалау – әдеби сынымызда орныққан пікір екендігі рас. Ақын лирикасы бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстарға арқау болды десек, поэмалары туралы олай айта алмас едік. Ә. Нарымбетовтың “70-80 жылдардағы қазақ поэмасы” атты оқу құралында ақын поэмасы осы жылдардағы озық үлгідегі қазақ поэмаларының аясында қарастырылса, ғалым Р. Нұрғалиевтің “Мінезді жырлар” мақаласында ақын поэмаларының тарихи – тақырыптық сипаты сөз болады. Сонымен қатар, Р. Аяпбергенұлының “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының 2002–2003 жылдар аралығындағы сандарында ақын поэмаларының әрқайсысына қысқа көлемді шағын мақалалар арналып отырды. Осылайша ақын поэмаларының жанрлық, көркемдік ерекшеліктері бірқатар мақалалар аясында сөз болғанымен, арнайы көлемді ғылыми-зерттеу нысанасына айнала қойған жоқ. Бітімі бөлек өлеңдерінен тыс оннан астам поэмалардың авторы, Ф. Оңғарсынова поэмаларына арналған

толымды зерттеу еңбектің жоқтығы осы оқу құралының өзектілігін өткірлей түседі. Аталған оқу құралының да басты мақсаты – ақынды кең өрісті, сан құлашты эпик ақын ретінде таныту; Ф. Оңғарсынованың әлі де сыншылар назарына ілінбеген, ғылыми айналымға енбеген поэмаларының жанрлық –көркемдік ерекшеліктерін жіті зерттеп, оларды бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша бағамдау.

Ақын Ф. Оңғарсынова поэмаларының идеялық-көркемдік ізденістерін анықтауға арналған еңбекте ақын поэмаларының тарихи-тақырыптық сипатына баса назар аударылып, ондағы образ жасау ерекшеліктері талданады. Сондай-ақ, ақынның өзгеше тағдырлы өнер иелері мен тарихи тұлғалар өмірін арқау еткен поэмаларындағы тың тәжірибелер мен түрлі ізденістері сараланады. Ф. Оңғарсынованың “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасындағы ақын Сара, “Тартады бозбаланы магнитім” поэмасындағы әнші Майра, “Тыңдаңдар, тірі адамдар!” поэмасындағы қазақтың қос батыр қызы Әлия мен Мәншүк, “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім” поэмаларындағы Махамбет бейнелерінің сомдалуындағы ақындық шеберлік мәселелері сөз болады. Ақын осындай тарихи тұлға тағдырын арқау ете отырып, олардың көркем бейнесін сомдауда тың ізденістерге барды. Ақынның жаңаша көркемдік арнада шешім тапқан соғыс тақырыбына арналған “Қасірет пен ерлік жыры”, “Тыңдаңдар, тірі адамдар!” сияқты поэмаларындағы бірінші кезекте адам жанының көрініс табуы ақын ізденісінің бір қыры ретінде бағаланады.

Қазақ поэзиясына ең алдымен өжет мінез, өр үнімен келіп, нәзік те шынайы лирикасымен оқырманын табындырған ақынның эпикалық шығармаларынан да осы қасиеті қолтаңбасы аңғарылмай қалмады. Ақын поэмаларының басым бөлігінің лирикалық поэма болып келуінің де бір себебі осында болса керек. Сондықтан аталған жұмысымызда қазақ әдебиетіндегі эпикалық поэмалар мен лирикалық поэмалардың өзара айырмашылықтары мен ерекшеліктерін саралай келе, олар туралы әр кезде айтылған алуан түрлі пікірлерге тоқталдық. Сонымен бірге Ф. Оңғарсынованың лирикалық поэмаларындағы идеялық – тақырыптық ізденістері мен олардың көркемдік табиғаты танылады.

Оқу құралын Ф. Оңғарсынова шығармашылығын зерттеуге арналған еңбектер, ғылыми–сыни мақалалар жазу барысында сондай-ақ, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде “Қазақ әдебиетінің тарихы” мен “60-80-жылдардағы қазақ әдебиетіне” қатысты жалпы және арнаулы (поэма тарихы мен теориясынан) курстар мен семинарларда пайдалануға болады.

# 1 ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ, СЮЖЕТТІК НЕГІЗДЕРІ

Поэманың жанр ретіндегі ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін анықтауға байланысты орыс және қазақ әдебиеттануында әртүрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, Г.Н. Пospelов “ауыз әдебиетіндегі ұзақ жырлардан басқа барлық баяндау өлеңдерін” поэма деп есептесе [1, 161 б.], “Новые пути поэмы” атты мақаласында В. Кубилос поэманың синтетикалық жанр екендігін айта келе: “Әрбір әдеби жанрды басқа әдеби жанрлардан оқшау, байланыссыз, томаға-тұйық “автономия” ретінде қарауға болмайды. Белгілі бір жанрдың өмірге келу, даму эволюциясы басқа әдеби жанрдың өзара әсеріне байланысты. Әдебиет те өмір сияқты, диалектика заңына тәуелді. Қатып қалған қағидасы болмайды. Өмір ағымымен қатар адам, оның әлемді қабылдауы өзгереді, содан келіп әдебиетте жаңа идеялар пайда болады. Кез-келген үлкен өнер жанрдың қатып қалған шекарасын бұзады, жылжытады” – дегенді айтады [2, 70]. Ал Эд. Джрбашян болса: “Поэманың басты артықшылығы еркін құрылымды жанр екендігінде дей келе, поэманы бұрыннан-ақ, дамыған эпикалық тарих пен лирикалық шегіністер, философиялық ой-толғамдар мен тұрмыстық көріністер, қаһармандық және комедиялық, символикалық немесе фантастикалық көріністер еркін араласа беретін синтетикалық жанр ретінде қалыптасқан” [3], - дейді.

XIX ғасыр ақындары мен сыншылары поэма да роман жанры секілді сюжетсіз, қатысушы бейнесіз өмір сүре алады дегенге күмәнмен қарады. Ал, қазір мұндай поэмалар ешкімге жаңалық емес. Қазіргі поэмалар көп типті әрі сан стильді. Көптеген зерттеуші-ғалымдар поэма-роман, поэма-повесть, поэма-новелла, поэма-лирикалық цикл секілді поэмалар түрін ажыратады. Бірақ, бұдан жанрдың негізгі қағидасы анықталмайды. Ю. Марцинкявичюс өзінің “Судьбы поэмы” деген мақаласында: “Поэма мінез даралай отырып, прозаның тәжірибесіне сүйенеді, лириканың жарқ еткен бір сәттік көңіл-күйін пайдаланып, драмада үнемі қозғалыс үстінде көрінеді. Тіпті публицистиканың өзі де поэмаға жат емес. Бұдан өзге әмбебап жанрды мен білмеймін. Бұл – тұтас симфониялық оркестр” [4, 142], – деп жазады. Егер өлеңге бір ғана эмоция жеткілікті болса, поэмаға өмірлік бай тәжірибе, адами мінез, процесс керек. Өлең ой, көңіл-күй ағымына құрылса, поэмада одан бөлек ең негізгі құрылымдық элемент – типтік образ.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ әдебиетінде поэма термині қолданылмай, көбінесе өлең, дастан, қисса, хикая деген әдеби терминдер қолданылып келгені белгілі. Қазақтың осы кезеңге дейінгі поэмаларын зерттеген ғалым Ш. Әлібеков: “Поэма өлеңмен жазылған көркем шығарманың көлемді бір түрі. Өзінің шығу тегі жағынан эпосқа жатады” [5, 8 б.], – деп поэманың дастан, қисса–хикаялардан айырмашылықтарын атап көрсетеді.

Әдебиеттің өзге салалары сияқты 1960–80 жылдардағы поэма жанры да сапалық тұрғыдан өсіп, жетілудің үлгісін көрсетті. Ф. Оңғарсынова шығармашылығын әдебиеттанушы–ғалымдар 1960-80 жылдардағы әдебиет аясында қарастырып келеді. Осы дәстүрден біз де алшақтамай, ақын

поэмаларын аталған кезеңнің әдеби даму процесімен байланыста сөз етпекпіз.

Аталған жылдардағы жарық көрген поэмалар сан жағынан ғана емес, көркемдік жүйесі, айтар ойы тұрғысынан да қазақ әдебиеті тарихында ерекше көзге түсті. Бұл жылдары қазақ поэзиясының, оның ішінде қазақ поэмасының да шын мәнінде жаңа дәуірі басталды. Ә. Сәрсенбаев, Х. Ерғалиев, Т. Әбдірахманова, Т. Бердияров, М. Мақатаев, Ж. Нәжімеденов, С. Жиенбаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, Т. Айбергенов, Ф. Оңғарсынова, М. Шаханов, И. Оразбаев сынды ақын туындылары эпикалық поэзияның өрісін кеңейтіп, өрлеу кезеңін ала келді. Аталған буын өкілдері дәуірінің үнін жеткізіп, заманының келбетін танытып қана қоймай, тарих тасасында қалған тұлғаларымыздың талайлы тағдырларына бойлады. Халқының өткені мен бүгінін қатар жырлауға талпынды. Солардың бірі – ақын Ф. Оңғарсынова.

Ф. Оңғарсынова поэзиясы хақында әдебиеттанушы-ғалымдардың өзіндік ғылыми талдау-тұжырымдары, бағам-байлаулары бар. Ақын лирикасын зерттеген З. Мүтиевтің сөзімен айтсақ, “Ф. Оңғарсынова поэзиясының табиғатын тану – алыптардан бастау алады” [6, 24 б.]. Көрнекті сөз зергерлері Ғ. Мүсірепов (“Екі ауыз сөз”), Ә. Тәжібаев (“Ой мен сезім нақыштары”) айтқан бағалы ойлармен қоса М. Қаратаев, Ә. Шәріпов, С. Сейітов, З. Ахметов, З. Қабдолов, Ә. Жәмішев, С. Қирабаев, Т. Тоқбергенов, Р. Нұрғали, т.б. сынды ғалымдар да өз еңбектерінде Ф. Оңғарсынова поэзиясына аса үлкен ықылас танытқан болатын. Ақынның өз замандас-қаламдастарынан, жолын қуған іні-сіңлілерінен Б. Асылжанов (“Менде бір тебіреніс бар”), К. Ахметова (“Ақынсыз бір сәті, бір күні аңыз”), С. Жұмабеков (“Жырлары жанарында жарқылдаған”), Н. Оразалин (“Асқақтық пен Рухты аялаған жыр”), Ә. Кекілбаев (“Нұрлы жүрек туғызған Жыр-күдірет”), У. Қалижанов (“Уақыт үндестігі”), Ә. Бөпежанова (“Өжет жырға өлім жоқ”), Т. Медетбек (“Қасіреттен тұрады бақытым да”) оның өлеңдеріне тоқталмағандары, жоғары бағаламағандары кемде-кем. Мұндай әдеби-сын мақалалар, зерттеу еңбектер ақын шығармашылығының зерттелу аясын кеңейте түсті. “Жыр жазу деген – азап, от, Әйел боп туған болмысқа”, – деп бар өмірін өлеңге сыйғызған Ф. Оңғарсынова поэзиясының қазақ поэзиясынан ойып орын алуы да заңдылық.

Алайда, Ф. Оңғарсынова мұрасында әлі де жүйелі арнада зерттелмеген, ғылыми тұжырымға енбеген саланың бірі – ақынның поэмалары. Поэма – жалпы әдеби процестегі көрнекті қызмет атқарып келе жатқан күрделі жанрдың бірі. Ұлттық, жанрлық, стильдік, көркемдік ерекшелігі мол, үздіксіз дамып отырған қазақ әдебиетінің үлкен саласында Ф. Оңғарсынова оқырман жүрегіне жол тапқан өлеңдерінен тыс әртүрлі тақырыпта, әртүрлі жанра оннан астам поэмалар жазды. “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, “Тартады бозбаланы магнитім”, “Тыңдандар, тірі адамдар”, “Қасірет пен ерлік жыры”, “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы”, “Дала тағдыры”, “Мүшәйра”, “Қырдағы айқас”, “Мен өмірді сен деуші ем”, “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім”, “Ақбөбек жырлары”, “Қарғыс”,



“Дыбыстар әлемі”, “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” сынды поэмалары оның ақындық диапазонының кең және терең екендігін дәлелдеді.

Ф. Оңғарсынованың поэмалары көлемі жағынан тым ұзақ болмағанымен, айтар ойы анық, мазмұны нанымды. Ақын поэмалары уақыт пен заман сырын, оның тарихи-әлеуметтік мәнін көркем бейнелеуде, шындықтың қоғамдық-философиялық сипатын ашуда көрнекті қызмет атқарады. Көркемдік ізденістерін үнемі толықтыра отырып, заман жайын, халық сөзін көкейіне түйіп, әділетті ту ғып ұстаған ақын екенін байқатады. Қай поэмасын алып қарасақ та, оның ақындық кредосын анық байқаймыз.

Біз сөз еткелі отырған Ф. Оңғарсынова поэмаларының басым көпшілігі тарихи тұлғаларды арқау еткен. Сол арқылы ақын тарих пен бүгінгі күннің өзара сабақтастығын тауып, тарихи дәуірдің шындығын көрсетуді мақсат тұтады. Сондай-ақ, ақын өлең сөзбен тарихқа айналған тұлғалардың рухани портретін сомдайды. Осы тұста “тарихи тұлға” дегеніміз кім? деген заңды сұрақтың туары анық. Бұл ұғым жайында ғалым Қ. Әбдешұлы “Тарих және тағдыр” атты зерттеу еңбегінде: “Ең алдымен, тұлға деген ұғым – тарихи өлшем. Яғни, тарихи тұрғыдан ел үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекеттерге барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған” [7, 158 б.], – дейді. Ал “Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы” атты монографиясында Ә. Тарақ осы ұғым турасындағы В.Г. Белинскийдің мынадай анықтамасын ұсынады: “Тарихи тұлға бұл қашанда белгілі бір дәуірдің құбылысы, бірақ оны әрбір жазушы өзінің уақыты және дербес психологиясы тұрғысындағы көзқарас бойынша қарастырады” [8, 274 б.]. Демек, тарихи тұлғаға арнап шығарма жазу – ақынның биік интеллектін, терең танымы мен биік парасатын байқататын күрделі процесс.

Қазақ поэмаларының өткеніне көз жүгіртсек, поэмадағы тарихи тақырып отызыншы жылдардан бастап идеялық шеберлік тұрғысынан кемелдене түсті. Тарихта болған өнер қайраткерлері, дарын иелері туралы поэма жазуда ақындардың арқа сүйегені – І. Жансүгіровтің ақындық дәстүрі болғаны белгілі. І. Жансүгіров “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” поэмалары арқылы өнер адамын бейнелеудің поэмадағы жарқын үлгісін қалыптастырды дейміз. Ал “осы дәстүр жалғастығының мысалы ретінде Ә. Тәжібаевтің “Ақын”, “Күй атасы”, “Майра”, “Оркестр”, Қ. Бекхожиннің “Аппақ-наме”, “Құрманғазы”, “Мәриям Жагорқызы”, Ж. Молдағалиевтің “Кісен ашқан”, М. Әлімбаевтың “Естай-Қорлан”, Т. Бердияровтың “Біржан сал”, “С. Иманасовтың “Айтыс”, С. Сейітхазиннің “Балуан шолақ”, Ә. Күмісбаевтің “Махамбет” поэмаларын атауға болады” [9, 32 б.]. Аталған поэмалардың басым көпшілігі тарихта болған өнер адамының өнер жолын бедерлеуге бағытталды. Алайда, тарихи тақырып-бір кезеңнің әдебиетімен ғана шектеліп қалатын тақырып емес. Бұдан кейінгі кезеңде де бұл тақырыпқа поэмалар жазуды ақындар тоқтатқан жоқ.

1960-80-жылдардағы қазақ прозасында да тарихи тұлға бейнесін қоғамдық шындықпен сабақтастыра суреттейтін көркем шығармалар аз жазылмады. Тарихи тұлға өмірінің белгілі бір кезеңдерін суреттеу, шығармаларына тарихилық сипат дарыту осы жылдардағы әдебиеттің қай жанрында болса да белсенді түрде көріне бастады.

Ф. Оңғарсынованың халық үшін күрескен тұлғаларға арнап жазылған тарихи тақырыптағы поэмалары өзінің композициялық жүйесінің мықтылығы, сюжеттік желісінің қызықтылығымен, образ жасау шеберлігімен қазақ поэмаларын дамытудағы мәнді туындылар ретінде бағаланады. Яғни, ақын дәстүрлі эпикалық шығармаларды жаңа сапаға сай жаңғырта отырып, әртүрлі тақырыпты қамтитын поэмалар туғызды.

Ф. Оңғарсынованың тарихи тұлғаны арқау еткен кең көлемді шығармаларының қатарында Жетісудың бұлбұлы атанған Сара ақынға арнаған “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, қазақ қыздарының арасынан шыққан тұңғыш кәсіби әнші Майра Уәлиқызына арнаған “Тартады бозбаланы магнитім”, атақты Ақан сері Қорамсаұлына арнаған “Ақан сері аңыздары”, поэзия алдаспаны Махамбетке арнаған “Алмас қылыш немесе мен Махамбет ақынмен қалай кездестім”, Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүкке арнаған “Тыңдаңдар, тірі адамдар”, композитор Ғ. Жұбановаға арнаған “Дыбыстар әлемі”, қазақ қыздарының ішінде алғашқы болып “темір тұлпарды” бағындырған Еңбек ері К. Дөнентаеваға арнаған “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” атты поэмаларының қазақ поэзиясынан алар орны өзгеше. Сондай-ақ, Ф. Оңғарсынованың “Күй” атты күйші Динаға арнаған диптих, ақын М. Хакімжанова жайлы “Жыр анасы” атты триптихін, ақиық ақын М. Мақатаевқа арнаған “Мақатаев туралы жыр” циклдық топтамасын, Халық артисі, күміс көмей әнші Б. Төлегеноваға арнаған “Бибігүл-ән” арнауын даралап айтуымыз қажет. Тарихи тұлғалар өмірін өз поэмаларына негіз етіп алғанда, Ф. Оңғарсынова өзінен бұрын салынған дәстүрді негізге ала отырып, осы тақырыпты өзіндік жаңалық, ерекшелігімен байытты, өзіндік дара қолтаңбасын да байқата білді.

Қазақ поэмаларында бірнеше (драмалық, лиро-эпостық, лирикалық) жанрлар элементін ұштастыра енгізіп, синтездеуге ұмтылу фактілері кездесіп отырады. Қазақ поэмаларын зерттеуші Ә. Нарымбетов 1968 жылы жарық көрген “Жанр және шеберлік” атты еңбектің “Қазіргі қазақ поэмалары” атты тарауында қазақ әдебиетіндегі орын тепкен поэмалардың “лирикалық поэмалар, эпикалық поэмалар, лиро-эпикалық поэмалар” сынды түрлерін ажырата келе, бұлардың өзара айырмасына тоқталса [10, 171 б.], кейінірек 1982 жылы жазылған “Қазіргі қазақ поэмасы” еңбегінде поэманың олардан бөлек “сюжетті эпикалық поэма, лирико-публицистикалық поэма, очерк-поэма, драмалық, циклді поэмалар” [11, 186 б.] секілді түрлерін ажыратады.

Сюжетті поэма – эпикалық поэзияның ең көнеден келе жатқан дәстүрлі түрі екендігі белгілі. Онда әлеуметтік тұрмыс құбылыстары кең қамтыла отырып адам характері мен образы жасалады. Мұндай поэмаларды көбінесе эпикалық деп атайды. “Эпос элементтерінің барлық поэмада кездесетіні

сияқты эпикалық баяндау формаларында да лирикалық элементтер болуы мүмкін, – дейді профессор Қ.Алпысбаев. Ал лирикалық сипат болса көбінесе қосалқы элемент түрінде ғана көрінеді де, негізгі сюжеттік желінің құрылымына, оның дамуына ықпал ете алмайды, онымен өзара композициялық байланысқа түсе алмайды”[12, 11 б.].

Ф. Оңғарсынова поэмаларына тән жанрлық–түрлік ерекшеліктер турасында әдебиеттанушы Р. Аяпбергенұлы: “Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы ең негізгі ерекшелік – лиризмнің үстемдігі. Мысалы, “Мен өмірді сен деуші ем”, деген поэмасы бозбаланың күнделігі түрінде жазылған таза лирикалық поэма. Ал “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, “Тыңдаңдар, тірі адамдар!”, “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім?”, “Ақбөбек жырлары” поэмалары тарихи–лирикалық поэмалар. “Дыбыстар әлемі” – лирикалық поэма, ал “Мүшәйра” – лиро–драмалық поэма деп білеміз” [13, 31 б.], – дейді.

Ф. Оңғарсынованың “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, “Тартады бозбаланы магнитім”, “Ақан сері аңыздары”, “Дыбыстар әлемі” поэмаларын, күйші Динаға арнаған “Күй”, әнші Б. Төлегеноваға арнаған “Бибігүл-ән” атты циклдық жырларын өнер адамының өзгеше тағдырына арналған шығармалар қатарына қосуымызға болады. Аталған поэмалардағы негізгі мәселе бір адамның тағдыры емес, еркіндікті, азаттықты аңсаған шығармашылық адамына ортақ тағдыр. Мұндағы Майра, Сара, Ақандар солардың жиынтық образы. Ф. Оңғарсынова шығармашылығын осы негізде бағдарлап, ой елегінен өткізетін болсақ, ақынның өнер адамының тарихи тұлғасын жасауда поэма жанрында жаңа стильдік ізденістерге барғандығын байқаймыз. Ақынның тарихи тұлғалар хақындағы поэмалары мен жыр-циклдары дәл бүгінгі күн тынысымен аса үндес. Бұл поэмаларда ақын өнерпаз тұлғалардың өмір жолын әлеуметтік ортаның ахуалымен тығыз байланыста бейнелейді. Осылайша қилы тағдырлар арасындағы тартыс әрекетті суреттей отырып, тарихта белгілі адамдардың, өнерпаз тұлғалардың характерін ашып, образ жасауға тырысады.

Әдебиет атты әлемде әрбір суреткердің қызыға, қызықтыра жырлайтын өзіне етене жақын тақырыбы болатыны белгілі. Сол арқылы оның авторлық идеясы, дербес көзқарасы аңғарылып жатады. Ф. Оңғарсынованың шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі – әйел тағдыры, әйел жолы. Әйел тәкаппарлығының, әйел жанының азаттығын өз халқының өткен тарихынан іздестіру – Фариза поэзиясының өзгешеліктерінің бірі. Ақын шығармашылығына тән осы ерекшелікті анық байқаған З. Мүтиев: “Ф. Оңғарсынова лирикасындағы өзгешелік сол – ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне саналады. ...Суреткердің қаламынан туған әйел тағдыры, оның өмір түйткілдерінен сыр тартқан сан қилы поэтикалық дүниелердің ауқымы да қомақты” [14, 11 б.], – дейді. Қазақ әйелінің қайсар мінезі, олардың бір-біріне ұқсамайтын өзіндік болмыс-бітімі ақын шығармашылығында да бөлекше сипат табады.

“...Шынымды айтсам, мен жалпы әйел тағдырының жүгі көбірек, қиынырақ дер едім. Ал нағыз өнердің шытырман жасы, тіпті суреткерлік

табиғаты әйелге бұйырса, ол екі есе қиын. Тағдыры өнермен байланысты әйелдер жайлы ойланатыным да осыдан болар. Қазақ әйелінің бойындағы адам таңғаларлық ғажайып қасиеттер кім-кімді де табындырады деп ойлаймын. Ал, заманның каталдығына, қыз жолының жіңішкелігіне қарамастан, қазақ қызының қабілетін, өнерін халыққа таныта білген Сара, Майра, Диналарға гимн жазса да артық болмас еді” [15, 189 б.], – деген Фариза қазақтың біртуар талантты да қайраткер қыздарына арнап бірнеше поэмалар жазды. Соның бірі – атақты “Жетісудың бұлбұлы” – Сара Тастанбекқызының өмір тарихын, өнер жолын арқау еткен “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасы.

Поэма ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын, Ф. Оңғарсынова неге Сара, Майра, Ақан, т.б. сынды өнер иелерін поэзиясына арқау етеді, бұл тақырыпқа баруының себебі неде деген сұрақтарға жауап беріп көрелік. Ең алдымен, жастайынан ауыз әдебиетінің маржанынан қанып ішкен ақын содан алған әсерін, көріп-біліп, көкірегіне түйгендерін өз шығармашылығына орнымен пайдалана білген. “...Менің ерекше сүйіп оқитыным “Біржан мен Сара қыздың айтысы” еді. ...Әйел заты ер-азаматқа тура қарап тұрып өзінің ой-пікірін, мүмкіндігін ашық айтуына болады екен-ау, деген ой – ұшығын кеудеме түсірген де Сара апамыздың осы айтысы” – деген еді Ф. Оңғарсынова бұл жөнінде “Сұқбаттар” атты естелігінде [15, 160 б.]. Осы сөздің шындығын ақын “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасында:

Арман-жолда шың-күздар өріндегі,

Адастырмай албырттау көңіл мені.

Жалқы темірқазығым – Махамбет те,

Жыр – Шолпаным өзіңсің көгімдегі [16, 7 б.], – деп жырмен ажарлай түседі. “...Жаратылыс берген сәуленің үлкен алауға айналуы үшін алдыңда теңіздегі маяктай алыстан болса да жарқыраған бір үлгілер болуы қажет-ақ. Өнердегі ұстаздық деген сол. Мен үшін Сара апамыз сондай шамшырақ болған еді. Менің рухани ұстазым – Сара. Бұл шығармаларды анам да ұнататын, мен қанша оқысам да, анам жалықпай, сүйсіне тыңдайтын” [15, 329 б.], – дейді ақын. Ақынның анасы Халима да көп сөйлемейтін, аса ақылды, рухани қуатты, ылғи мақалдап сөйлейтін, ән-жырға жақын жан болған екен. Осыдан болса керек, болашақ ақын өнерге бала кезінен ынтық болып өседі, өзінің айтуынша домбыра, қобыз, сырнай сияқты аспаптарда еркін ойнайтын. Ақынның ән-күйге деген осы сүйіспеншілігі, оны терең түсіне білетіндігі “Дыбыстар әлемі” поэмасынан анық байқалады. Яғни, ақынның бұл тақырыпқа келуі кездейсоқтық емес. Өнерге деген құштарлық ақын бойына ана сүтімен дарыған талант болса керек. Талант – күрделі құбылыс. Орыс әдебиетінің теориясын зерттеуші Н.А. Гуляев талант жөнінде: “Бұл – ең алдымен қаламгер еңбегінің эстетикалық талғамын, әдеби шығарманың эмоционалды-көркемдік ерекшелігін, адамның қабілет-қарымын қамтитын шығармашылық кешен”, – дейді [17, 106 б.]. Ал қазақтың өз ұғымында, талант – ана сүтімен бойға даритын туа біткен қасиет. Ақындық та солай. Ақынның өмір жасы оның өлеңдегі өмірімен өлшенбек. Оқырман жүрегінен алған орнына қарай біреулері сан ғасырлар өмір сүрсе,

кейбіреулері уақыт төрешінің талғамынан шықпай шетте қалып қояды. Сирек кездесетін тағы бір талант иелері бар, олардың шығармашылық ғұмыры қашанға созылса да, олар мәңгі жас. Оқырманы да жас. Заман талабы өзгеруі мүмкін, бірақ оның өлеңдері бәрібір оқылады. Осындай өміршең туындылар арасында Ф. Оңғарсынова шығармашылығы тұр. Халық жазушысы Ш. Мұртазаның сөзімен айтар болсақ: “Нағыз ақындар гауһар тас іспетті өте сирек. Жүз жылда бір келеді. Ендеше сол сиректің бірі және асылы Фариза” [18, 3 б.]. Демек, ақынның эстетикалық талғамының биіктігі, жан әлемінің нәзіктігі, рухани байлығы, осының барлығы ақынды өнер тақырыбына арналған шығармалар жазуына алып келеді.

Поэмаға негіз болған бас кейіпкер – Сара Тастанбекқызы тарихта болған, 1878-1916 жылдар аралығында өмір сүрген айтыскер ақын. Туған жері – Алматы облысының Қапал ауданы. Руы – Найман. Сара әкесінен ерте айырылады. Өзінің қысқа ғұмырында тауқыметтің талайын көріп, әлеуметтік теңсіздіктің тәлкегіне ұшыраған Сараның шығармашылық жолы тым ауыр да күрделі. Сараның өмір жолы, оның жеке өмірінің кейбір сәттері жөнінде “Сара Тастанбекқызының өмірбаяны мен творчествосы туралы деректер” деп аталатын жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған шағын зерттеу еңбекте біршама мағлұматтар беріледі. XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың аяулы ақын қызы Сараны біреулер тарихи тұлға десе, екіншілері – Сара көркем бейне, жиынтық тұлға деседі. Дегенмен, Сараның өмірде нақты болғандығын дәлелдейтін жайт – оның өлеңдері. Осы тектес даулы сұрақтар “Біржан-Сара” айтысының айналасында да өрбіді. “Біржан - Сара” айтысының өмірде нақты болғандығы, я болмағандығы турасында қазақтың академик – жазушысы С. Мұқанов былай деп жазады: “Сараны Біржанның іздеп баруы анық. Біржанның Нұржан деген ағасының баласы Ахметжанды мен қартайған шағында көрдім. Ахметжан: “Мен Біржанға атқосшы болып барып ем, Сараны көрдім, айтысқандары рас”, – дейтін. Халық әдебиетін жинаушы, Біржан мен Сараның айтысын алғаш рет баспаға берген Жүсіпбек Шайқұлисламов бұл айтысты Сараның аузынан жазып алдым дейді” [19, 29 б.]. Осы айтыстың төңірегіндегі таласқа үн қосқан Ғ. Мүсірепов те өзінің “Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер!” деген мақаласында: “Қазақтың әдебиет зерттеушілері мен ақын-жазушылары еш уақытта бұл айтыстың болғанына шек келтірген емес. Ғасырлар бойына жасап келген поэзиямыздың көрнекті бір саласы болып келген ақындар айтысының ең биігіне көтерілгені – “Біржан-Сара” айтысы деп білеміз. ...Өз басым ақындар арасында Сараның алатын орны бірінші қатарда деймін. Мәселен, қазақ әйелдерінің ішінде әншілік туын Майраға, күйшілік туын Динаға, опера өнерінің тұңғыш туын Күләшқа ұсынатынымыз сияқты, ақындар айтысының асқақ туын Сара Тастанбекқызының қолында көргім келеді” [20, 327 б.], – деп бұл мәселенің соңғы нүктесін қойған болатын.

Қазақ поэзиясында Ф. Оңғарсынованың “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасынан бұрын да ақын Сараға арналған біршама шығармалар жазылған болатын. 1974 жылы 8-наурызда “Социалистік Қазақстан” газетінде М. Айтқожинаның “Ешкі өлместегі ескерткіш” атты

поэмасы жарияланады. Кейіннен М. Айтқожинаның осы поэмасы 1986 жылғы таңдамалы өлеңдер мен поэмалар жинағына енген. Аталған поэманы тек қана Сараға арналған поэма дей алмаймыз. Өйткені, ақын Сара ауылына көз жібере отырып, оның бүгінгі күнгі қол жеткізген жетістіктерімен қатар, соған ұйытқы болған әкім-қаралардың елеулі еңбектерін жыр етеді. Ақын М. Айтқожина:

Ащы жаспен жудың-ау, ай жүзіңді,  
Нәзік үнің айтшы, қайда  
Үзілді.

Қарашы, апа,  
Бір көтеріп басыңды,  
Қандай ғажап біздің өмір

Бүгінгі [21, 397 б.], – деп Сара рухымен ойша тілдесе отырып, бар айтарын ақын апасына сыр ғып ашады. Алайда, “Ешкі өлместегі ескерткіш” поэмасындағы Сара бейнесі ашылмаған, алдыңғы орынға Сара образы емес, ақынның өз толғаныстары шығады. Осы орайда М. Айтқожина поэзиясы туралы пікір білдірген ғалым Т. Кәкішевтің: “М. Айтқожина бірнеше поэма жазғанымен, лирикадан алыстап кетпейді екен. Оқушыны шытырман сюжетпен емес, мәнді сыр, салмақты ойларымен тартып отырады. Оны көбінесе өлеңнің көлемінде шақтайтында сияқты” [22, 9 б.] – деген пікіріне жүгінеміз.

Ақын Сараға арналған С. Иманасовтың “Біржан-Сара” айтысының негізінде жазылған “Айтыс” поэмасы Сараның тарихи бейнесін жасауға арналады. С. Иманасовтың “Айтыс” поэмасындағы басты оқиға Біржан мен Сараның айтысы төңірегіне құрылғанымен, екі ақынның айтыс үстіндегі іс-әрекет, мінез, көңіл – күй ерекшеліктері поэмада терең ашылмайды. Поэма “Біржанның бірінші монологы”, “Сараның бірінші монологы” сынды тарауларға бөлініп, негізгі ой Сара мен Біржанның өз монологтары арқылы беріледі. С. Иманасовтың “Айтыс” поэмасындағы Сара Ф. Оңғарсынова поэмасындағыдай өр рухты, кесек мінезді Сара емес, сол кездегі көп қыздардай тағдырына қарсы тұрар шамасы жоқ, пешенесіне жазылғанға көндіккен Сара. Оны ақын С. Иманасов поэмасының соңына таман былай деп анық аңғартады:

Сол – ақ па бұйырғаны бақ талайға?

Бұлқынып,

Бұғау үзер таппады айла.

Ақын боп ақырғы рет бір көрініп,

Қатын боп қала берді Қаптағайда [23, 131 б.].

Сараға деген тарихи елеулі ескерткіштің тағы бірі – “Біржан-Сара” операсы болып саналады. Академик жазушы Қ. Жұмалиевтің либреттосы бойынша атақты композитор М. Төлебаев жазған бұл опера қазақтың музыка өнерінің төрінен орын алады.

Ал біз сөз етіп отырған Ф. Оңғарсынова поэмасындағы Сара бейнесі мүлде бөлек көркемдік арнада ашылады. Ф. Оңғарсынованың поэзиясындағы қазақ әйелдерінің суреттелуінің өзіндік ерекшелігі бар. Оның “әйелдері” әр

дәуірдің, әр кезеңнің өкілдері болып келгенімен, олар іштей өзара бір-бірімен біртұтастық табады. Ол тұтастық – олардың мінездерінен байқалады.

Сараны өзінің өнердегі ұстазына айналдырған ақын “Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен, Сендік тағдыр менің де тағдырымдай”, – дей келе өткелі көп өлең өлкесінде өз өмірі мен кейіпкерінің өміріндегі ұқсастықты аңғартады. Шынында да, поэмадағы Сара ойларынан, Сара сөздерінен лирикалық қаһарманның тұлғасын көру қиын емес. Яғни, ақындық “мен” Сара бейнесі арқылы көрініс табады. Осы орайда неміс философы Ф. Ницшенің: “Лириктің образдары ақынның өзінен басқа ешкім де емес, бұл тек оның әрқилы формада объективтенген тұрпаты” – деген пікірі ойға оралады. Сара қыздың тағдыры ақын үшін поэма арқауы ғана емес, лирикалық кейіпкер өмір сүрген қоғамды, ондағы адамдарды танытудың өзіндік тәсілі де.

Айттысам ақ бұлақтай ақтарылам,

Кешпеймін біреулердей жыр жылымын, – деп айбынды үн қатқан лирикалық қаһарман жырға, сөз өнеріне қатаң талап қояды.

Жыршы емес, елдің жүгін тарта алмаса,

Таңдайға алмас сөзді арқандаса.

Іштегі буырқанған жай тасқынын

Жасқанып, ақтара аламай жалтаңдаса – дейді. “Айтпаса, сөздің атасы өледі”. Ақын болып тұрып халықтың жүрегіндегі сөзді жеткізе алмаса, жырына елдің мұңын ортақтастыра алмасаң, сенің ақынмын дегенің де құр бекершілік. Ақын “таңдайға алмас сөзді арқандатумен” осы айтпақ ойын көркемдеп, аз сөзге көп мағына дарыта түскен. Поэманың басында ақын Сараның жыр туралы найзағай жарқылындай өткір пікірлері айтылса, екінші, үшінші бөлімдерде Сара қыздың туған жер туралы толғаныстары сөз болады. “Жер жәннаты Жетісудың” сұлулығы Сара шабытына шоқ тастайды. “Жаңғыртып жоталарын, Шырқаймын құз басынан. Жаныма от аламын, Найзағай сырғасынан”, – деп туған жерін жырға қосқан ақын қыздың қиялы алыстарды шарлайды.

Ф. Оңғарсынова поэзиясының ерекшеліктерін танытуға арналған “Менде бір тебіреніс бар” атты мақаласында Б. Асылжанов былай дейді: “Ақын жырында әйелдер бейнесінің көңіл-күйі әлем тапырақ сезім болып айтылады, тек жай ғана айтылу емес, қазіргі замана талабының биік өресіне лайықтап айту – Фариза туындыларының бір қыры” [24, 12 б.]. Шынында да, ақынның лирикалық кейіпкер – әйелдерін үнемі бір кейіпте көру мүмкін емес. Және олар өз басының тыныштығын ғана ойлап, бір сарынды өмірді ұнататын, бейғам жандар емес. Қажет кезінде қолына қару да алатын, дауды шешер билік те айтатын өресі кең, өр мінез иелері. Осындай қасиеттердің кейбірін автор ақын Сараның бойына да дарыта көрсетеді. Сараның сол ауылдың белді бір байының жылқысын ұрлаған кедей жігітке байдың өзінен кешірім беруді сұрап, тұтқыннан босатуын өтінгені поэманың төртінші бөлімінде сөз болады.

Байеке, жаралғансыз нық тұғырдан,

Ел билер ерлер ғана жұртты ұғынған.

Ұрлаған бір жылқыны мен төлейін  
Жігітті босатыңыз тұтқынынан [16, 10 б.].

Поэмада автор кейіпкер сөзіне аса мән берген. Автордың ақын Сараның аузына салған осынау намысты, қайратты сөздері кез-келгенге жараса бермейтін, санаулы жандардың ғана еншісіне тән батыл ойдың жемісі. Кейіпкердің характерін ашу мақсатында топ алдындағы көпшілікке бағытталған сөздерін молынан пайдалану арқылы Сара образын айқындауға тырысады. Өз басының бостандығын қорғай алмаған Сара азаматтың ары тапталғанда жаны күйіп, араша тілейді. Бұл – ақын жырларына тән батылдық сипатының бір көрінісі. Қажет жерінде бұқпантайламай, бой көтеретін осы сипат ақынның барлық поэмаларына ортақ. Адамзат өмірінің мәңгілік еместігін, тіршіліктің тұтқасы сыйластықта екендігін айтқан асқақ үнді Сара ақын бостандықты жыр етеді:

Ел бастап, ат мінгенмен кем күн бүгін,  
Жарытпас, сезе алмаған ел тірлігін.  
Бостандық – тұңғыш байлық бұл далада,  
Жігіттің қайтарыңыз еркіндігін [16, 10 б.].

“Біреу бай, біреу жалқы күн кешетін бұл заманда басты байлық-бостандық” деген ойды қуаттайды. “Бақ деген, байлық деген жанға қонақ, Шығады ажал бір күн алдан орап”, – деп, халық аузындағы “Дүние ойлап тұрсам шолақ екен, Адамдар бір-біріне қонақ екен”, – деген өмірлік пәлсафаны жаңашылдықпен жалғастыра жырлайды. Поэманың келесі бөлімінде Сара қыз өмір жайлы, оның сан алуан құбылыстары: алауыздық пен татулық, махаббат пен жауыздықты жырға қосып, үлкен бір философиялық ой түйіндейді. Бұл бөлім тек құрылысы жағынан ғана емес, мазмұны тұрғысынан да халыққа ақыл-өсиет, нақыл түрінде айтылатын толғау жанрына жақын, жыраулар поэзиясымен үндесіп отырады.

Қызы едім Тастанбектің, атым – Сара,  
Дарамын туа біткен ақыл – сана,  
Еркінмін, нәзік жанмын, тәкаппармын –  
Осылай тәлім берген ақылшы ана, –

деген үзіндіден аңғарылатын еркелігімен қатар ер мінезді Сара қыздың да еркіндігі ұзаққа бармайды. Өзі өмір сүріп отырған уақыттың басты трагедиясы – қалың малға ол да тап келеді. Өзінің ықтиярынсыз күйеуге бермек болған аға-жеңгелеріне деген Сара қыздың наразылығы поэманың алтыншы бөлімінде сөз болады. Тайғақ тағдырлы қазақ қызының басына қалың мал қамытының киілуімен, бәрін жазмышқа сүйей салып, ең бастысы малды ауыл болса болды деген сол кездегі қараңғылықты, надандықты ақын жыр-жебемен аяусыз жаншып отырады. Қазақ қызының басына уақыт салған салмақпен қоса “Байтал шауып бәйге алмас” деген шынжыр ұғымның аяқтан шалуы – міне, осылардың барлығы Сара образы арқылы ашылады.

“Не дейміз?” “Жазымыш қой!” Жыла, жаным!  
Жаны – жат, керең кеуде – бұл адамың.  
“Жақсы ауыл?” Ауыл жақсы қай кезде де,  
Қажетсіз ақ ордалы құдаларың! [16, 14 б.]



Лирикалық кейіпкер сөзімен айтсақ, “жаны-жат, керең-кеуде” жандардың құрбаны болған жалғыз Сара емес. Бұл сол кездегі қазақ қыздарының бәрінің басында бар жағдай. Бірақ, бір басынан еркіндік, те, нәзіктік те, тәкаппарлық та табылатын ақын қыздың кертартпа заманның құрбаны болмай, оған қарсы тұруы – поэманың әлеуметтік салмағын арттыра түскендей. “Фариза поэмасындағы әйелдердің стихиясы күреске толы. Жәй әйел емес, ел намысын ойлайтын азамат. Ән мен жырдың думаны, Сара өз бақыты үшін күресе біледі.

“Таңдаймын қалауымды! Еркімді бер,  
Табамын дала кезіп, құздарды аттап!” деп эпостық шығармалардағы аруларға тән ірілік көрсетеді [25, 160 б.].

Сара ақынның бары да, бақыты да – өлеңдері. Үш жүзге даңқы жайылған ақын кәріге де жасқа да жырларымен жылылық таратты.

Келер жас ой тереңнен шашса жақұт

Жоқ менде басқа тілек, басқа бақыт, – деп келер ұрпақтан жылымшы, жасық жыр емес, отты жыр күтеді. Ақын кейіпкері жастығына қарамай, парасатты терең ой айта біледі. Поэмадағы Сара қыз тек өнерімен ғана бағалы емес, оқырманына айналасында болып жатқан ірілі-ұсақ қоғамдық маңызды істерге араласа білетін ақыл иесі ретінде де танылады. “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасы тек қана ақын қыздардың өмірін өрнектеумен ғана емес, замана сипатын дәл бере білуімен де құнды.

Тартқандай шатқалдармен құзға дара,

Жыр жолы оңай емес қыз балаға.

Тағдыры толқындағы тал қайықтай

Сең ұрып шырқ үйірген мұз жағада, – дей келе ақын қыз бала үшін өнер жолының, әсіресе, ақындық тағдырдың әлеміне енудің қиындығын тілге тиек ете келе, алайда, ақын үшін тіршілік рахатының маңызды емес, ол өлеңімен ғана бақытты деген үлкен ой тастайды.

“Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасының сегізінші бөлімінде Сара қыздың адам, өмір, қоғам жайындағы толғаныстары ақындық тілмен былайша өріледі:

Өтеді уақыт, өтеді өмір демде...

Қабырғасы жылдардың сөгілгенде.

Мылқау мезгіл құяды мұзды суын

Алаулаған сезімге, көңілдерге.

Өмірің де – шырқайтын бір жалқы ән,

әуенінен өрт екпін, қарқын ұғам.

Аққан жұлдыз секілді ғұмырың да,

Мәңгі ұшқындар қалсын тек жарқылынан! [16, 16 б.]

Бұл жолдардағы айтар ойымен ақын ешқандай да жаңалық ашып отырған жоқ. Өмірдің көзді ашып-жұмғанша-ақ өте шығарын Фаризаға дейін де нешеме ғұлама-ақындар айтқан, әлі де айтып келеді. Бірақ мәселе кімнің қашан айтқанында емес, кімнің қалай айтқанында, қалай жеткізгендігінде. Бес күндік жалған дүниенің баянсыздығын ақын “Жылдардың қабырғасының

сөгілуімен”, білдіртсе, қайғы-қасіреттің айтып келмейтіндігін, тіпті одан мүлде бейхабар жүргенінде төбеңнен жай түскендей қылатынын “Мылқау мезгілдің мұзды суын құюымен” шебер аңғартады. Яғни, ақын аз сөзге көп мағына дарытып, айтпақ ойын көркем тілмен жеткізеді.

Поэманың соңғы тоғызыншы, оныншы бөлімдері Сара қыздың тек қана ішкі жан сыры, көңіл – күйі, әртүрлі сезім құбылыстарынан тұрады. Поэзиядағы ежелгі жыр үлгілерінің бірі – жыраулық дәстүр мақамымен төгілте жырлаған ақын өзге түгілі өзіне де сын көзбен қарайды. Өміріне емес, өзіне өкпе артады, өзгеге емес, өлеңіне сыр ашады.

Көңілге өкпелемеймін  
Шаттыққа бөлемедің деп.  
Өмірге өкпелемеймін  
Жүргенде ерен елім деп,  
Ескеріп елемедің деп.  
Найзағай жырларымменен  
Жылмың жүз, күңкіл кеуденің  
Көбесін сөкпедім–ау деп,  
Сөйтіп бір өтпедім–ау деп  
өзіме өкпелеймін [16, 17 б.].

Бұл айтылғандардың бәрінің жалғыз Сараның ғана базына-назы емес, белгілі бір дәрежеде ақынның өз жүрегінің сыры екендігін аңғару қиын емес. “Ақын кейде актер сияқты басқа біреудің рөлін ойнай алады. Ақын өзінің жеке қасиеттерін және өмірге деген көзқарасын басқа біреулерге беріп, керісінше болуы да мүмкін” [26, 10 б.]. Байқағанымыздай, өзіне-өзі қатаң талап қойып, әділ сыншы болған лирикалық кейіпкер жырларына тоқмейілсіп, тоқырап қалмайды. Керісінше, “жабыққанды жұбатар шуақты жырларым аз-ау”, – деп өзіне өкпе артып, өкініш білдіреді. Бұл әрине, нағыз шығармашылық адамына тән мінез. Ақынның замандасы Қ. Сұлтанов айтпақшы: “Фаризаның творчестволық мінезі бүгіннен пайда бола салған құбылыс емес. Оның тамыры тым тереңде, ғасырлар қойнауындағы сарқылмас халық қорынан нәр алатыны анық. Халықтық дәстүрді, ұлттық тілді, ата ұрпақты ерекше сыйлап, қадірлей білуде көп ақындар ішінде Фаризадай дара ақынның ғана суреткерлігіне, синтездік ойшылдығына тән қасиет” [27, 5 б.].

Қазақтың ақын қызы, “Жетісудың бұлбұлы” – Сараға арнаған Фариза поэмасы тағдыры өнермен егіз қазақ қыздарының ғана өмір жолын арқау еткен жоқ, жалпы “тайғақ тағдырлы” қыз тағдырына арналды. Поэма сонысымен құнды.

Поэманың қандай бір ұлттық поэзияның жалпы дәрежесін көрсететін өрелі жанрдың бірі екендігі белгілі. Көрнекті орыс ақыны В. Боковтың: “Идеялық-көркемдік мүмкіндіктер тұрғысынан поэма өмірді бейнелеуде музыкадағы симфонияның рөлін атқарады”, – деп поэмаға ерекше мән беруі де соның айғағы [28, 58 б.]. Өмір шындығын суреттеуде, кейіпкер болмысын танытуда қазақ поэмасы жаңаша ізденістермен айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Поэма табиғаты өлеңнен өзгереді. Өлеңге бір ғана сезім

жеткілікті болса, поэмаға қызмет ететін көбіне–көп тарихи оқиғалар, жеке тұлға іс–әрекеті, тағы басқалар. Қазақ поэмасы өзінің жылдар бойғы даму тарихында көптеген өзгерістерді бастан өткерген жанрдың бірі болғанымен, ол халықтың, ұлттың тағдыры мен шығармашылық тұлғаға деген қызығушылығын сақтап қалды.

Ф. Оңғарсынованың “Тартады бозбаланы магнитім” поэмасы қазақтың тұңғыш әнші қыздарының бірі, әрі кәсіби әншілік деңгейіне дейін көтерілген майталманы – Майра Уәлиқызына арналады. Ақын Майраның өмір жолымен қоса әншілік тағдырын айқын көрсету арқылы сол заманның әлеуметтік тынысын да танытады. Поэманың бас кейіпкері – әнші Майра Уәлиқызын қазақ өнерін зерттеген музыкатанушы–ғалым А.В. Затаевич “Қазақтың әнші әйелдерінің ішіндегі ең үздігі” деп бағалаған. Майраның ән айтудағы ешкімге ұқсамайтын әдемі дауысы туралы да тұңғыш қалам тартқан музыка зерттеушісі А.В. Затаевич болды. Ол өзінің “Қазақтың 500 ән, күй” (1931) дейтін музыкалық–этнографиялық еңбегінде Майраның шығармашылық портретін дәлме-дәл кескіндеп жазады. М. Уәлиқызының өмірі мен өнер жолын жан-жақты қарастырған З. Дүкенбаева Майра өнеріндегі жаңашылдықты тұжырымдай келе: “Біріншіден, Майра қазақ әнінің мазмұнына, түріне бірталай жаңалық енгізді, екіншіден, елге таңсық гармонды пайдаланды, үшіншіден, өнерге еуропалық өзгерістер әкелді, төртіншіден, ол қазақ әндерімен қоса татар, орыс әндерін көп салды [29, 66 б.], – деп әншінің өзіндік ерекшеліктерін саралап көрсетеді.

Майраның артындағы шығармашылық мұралары жөнінде З. Қоспақов мынадай мәлімет ұсынады: “Музыкадан аса қабілетті Майра ән айта жүріп, өз жанынан да ән шығарады. Сондай әндердің қатарында “Майра”, “Ертіс”, “Қызыл гүл”, “Бақша”, “Даланың әні”, т.б. сияқты туындылары бар. Бұл шығармалар шағын болғанымен, біртуар шығармалар. Майраның әндерін кезінде Қазақстан композиторлары Е. Г. Брусиловский “Қыз Жібек”, “Жалбыр” операларында, А. Зильбер “Қайта туған Қазақстан”, симфониясында, А. Байқадамов “Майра” деп аталатын туындыларында пайдаланды” [30, 48 б.].

Қазақтың әнші қызы Майраға арналған өлең-жырлар жетерлік. Ал үлкен жанр – поэмаларға келер болсақ, Майраға арналған Ә. Тәжібаевтің “Майра” атты поэмасы 1976 жылы “Жұлдыз” журналының 3–4 санында жарияланып, кейіннен бес томдық шығармалар жинағының 2-томына енген. Ә. Тәжібаевтің “Майра” поэмасындағы Майра образы Ереймен (Майраның алғаш сүйген жігіті), Қажы ата (Ерейменнің әкесі), Қажымұқан (атақты палуан), Саттар (Майрадан дәмелі өз ауылының айтыскері), т.б. кейіпкерлермен байланыстыра суреттеліп, сол негізде ашылады. Майра бейнесін ақын сол кездегі өзекті тақырыптардың бірі – әлеуметтік теңсіздік арқылы ашуға тырысқан. Бірін-бірі ұнатқан екі жас – Майра мен Ерейменнің қосылуына “сол елдегі жарты патша” – жігіт әкесі Қажы ата қарсы болады. “Жалаңаш етікшінің сайқал қызын, Сен түгіл мен алмаймын тоқалдыққа”, – деген әкенің қатал үкімінен соң Ереймен кеселді боп 40 күн төсек тартып жатып, көз жұмады. Бұл – яғни, махаббаттан Мәжнүнге айналу сипаты

шығыстық қисса– дастандарды еске салатын элемент. Сондай–ақ, мұндағы Майраның іс–әрекеттерінен оның махаббатқа деген адалдығы, т.б. қасиеттері байқалмайды. Ереймен өлген соң, Майраның көңілі атақты палуан Қажымұқанға ауады. Алайда, оның Лондонға кетуімен аралары алыстайды. Осылайша жалғыз қалған Майра поэма соңында ақырғы рет бір ән салып дүниеден өтеді. Негізінен баяндау тәсілінде келетін поэманың әлқиссасында ақын Ә. Тәжібаев:

Бойы тік, солқылдаған белі талдай,  
кең маңдай ақ күміспен қаптағандай.  
Екі ерні үлбіреген қызыл шешек,  
Жалт еткен жанарынан нұр тамғандай.  
Жүргені қандай әсем әм күлгені,  
Секілді жаздың лебі алған демі.

Қараса мейірімімен шын қарайды,  
Құлаққа күй құятын үні әдемі [31, 89 б.], – деп Майраны эпостық үлгідегі асқан сұлу жан ретінде суреттейді.

Ал Ф. Оңғарсынованың поэмасында Майраның сырт пішіні, кескін–келбеті бейнеленбейді. Ақын поэмасындағы Майраның әншілігінен гөрі өжет, өр мінезімен, күрескерлік қасиеттері басымырақ суреттеледі. Алайда екі ақынға да тән ортақ сипат– Майраның сезім–толқыныстарын өз аузымен яғни, монолог тәсілі арқылы айтқызу.

Әнші Майра тақырыбы поэзиямен қоса проза жанрына да арқау болды. Бұл жөнінде ғалым Ә. Нарымбетовтың мына бір пікіріне құлақ түрелік: “Бір тақырыпқа бірнеше ақын – жазушылардың қатар, жарыса қалам тартуы әр әдебиетте де бар үрдіс. Атақты Майра туралы бұған дейін де белгілі шығармалар жарық көрген еді. Ал, Ғ. Мүсіреповтің 1981 жылы жазылған “Атақты әнші Майра” әңгімесінде өнер жұлдызы Майраның көрікті портреті, ішкі өмірінің жарығы сөз құдіретімен оқушы зердесіне нұр болып құйылады. Майраның махаббаты, ұнату, сүю, жеккөру сезімдері, мінезінің, көңіл – күйінің әр алуан иірімдері шым-шымдап берілген деталь, штрих, эпизод көріністері арқылы әр түсті көркем бояумен әдемі өрнектелген [32, 54 б.].

Ф. Оңғарсынованың “Тартады бозбаланы магнитім” поэмасы өнер адамының тағдырын арқау еткендіктен, мұндағы негізгі оқиға желісі әнші Майраның айналасында өрбиді. Ф. Оңғарсынова әнші өмір сүрген дәуір келбетін, орта шындығын, әйел теңсіздігі жайлаған қазақ қоғамының көріністерін Майра арқылы ашуға тырысады.

Шырқайын – сазды сарнай досым қайда?!  
әндетсем, қыз-бозбала қосылмай ма?!  
Думанның бозбаласыз қызығы жоқ  
өртейін, өртенейін осындайда!

Майраның сауық–сайран жүрген жері,  
Шабытты әндерімен мұңды емдеді.  
Сырнай мен домбыраның үні шықса,  
Жүрегін бозбаланың жыр кернеді [16, 20 б.] –

дейтін Майра – ақылды, тапқыр, әнші қыз. Гармонмен шырқап ән салатын ойын-сауықтың көркі, той–думанның сәні. Бірақ, оның мұндай қасиетін тоғышар жандар түсінбейді. Сондай-ақ, поэмадағы “Майра – ең алдымен еркін, адал махаббат иесі, өнерді жан-тәнімен беріле сүйген қыз ретінде көрінеді. Бас қаһарман алдымен өнерге ғашық, бұл сапарда оған ешқандай күш қарсы тұра алмақ емес. Кесе көлденең тұрған қарсылықты Майра бұзып-жарып кетуге бар” [13, 66 б.]. Майра тарихта да осындай жан болған деседі.

Ғалым М. Числов поэмаға “Қоғамның рухани өмірінің маңызды мәселелеріне және оларды әмбебап шешуге арналған синтетикалық жанр”, – деген анықтама берген болатын [33, 12 б.]. Ф. Оңғарсынова поэма жанрының табиғатын бұзбай, сол жанр шеңберіне сыйғыза отырып, әнші Майраның бейнесін әр қырынан тереңірек көрсетуді көркемдік мақсат еткен. Поэмада нақты дерекке құрылған цифрлар жоқ. Негізгі кейіпкер – Майраның тарихта болғандығы белгілі болғандықтан, автор көбінесе кейіпкерінің ішкі жан-дүниесі, сөздері арқылы қоғам сырын ашуға талаптанған. Поэманың негізгі өзегі – өзгеше талант иесі Майра сырлары, теңдікке ұмтылған қазақ қыздарының тағдыры, махаббат пен өнерге деген адалдық.

Композициялық жағынан ақын поэмасы “Майраның әндері”, “Майраның болыс жездесіне айтқаны”, “Майраның ағаларына өкпелеп айтқаны”, “Ән сайысынан кейін айтқаны”, “Майраны кінәлаған билерге айтқаны”, Ертіп келген жігітін ауылдастарына таныстыру”, “Майраның інісіне айтқаны” секілді бірнеше тарауларға бөлінген. Поэманың қай бөлімінде болмасын оқиға лирикалық кейіпкердің өз атынан, яғни, бірінші жақтан баяндалады. Алайда, автор кейіпкер портретін, мінезін бірқалыпта алмай, өмір ағысына, сюжет желісіне орайластырып, өзгермелі қалыпта көрсетеді. Майраның әртүрлі жағдайдағы іс-әрекет, сезім күйімен қатар оқиға барысы да сатылап дамып отырады.

Поэманың “Майраның әндері” атты алғашқы тарауындағы Фариза Оңғарсынованың айтпақ болған түпкі идеялық қазығы – Майраның әндерімен оның өнерпаздық келбетін таныту болса, келесі тарауларда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әлеуметтік теңсіздік, қазақ қыздарының басына кигізілген қалың мал “қамыты” бәрі-бәрі бір арнаға тоғыса, жарасымды үйлесім табады.

“Майраның болыс жездесіне айтқаны” атты поэманың екінші тарауындағы Майраның:

Байлығың, шенің – жел, елес,  
Мінгенмен таңдап жорғасын.  
Малыңды сыйлар, сені емес  
Қадірсіз болса өз басың.

Қабағың түйме неге деп,  
Шындығын айтқан сөз – жебе.  
Балдыз боп жүріп не керек,  
Сын айта алмаса жездеге [16, 22 б.], –

деп болыс жездесіне айтқан ақ алмас сөздерімен ол алған бетінен қайтпайтын, еркелігіне өрлігі сай кесек мінез иесі ретінде көрінеді. Майраның әлгіндей сөздері жалғыз өзінің ғана жездесіне айтылған базынасы еместігі анық. Бұл – биліктіге құрдай жорғалап, аш-арықты шыбын ғұрлы көрмейтін “мырзасынған” талай “болыс жезделерге” айтылған сын. Мұндай мәселелер поэмада тек сырттай суреттеліп қана қоймай, оның тереңдегі сыры, себептері айқындалып, түп тамырлары көрсетіледі.

Майра қыздың:

Ел сүйіп, ақ сезімін маған жайды,  
Біреуге соның өзі салар қайғы.  
Халықтың махаббатын, мойындауын  
Құдай да пұлға сатып ала алмайды.

Ойламай өстім шекпен-тұлып қамын,  
Жақпайды сендерге еркін қылықтарым.  
Жұртқа арман қайран басым сендер үшін  
Ұяда жарылған бір жұмыртқамын, –  
деген ағаларына білдірген өкпелерінен,  
Шариғат деп, шындық деп сарнайсыңдар,  
Шындықты айтса жарыла жаздайсыңдар.  
Тас тыққандай тамаққа заңдарыңнан  
Тек қана таңдай сыздар, – [16, 23 б.]

деп билерді кінәлаған жолдарынан сол заманның әділетсіздігін, қоғам өкілдерінің кертартпалығын танимыз. Өз заманының “жазылмаған заңдарына” көңгісі келмейтін өнерпаз қыздың жүрек лүпілін естиміз. Бұл да бір ғана Майра қыздың тағдыры емес, еркіндікті аңсаған талай қаракөздің тағдыры. Поэмада ақын кейіпкерді өмір сүрген тарихи дәуіріне, қоғамдық ортасына байланысты суреттейді.

Поэманың өз миссиясын орындауда жалғыз ғана сезімге иек арта алмасы белгілі. Бұл жөнінде “Новые пути поэмы” атты мақаласында В. Кубиллюстің былай дегені бар еді: “Егер өлеңге бір ғана эмоция жеткілікті болса, поэмаға өмірлік бай тәжірибе, адами мінез, процесс керек. Өлең ой, көңіл-күй ағымына құрылса, поэмаға мінез бен идея бірлігінен бөлек ең негізгі құрылымдық элемент – типтік образ тән [2, 71 б.]. Поэманың “Ертіп келген жігітін ауылдастарына таныстыруы” дейтін тарауында әнші қыз – Майраның образы өзінің табиғатында бар еркелігімен, арманшылдығымен қоса батылдығымен ерекшелене көрінеді. “Ертіп келдім, сүйдім де, басқа ауылдан, Іздеп табар сыңарын қырандар да!”, – деп сүйгенін ауылына ертіп әкелген Майраның бұл әрекеті – өзі өмір сүріп отырған заманы үшін жат, маскара қылық болып есептелетін-ді. Алайда, автордың осындай кедергілерге қарамастан, лирикалық кейіпкерін әлгіндей әрекеттерге апаруының астарында недей сыр бар десек, әңгіме мінезге келіп тіреледі. Жәй мінез емес, жасындай өткір Мінез жатыр!

Айыптама, ағайын, ессіз деме,  
Жалын кештім, білмеймін, кештім неге...

Қажет емес қалың мал, қысырағы –  
Сезімді сатпаймын ешкімге де! [16, 28 б.], –

деген Майраның өктемдігі мен өршілдігін, ақжарқын еркін мінездерін, достық пен махаббатқа адал қасиеттерін ақын осы тарауда жақсы ашады. Осы арқылы заман шындығынан мол хабар беріліп, бүкіл бір дәуірдің жанды көрінісі жасалады. Фариза кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесіндегі өзгерістерді, толқуларды танытатын психологиялық анализдер арқылы басты кейіпкердің қоғамнан жатсыну сарынын шебер береді. Фаризаның кейіпкерлері қашан да өз ортасына жат. Поэма анализінде сезім диалектикасын көрсету басты орын алады.

Ақын Ф. Оңғарсынованың “Тартады бозбаланы магнитім” поэмасы өзінің сюжет, композиция құру ерекшелігімен, жинақылығымен, сондай-ақ, кейіпкердің рухани дүниесін, сезім шарпылысын танытатын монолог берудегі шеберлігімен ерекшеленеді.

Шаттық қайда, ән қайда алас ұрған?  
Түндер қайда, ұйқыны таң асырған.  
Байланғандай тіл-аузым тұншығамын  
Шалға тиген байғұстай шарасыздан.

Айдын көлден аққулар ұшқаны ма?  
Қайнар қайда құятын күш жаным?  
Үнсіз өрлік шаттығын жерлесе де  
әлі бермей келеді дұшпаным [16, 29 б.].

Поэmanın соңғы тарауларына көз тастағанда, мұнда авторлық баяндау мен монологтың қатар жарысып отыратындығы байқалады. Сезім қайшылықтары, психологиялық тебіреністер, ішкі монолог, риторикалық сұраулар, ой-толғаныстар арқылы поэма шиеленісі шегіне жетеді. “Адам образын жасау, оның ішкі дүниесін ашу, ой-сана, көңіл-күйлерін, сезім толқуларын әсерлі етіп көрсету көркем әдебиеттің бірден-бір міндеті. Тақырып, сюжет, композиция сияқты категориялар, портрет, пейзаж, көріктеу, диалог, монолог сияқты компоненттер – бәрі де осы мақсатқа бағындырылуы тиіс” [12, 72 б.], – деген Қ. Алпысбаев пікірін ескерсек, “Тартады бозбаланы магнитім” поэмасы тілі, формасы, композициялық құрылымы жағынан өзгеше туынды. Ақын поэмада бейнелі сөздерді кеңінен қолданып, шығарманың көркемдік-эстетикалық қуатын арттырған. Мысалы, “Мұң жұтар жай жағада, Жалынсыз жасық адам”. “От мінез. Жанар найза. Жалын ішім”. “Селдей сезім болмаса шоқ денеде, Толқын құшып ұмтылма от кемеге”. “Шулайды алты алашқа арғымақ деп, шаңыма шақ келмейтін жабыларың!”, деген сияқты көркем ой, кестелі сөздерді поэмадан көптеп кездестіруге болады.

Ақын Фариза Оңғарсынованың “Тартады бозбаланы магнитім” атты тарихи -лирикалық поэмасы өзінің идеялық, мазмұн байлығымен, өнер адамы тақырыбына өзінше жаңа қырынан келуімен, шынайылығымен осы жанрдың қатарын молайта түседі.

Ф. Оңғарсынованың өмірде болған тарихи тұлғаға арнаған поэмаларының келесі бірі – “Дыбыстар әлемі” поэмасы. Бұл поэмасына ақынның өзі ҚазССР-ның халық артисі, Қазақстан мәдениетіне еңбегі сіңген қайраткер, композитор Ғ.Жұбанова туралы толғаныс-кантата деген анықтама беріпті. “Кантата дегеніміз – жеке әншілер мен ансамбль, хор үшін арналған көлемді шығарма” [34, 76 б.].

Ақынның тарихи тақырыпқа арналған көптеген өзге поэмалары сияқты мұнда да нақты Ғ.Жұбанова туралы ештеңе айтылмайды, өмірбаяндық деректер де кездеспейді. Тек қана поэманың “Трамбон” тарауындағы: “Әкенің алғаш әні, енді мендік әуенмен жалғасады!”, “Ертеңдерге мәңгілік жалғар жаным, әкенің армандарын”, деген жыр жолдарынан лирикалық кейіпкер – Ғ. Жұбанованың әкесі атақты композитор А. Жұбановқа қатысты шын сырын байқағандай боламыз.

Поэмадағы алдыңғы орынға лирикалық кейіпкердің ішкі жан толқыныстары шығып, олар дыбыстар әлемімен қатар сипатталады. Осыған қарап “Дыбыстар әлемін” тарихи тұлғаға арналған өнер тақырыбындағы лиро-философиялық поэма деп атау орынды сияқты.

Поэманың әр тарауының аттары түрлі музыкалық аспап, терминдермен аталып, оркестр, скрипка, литавра, трамбон, гобой, флейта, кларнет түрінде келеді. Поэманы лиро-философиялық деп атауымыздың себебі: музыкалық аспаптың үнімен өмір үні, заман сыры нәзік қылмен жалғасқандай бірлікте өрілген. “Поэмада адам атаулы қатыспайды деуге де болады. Ал, сол адам адамзат атынан оркестрге бірігіп, әртүрлі аспаптар үнімен сарнайды, сыр шертеді, тіпті адамша тілдеседі. Бұл – ақын қолданған өте табысты поэтикалық әдіс” [35, 59 б.].

Әлем-дыбыс, дыбыстар, сан дыбыстар...

Сан дыбыстар – тіршілік, жаңғырыстар:

Түн, ғашықтар, көк аспан, найзағайлар,

Гүл көктем, қарлы қыстар;

Жанартау, жарылыстар,

Жылау бар, сағыныш бар,

Бәріне ынтық сәби бар, қария бар

Тірлікке жаны құштар, бар амалсыз күрсіну, жалыныштар,

Саңқылдаған дауыс бар, мылқаулық бар...[36, 293 б.].

Өмірдің өзі де ән сияқты, бірде мұңлы, болса, енді бірде шат-шадыман, шаттыққа толы. Соған орай, поэманың басым бөлігі синоним мен антоним, сөздерден тұрады. Мәселен, поэмада: Қарсыласу, шарықтау, қақтығыстар; Тұралау, жығылыстар; Заманның тыныс, қаны; Жанартау, жарылыстар; Бар амалсыз күрсіну, жалыныштар; Бар қателік, өкініш, жаңылыстар; Дірілдер, жаңғырықтар; Жанартау бар, жарылу бар, дүмру бар; Атпай, аспай құрту бар; Ұлылық бар, даналар бар, мұрат бар сынды синоним мәндес сөздермен қатар төмендегідей антоним сөздер қатары орын алған: Гүл көктем – қарлы қыстар, Жылау бар – сағыныш бар, Біріне ынтық сәби бар – қария бар; Саңқылдаған дауыс бар – мылқаулық бар; Пәктік бар, шаң, былық бар; ерік те бар, ерікті бұғаулайтын – бар әлі тал құрықтар; Дүниеде ұзын қолды үстем бар –



Шарасыз бір күштер бар; Адалдық бар, мейірім бар – зорлық бар. Осылайша, ақын біріншіден, өмірдің қарама-қайшылықтардан құралып, ақ пен қараның үнемі алмасып келіп отыратындығын аңғартса, екіншіден, аспаптардан шығатын әртүрлі дыбыстар әлемінен өмір сырын сезуге болатынын білдіреді.

Музака тілі жалпыға ортақ, ол нәсілге, жынысқа, жасқа қарамайды. Оны тек көкірек көзімен ұғына білсең болғаны. Ондағы ырғақ пен ұйқас та өмірден алынады. Поэмадағы ақын шеберлігінің бір сыры сонда – әр тараудағы ырғақтарға орай лирикалық қаһарманның да сезім иірімдері өзгеріп, көңіл-күй әуені күйсандық үнімен астасып отырады. Осы тұста В. Кубиллюстің: “Поэма авторы симфония партитурасын жазатын композитор іспеттес”, – дейтін пікірі еске түседі [2, 78 б.] Байқап қарасақ, поэманың тарауларының түрлі музыкалық аспаптардың атымен аталуында да мән бар. Мәселен,

Өмір – айдын  
Сәттері кем ақтымық,  
Қарсы ағымдар қақтығып,  
Арғымақ жал ақ толқындар алысып,  
Бірін-бірі тұңғиыққа лақтырып,  
Жартастарды құшақтайды аптығып, –

дейді ақын “Литавра” атты тарауында. “Литавра – оркестр құрамындағы соқпалы музыкалық аспап” [34, 78 б.] болса, поэма төрт буыннан басталып, одан жеті буынға көшіп, он бір буынмен аяқталып, поэмадағы ырғақ пен ой ағыны да соған сай үдемелі болып отырады. Шығарманың сыртқы құрылысы өзгерген сайын, ішкі ой да сатылап өсіп отырады.

Ф. Оңғарсынованың “Дыбыстар әлемі” поэмасындағы поэма тарауларының музыкалық терминмен келуі, я болмаса, айтар ой, ақындық идеяны қандай да бір музыкалық аспаптың үнімен беру – бұрын-соңды қазақ поэмаларынан байқала қоймаған үрдіс. Яғни, ақынның тарихта бар, ел танитын тұлғаның өнегелі өмірі мен қызметін сөз өнерімен кескіндеуде үнемі ізденіс үстінде болғандығы байқалады.

Ф. Оңғарсынованың поэмаларының табиғатын жете тану мақсатында ақынның шығармашылық зертханасына тереңірек үңілгенде, болашақ ақынның өз бетінше алғаш ежіктеп оқығандары Біржан – Сараның айтыстары мен Ығылман Шөрековтің “Исатай – Махамбеті” екенін көреміз. Ақынның өзі де бұл турасында: “Біз, қырдағы ауыл балалары, кішкентайымыздан Махамбеттің жырларын естіп, жанымызға сіңіріп өстік. Сондықтан ба, жоқ, халқымыздың тәрбие- дәстүрінен бе, әйтеуір ер-азаматтың бәрі Исатай, Махамбет сияқты ел-жұртына тірек, кесек мінезді, бір сөзді, тура айтатын батыл, жан-дүниесі кең деп ұғатынбыз”, – дейді [15, 160 б.]. Демек, Махамбет есімі болашақ ақынның санасына қайсарлық пен өр рухтың символы ретінде сонау сәби кезінен сіңсе керек. Ал, өлең өлкесіне біржола ат басын бұрғалы Махамбет Фаризаның рухани ұстазына айналады.

Әдебиет тарихындағы сөзбен сомдалған тұлғалар арасында Махамбет ақынның тұлғасы озық тұр. Ақындығы мен батырлығы қоса өрілген Махамбет бейнесін бөлек шешімде көрсететін туындылардың әлі де

жазылатыны шүбәсіз. Десек те, “Әдебиетте бейнеленген тұлғалардың арасында, әрине, қазақ поэзиясының Абайға дейінгі асқар шыңы, ұлт азаттығын ту етіп көтерген қайраткер ақын Махамбет тағдырының терең, әрі әр қырынан көрінуі кездейсоқтық емес. Осының сыры неде? Қазақ поэзиясындағы Ы. Шөрековтің “Исатай-Махамбет”, Б. Аманшиннің “Дала суреттері” поэмасы ал, проза саласында Т. Әлімқұловтың “Қараой” әңгімесін, Ә. Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі” романын, Б. Аманшиннің “Махамбеттің тағдыры”, Қ. Мұханбетқалиевтің “Бас жұтқан бас”, Ә. Сарайдың “Исатай мен Махамбет”, Н. Әбутәлиевтің “Қайран Нарын”, М. Мәжитовтың “Барлыбай түбіндегі ән”, т.б. туындыларын жазды”, – дейді әдебиеттанушы ғалым Қ. Әбдешұлы [7, 109 б.]. Саналы ғұмырын елдің азаттығына арнап, “қара қазан, сары бала қамы үшін” ғана емес, халық қамы үшін азаттық туын көкке көтерген Махамбеттің батырлық істері мен ақындық өнеріне арналған поэзиялық көркем туындылар аз жазылмапты. Қазақ әдебиетінің әр жанрында әр жылда да қалам тербелген.

“Негізінен, төл әдебиетімізде Махамбет тақырыбына арналған алғашқы өлең жолдарын Шернияз Жарылғасұлының, Сегіз сері Шақшақұлының шығармаларынан кездестіреміз. Ал, ХХ ғасырдың басында халық ақыны Ығылман Шөреков “Исатай-Махамбет” дастанын жазса, кеңестік дәуір мен бүгінгі поэзиямызда арқалы ақындар Ж. Молдағалиев, Қ. Бекхожин, О. Сүлейменов, Қ. Мырзалиев, Ә. Кекілбаев, М. Сатыбалдиев, М. Шаханов, Ж. Набидуллин, Қ. Мұқашев, К. Ахметова, Ж. Бөдешов, Т. Медетбек, т.б. қалам тартты” [37, 184 б.], – дейді ғалым С. Мақпырұлы. Солардың ішінде эпикалық жанрдағы шығармаларды атап айтсақ, Қ. Бекхожиннің “Махамбет қабіріндегі тебіреніс” балладасында, Ж. Молдағалиевтің “Кек”, Ж. Нәжімеденовтің “Жаңғырық”, М. Шахановтың “Нарынқұм зауалы”, М. Неталивтің “Арыстан еді-ау, Исатай!”, Ә. Күмісбаевтің “Махамбет” поэмаларында Махамбеттің әдеби бейнесін сомдауда ақындар көптеген түрлі ізденістерге барды.

Ж. Нәжімеденовтің “Жаңғырық” поэмасында Махамбеттей тұлғаның болмыс – мінезі, текті табиғаты мен тартысты тағдыры өзгеше ақындық қарыммен жырланады. Жеті бөлімнен тұратын “Жаңғырықта” Махамбет мінезі табиғат мінезімен қатар суреттеле келе үлкен философиялық ойларға ұласады.

Тәуекелге бас, батыр,  
Ақын басы бат ойға—  
Тағдыр қатал онсыз да,

Қатайма, жел, қатайма! ” [38, 187 б.],– деген ақын Махамбеттің ақындығы мен батырлығын бір– бірінен кем бағаламайды. Ақынның аталмыш поэмасы жайында әдебиеттанушы ғалым Қ. Мәдібай: “...Махамбет поэзиясындағы “Меннің” поэтикалық бейнесі – азамат ердің баласы Махамбеттің тұлғасы Ж. Нәжімеденовтің “Жаңғырық” поэмасында заманалық, кең масштабты, тарихи мәнінде тұтас ашылған” [39, 69 б.], – дейді.

Махамбет тұлғасы әр суреткердің туындысында әр бөлек көрініс табады. Десек те, Ф. Оңғарсынованың “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім” поэмасы мен М. Шахановтың “Нарынқұм зауалы” поэмалары арасындағы кейбір ұқсастық – үндестікті байқадық. Мәселен, біріншіден, М. Шахановтың “Нарынқұм зауалы” поэмасы да, Ф. Оңғарсынованың “Алмас қылыш” поэмалары да – көлемі жағынан шағын, лирикалық үлгідегі поэмалар. Екіншіден, екі ақын да Махамбеттің сол сәттегі арман–тілегін, мұң– зарын өз аузымен, яғни ішкі монологы арқылы айтқызады. Үшіншіден, екі поэмада да түс көру элементі бар. Алайда, Ф. Оңғарсынова поэмасында түс көруші лирикалық кейіпкер болса, М. Шаханов поэмасындағы түстің иесі– Махамбет. Екі поэмада да түс символдық мәнге ие. Екі ақынның поэмаларына ортақ тағы бір сипат – шындықты айту идеясы. Бұл екі ақынның да жалпы поэзиясына тән сипат болса керек. Мысалы: Ф.Оңғарсынованың “Махамбеті”:

Алапес мынау өмірдің  
ащы шындығын жырладым.

Қуылдым, дала шарладым  
Сая бола алмай қырларым.

...тек шындық күтем мен сенің

Ақ алмас жүзді жырыңнан! [36, 118 б.], - деп болашаққа сенім артса, М.Шахановта ол идея Махамбет аузымен былайша көрінеді:

Иә, шындықтың ащы даңқы,  
Шындық үшін жалғыз түстім егеске.

Ақындықтың басты шарты–

Басты алса да шындықты айту емес пе? [40, 192 б.]

Аталған ерекшеліктерімен қатар, екі ақынның да өзіндік ой – таным ерекшеліктері арқылы байқалатын ақындық ізденістерін де айтпай кетуге болмас. М. Шаханов ойының негізгі нәрі поэманың “Әке үкімі” атты екінші тарауынан орын алған. “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім” поэмасындағы авторлық идея Махамбет монологы арқылы ашылып отырса, “Нарынқұм зауалы” поэмасында әкелі–балалы екеудің диалогы арқылы шебер көрініс тапқан. Сондай–ақ, М. Шахановтың “Нарынқұм зауалы” поэмасына өмірден алынған дерек көзі арқау болған. Яғни, тақырып ортақ, шығармашылық мұрат бір болғанымен, оған жету жолындағы ақындық әдіс-амалдар әртүрлі.

“Бала күнімізден атын жаттап, үлкендердің айтуымен қанымызға сіңген бейне – Махамбет бейнесі мен үшін Мұхаммед пайғамбар секілді әулие тұлға болатын. Көп жылдарға дейін Махамбет туралы ештеңе жаза алмадым, себебі, қорқатынмын. Бас салып ол туралы бірдеңе жазу көргенсіздік деп ойлайтынмын” [41, 7 б.], деп тектілік танытқан Фариза поэзиясында Махамбет есімі батыр бейнесінде де, адуынды ақын кейпінде де жиі кездесіп отырады. “Ия, оның пірі – Махамбет, – дейді жас зерттеуші Н. Байоралова. Сондықтан, оның әйелден гөрі ер-азаматқа лайық сөз саптасын, әйелдіктен әлдеқайда биік жатқан ойлану дәрежесін, әйел қасиетін нәзіктік, жұмсақтық, бипаздық деп білетін түсініктердің барлығын ықтырып жіберетін айбын –

сесін, әйелдік көкірегінде соғып тұрған ер жүрегін салыстыруда Махамбет рухын баса айтуды жөн көрдік. ...Бұл бірлік топырақтастықтан, тектестіктен, тамырластықтан туындап жатқан үндестік” [42, 88 б.]. Мұндай рухани туыстықтың тағы бір себебін ақын, ғалым С. Сейітов былай деп түсіндіреді: “...Әр тұста Махамбет атасын ауызға ала беретін ақын қыздың мұнысында мұрат тұтарлық бір сыр бар екен.

“Жырлау керек,  
жетелейтін қиялдай бал арманға,  
От ойнатар мұң тұнған жанарларға.  
Қиянаттан күрсінсе Батыр – Уақыт  
Махамбетше турайтын қақыратып,  
Айбалта – жыр керек – ақ адамдарға”.

Ашық айтылған емес пе? Ол – Ф. Оңғарсынова поэтикасында Махамбетке бір табан жақындықтың, туыстықтың сезілетіндігінде” [43, 241 б.]. Ақынның “Махамбет аудармашысымен әңгіме” атты көлемді өлеңі мен “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім” атты поэмасында Махамбет тұлғасы одан сайын биіктей түседі. “Махамбет аудармашысымен әңгіме” атты көлемді өлең автордың ақын, ақындық туралы, оның қоғамдағы атқаратын қасиетті миссиясы жайлы, Махамбет секілді қайталанбас тұлғаның ақындық феномені хақында құнды туынды десек қателесе қоймаспыз”, – дейді бұл турасында ғалым С. Мақырұлы [37, 202 б.].

Ұлылар да ортақ де, жақсы ақын де,  
өз халқыма таныту – мақсатым де –  
бірақ мүмкін емес-ау өз шыңынан  
Махамбеттер сөйлеуі басқа тілде...

Байрон емес – Махамбет, ол өмірге  
Уитмен боп тіпті де оралмайды;  
Қылыш байлап, дулыға кигізгенмен

Пастернак та Махамбет бола алмайды [15, 74 б.], – деп адуынды ақынның ешкімге ұқсамайтын табиғатын танытқан Ф. Оңғарсынова өр намыс пен өлмес рухтың символындай Махамбет жырларының өзге тілде сөйлеуінің мүмкін еместігін айтады. Цикл “Махамбет аудармашысымен әңгіме” деп аталғанымен, мұнда ішкі монолог пен өршіл сезім басым. Мұндағы ақындық пайым мен азаматтық пафос, эмоция мен интонация сынды компоненттер өлеңнің эстетикалық қуатының арта түсуімен ойдың анықтала түсуіне қызмет етіп тұр.

Ф. Оңғарсынова шығармашылығында Махамбет есімінің жиі ұшырасуымен қатар, Махамбет ақынның дара қолтаңбасын да байқауға болады. Әрине, қай жағынан да өзіне жақын тұрған Махамбеттің ақын поэзиясына әсерінің болуы заңды құбылыс. Мысалы, Махамбет ақынның:

Хан төренің кешігіп,  
Кідірмегі елден-ді  
Кешіп өтпек сайдан-ды  
Шығынды болмақ байдан-ды.

Ақ киіктің орғытып  
Жүгірмегі майдан-ды.  
Батыр болмақ ойдан-ды.  
Айқайласып жауға ти,  
Тәңірім білер жігіттер

Ажалымыз қайдан-ды! [44, 46 б.], – дейтін өршіл жырларымен Фариза ақынның:

Халықтың бағы тақтан-ды,  
Жүйріктің бағы баптан-ды,  
Іруі елдің жаттан-ды.  
Бірлікті халық – қорғасын,  
Махамбеттің де өр басын

Ауылдастары қаққан-ды [16, 308 б.] – деген өлең жолдарын салыстырып көрейікші. Буын, ұйқас, ырғақ сәйкестігімен қоса, екі ақынның идеялық, рухани туыстығын, үндестігін аңғару қиын емес. Табиғатынан тура мінезді Ф. Оңғарсынова поэзиясының көп ешкімге ұқсамайтын түп-тамыры да осы тектілігінде жатса керек.

Әйтсе де, поэтикасында Махамбетке өзара бір табан жақындық, туыстық сезілгендігімен, Ф. Оңғарсыноваға “қорғасыннан құйылған” жырлары бар Махамбет туралы поэма жазудың оңайға түспегені анық. Өйткені, тарихи тұлғаға арнап поэма жазу ақыннан үлкен жауапкершілікті, тарихи танымдылық пен эстетикалық талғамды талап ететіні белгілі. Әркімнің өз Махамбеті бар, әр суреткердің ұғымындағы Махамбет образы әр басқа. “...Мен анамнан естіген әңгімелердің әсерінен болса керек, бұл екі кісіні түсімде көретінмін және біздің туысқандарымыз деп ойлайтынмын” [41, 7 б.], дейтін ақын естелігі Фаризаның осы поэманы бар жан-тәнімен сезініп, жүрегінен өткізіп барып жазуға отырғандығын аңғартады. Поэма тақырыбы ешкімге жаңалық болмағанымен, тақырыпты ашудың өзіндік өрнегін ақын таба білген.

Қазақ поэмаларындағы Махамбет образын зерттеу барысында ғалым Ә. Нарымбетов Ф. Оңғарсынованың аталмыш поэмасына былай деп баға береді: “Алмас қылыш” поэмасында Фариза эпикалық жанрдың таптауырланған көне сүрлеуінен сытылып, жаңа көркемдік кеңістіктерге қарай беталысын байқатты. Поэмада автор мен бас кейіпкер Махамбеттің бүкпесіз адал ниетті сырласуы арқылы сол замандағы өмірдің қатпар-қатпар ащы шындығы, әрқайсысы бір әлем – адамдардың әр қилы мінезі, дараланған бет-бейнесі өткір кескінделген жарқын бояулармен шымыр ашыла түсті” [45, 4 б.].

Өзге поэмаларымен салыстырғанда “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім” поэмасы ақынның замандас-қаламдастарының назарына да көбірек ілініп, бірқатар мақалалардың арқауына айналды. Ж. Өтеев “Парасат поэзиясы” атты мақаласында ақын поэмасына қатысты: “Фариза мұнда Махамбеттің өмірбаяндық деректерін тепшілеп, термейді, тіпті ерлік істерінің бір эпизодын да еске түсірмейді. Бірақ, Махамбет өмірінің мәні мен әділет іздеген алмас қылыш ақындығын асқақ пафоспен,

өрт сезіммен жырлайды” [46, 283 б.], – деген пікір білдірсе, қазақтың ақын қызы К. Ахметова: “Фаризаның мықтылығы – монологтарының кейіпкер тағдыры мен мінезіне сай шығып, болмысымен үндесіп, үйлесіп кететіндігі. Қиналып қиыстырғандай, жамағандай жасандылығы жоқ, табиғилығы, аса әрі қуаттығы”, – деген болатын [47, 182 б.].

“Алмас қылыш” поэмасының композициясы ақынның түс көру элементімен байланыста құрылады. Түс көру – әдебиеттегі өзін-өзі ақтаған көркемдік-символдық қолданыстың бірі болып есептеледі. “Сондай-ақ, әдеби түс көру тәсілі қазақтың сөз өнерінде о бастан-ақ кейіпкер психологиясын, болмыс-бітімін, ойлау жүйесін, жалпы адамның жұмбақ жаратылысын ашудағы көркемдік қызметін анықтап алған. Оның дәлелі – қазақтың эпос жанрларында, аңыз-әңгімелерінде, бүгінгі көркем прозада, тағы басқа да жанрлық түрлерде кеңінен қолданылатындығында” [48, 42 б.], – дейді көркем прозадағы түс көру тәсілін теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеуші ғалым Г. Пірәлиева. Бүгінде көптеген ақын-жазушылар түс көру процесін өз шығармаларында өте зор қызмет атқаратын құрал ретінде пайдаланады. Ал түстің кейіпкердің көңіл-күйін, санасында үздіксіз жүріп жатқан процестің бір сәтін белгілейтін көркемдік тәсілдің бірі екендігі белгілі. Ф. Оңғарсынованың бұл поэмасында психологиялық бейнелеу құралдарының бірі – осы түс көру тәсілі сәтті беріледі. Ақын лирикалық кейіпкердің түс көруі арқылы кейіпкерлерінің ішкі әлеміне тереңдей еніп, оның жан-дүниесінің ерекшелігін айқын аңғартады. “Лирикалық кейіпкердің түсіне енген Махамбет өлең қуған өреніне ақтарыла, ашына тіл қатады, күніренген күйзелісін жеткізеді. Монолог арқылы Махамбеттің саналы ғұмырының әділеттілік үшін айқасқандығын көрсетеді” [47, 284 б.].

Ұйқыңды аш, кәне,

Сөзіме менің сал құлақ.

Ақ найза алмас жырымды менің қалғандай бүгін тот басып,

Тұрушы еді-ау от шашып!

Ақынмын дейсің, аруағым атқыр, мылжындар,

Күйбең тірліктің күйкі күндерін жүрсіндер жырлап, оттасып.

“Сүйдім” деп зарлап жырлайтындарың сондағы –

өмірде тіпті жоқ ғашық [36, 116 б.].

Поэмадағы Махамбет бейнесі – ақын рухын қалғып кетуден сақтап, үнемі қолдап жүретін Жыр-жебеуші іспеттес.

Көркем образдың негізгі элементтерінің бірі – тіл, яғни сөйлеу даралығы. Қазақта осыған орай “Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарай кісіні ал” дейді. Поэма кейіпкері мінез ерекшелігімен қоса тілдік қолданыстарымен де дараланады, көркемдігі төмен, арзан сөздер ақын лексиконына жат. Батырлығы мен ақындығы қатар жарысқан Махамбетті дара тұлғасына сай сөйлету – кім-кімге де оңай еместігі анық. Ф. Оңғарсынова Махамбет ақынды сөйлеткенде поэмасына оның өзіне сай сөйлеу тілін таңдап алған. Мысалы: “Егеулі найза қолға алып жортқан түн қатып, Бабаңды бүгін, ұрпағым болсаң табындыр!”, “Осындай дәурен туғанда саған, Хақың жоқ сенің қалғымақ!”, “Кеуденді соғып ақынмын дейсің – сандырақ!”, “Ақынмын

дейсің, аруағым атқыр мылжындар” сынды сөздер шынында да Махамбет ақынның өз аузымен айтылып отырғандай сендіреді. Осындай сөйлеу тілі арқылы кейіпкердің мінез-құлық, дүниетаным, өмірге деген көзқарасы, рухани өресі таразыланады. Кесек мінезді кейіпкерлеріне келелі сөз айтқызу – қашаннан Ф. Оңғарсынова поэзиясына тән қасиет.

Ф. Оңғарсынова поэманы үш кездесуге бөлу арқылы Махамбет ақынның үш түрлі сәтін, үш түрлі ойын байқатады. Осындағы көркем бейненің ойын, сезімін, болмыс-бітімін, ішкі дүниесінде байқала бермейтін нәзік иірімдерді, мінез ерекшеліктерін танытуда ақын монологты тиімді пайдаланған. Монолог – кейіпкердің өзінің іштей айтатын ой-өрісі, көңіл-күйі, толғаныстары. Ақын монолог арқылы кейіпкерінің ішкі жан сезімін, психологиясын ашуға ұмтылады. Осы тұрғыдан келгенде монологтың орны ерекше.

Мен мына бабаң

Қара басымның рахаты үшін күресіп өткен деп пе едің,

Сұлуларды өртеп өрт демім.

Қаныпезер хан да жүзімді көріп қорқыныштан естен танғанда,

Сиқыр ханшалар сайқалдықпен арбап

Найза көздерін салғанда,

Басымның қамын жеп пе едім? [36, 116 б.].

Бұл монологтардан Махамбеттің батырлық болмысы танылып, күрескерлік рухы көрініс табады. Лирикалық кейіпкердің ішкі монологымен сол кездегі заман шындығы ашылады. Жалпы бұл тәсіл кейіпкерді зерттей көрсететін қасиетке ие. Г. Пірәлиеваның айтуынша: “Ішкі монолог – жан-дүниедегі құбылыстың айнасы. Кейіпкерлер өздерінің сөзін бағып, әрекетін саралап, ісін таразыға салып тексеріп, сынау барысында өзінің кім екенінен толық хабар береді. Өзге емес “өз жайларын өздері айтады” [48, 151 б.].

Кей пенделерге тот басып қалған ақ алмас,

Шын ұққандарға – халқымның өшпес даңқымын.

Зұлымдықтарға бас имей кеткен өрлікпен

Мен Махамбет деген жалқымын!..., – деген батыр баба осылай деп ұрпағына дем береді, қалтырамай шындықты жырлауға шақырады.

“Қ. Мырзалиевтің ақындық шеберлігі” атты кандидаттық диссертациясында С. Нұрахметов Қ. Мырзалиевтің:

Алаулап жанған сөзіңнен

Аңғардық отты уақытты.

Дос болған сенің өзіңмен

Исатай қандай бақытты, – деген өлең үзіндісін келтіре келе: “Ақын тауып айтқан: Исатайсыз Махамбетті, Махамбетсіз Исатайды елестету мүмкін бе? Махамбет бейнесін беруде ақын дәлдік танытыпты” [49, 47 б.], – деп Қадыр ақынның Исатай бейнесін берудегі шеберлігіне сүйсінеді. Исатайдың Махамбет өмірі мен оның поэзиясындағы орны бөлек тұлға екендігі тарихтан белгілі. Ғалым З. Бисенғали осы мәселеге қатысты: “Ел аузында болсын Махамбеттің аты да, поэзиясы да Исатаймен бірге аталады. 1925 жылы Ташкент қаласында басылған алғашқы жинағы “Исатай –

Махамбеттен” бастап осылай келеді. Исатай – Махамбет поэзиясының да алтын қазығы” [50, 23 б.], – дейтін пікір айтады

“Алмас қылыш” поэмасының екінші бөлімінде Ф. Оңғарсынова Махамбеттің жан жолдасы Исатайдың бейнесін Махамбеттің өз толғауларымен ашып көрсеткен. Түсінде келген Махамбет атасы есінен шығып, қызық-думанмен көп күнін өткізіп жүрген лирикалық кейіпкер Махамбетпен екінші рет кездеседі. Бұл кездесу Махамбеттің Исатай туралы толғанысынан тұрады.

Таң алды білем...Тарланмен жетті қайтадан.

...Жатырсың, балам, көгілдір күндердің думандарымен арбалып,

Таңданбастарға таңдайынды қағып, таңданып.

Күні түскенде, сүйеніш болсаң, айнымас дос боп көлкіген

Арамзалардың жалған сыйына алданып.

...О, шіркін досың болса ғой

Сонау бір өткен Исатай-сынды асылдай [36, 17 б.] –

деген Махамбет ақын бүгінгі күнгі шын достықтың ара салмағын саралай келе, Исатай сынды асылды хас достықтың үлгісі етіп көтереді. Ол өткен күндерге ой жүгірте отырып, Исатайдай жан жолдасының батырлық, ерлік істерін бүгінгі ұрпағына өнеге етеді. Сол күндердегі риясыз достықты аңсайды.

Кім еді маған Исатай?

Құрдасым да емес, бала шақтардан бірге өскен,

Қандасым да емес, жалғаз құрсақта күн кешкен.

Аталасым да емес, танысым да емес ол менің,

Кездестірмесем өтер ем атын білместен.

Осынау қысқа жалғанда

Исатайдай досты көрмесем,

Түн қатып жүріп арман мен мұңын бөлмесем,

Мен Махамбет болып қалмас ем [36, 118 б.],

– деп оның биік тұлғасын көз алдымызға келтіріп, “жетім-жесір мен аш-арыққа пана, мият болғандығына және ақындығы мен батырлығына бапшы, жебеуші Исатай екендігін ілтипатпен еске түсіреді. Шынайы достықтың қандай болатынын көрсетеді. Аға-інілікпен, бауырластықтан басталған достық - аталас руластықты, ұлттар мен ұлыстарды, қара орман халықты топтастыратын, тұтастыққа жеткізетін ұлы күш екенін зерделетеді” [46, 285 б.]. Ақын Махамбеттің адами биік қасиеттерін өзінің досы туралы толғанта отырып ашады. Шын достықты танып, бағалай білудің өзі үлкен кісілік екендігі анық.

Поэмадың үшінші кездесудегі Махамбеттің саяси салмақты ойларынан, мірдің оғындай өткір сөздерінен өмірдің ащы шындығы аңғарылады. Ақын Махамбеттің ішкі жан-дүниесін, азаматтық келбетін, адами болмысын оның өзіне сай шынайы бере білген.

Кешіріп бастан қатал күн,

Тентегі елдің атандым.

Тағы да келген сыр айта



Махамбет атты атаңмын, – деп Махамбет бейнесі абыз – ақын кейпіне енеді. Нағыз ақынға керек қасиеттерді санамалап, ақиқатты ғана айтар ақын бол дейді. Осы тұста “Махамбет сынды жалқының” жасындай мінезі жарқ ете “өлең қуған өреніне” өсиет – аманат ретінде мынаны айтады:

Шын ақын болсаң тартынба,  
Найзағай болып жарқылда.  
Жер ошағыңның басында  
Бакытыңа мәз боп қалмағын!

Махамбеттің бұл сөздерінен күрескерлік рух, дидактикалық сарын, өршіл пафос, өр мінез аңғарылады. “Жалпы өнер атаулының қай-қайсысында да мінез болуға тиіс. Мінезсіз өнер – мекенсіз мұңлық, жел айдаған қаңбақтай кіріштар күн кешеді. Кім-көрінгенге көзтүрткі болады. Мінезсіз өнерде некесіз сәби сияқты, шыққан тегін білмей тәлкекке түседі. Мінезсіз ақын да тұлыпқа иіген тана тектес” [49, 22 б.]. Бір қарағанда қатты айтылғандай болып көрінетін бұл пікір негізсіз емес. Данышпан жазушы Ф. Достоевский де “Бар мәселе мінезде” дейді. Ақын таланты күшті болған сайын, мінез де айқын білінетін болса керек. Махамбет жырларына тән кесек мінез, өршіл сезімнің Фариза ақынның поэмасынан байқалып отыруының кездейсоқтық еместігін жоғарыда айтқанбыз.

“Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім” поэмасының соңғы бөлімі Махамбет толғауларына тән жеті-сегіз буынды өлең түрімен жазылған. Мұнда формалық ұйқас, ырғақ ұқсастығы ғана емес, ішкі мазмұн, мағына үндестігі де сақталған. Қай қырынан қарасақ та, рух тектестігін көретін Ф. Оңғарсынова поэзиясы Махамбеттен қалған наркескен іспеттес. Поэмадағы Махамбет айтқан ойлардан ақындық “мен” көрінісі айқын аңғарылады. Ф. Оңғарсынованың өмірлік көзқарастарымен, ақындық кредосы Махамбет бейнесі арқылы көрініс тапқан.

Ф. Оңғарсынованың тарихи тұлға тағдырын арқау еткен поэмаларының бірі – “Ақан сері аңыздары” поэмасында Ақан сері өміріндегі түрлі оқиға-жағдайлар кейіпкердің көңіл-күйі, психологиялық құбылыстары арқылы ашылған. “Шешім”, “Жан қуанышын іздеу”, “Жылқышы жігіт хикаясы”, “Наркүміс қыздың әңгімесі”, “Ажал”, “Түйін”, “Абылай алаңындағы ой” сынды тараушаларға бөлінген шығарманың көлемі шағындау болғанымен, көтерген тақырыбының ауқымдылығы тұрғысынан поэмаға жақындайды. Алайда, автор бұл шығармасын цикл деп атапты. “Циклға енген әрбір шығарма жеке алғанда өзінің дара сипатын сақтай алады, бірақ тізбегімен тұтас алғанда бірін-бірі толықтырып, ұғымдырақ көрінеді” [51, 361 б.]. “Циклді поэмалардың жалпы бітімі циклді өлеңдермен ұқсас, – дейді Ә. Нарымбетов. Циклді өлеңдердің қазақ поэзиясында орнығуы сияқты, циклді поэмалардың да уақыт озған сайын ұлттық поэзияда өрістей беретіні анық. Циклді поэмалар деген не? Бір мәселенің төңірегінде шағын-шағын бірнеше поэма жазып, шығармадағы негізгі ой-пікірді тереңдете түсу болмақ, яғни шығармадағы бір тақырыпты әр жағынан қамтып, кеңейте толғау. Циклді поэмалардың мысалы ретінде ақындар Ә. Тәжібаевтың “Маяковскиймен әңгіме”, “Нартай”, Ж. Нәжімеденовтің “Келін”, “Қанды

сүт”, “Көзсіз батыр”, “Соңғы махаббат”, М. Мақатаевтың “Ильич” поэмаларын атауға болады” [11, 184 б.]. Ф. Оңғарсынованың аталған циклді өлеңде жеті тарауша болса, жетеуінде жеті түрлі оқиға сөз болады, алайда бәрінің келіп құяр ортақ арнасы – Ақан сері ойлары, сезімдері.

Қазақ әдебиетінде Ақан сері Қорамсаұлының өмір жолын, өнер тарихын басты тақырыпқа айналдырған біршама шығармалардың бары белгілі. Олар Ақан серінің алуан түрлі тағдырын өз шығармаларына арқау етіп, тарихи бейнесін көркем әдебиетте әр қырынан жасады. Бұл жерде Ақан серінің қазақ әдебиеті мен өнерінде өшпестей із қалдырған тұлғасы мен мұрасы турасында айтып жату артығырақ. Ал оның көркем бейнесі Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың “Ақан – Зайра” (1935) пьесасында, Ілияс Жансүгіровтің “Құлагер” (1936) поэмасында, Ғабит Мүсіреповтің “Ақан сері – Ақтоқты” (1941) драмасында, Қалижан Бекхожиннің “Соңғы сайран” (1969), Айтбай Хангельдиннің “Ақан сері” поэмаларында және Сәкен Жүнісовтің “Ақан сері” романында (1971-77) сомдалған. “Соңғы сайранда” Ақанның өмірінің соңғы күндеріндегі аянышты халі суреттелсе, “Құлагер” поэмасында Ақан өмірі Құлагермен байланыстырыла беріледі, ал “Ақан сері – Ақтоқты” пьесасында екі жастың махаббатына баса мән беріледі. Ал, А. Хангельдиннің аталмыш поэмасының соңғы “Жаса өмір” тарауы тікелей Сталин есімімен байланыстырыла “Көсемді ел бастаған Сталиндей, Әкем деп құшақтамас нем қалды енді”, деген жыр жолдарымен түйінделеді. Әрине, мұндай жыр жолдарының жазылуына басты себеп – сол кездегі уақыт талабы екенін білеміз. Дегенмен, Ақан серіге арналған шығармаларға қатысты сыни ой-пікірлерді сол кездегі баспасөз беттерінен жиі кездестіруге болатын. Сондай сүбелі сынның бірінде ғалым Б. Кенжебаев А. Хангельдиннің “Ақан сері” поэмасына қатысты: “Ақан жөнінде жазған ақын-жазушыларымыз осы шын тарихи Ақанды: өмір сапарының, әлеуметтік ой-пікірінің бел – белесі көп, тарихи өрісі тар, эстет композитор, эстет ақын, тақуа, сопы ақанды оның өскен ортасын тарихта болған қалпында көрсете алмай келеді. Мысалы, Ғ. Мүсірепов сопы Ақанды атеист, құранды отқа өртеген, дінге қарсы адам ретінде көрсетіпті. Ал, А. Хангельдин болса, Ақанды халық бақытын іздеуші, саяси қоғам қайраткері етіп көрсетіпті. Бұл автордың Ақанды орынсыз дәріптегені, мінсіз ғып көрсеткісі келгендігінің дәлелі”, – деген болатын [52, 67 б.].

Ал, Ф. Оңғарсынованың осы тақырыпты игеруі турасында айтсақ, ақын қазақ поэзиясында бұрыннан бар бай дәстүрді сақтай отырып, Ақан сері тақырыбына өзіндік ізденіспен келген. “Ақан сері аңыздары” есімі исі қазаққа мәшһүр тарихи тұлға – Ақанға арналғанымен, мұны таза тарихи шығарма дей алмаймыз. Өйткені, ақын тарихи дәлдікті сақтауды, болған-біткен оқиғаларды тарихқа сүйене отырып баяндауды қажет деп санамаған. Ондағы оқиғалар да шығарма атауына орай, ел аузындағы аңыздар ғана болуы мүмкін. Фариза бәрінен бұрын Ақан серінің адами қасиетін, адамға тән күйініш-сүйінішін бірінші орынға шығарады, сыртын қойып, ішіне үңіледі. Осы жағынан қарағанда, “Ақан сері аңыздарын” лирикалық цикл деуге болады.

Ақын Фариза тақырыптың терең ашылуы үшін әр тараудың басталар алдында айтпақ ойына орай аз-кем түсінік беріп отырады. Мәселен, “Құлагердің қазасынан кейін бұрын Ақан серіге жанашыр ағайын боп жүрген бір топ адам істің ақ, қарасын ашпақ боп Ерейменге – Батырақтарға жол тартады. Апта өтеді, ай өтеді. “жанашырлар” үйді-үйіне тарап жатып алса керек. Ақан сері осыдан бастап ағайыннан да, достан да біржола күдер үзіпті деседі” деген секілді қара сөзбен баяндап отыру барлық тараудан кездеседі. Бұл – айтпақ ойдың айқындылығын арттырудағы ақындық амалдың бірі.

“Ақан сері аңыздарындағы” сюжет негізінен, бастан-аяқ Ақан серінің басынан өткерген қиыншылыққа, психологиялық күйзеліс сәттеріне құрылған. Ф. Оңғарсыноваға дейінгі Ақан сері туралы жазылған шығармалардың басым көпшілігінде Ақан ән айтып, құс салып, ат баптап, ит жүгіртіп, ару сүйген думаншыл жан ретінде көрінсе, “Ақан сері аңыздарында” Ақан көптің мұңын мұңдап, жоғын бүтіндейтін ел ағасына айналған. “Жылқышы жігіт хикаясы” атты үшінші тарауда бұл жөнінде былай делінеді: “Табиғаттан ғана сая іздеген Ақан серіні, оны қолында билігі жоғын білсе де, қорлық-зорлық көрген халық өкілдері іздеп, жүздесе, мұңдарын шағып, арыз айтады екен [16, 69 б.].

Алыс-беріс, көбейіп есептері,  
Шешер ердің тағдырын өсек селі.  
Қадірі артып әншіден айқайшының,  
Ауыз салды тұлпарға есектері, –

деп Ақан бұған қатты күйінеді. Ақынның айтпақ ойы образға толы. “Образдың, образды сөздің мақсаты да осы: белгілі құбылыстың айқындығын, ұғымдылығы мен эстетикалық әсерлілігін арттыру, сол арқылы қабылдаушының санасына оның нақты суретінің бедерін көркейтіп жеткізу” [53, 151 б.] Аталған шығармадағы терең лиризмге, эмоцияға толы тарау – “Наркүміс қыздың әңгімесі”. “Зеренді маңындағы бір тойда Ақан серіні көрген Наркүміс атты қыз бала 5-6 ай өткесін ағаларына қолқа салып ақынды шақыртады. 16-17 жастағы Наркүміс Ақан сері келгенде көкірек ауруынан төсек тартып жатып қалған екен” [16, 70 б.].

Күнім таяу ақырғы.  
Сізді адам деп заты үлгі  
Айтып кеткім келді барлық сырымды,  
Анама да айта алмайтын мұңымды  
Мәнсіз өткен ғұмырды.  
Алдыңыз ба менің ащы хатымды?  
Адамсыз ғой сезімі пәк, ақылды –  
Көкірегімнің запыранын тек Сізге

Құйғанымды кешірсеңіз мақұл-ды [16, 70 б.], – деп бар сырын жайып салған Наркүміс қыздың монологынан Ақан сері бейнесі өзгеше қырынан танылады. Жоғарыдағы елінің жоғын жоқтаушы Ақан бейнесі қыз жүрегін ұғынатын жаны нәзік, ішкі дүниесі бай, шынайы сезім иесіне айналады. Ф. Оңғарсынова Ақан образын Наркүміс қыздың сөздерімен ашады. Адам образын жасау – көркем шығармаға қойылар негізгі талап екендігі белгілі.

Образ жоқ шығармада тағдыр жоқ. Ал адам суреттелмеген туындыда өмір тынысы, тіршілік ағымы бар деп айта алмаймыз.

Сізге жалғыз тілегім:

Түйгенімді түртіп, жазып жүр едім –

Соны оқыңыз...сырлас едім үкімен,

Сіздің іздеп келгеніңіз...күтіп ем...

Күркілдеген өмірге енді түкірем.

Сізді күтіп жатыр еді жүрегім...

Сізден...іздеп...бір...емін..., – деп кез-келген жағдайда сенім артар тұлға кейпінде көз алдыңызда биіктей түседі. Наркүміс қыздың монологындағы көп нүкте бекер қойылмаған, ол да көп сырдан хабар береді. Мұндағы эллипсис сөздердің арасындағы көп нүктелер Наркүміс қыздың айта алмаған, айтылмай, үзіліп қалған ойларын білдіреді. “Эллипсис кейде адамның ішкі халін, қиын көңіл күйін, шым-шытырық оқшау сезімдері мен ұғымдарын, шытырман психологиялық иірімдерін аңарту үшін де жұмсалады. Ала –құла ой, қиыр-шиыр қиял, әрі-сәрі түс, кейбір қияли кісінің оқыс күйініш-сүйініші...” [54, 235 б.]. Ақын Наркүмістің жан-жүрегіндегі өкінішке толы сан қилы эмоциялық сезімдердің бәрін эллипсиспен береді. Фаризаның бұл шығармасының құндылығы да сонда, ол өнер адамының өзгеге ұқсамас ішкі әлемін, психологиялық ерекшелігін, өзгеше өмірін кейіпкерінің жан сезімімен байланыстыра көрсетуінде.

1960-80 жылдардағы қазақ әдебиетіне тән негізгі ерекшеліктердің бірі – ел аузындағы аңыз – ертегілерді өз шығармаларына арқау ету. “Қазақ поэзиясының қай кезінде де тарихи тақырыпқа арналған поэмалардан мына бір жайды аңғарамыз, – дейді қазақ поэмасын зерттеуші ғалым Ә. Нарымбетов. Бір топ поэмалар халық аузындағы тарихи аңыздардың негізінде жазылса, енді бір тобы өткен заманда тарихи болған адамдардың өмірін бейнелеген. Аңыз негізінде жазылған поэмаларда да, тарихи болған адамдар өміріне арналған поэмаларда да ақындар өткен өмірдің тарихи шындығының көріністерін бүгінгі оқушыға жеткізіп, сол бір кездегі түнек өмірден қазіргі жарқын сәулелі өмірдің артықшылығын айқын абайлатып отырады” [11, 48 б.].

Ф. Оңғарсынова өзінің “Жантолының монологы”, “Өсиет” (Қаржаудың өлер алдында айтқаны), “Мұқан жыраудың екі өлеңі”, “Асан қайғының толғауы”, “Бөрібектің екі өсиеті”, “Досаттың Саулық болысқа айтқаны” атты туындыларында ауыздан-ауызға тараған аңыз-әңгімелерді жыр арқауы етіп, поэзиялық шығармалар қатарын толықтырды. Ақынның өнер тақырыбына арнаған лирикалық поэмаларының бірі – “Ақбөбек жырлары” ел аузына аңыз болып тараған “Ақбөбек” әнінің негізінде жазылған. “Ел аузында қазақтың “Ақбөбек” аталатын әні әртүрлі нұсқада айтылып жүргенімен, екінші бірі оның авторы Қайып әнші екенін білмейді. XX ғасырдың бас кезіндегі әнші – ақындардың жұртшылыққа көп таныла қоймағаны – Қайып Қорабайұлы (1853-1916 жж). Қайыптың әні қазіргі айтылып жүрген жалғыз Ақбөбек қана емес. Қайып туып- өскен Маңғыстау түбегімен ол өмір сүрген Хорезм, тәжік аймағында екі, үш саз әуенмен айтылатын, сүйген қызы Ақбөбекке арнаған

отызға тарта ән-өлеңі айтылады” [55, 19 б.]. Жоғарыда айтып өткеніміздей, “Ақбөбек жырлары” □ Маңғыстаудағы ел арасында кеңінен тараған Ақбөбек пен Қайыптың мұңлы махаббаты туралы аңызға сүйене отырып, сол аңыздың желісінде жазылған поэма. “Негізі кедей, он саусағынан өнер тамған етікші, әнші Қайып Есжан байдың қызы Ақбөбекпен серт байласып, ақыры би, молла, жергілікті әкімдер Ақбөбекті Қайыптан айырып, айттырылған жеріне береді” [55, 20 б.].

Ат туар салсам айғыр қара керден,  
Кем емес бетің алтын, етің жезден.  
әркімдер сүйгенімен кетсін деген

Бір қағаз жазылар ма, әкімдерден? [36, 66 б.], – деп өмірі зарлаумен өткен мұңлы ғашық Қайып әндерінен көріп отырғандай, қос ғашық өз заманының “жазылмаған заңдарынан” қашып кете алмайды. “Сондықтан, арманына жете алмаған Қайып әнші Ақбөбекке деген ғашықтық әндерін аңыратып, тағдырына наразы боп, Хиуа, Бұқара, одан Тәжік жеріне кетеді. Қайып пен Ақбөбектің мұңы аяулы аңызға айналып, біздің дәуірімізге жетті” [55, 20 б.].

Атақты Ақбөбек пен Қайыптың талайлы тағдыры қаламгерлер назарынан тыс қалған жоқ.” Соның бірі біз сөз етіп отырған Ф. Оңғарсынованың “Ақбөбек жырлары” поэмасы. Осы аңыздың желісі негізінде 1961 жылы Б. Адамбаев “Ақбөбек” атты поэмасын жазды. Аталған поэма аңыз негізінен ауытқып, өзгеше өрнекке ие ақындық таныммен жырланады. Өмірде қосыла алмаған қос ғашық – Ақбөбек пен Қайып поэмада өз махаббаттары үшін күресіп, ақыр соңында екеуі қосылып, бақытты өмір кешеді. Б. Адамбаев поэмадағы Ақбөбекті

“Төсіне төңкеріліп қос алмасы,  
Төгілді аш беліне қолаң шашы.  
Сәулесі екі көздің шамшырақтай,

Сызылған суреттей қалам қасы” [56, 8 б.], – деп халық ауыз әдебиетіне тән дәстүрлі үлгіде суреттелген. Үш бөлімнен тұратын бұл поэманы негізінен лиро-эпостық үлгідегі ғашықтық дастандар қатарына қосуға болады. Поэманың арқауына айналған тақырып мәңгілік маңызын жоймаған – махаббат пен ән тақырыбы. Сондай-ақ, Қайып пен Ақбөбек оқиғасына құралған Б. Қорқытов пен У. Қайырлаповтың “Ақбөбек” атты пьесасы облыстық театрлар сахнасында бірнеше жылдан бері қойылып келеді.

Ф. Оңғарсынованың “Ақбөбек жырлары” поэмасы елге белгілі аңыздан алшақ кетпеген. Поэмаға арқау болған негізгі оқиға желісі мынадай: Өнерпаз кедей жігіт Қайыпты сүйген бай қызы бір түнде онымен қашып кетеді де үш күн тауды паналайды. Қайып аң аулауға кеткенде қуғыншылар Ақбөбекті ұстап алып, Форт-Александриядағы түрмеге қамайды. Қайып жиһан кезіп кетеді.

Көлемі жағынан шағын бұл поэма “Даламен сырласу”, “Жеңеше”, “Түңілу”, “Сөнбейтін сезім”, “Ашыну”, “Өмірге тұрар үш күнім”, “Арман” сынды бөлімдерге бөлініп, әр бөлімде әртүрлі оқиғалар көрініс табады.

Дала, менің жеңешемдей,

Кетіпсің ғой, құлпырып тым!  
Маған пәлен демесең де,  
Жанарыңда нұр тұнып тұр.  
Көктеменің күн шуағын  
Сағыныпсың, ұғып тұрмын.  
Үйде мен де тыншымадым –

Құлпырдың да, қызықтырдың [36, 141 б.], – деп басталатын “Даламен сырласу” деп аталатын поэманың алғашқы бөлімі атынан аңғарылып тұрғандай Ақбөбек қыздың табиғатпен, даламен, тау-таспен, көк аспанмен сырласуынан, қуанышын бөлісуінен тұрады. Мұндағы табиғат суреттеулері ақынның айтайын деген ойын, көрсетейін деген өмір құбылыстарын айқындау, соны әсірелендіріп беру мақсатында алынып, поэманың өн бойына сіңіріле, кіріктіріле берілген. Поэмада ақын табиғат көріністерін бейнелеуді кейіпкерінің көңіл-күйінің аянышты, қуанышты шақтарын табиғатпен салыстыра көрсетуде пайдаланады.

Жаным бүгін шашты гүл,  
әлем бақыт сыйлап тұр!  
Махаббаттың мастығы

Қуыршақты жинатты [36, 142 б.], – деп ең алғашқы жүрек құпиясын жеңгесіне ашқан Ақбөбектің көңіл-күйімен, арман-сенімге толы жүрек соғысы – поэманың “Жеңеше” деп аталған шағын тарауының негізгі арқауы. Лирикалық кейіпкер Ақбөбектің бойжеткен боп тұңғыш сырын жеңгесімен бөлісуінен қазақтың өзіне ғана тән табиғаты танылады. Ақын жеңге мен қайынсіңілінің арасындағы сырластық, сыйластықтың да тек қана қазақ ұлтына тән қасиет екендігін аңғартады.

Сен қуансаң, ақылдым,  
Қуанамын деуші едің.  
Ағадан да жақындау

Көремін ғой мен сені, – деген жолдардағы жеңгесінің Ақбөбектің атын атамай, “ақылдым” деп ат тергеуі де поэманың ұлттық колоритін қоюлата түседі.

“Ақбөбек жырлары” поэмасының аңызға сай жазылған “Түңілу”, “Сөнбейтін сезім” деп аталған тараулары Қайыптан айырылған Ақбөбектің мұң мен өкінішке, сағынышқа толы монологтарынан тұрады. Алайда, Ф. Оңғарсынованың қазақ қыздарының тағдырын арқау еткен поэмаларындағы батылдық сипат Ақбөбек монологтарынан да бой көтереді. Тағдырына бойұсынып, шарасыздық таныту, сарыуайымға салынып, өкінішпен өмір кешу - Фариза кейіпкерлеріне жат мінез.

Сенің әнің сайрап тұр көкіректе,  
Ойламышы азаптан өкінед деп.

Бөбек сендік жанары жұмылғанша,  
Арнаса да дүйім ел мың қарғысын.

Төксін теріс батасын, жала, кегін –

өзгермейді өзіндік жан екенім [36, 144 б.], – деп сезімін бәрінен де жоғары қоятын лирикалық кейіпкердің бейнесі өз сөздері арқылы биіктей түседі. Ақын поэмаларының біразына ортақ сипат – ол кейіпкерінің сыртқы портретін беруге көп ұмтыла қоймайды, керісінше, олардың өздерін сөйлету арқылы өз сырын өздеріне ашқызады. Бірінші кезекке лирикалық кейіпкердің ішкі жан-дүниесін көрсетуді қояды. “Негізінен біз лирикалық шығармадағы лирикалық кейіпкерді ақынның өзі деп білеміз. Бірақ лирикалық кейіпкер ақынның нақ өзі ме? Лирикалық бейненің ақын болмысынан тұлғаланатыны белгілі жайт. Дегенмен ылғи да ақынның нақ өзі бола бермейді. Мысалы:

“Бөбекте де арман бар ма екен” дейтін қыз біткен,  
Жігіттер жүрді жыр арнап.

Оңымнан туар бақытым – айым біз күткен

Сағым боп өтті бұлаңдап [36, 143 б.], – деп жан азабын 1-жақтан (“мен”) ақтарған Ақбөбекті ақын бейнесі деп айта алмаймыз. Кейіпкердің лирикалық “мені” даралық сипат” [57, 17 б.]. Лирикалық “мен” ішкі ізденістен, жан-дүниедегі қарама-қайшы күрестерден, өз-өзімен сөйлесу, яғни ішкі диалогтан ашылады.

Бақытты күндері басынан бал-бұл ұшқан Ақбөбек сүйгені Қайыптан айырылып, түрмеге түседі. Түрмедегі Ақбөбекті патша офицері қорламақ болады. Алайда, Ақбөбек:

Жолама маған,  
Қолаңса-сасық, күлімсі исіңнен жерінем,  
Қорқытам деме – талай қорқудан батыр боп алдым тегі мен.  
Сенсіз-ақ көрген азабым бастан асып тұр  
Мынау даланың шонжарлары мен бегінен.  
Тірілей сенің құшағыңа енбен, жүн ерін,  
Аю мойныңа асыла алмайды Қайыпты ораған білегім!  
Асқақтығым асып, ашуың қысса жарып же

Жабайы қыздың жүрегін! [36, 145 б.], – деп даланың қызына тән қайсарлық танытады. “Ақбөбек жырларындағы” бар болған-біткен оқиға Ақбөбектің түрмедегі арманымен, болашақты аңсауымен аяқталады. Бір қарағанда поэма аяқталмай қалғандай әсер қалдырады. Дегенмен, ақын үшін оқиғаның қалай өрбуі аса маңызды емес. Поэмадағы басты мақсат – Қайыптай әншіні “ah” ұрғызып, талай әннің шығуына себеп болған Ақбөбектей арудың көркем бейнесін сомдау. Осы тұрғыда ақын лирикалық кейіпкерінің ішкі жан дүниесіндегі толқыныстарды, буырқанған сезімдерін, мінез ерекшелігін өздерінің монологу арқылы ашпақ болған.

Өлеңге өзгеше мінез ала келген Ф. Оңғарсынова ірі эпикалық жанрға да өзіндік ізденіспен келгені анық. Ақынның осынау кең ауқымды шығармашылық әлеміндегі тұғыры биік, жұлдызы жоғары шығармаларының келесі бірі – “Дала тағдыры” поэмасы. Қазақ халқының басынан өткен қилы заман көріністерін терең философиялық толғаныстармен тарих беттерін парақтай отырып баяндалатын бұл поэманың көтерер жүзі салмақты, тақырыбы да терең. Сол уақыттағы көптеген қазақ ақындары секілді Дала тақырыбы – Ф. Оңғарсынованың тереңдете жырлаған тақырыбының бірі.

“Дала түні”, “Дала жайлы айтыс”, “Дала –менің қазынам”, “Қазақ даласы”, т.б. секілді ақын жырлары да дала жайлы толғаныстардың жемісі.

Дала – қазақ поэзиясындағы символдық бейне. Дала мен қазақ әу бастан егіз жаратылған. Бірінсіз екіншісін елестету мүмкін емес. Байқап қарасақ, ұлт тарихында қандай да бір қырғын шайқастар болса, ол да Дала үшін, ұлтарақтай жер үшін болыпты. “Дала қазақ поэзиясының тақырыбы болудан бүгінгі өлең тәжірибесіне сүйенсек, тым биіктеп кетті. Дала – бір немесе бірнеше ақынның емес, поэзиямыздың барлық буын өкілдеріне шабыт беретін – муза, ақындық айдыны. Өйткені, халықтың табиғаты – дала тектес, тарихы даламен тығыз, кіндігі жабыса байланысқан” [58, 123 б.], – ғалым Б. Кәрібозұлы. Қазақ поэзиясының тарихындағы кең ауқымды поэма жанрында халық өмірін даламен байланыстыра суреттеудің жақсы үлгісін І. Жансүгіров жасаған еді. Осы дәстүрді әрі қарай жалғастырған ақынның бірі – Ж. Молдағалиевтің “Қыран дала” поэмасы да байтақ даланы иемденген халық образын, халық ерлігін көрсетуге арналды.

“Дала тағдыры” поэмасын жазу барысында Ф. Оңғарсынованың халық ауыз әдебиетінің бай мұрасы мен жыраулық поэзиядан сусындаумен қатар, І. Жансүгіровтің поэзиясынан да үйреніп, солардың ізімен, әсерімен жазылғандығы аңғарылады. Алайда Ілияс поэзиясына сүйенгенде, ақын әсердің жетегінде кетіп, өзінің ақындық қарымынан жаңылмаған, өзінше өрнек салып, дала тақырыбына өзіндік ізденіспен келді. Поэманың жазылу үлгісі дәстүрлі дастандар мен поэмалардағы қалыптасқан ережелерге бағынбайды. Осы тұрғыдан қарағанда, “Дала тағдыры” ақынның өзі атап көрсеткеніндей, фрагменттік үлгідегі поэма. Олай дейтініміз, поэма оқиғалары бір-бірімен байланыста өрбімей, әр тарауда әртүрлі оқиға көрініс табады. Дегенмен, композициялық құрылымы ұқсамағанымен, идея бір, тақырып ортақ. Фрагмент жанры туралы “Лирическая поэма рубежа II-III тысячелетия” атты еңбегінде Ж. Толысбаева: “Неліктен XX ғасырдың аяғына таман прозада да, поэзияда да фрагментарлы ойлау басым болды? Әрине, мұның бүкілғаламдық социомәдени өзгерістерден бастап, жекелеген жаңалықтарға дейінгі аралықта көптеген себептері бар”, – дейді [59, 64 б.].

Поэма “Сарыарқаға арнау”, “Ұлы жол”, “Суреттер елесі”, “Оқжетпестің монологы”, “Бұхар жыраудың Абылайға айтқаны”, “Абылайдың Бұхар жырауға айтқан жауабы”, “Бұқараның үні”, “Бұхардың екінші сөзі”, “Абылайдың жауабы”, “Ақан серінің мұңы”, “Едіге батырдың арыздасуы”, “Бүгінгі көрініс”, “Гимн” секілді тараулардан тұрады. Бұлардың бәрінің басын біріктіретін авторлық идея – дала мен ұлттың егіз ұғым екендігі, заман мен адамның бөлінбес бірлігі.

“Дала” поэмасының өн бойынан ұлттық сипат айқын сезіледі. Бұл – осы жылдары әдебиетке келген ақын-жазушылардың көбіне тән қасиет, ортақ ерекшелік. Біз ұлттық мінез туралы айтқанда, “сыртқы әшекей, болмаса этнографиялық детальдарды емес, ішкі таным, оның әлеммен өзара байланысын” [60, 145 б.] айтамыз. Есімдерін 60-жылдар поэзиясынан бөліп қарауға болмайтын Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев, С. Жиенбаев, Ж. Нәжімеденов, М. Мақатаев, Т. Айбергенов сынды ақиық ақындардың



өлеңдерінен де ұлттық сипат ерекше оқшаулана көрінеді. Поэманың ешқандай атау берілмеген алғашқы бес тарауы ақынның дала туралы толғанысына құрылған. Қазақ ұлтының ұйытқысына айналған Даланың көз ашқалы көріп келе жатқан шабуылдары, дала төсін ойрандаған шабуылдар, оның зардаптары ақын тебіренісімен терең ашылады. Поэмадағы лирикалық кейіпкер – ақынның өзі. Лирикалық қаһарманның баяндауымен көне тарихтың қойнауына бойлай бересіз.

Аппақ мамық.

Күн нұры күміс шашып,

кең даланы қалғандай ырыс басып.

Дүние пәк. Тып-тыныш. Ешкім мұнда

Көрмегендей өмірі қылыштасып [16, 85 б.].

Бұл – қазақ даласы. Әр сөз жылнаманың әр беті. У. Қалижановтың сөзімен айтсақ: “Даланың кәусар суреттерінен басталған көңіл-күйі, сезім пернелері адуын музыканың перелюдасы секілді. Ол барын ішке сақтап, бұғып жатқан даланың бала көңіл мінезінен бастау алады да, бірте-бірте ел мен жер тағдыры туралы асқақ та адуын үн басталады” [61, 137 б.].

Базарынан баз кешкен жансыз дала

Сәбисіз үй секілді қаңыраған

Дала қайғылы әйелдей жаны жара,

Табиғат та, тағдырдың бағы да ала .

Көк шалғынға оранар бір сәттерді

Армандай ма, қиялын сағына ма?

Дала төсі көміліп құмға ғана

Сарғаяды, жабырқап мұндана ма?.. [16, 85 б.].

Өлгінде ғана “тыныштықтан мүлгіген даланың жанындағы қандай жара? Тыныштығын бұзған кімдер? Лирикалық қаһарман осы тектес сұрақтардың жауабын келесі тарауға қалдырып, оқырман ойын одан әрмен жетелей түседі.

Шабуылдар...

Шабуылсыз тыншымас, тынбас адам,

Жер үстінде егіздей бір жасаған.

... Шабуылдар далада көз ашқалы...

Тарылғандай өз жері, өз аспаны.

... Шабуылдар – тапталып ғұмыр кешкен,

Шабуылдар – ананың тілін кескен.

...Шабуылдар шықпайды бүгін де естен

...Шабуылдар – ақ сойыл суылдаған,

Бір-бірінің апшысын қуырды адам [16, 86 б.].

Ұлы даланың шаңын шығарып, шаңырағын ортасына түсірген – шабуылдар. Көп нүктенің астарында көзге көрінбегенімен, көңілмен сезілетін халықтың көл-көсір көз жасы жатыр. Фариза өлеңнің үйлестік әуезділігі мен әсерлі, әсем дыбысталуын күшейтетін стильдік тәсіл – анафораны шебер игеру арқасында поэманың поэтикалық қуатын еселеп, “Шабуылдар” түріндегі анафораны қайталап қолдану арқасында айтайын деген идеясын нақтылай түседі. Ғалым О. Бүркітов бұл турасында: “Прозалық мәтінде

қолданылмайтын, қолданылса да поэтикалық мәтіндегідей актив қызметке ие бола алмайтын қайталамалар түрі бар. Олар – дыбыстық қайталамалар. Әдетте, дыбыстық қайталамалардың кеңінен қолданылатын ортасы – өлең өрімі” [62, 295 б.], - дейді.

“60-80 жылдардағы қазақ поэзиясында туған жер культі жаппай тұрақ тепті десек асыра айтқандық емес. Заманында М. Мөңкеұлы, Абай, Ақан сері, Сұлтанмахмұт шығармаларында кездескен туған жерден жеріну сарыны мүлдем дерлік ұшыраспайды. Оның орнына атамекеннен табан аудармау, адасқан қазықты қайта табу мәселесі тиянақталды. Әрине, бұл да сол тұстағы әлеуметтік көңіл-күйдің әдебиеттегі көрінісі” [63, 79 б.], – дейді ғалым А. Шәріп өз еңбегінде. Ақын поэмасының алтыншы тарауы “Сарыарқаға арнау” деп аталғанымен, ол бір ғана Сарыарқаға арналмаған. Ақын ұғымындағы Сарыарқа – географиялық атауға ие жалқы атау ғана емес, ол – Туған жер дейтін ұлы ұғымның синонимі іспеттес. Сарыарқа – кеңдік пен дархандықтың символы. Лирикалық кейіпкер Сарыарқаға көз жібере отырып, қазақтың қанына сіңген жомарттық атты қасиеттің азайып бара жатқандығына налиды. Сарыарқаны ешкімнен ештеңесін аямайтын мырзалықтың эталоны етіп суреттейді.

“Ұлы жол” деп аталған поэманың жетінші тарауында ақын “Жол” ұғымын жетекшілікке ала отырып, тарих түкпіріне үңіледі. Лирикалық кейіпкер соқпақ боп басталған дала жолынан өткен күндер белгісін іздейді. Қазақ халқының “Ұлы жолға” жеткенінше басынан өткерген қилы тағдырына шолу жасап өтеді.

Дала жолы – бастауын таба алар кім...

Ізі ме әлде боз інген, қара нардың?

Дала жолы – құпия сыр қаптаған,

Бастауы да, шегі де жұмбақ маған.

Дала жолы – керіліп сал қылықпен

Талай мен де жолымнан танды күткем.

...нені кештің басыңнан, сары дала,

Жеткеніңше бүгінгі ұлы жолға? [16, 89 б.].

Поэма үзіндісіндегі әрбір жолдың, әрбір ой ағымының “дала жолы” деген бір сөзден басталып, негізгі темірқазық ойдың бар салмағы осы сөзде жатқандығын аңғартады.

“Дала тағдыры” поэмасының құрылысына келсек, ақын суреттеу тәсілін кеңінен пайдаланады. Ф. Оңғарсынованың өзге поэмаларымен салыстырғанда, аталмыш поэмасының сюжеттік-композициялық құрылымында бір өзгешелік бар. Ақын кейіпкеріне тікелей авторлық мінездеме беріп, сырттай тон пішіп жатпай, оларды іс-қимылдары, ойлары, әсіресе өздерінің іштерінен жарып шыққан лебіздері арқылы танытады.

“Суреттер елесі” дейтін сегізінші тарауда ақын лирикалық шегініс жасай отырып, қазақ халқының өткеніне ойша шолу жасайды. Тарих бір сәт кері шегініп, даланың өмір жолы лирикалық кейіпкердің көз алдынан тізектеліп өте береді. Айналаның бәріне жан бітіп, Оқжетпеске де тіл бітеді. Анау қырда сақалын салалап қарт Бұқар отыр. Осылайша автор оқырманын

шығарманың шыңырауына тарта береді. Ф. Оңғарсынова көп қатпарлы тарих қойнауына үңіліп, одан сыр шертуді өткенге кері шегініс жасап, көзге елестету тәсілі арқылы барады. Қазақ даласының басынан өткен қиын кезең үні лирикалық шегініс арқылы ашылады. Поэма мазмұнын, идеясын айқындауда Фариза осы әдісті шебер қолданады, өз кезегінде бұл шығарма құндылығын арттыра түседі. “Не өң емес, не түс емес, екі аралықтағы ессіздік екі әлемнің ұштасқан сәтінде” [48, 89 б.] оның көзіне елес пайда болады. Тап өңіндегідей көрініс пайда болып, кенеттен...

Жан біткендей қыраттары,  
Таулары жақындады жырақтағы  
Даланың өмір жолы қыр көшіндей  
Алдымнан өтіп жатты шұбап бәрі  
...Тізілді көріністер, дала жайлы  
Түсірген уақыт өзі кадрлардай [16, 90 б.].

Осылайша тарихтың тұңғығына шомған, көне заманның күңгірт оқиғалары қайта тіріліп, көз алдынан тізбектеліп өткендей болады.

Ф. Оңғарсынованың “Дала тағдыры” – фрагмент түрінде жазылғандықтан, әр тараудағы ұйқас пен ырғақ, шумақ пен бунақ та мазмұнмен идеяға орай өзгермелі болып келеді. Мәселен, “Сарыарқаға арнау” атты бөлімінде:

Көлдерің келіншек көз сұқтандырып,  
Көңілге қуат құйып, жан арбаған.  
Қарымсыз нәрін берген дүниеге  
өзіндей басқа әлемді табар ма адам?!, –  
деп кәдімгі қазақтың он бір буынды қара өлең ұйқасымен жазылса,  
Ақ өрге сені көтерген,  
сен түшкірсең – ол жөтелген.  
Халықтың мынау көбесін  
Қақыратып тұр таспа – мұң, –

деген Бұқар жыраудың Абылайға айтқан сөздері жеті-сегіз буынды жыраулар поэзиясына тән толғау түрінде келеді.

Сырттай қарағанда, “Дала тағдыры” поэмасының негізгі арқауы – дала тағдыры болып көрінгенімен, поэманы түсіне, тұщына оқығанда ондағы орталық тақырыптың – ұлт тағдыры екендігін байқаймыз. Дала тағдыры – халық тағдыры, халық тағдыры – ұлт тарихы. Өткен күннің белгісін ақиқаттан алшақтамай, ақындықпен қатар тарихшы ретінде де қызмет атқаратын ақын осы жолда көптеген көркемдік ізденістерге барады. “Халық өзінің тарихын тарихшының қолынан емес, ақынның қолынан жазылуды талап етеді”, – деген Г. Гейне пайымдауы тарихи туындының поэзиядағы беделін айғақтайды. Ақын жүрегі қашан да шындықпен шымыр, нақтылықпен, дәлдікпен өміршең” [8, 255 б.].

“Дала тағдыры” поэмасындағы “Оқжетпестің монологы” тарауындағы:  
Мен – шың едім,  
Менменсіген батырлыққа сын едім,  
Жас қыранның қайрайтұғын жігерін,

Жалғайтуғын тілегін.

Биікті аңсар жүректерге жыр едім [16, 91 б.], – деп Оқжетпеске тіл бітіп, бейне бір адамша ішкі жан-толғанысын ақтарып, ашына сөйлеуі – Фаризаның ақындық поэтикалық тілінің бар мүмкіндігін жарқырата қолданып, поэманың эстетикалық құндылығын артыра түсуде пайдаланған ең ұтымды тәсілі екендігі анық. “Ақын-жазушылар дерексізге қимыл дарытумен шектелмей, тіл бітіруді де жиі қолданатыны, сондай-ақ, деректі затты сөйлетуді де жиі пайдаланатыны белгілі” [64, 160 б.]. Аталмыш тәсіл қазіргі қазақ поэзиясында да ақындардың орынды жерінде кең қолданылатын аса оңтайлы тәсілдерінің бірі болып табылады. Тілсіз немесе дерексіз нәрселерді сөйлетудің ең көрнекті тәсілі – оларды тікелей өз сөздері арқылы сөйлету.

Адамзаттың арсыздығын көрумен

Қабырғамды сөгумен

Тұрмын әлі. Мұндымын.

Бір-бірінің талқан қылып тірлігін,

Қадірін де бағаламай адамның,

өздеріндей кетіреді кім құнын? [16, 91 б.].

“Оқжетпестің монологындағы” Оқжетпес – сан ғасырғы талай майданның, қантөгістің куәгері. Фариза тасқа тек жан бітіріп, тірі жанша кейіптеп қоймай, “тілін тапса айтады екен таста мұң” демекші тасқа тіл де бітіріп, өз мұңын өз “аузымен” айтқызады. Оқжетпес – биіктік пен мәрттіктің символы іспеттес. Ақын Оқжетпесті тегін сөйлетіп отырған жоқ. Тарихтың өзімен құрдас Оқжетпес “аузымен” адам құны, адамгершілік парқы бағаланады. Ол адамдардың бір-біріне деген опасыздығына, арсыздығына налиды, ашынады. Оның монологтары ұлт мінезінен хабардар етеді. Ақын осы тауға бөлекше салмақ салып, философиялық мән бере сипаттаған.

“Дала тағдыры” поэмасындағы “Бұқар жыраудың Абылайға айтқаны”, “Абылайдың Бұқарға айтқаны”, “Бұқардың жауабы”, “Ақан серінің мұңы” сыныды тарауларында айтылатын ой-пікірлер тарихи сипатымен қатар, философиялық мазмұнымен де өміршең. Поэмада Абылайдың реалистік бейнесі ашылады. Ақын Абылайды идеал етіп көрсетуді мақсат етпеген. Ф. Оңғарсынова Абылайдай ірі тарихи тұлғаның аузына сөз саларда да аса сақтық танытады. Орынсыз мадақ – мақтан, әсіре суреттеуді тарихи тұлғаға арналған шығарманың көтермейтіндігін ақын жақсы түсінеді. Сондықтан, Абылай бейнесі өмір шындығынан көп алшақтай қоймайды.

Ей, Абылай – бас ханым!

Бас болсаң да аспағын.

Алыс пен жақын жерлердің

Кәрі мен жасын, асқағын

Айбарыңменен жасқадың, –

деген ақын Бұқар жыраудың сөздері арқылы Абылай ханның қолбасшылық қасиеттерімен қатар, пенделік кемшіліктерін көрсетуден де қашпайды.

Поэма тікелей Абылай ханға арналмағанымен, Абылайдың сөздері, ойлары арқылы дала тағдыры танылады, әрі Абылайдың рухтылығы,

айбындылығы поэманың идеялық мазмұнына сипат береді. Абылай бейнесін Бұқар жыраумен сөйлестіру арқылы аша түскен. “Кісі емес, күшік көресің, Шыңғыс тұқымынан басқаны”, – деп уәж айтқан Бұқарға Абылай ханның:

Сұңқарды сұңқар деу керек,  
Тұлпарды тұлпар деу кетек.  
Ақымақ қара қарғаны  
Түлкіге баулап салғалы  
Қыран деп баптау – күлкілі:  
өлімтік көкसेп құлқыны

карқылдап қояр бір күні [16, 92 б.], – деп жауап беруі арқылы ақын Абылайдың қаһарына лайық ақылы мен айласы да барын байқатып өтеді. Поэмада Абылайдың сырт келбеті суреттелген портреті берілмеген, бірақ сөздері мен ойлары оның мінез ерекшелігін, тұлғалық қасиеттерін танытып отырады. Фариза Абылай бейнесін беруде бейтарап принцип ұстанады. Бұл – әрине ақын өмір сүрген заман талабы болатын. Алайда, ақынның Абылайды ел ардақтаған қаһарман ретінде көрсеткісі келгендігі де аңғарылмай қалмайды. “Абылай өмірі және заманы кеңестік кезеңде де ірі эпикалық туындыларға арқау болды. Тарихи тұлғаға қатысты поэзиялық шығармалар қатарына Сәкен Сейфуллиннің “Көкшетау”, Мағжан Жұмабаевтың “Батыр Баян”, Әріп Тәңірбергеновтің “Абылай хан”, Мәжит Айтбаевтың “Хан Абылай” дастандары жатады. ХХ ғасырдың жиырмамыншы – қыркыншы жылдары жазылған бұл поэмаларда Абылай бейнесін сомдаудағы ақындардың әрқилы көзқарасы сол кездегі идеологияның ықпалын сездіртеді” [8, 258 б.], – дейді ғалым Ә. Тарақ.

Айғыры – азбан үйір тоз,  
Шешені – мылжың жиын тоз,  
Бірлігі кетсе елің тоз,

Осыған, Бұқар, қарсы ма ең?! – деп Бұқардың өзіне орнықты жауаппен тойтарыс бере сөйлеген Абылай тұлғасы екеуара диалогтар барысында биіктей түскен. Поэмадағы Абылай мен Бұқардың диалогтарымен қазақ халқының жағымсыз қылықтары мен ұлт ретіндегі кемшілігі де ашылады. Ұтымды да ұтқыр жауабынан, шешендік дәстүрге толы сөздерінен Абылайдың қара басының қамын күйттеген қолбасшы емес, халық қамын ойлаған көшбасшы екендігін байқатады. Диалогтың тарихи шығармалардағы кейіпкерлер арасындағы тартысты, шиеленісті дамытудағы қызметінің ерекше екендігі белгілі. Бұқар мен Абылайдың диалогында өткен тарих шындығымен қоса, бүгінгі күннің де өзекті мәселелері астасып жатыр. Бұл диалогтар поэмадағы салмақты орынға ие.

Жалаңаш жатып, жай тұрып,  
Төстеріңе таңда май тұнып,  
Тымырсық, тыныш кең жерде  
Жемсауларыңды жемдеуге  
Күн кешу үшін дара тым

Тыныштық керек сендерге!, – деген Бұқар жыраудың екінші сөзі қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғамға да қарсы айтылған үкім сияқты. Фариза

ақынның шеберлігі де сонда – ол Бұқар мен Абылайдың аузына күнделікті естіп жауыр болған сөздерді салмайды, олар айтқан әрбір сөз афоризмге толы, әр сөзінің қорғасындай салмағы бар. Жыраулар поэзиясына тән шешендік дәстүр Ф. Оңғарсынованың өлеңдерімен қатар поэмаларына да жат емес.

Басшысыз үйде бала азар,  
Тәртіп жоқ жерде жан азар,  
Хан мисызда бәрі азар,  
Ірілік кетіп жігіттен,  
Күн кешер бекер үмітпен [16, 96 б.].

Кейіпкердің өзіне ғана тән, дара характері оның сөйлеу мәнерінен көрінетінін ескерсек, Абылайдың Бұқарға айтқан шешендікпен өрілген тұжырымды жауаптарымен оның тарихи тұлғасы одан әрі даралана түседі. Сол арқылы ақын Абылайды қайраткерлік, көшбасшылық қасиеттерімен қатар, терең ойлы, шешен тілді көреген хан ретінде сипаттайды. “Дала тағдыры” поэмасының жазылған уақыты әлі де кенестік түсінік құрсауынан толық арыла қоймаған кезең екендігін ескерсек, ақынның Абылай бейнесін осылайша жоғары көтере көрсетуі, әрине, ерлікпен пара-пар.

Осындағы Абылайдай кесек тұлғаның бірі – Бұқар жырау бейнесі. “Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ”, деп қасқая қарап, қаймықпай ханға қарсы дат айту – Бұқар сынды билерге, от ауыз орақ тілді шешенге ғана лайық іс. Бұқар жыраудың тарихтағы орны мен келбетін С. Мұқанов өзінің “Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер” атты еңбегінде былай деп бағалайды: “Абылайға тұстас ақындардың ішінде оның өмірін өзгеден толық, еркін жырлаған ақын – Бұқар жырау. Бұқар жырау Абылайдың өмірін жырлағанда оны үнемі мақтай бермейді, Абылайдың өміріндегі мақтанарлық жағдайларды да, сынарлық жағдайларды да бірден ашып, сынаған сөздерден Абылайдан тайсалмай айтады, кемшілігін бетіне баса көрсетеді” [65, 20 б.].

Өз заманының “көмекей әулиесі” атанған Бұқар жыраудың атынан айтылған әрбір сөздерде нағыз тарихи шындық бар. Бұқар билік тізгінін ұстап, халық қамын емес, жеке бас қамын күйттеген биліктілердің қылықтарын ханға қасқая қарап айтады. Алайда, бұл Абылай заманына ғана тән қасірет емес, ақын өмір сүріп отырған уақыттың да ащы шындығы екендігін танимыз. Поэманың өміршеңдігі де осында болса керек.

Ата-баба, мына біз – күн кешірдік  
Ғұмыр бойы тері илеп жат қоғамға.  
Біз жасаймыз байлықты біреулерге,  
Бізге бейнет, атақ пен бақ соларға [16, 94 б.], –

делінген “Бұқараның үні” атты тарауда ақын кәдімгі қара халық – бұқара кейпіне еніп, солардың атынан сөз алады. Мұндағы ақын айтып отырған бұқарадан өз билігі өзінде емес, орталыққа қарап бағынған кәдімгі қазақ ұлтының бейнесін танып, күйін ұғамыз. Тырбанып еткен еңбегінің қызығын басқалар көріп, өмірлері бейнетпен өтіп жатқан бұқараның сөздері қай заманда болмасын өзектілігін жоймасы анық.

Жоғарыда айтқанымыздай, “Дала тағдыры” фрагментарлы поэма болғандықтан, ақынның өзінің ақындық таным, қиялына орай тарихтың сан алуан беттерінен сыр шертеді. Даласына мұң шаққан атақты Ақан сері өмірінің бір сәтін арқау еткен “Ақан серінің мұңы” тарауындағы негізгі ой қазақ арасындағы руға, жүзге бөлінушілік деген дерт төңірегінде өрбиді. Жаны нәзік Ақан сері мұңы ұлт басындағы сор деп түсінеді. Мұндағы Ақан серінің мұңы – жеке бастың мұңынан бөлек, әдеттегідей халық мұңы.

Ей, сор дала, сортанды сорлы дала,  
Соқыр, сотқар жандарға болдың ана.

Жаны қари болмаса мына халық,

Сезімдісін, серісін қор қыла ма?!, – деп даласына мұң шаққан атақты Ақан сері өмірінің бір сәті – Фариза поэмасының бір тарауына арқау болған. Мұндағы Ақан серінің мұңы – жеке бастың мұңынан бөлек, әдеттегідей халық мұңы. Жаны нәзік, көңілі тазалыққа құштар өнерпаз Ақанның адалдыққа, надандыққа қатысты ойлары образды, сөздері кестелі келеді.

Адамдардың бәрінде үркек сенім  
Сенгіштерді көресің күлкі еткенін,  
Сосын адалдығы үшін ақымақ деп  
Ақиқатты басынан бір тепкенін [ 16, 96 б.].

Кейіптеу тәсілін шебер игеру арқылы ақын айтайын деген ойын жандандырып, лирикалық қаһарманның көңіл-күйін, айтпақ ойын айқындап, оған қосымша көркемдіктерді үстемелей түседі. “Аз-ақ ауыл шалаптай сұйылуда, өз-өздерін бөлшектеп, жікке бөліп”, немесе “Жолатпайды үйірге жауыр аттай, ар аттамас жаныңды қалса біліп” сынды Ақан серінің сөздері қазақы танымға тән ойлаудың көрінісі. Таза ұлттық түсініктен туған бұл мысалдардан қазақ ұлтының бойындағы “жазылмайтын ауруының” себебі іздестіріледі. Ақан сері тағдыры Ф. Оңғарсынованың “Ақан сері аңыздары” жыр-циклында көркемдікпен ашылады. Ол туралы жұмысымыздың екінші тарауында кеңірек тоқталатын боламыз.

Ф. Оңғарсынова сол кездері атын атаудың өзі қылмыспен пар-пар болған Тоқтамыс хан, Едіге батырларды поэмасының “Едіге батырдың арыздасуы” тарауында шығармасына арқау еткен. Жыраулық поэзияның сарынымен жазылған осы тарауда Тоқтамыс бейнесі Едігенің монолога арқылы ашылады. Тарихи деректерге көз жүгіртсек, “XIV ғасырдың жетпісінші жылдарында Тоқтамыс бұрынғы Жошы ұлысын қалпына келтіргенде, Едіге онымен саптас болып, әскердің сол қанатын басқарады. Бірақ көп ұзамай, Тоқтамыс пен Едігенің арасында алалық туып, Едіге Әмір Темір жағына шығады” [66, 13 б.]. Яғни, Тоқтамыс пен Едігенің араз болғандығы тарихта белгілі жайт. Ал енді поэмадағы бас кейіпкер – Едігенің өмірінің соңғы сәтіндегі:

Тоқтамыс – жойқын жебелі,  
Ел үшін туған ер еді,  
Тіріде басым бірікпей  
өтіп ем.  
Тұртті не мені?

Бір қазанға сыймаған  
әлі күн соған қиналам – деп тірлігінде Тоқтамыс сынды ермен бір  
шешімге келе алмай атқұйрығын кесіскендегі өзегін өртеген өкініші, одан  
кейінгі:

датым бар өлер шағымда  
Айтайын есім сауында:  
сүйегімді менің жеткізгін  
Тоқтамыс жатқан қауымға –  
...атаның егіз ұлындай,  
Ажырамас екі бұрымдай

Жатайын қатар сол ермен [16, 98 б.], – деп соңғы арманын айтып  
арыздасуы тарихи шындық па, жоқ әлде, ақындық қиялдың жемісі ме, ол  
жағы бізге беймәлім. Маңыздысы:

Бастарыңда ойнақ салсам деп,  
өлкенді жайлап алсам деп  
дұшпаның жатыр іргенде  
бірінді-бірің тілдеме

күңкілдеп, күмпіп күндеме – деген Едіге батырдың бар арманы, ақырғы  
аманаты – елдің амандығы мен жердің бүтіндігі, ел бірлігінің сақталғандығы.  
Бірлігің кетсе, бәрінен де айырыласың, өзара қырқысқан ел жауға қарсы  
бірігіп тұра алмайды. Осы ойды батырдың аузымен:

Оқсыз-ақ дұшпан айламен  
Туғызып басқа қараң күн  
Санасын шырмап баланың  
Ұмыттырар тілін анамның,

Қан-сөлін сорар далаңның, – деуі қауіптің үлкені – ана тілінді ұмыттыру  
арқылы жерінді басып алудан сақта дегені сияқты. Ақынның өз көңілін күпті  
етіп, жүрегіне мазасыздық әкелген осынау ащы шындық Едіге батырдың сөзі  
ретінде көрініс тапқан. Тараудағы негізгі түйін – бірлігі жоқ елдің басынан  
бағы таяды дегенге саяды. Ақын тамыры терең тарихқа бойлата отырып,  
талай ғасыр маңыздылығын жоғалтпаған, әлі де күн тәртібіндегі мәселенің  
бірі – күрескерлік рух ел мен жерді қорғау идеясын жырлайды.

Осылайша қазақ халқының тарихының бір кезеңін көз алдыңнан  
өткізген лирикалық кейіпкер: “Көкжиекке еніп бар елес, Бір кезде мен де ес  
жидым”, – деп реалды өмірге қайта оралады. Тарихтан сыр тартқан ақын енді  
бүгінгі күн жетістігін жырлайды. Ф. Оңғарсынованың “Дала тағдыры”  
поэмасы да ақынның өзі өмір сүріп отырған заманының талабына сай сол  
кезеңдегі көп шығармалар секілді Кеңес Одағының жетістіктерін, ғылым мен  
техниканың өркендеп, өнер-білімнің дамығанын мақтаныш етеді.

Поэманың соңғы “Бүгінгі көрініс”, “Гимн” атты тараулары Қазақстан  
атты алып даланы, Біржан сал, Сара сынды саңлақтарды, Шоқан, Абай  
сынды ақын-ғалымдарын, Махамбет пен Бауыржан сынды батырларын  
жырға қосып, гүлденген Қазақстанға сүйсіне қараған ақын толғауымен  
аяқталады.



Әрине, Ф. Оңғарсынованың аталған поэмасын еш кемшіліксіз деуге болмас. Біріншіден, поэманың алғашқы бес тарауы көлемі жағынан тым қысқа болғандықтан, ақын еркін көсілмейді, айтпақ болған негізгі ойын табуды оқырманның өз еншісіне қалдырғандай, там-тұмдап отырады. Сонымен қатар, поэмадағы аты аталған тарихи тұлға бейнелері де өз деңгейінде толық ашыла қоймаған. Әрі ақын олардың тарихи бейнесін сомдауды басты мақсат етпеген сынайлы. Әрине, мұның себебін бірінші кезекте әдебиетімізде ұзақ жылдар үстемдік құрған социалистік реализм әдісінен іздеріміз анық. Атақты Ілияс Жансүгіровтің “Дала” поэмасы жөнінде М. Қаратаевтың: “Бүкіл бір халықтың екі жүз жылдай тарихын бір поэмада шолып шығудың оңай еместігі өз алдына, мінсіз-мүлтіксіз болуы тіпті, мүмкін емес қой” [67, 50 б.], – дегені бар еді. Осы пікірді Ф. Оңғарсынованың “Дала тағдыры” поэмасына да қатысты айтуға болады. Қорыта айтқанда, “Дала тағдыры” поэмасы қазақ халқының аса маңызды тарихи оқиғалары терең таныммен танытылатын тарихи-философиялық поэма. Олай дейтініміз, мұндағы басты ақындық мақсат – поэмаға жеке адам тағдырын емес, жалпы халықты бас кейіпкер етіп ала отырып, ел өмірінің елеулі кезеңдерін тарихи оқиғалар арқылы көрсету, дәуір тынысын таныту.

Алпысыншы-сексенінші жылдар поэма жанрында да ерекше дамуға, ізденіске толы уақыт болды. Сондықтан да әдебиет зерттеушілері мен сыншыларының осы жылдарды әдеби процесс тарихындағы жаңа даму кезеңіне жатқызуы тегін емес. Ф. Оңғарсынова замандастары поэма жазу барысында тарихилыққа терең бойлады. Бұл заңдылық та. Себебі, артта “Өзі қалың болғанмен, оқулығы жұп-жұқа” (Қ. Мырзалиев) неше ғасырлық бай тарихымыз жатты. Ақын өзін осы тарихи оқиғалардың куәгері ретінде сезініп, өзін осы іске жауаптыдай сезінеді. Осылайша, автордың ой-толғамы алдыңғы орынға шығады.

Қазақ поэмаларының сипатында елеулі өзгерістер болған кезең – Ұлы Отан соғысы жылдары еді. Бұл кезде уақыт тынысы, ерлік сарыны айрықша көрініс тапқан көптеген шығармалар дүниеге келді. Әдебиеттің өзге жанрлары сияқты поэмада да сол кезеңдегі халық басынан өткен азапты күндерге арналған көптеген поэмалар жазылды. Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы поэмалар қатарында Н. Байғаниннің “Ер туралы жыр”, С. Бегалиннің “Черкес кегі”, “Ажар”, “Он алты”, Д. Әбілевтің “Майданбек”, Қ. Сатыбалдиннің “Әлия”, Қ. Аманжоловтың әйгілі “Ақын өлімі туралы аңыз”, Ә. Сәрсенбаев “Намыс ұлы” мен “Шие ағашы”, М. Хакімжанованың “Мәншүк”, Т. Жароковтың “Зоя туралы жыр”, т.б. поэмаларын атауға болады. Басқа әдебиет жанрлары сияқты қазақ поэмаларының да негізгі идеялық арқауы – ұлы шайқастағы халық ерлігін мадақтау, дәріптеу болды.

Қазақ поэмасын зерттеуші белгілі ғалым Ә. Нарымбетов 1970-80-жылдардағы қазақ поэмасын екі топқа бөліп, жүйелеп береді: “Біріншісі, сол тарихи оқиғаларды негізге ала отырып, ойдан шығарылған сюжетке, кейіпкерге негізделген поэмалар. Оларда ақын реальды өмірдің шын болған фактілерін алғанмен, поэтикалық қиялға, пафосқа көбірек ерік берген. Екінші жағынан, ақындар тарихи адамның көркемдік образын жаңа тәсілдерін игеру

барысында еленерлік іс тындырды. Бұл шығармалардың басты сипаты тарихи фактіге сүйенген деректілігінен, шынайы шыншылдығынан көрінеді [11, 16 б.]. Осы тақырыпқа қалам тартқан ақындардың қай-қайсысы болмасын, соғыс сипатын, оның халық өмірінде қалдырған ізін жаңаша көзқараспен жырлауға талпынды. Осы орайда тың көркемдік ізденістерге баруды мақсат етті. Сондай-ақ, елін жаудан қорғауда өшпес ерлік көрсеткен ерлер бейнесі де осы тұстағы бір топ қазақ поэмаларынан орын алды. Бұл ретте ғалым Ә. Нарымбетов былай деп жазады: “1945 жылы Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып ту тіккен Р. Қошқарбаев (М. Әлімбаев “Ту тіккен”, Ә. Жәмішев “Батыр сөйлеп тұр”), Кеңес одағының батырлары Н. Әбдіров (С. Жиенбаев “Қайран шеше”), Б. Момышұлы (Ж. Нәжімеденов “Қыран-қия”), М. Ғабдуллин (М. Рәшев “Ерлік дастаны”), М. Мәметова (Т. Бердияров “Мәншүк туралы дастан”, М. Неталиев “Мәнсия”), Ә. Молдағұлова (С. Жиенбаев “Әлия”, Ф. Оңғарсынова “Тыңдаңдар, тірі адамдар!”), Н. Исабаев “Аққу”, Т. Молдағалиев “Әлия әпке”), Ұлы Отан соғысының партизандары Қ. Қайсенов (С. Жиенбаев “Сәби дауысы”, Х. Талғаров (“Партизан сыры”), т.б. бұл жылдардағы қазақ поэмаларының бас кейіпкеріне айналды” [68, 16 б.].

Соғыс тақырыбына жазылған поэмалардың бірі – Ф. Оңғарсынованың “Тыңдаңдар тірі адамдар!” атты поэмасы қазақтың батыр қыздары – Әлия мен Мәншүкке арналады. Ұлы Отан соғысында қазақ халқының қос қызы – Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова асқан қаһармандық көрсетіп, ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты. Олардың өрлікке толы әдеби бейнесін сомдауда қазақ ақын-жазушыларының қаламынан түрлі жанрдағы көптеген туындылар туды.

Атап айтсақ, соғыстың аяғына таман Мариям Хакімжанованың “Мәншүк”, Қапан Сатыбалдиннің “Әлия” поэмалары жазылды. Бұл поэмалар бір мезгілде жазылып, бір уақытта – 1945 жылы жарық көрді. Поэмалардың көтерген тақырып, көздеген мақсаты бір болғанымен, әр ақын өзіне тән шеберлікпен жырлады. Осы поэмалар туралы Ұлы Отан соғысына арналған шығармаларды жете зерттеген Қ. Қамбаров “Ерлік эпосы” атты монографиясында былай деп пікір білдірген болатын: “Шынын айтуымыз керек, аталмыш дастандар Мәншүк пен Әлияның қаһармандық тұлғаларын, ерлігін толық та терең бейнелей алған жоқ, олар М. Алигердің Зоясы, Қ. Аманжоловтың Абдолласы сияқты халықтық сүйікті образ бола алмады. Егер, М. Хакімжанова поэмасында Мәншүктің ой-сезімі жеткілікті көрінбей жатса, Қ. Сатыбалдиннің Әлиясы әсерсіз ұшқары ой-сезім үстінде өзінің окопта, зұлым жаумен аңдысып отырғанын ұмытады” [69, 94 б.]. М. Хакімжанованың “Мәншүк” поэмасы кезінде қырағы көздерге түсіп, қара тізімге ілінген екен. Расында, ақынның батыр қыздың ерлігіне сүйсіне қарап:

“Қарағым”, деп қарағандай Абылай,

Қара шашын сипағандай Исатай.

“Кегінді алмай кейін қайтпа!” дегендей,

Кенесары, айбынды ер Наурызбай [70, 29 б.], – деп ол уақытта атын атауға қаймығатын хандарымыз бен батырларымыздың есімін еш тайсалмай

жырлауы елеусіз қалдырмағаны анық. Сондай-ақ, бұл сипат поэма құндылығын арттыра түскен. “Мәншүк” поэмасының дүниеге келуіне екі себеп бар, – дейді жас ізденуші Т.Тайшина “Ерлік гимні” атты мақаласында. Бірінші себеп, Мәриям апай Мәншүктің шешесі Әминамен ертеден араласқан. Мәншүкті бүлдіршін кезінен білген. Осындай аяулы қыздың өлімі ақын жүрегіне қаяу салмай қоймайды” [71, 11б.]. Демек, “Мәншүк” поэмасы М. Хакімжанова шығармашылығындағы орны бөлек туынды. Кейінірек осы тақырыпқа арналған бірқатар поэмалар дүниеге келді. Атап айтсақ: Т. Молдағалиевтің “Хаттар, хаттар”, “Жеңеше”, “Өрік ағашы”, С. Жиенбаевтің “Әлия”, М. Әлімбаевтің Р. Қошқарбаевқа арнаған “Ту тіккен”, Ж. Молдағалиевтың “Жыр туралы жыр”, “Қыран дала”, “Сел”, т.б. поэмалар Ұлы Отан соғысы тарихының беттерінен сыр шертті.

Ф. Оңғарсынова поэмаларының ішінде ерекше ақындық қуат, поэтикалық күймен дүниеге келген туындысының бірі – “Тыңдаңдар, тірі адамдар!” поэмасында да қазақтың қос батыр қыздары Әлия мен Мәншүктің лирикалық бейнесі сомдалды. Ақын аталған поэмасында өзіне дейін талай шығармаға арқау болған соғыс тақырыбының дәстүрлі қалыбын бұзып, өзінше тыңнан сүрлеу салуға тырысады. Поэmanın халық дастандарынан бөлініп, өмірді таныту мүмкіндігінің, тіл көркемдігі мен жасалу жолының да өскендігін ақын қаламгерлік қарымы арқылы аңғартты. Ұлы Отан соғысының батырлары Әлия мен Мәншүктің трагедиялық тағдырын арқау еткен “Тыңдаңдар, тірі адамдар” поэмасы – сюжетсіз поэма. Поэмада ақын еркін көркемдік форма, шарттылық тәсілімен қос боздақтың рухын сөйлету, қазіргі ұрпақпен тілдестіру арқылы жаңа эстетикалық игілік жасаған.

“Тыңдаңдар, тірі адамдар!” поэмасында Ф. Оңғарсынова қазақ әдебиетіндегі поэма жанрында ұзақ уақыт бойы қолданылып келген құр, жалаң баяндауды пайдаланбай, лирикалық кейіпкерінің ішкі монологу арқылы ақындық идеяны ұтымды бере білген.

- Қанша жыл еді?,
- Қанша жыл еді
- Көп-көп жыл бұрынғыдай...

Ойлап па едік өтерін ғұмыр бұлай

Жеті қат жер түбінде.

Майдан. Атыс. Қантөгіс. Жалын. Азап.

Керзі етік пен сұр шинель мәлеңдеген

Көтерген әрең денең [16, 32 б.] –

деп бастаған ақын ішкі монологтың бір элементі болып табылатын еске алу, лирикалық шегініс пайдаланыла отырып, негізгі әңгімені лирикалық кейіпкерлердің жан толғаныстарымен байланыста өреді. “Әдебиеттанудағы еске алу тәсілінің өзіне тән формалық, көркемдік қызметінің өзі адам санасының бір түкпірінде тығылып қалған әртүрлі әсерлердің, ұғым-сенімнің, белгілі бір оқиға-бейнелердің ойға оралуынан ішкі жан әлемінде бір-біріне тәуелсіз, өзара сабақтас сезімдердің тууына себеп болары сөзсіз. Яғни, тұңғыық ойға берілудің алғашқы баспалдағы да” [48, 41 б.]. Ақын осылай деп өткен күнге ой жүгірткен лирикалық кейіпкерлері мен бүгінгі

дәуір ұрпақтарын тілдестіру арқылы соғыс шындығын берудің өзгеше тәсіліне жүгінеді. Ақынның лирикалық кейіпкерлері:

...өмір мен адам жайды,  
Сезім мен заман жайлы  
Нәзік жыныс құштар ғой білуге әлі,  
өр мінез боп кетпесе бүгін бәрі –  
шақырамын сені ашық әңгімеге –  
өлгенге үкім жүрмейді – ол заң біле ме?!  
Қандайсың өзің сенің?  
...мүмкін сен жауларға да –  
Талайға салған жара  
Немқұрайды қарарсың кешіріммен,  
өзіндік ой, өзіндік шешіміңмен?, –

деп бейбіт күннің адамдарын ашық пікір алаңына шақырады. Ақынның өлілерге тірілерді сұхбатқа, өзара әңгімеге шақыртуын поэма мазмұнын ашып, эстетикалық қуатын арттыра түсірудегі ақындық қиялдан туындаған тәсіл деп түсінген жөн. Қиялдың шығарма ажарын арттырудағы өзгеше қызметі жөнінде орыс ғалымы Н.А. Гуляев: “...Шығармашылық дарындылықтың маңызды белгісі – адамда әдеби процестегі басты күштің бірі көркем қиялдың болуы” [17, 107 б.], – десе, ғалым З. Қабдолов: “Творчестволық фантазия. Бақылап білген, сезген шындықты кең өріске шығаратын қанатты творчестволық қиял – таланттың серігі” [54, 12 б.], – дейді. Расында да, қиялдың (фантазия) – ақынның қиналған сәтінде көмекке келетін поэтикалық тәсіл ғана емес, суреткерге керек негізгі қасиеттердің бірі екендігі анық.

Шүберекке түйіп ап жанымызды,  
буыны да қатпаған тәнімізді,  
Ажалмен тайталасып,  
Оққа балғын денені айқара ашып,  
Қара жердің құшағын аймаладық,  
Қалай бүгін жүрсіндер пайдаланып,  
Қымбат түскен біз үшін бұл күндерді? [16, 34 б.], –

деп бүгінгі ұрпақ – оқырманына салмақты сауал тастаған лирикалық кейіпкер сөзін бастағаннан-ақ ірі саяси, тарихи мәселелерді қозғайды. Ф. Оңғарсынова кейіпкерлері әдеттегідей айбынды.

Ақынның “Тыңдаңдар, тірі адамдар!” поэмасы ешқандай тарау, тақырыпшаға бөлінбеген. Қос кейіпкер – Әлия мен Мәншүктің монологтарымен басталған поэма қым-қиғаш оқиғаларға құрылмайды. Поэmanın бүкіл сюжеттік желісі, құрылымы Әлия мен Мәншүктің ой-толғаныстары, ішкі монологтарымен дамып, сол арқылы өрбиді. Мұндағы екі кейіпкер – Әлия мен Мәншүктің монологтары кезектесіп келмей, “қос ішектен шығатын бір үн болып” қатар тіл қатады. Өзінің ақындық тәжірибесінде, яғни өлең өрімінде монологты сәтті қолданып келген Ф. Оңғарсынова аталған поэмасында да осы әдісті орынды пайдалана білген. Қасіретті соғыс күндеріндегі қайғы мен қуаныштың, махаббат пен

зұлымдықтың, өлім мен өмірдің адам жанына салған таңбасын кейіпкерлер өз аузымен былай деп баяндайды:

Сенбеу-ақ керек еді  
Жылан – жауға бойлаған керегені –  
Доссынып, төсін қағып,  
Сендіріп, сосын барып  
Бір басының қанқұйлы құлқыны үшін,  
Сұлулықты, пәктікті құрту үшін  
Тірі айырып сәбиді анасынан.  
Жоқ, ондайға кешірім! Жазасы – қан! [16, 31 б.].

Бұл монологтардың поэманың идеясын ашу мен кейіпкер сомдауда шешуші әрі маңызды рөл атқарып тұрғаны анық.

Ф. Оңғарсынованың аталған поэмасы Әлия мен Мәншүк тұлғаларын сан қырынан келіп суреттеуімен ерекшеленеді. Мысалы, поэмадағы қос кейіпкер бейнесі кейде:

Ойланатын тірілер, кезің, міне!  
Қарамайтын уақытқа, заманға да  
Табиғатта менмен күш - Адам ғана.  
Дүниені түрлендіріп,  
Тұрардай күндер күліп,  
Адам қайта жасайды барлығын да  
Қайта бақыт сыйлайды сан ғұмырға, –

деп саналы ұрпаққа аталы сөз айтар кемеңгер, көсем ретінде көрінсе, енді бірде:

Сұлулықты, пәктікті құрту үшін,  
тірі айырды сәбиді анасынан  
Жоқ, ондайға кешірім! Жазасы – қан!, –

деген келелі сөз, кесек бітімімен дара шығады. Үшінші бір жағдайда Фариза кейіпкері мүлдем бөлек сипат алған.

... Біз де тірі қалуды армандадық,  
шай құюды, жүруді шамдар жағып.

...Жар болудың бақыты бұйырмады,  
денемізді көрді жер, көрді де түн.

...Біз өмірден рахат сезінбедік,  
тым құрыса бір сәтке ана болып [16, 36 б.].

Өзі батыр, өзі дана лирикалық кейіпкер енді бір сәт жар сүйіп, ана атануды армандайтын қарапайым көп қыздың біріне айналады. Ұзақ уақыт бойы соғыс тақырыбына арналған шығармалардағы ең басты нәрсе – әрбір адамның жүрегiнiң Отан деп соғуы, оның ешнәрседен тайсалмайтын батырлығы болса, Ф. Оңғарсынова бұл тақырыпқа өзгеше ізденіспен келеді. Ол өзі сомдаған тарихи тұлғаларды Аңыз-Адамға айналдыруды ешқашан мақсат етпеген. Керісінше, олардың тек ақын, батыр ғана емес, бірінші

кезекте адам екендігін, пенделік қасиеттердің оларға да жат еместігін басты назарда ұстайды.

...Енді бізге бәрібір қуанбаймыз,  
тамырынан қырқылған шынардаймыз.

...Мейірім де, махаббат нұрлы күн де  
керек екен тек қана тірлігінде.

... Мезгілінде келмеген қуаныш та,  
жаныңа жұбаныш та  
әкелмейді, рахат-нұр көңілге  
бәйгеден соң мәні жоқ жүлденің де [16, 34 б.],

– дейтін ақын кейіпкерлерінен кейде өксік араласқан өкініш те, мұң да табылып жатады. Осы тұста Фаризаның бұл тақырыпты жалаң сөз, жалған ұранмен емес, адам жанының шын сырын көрсету арқылы игергендігін де ақындық ізденіс нәтижесі деп білеміз. Ф. Оңғарсынованың “Тыңдаңдар, тірі адамдар!” поэмасы – қазақтың қайсар қыздары Әлия мен Мәншүк тұлғаларын биіктетіп, сол арқылы өмірлік құндылықтарды бағалауға арналған поэма.

Ф. Оңғарсынованың “Қырдағы айқас” поэмасы – қазақ тарихындағы елеулі кезеңнің бірі – 1916 жылғы азаматтық көтеріліс тақырыбына жазылған поэмалардың бірі. Поэмаға ел өмірінде айтарлықтай із қалдырған азамат соғысы жылдарынан кейінгі жылдардағы халық басына түскен қилы тағдырлар арқау болады. “...Азамат соғысы жылдары халқымыздың ішкі-сыртқы жаулармен ерлік күресінің де қазақ эпикасында әр тұста көркемдік із қалдыруы заңды құбылыс. Бұл жылдардағы Ғ. Қайырбековтің “Большевик ауыл”, С. Жиенбаевтың “Қырандар хикаясы”, Ф. Оңғарсынованың “Қырдағы айқас”, Т. Молдағалиевтің “Ескерткіш”, С. Сейтхазиннің “Қызыл генерал”, А. Тоқмағамбетовтің “Боздақтар” сияқты поэмаларында халық тарихының ірі оқиғалары тәп-тәуір бейнеленгені рас” [11, 20 б.],– дейді ғалым Ә. Нарымбетов.

“Ақынның өмірбаяны өлеңінде” деген тұжырым бар. Рас сөз. Қаламгер не жазса да өзін жазады дейміз. Ақын шығармаларынан оның өмір тарихы, адами қасиеттері аңғарылмай қалмайды. Ф. Оңғарсынова шығармашылығында да басқа қаламгерлер секілді өмірбаяндық элементтер байқалып отырады. “Қырдағы айқас” поэмасындағы негізгі оқиға Манашта өтеді. “Еділ мен Жайықты жалғастырып жатқан айдау жолдың бойында Манаш деген ауылдың орны жатыр. Манаш, Манғус, Манас... Талай аңыз-дастанға өзек болған тұлға. Кей аңыздардың айтуынша, Манаш осы бір жайдақ далада ата жауының емес, ағайынының қолынан мерт тапқан. Фариза сол Манаш қапыда кетіпті-мыс құба сұр жазықта жарыққа келіпті” [72, 2 б.]. Бұл – ақын өмірінің кейбір сәттерінің шығармаларында көрініс табуының бір ғана мысалы.

Ф. Оңғарсынованың “Қырдағы айқас” поэмасындағы орталық тақырып □ азамат соғысы жылдарынан кейінгі қазақ ауылының тыныс-тіршілігі. Бұл

– он жетінші жылдың салқыны әлі кетпеген, ақ бандының сарқыншағы біте қоймаған жиырмасыншы жылдың іші еді. Ақын өткенге лирикалық шегіністер жасай отырып:

Нарынның күйзелдірген елін жорық,  
Қаңғыртты байлар жұртты жерін қорып.  
Өткен-ді бір оқиға. Дәл сол жылы

Түсіп ем осы ауылға келін болып [16, 41 б.], – деп әңгімесін оқиганың басты куәгері – әже аузымен баяндайды. Поэмадағы негізгі оқиға жалғыз әженің лирикалық толғанысымен баяндалып, әже әңгімесімен сюжет түйіні тарқатыла береді. Бір поэмасы екіншісіне ұқсамайтын ақын шығарма композициясын құбылтып құруға шебер-ақ. Ақын тақырыпты қос ғашық – Айғаным мен Мадиярдың бастарынан өткерген ірілі-ұсақты оқиғалармен байланысты бейнелейді. Яғни поэма өзегіне айналып отырған екі тақырып та ауқымды. Бірі – әлеуметтік теңсіздікке қарамай бір болуды армандап, сол жолда қандай қиындық болса да көнуге дайын қыз-жігіттің сүйіспеншілігі болса, екіншісі – қарапайым халықты қан қақсатқан ақ бандының, олармен ауыз жаласқан ауылдың бай-манаптарының озбырлығы. Ф. Оңғарсынова осы екі оқиғаны шашыратпай, бір оқиға келесісімен сабақтастыра суреттейді. Поэмадағы әрбір оқиғаның шығарма ажарын үстемелеп, аша түсуде өзіндік қызметі бар. Ғалым Ә. Нарымбетовтың сөзімен айтсақ: “Поэма оқиғасын Ф. Оңғарсынова мейлінше шиеленістіріп, шығарма сюжетін тартымды етіп шығарған. Бір оқиғаға күтпеген жерден екінші оқиғаны әкеліп киліктіру – ақынның тапқырлығы, өзіндік шешімі сияқты” [68, 21 б.].

Поэма Нүрет байдың жалғыз қызы Айғанымның отауында жоқ боп шығуынан басталады. Ақын осы шағын көріністегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін олардың ішкі әлемі арқылы ашып, психологиялық өзгерістерін айқындай түседі. Мәселен, Нүрет байдың жалғыз қызы Айғанымның өзінің сүйген жігітімен қашып кеткендігі, отауында жоқ екендігін білген сәттегі үй ішіндегі әрбір жанның жан әлемі ақындық тілмен былайша жеке-жеке суреттеледі:

– Бай қызы кетіпті ғой бүгін қашып!  
– не дейді, әй? Қыз емес пе еді бұрын жасық?!  
Жерошақ басындағы жалшы әйелдер  
Қояды үн шығармай сыбырласып.

Бай отыр ашу кернеп, қашып төзім,  
Бұл кесел жанын қинап, жасытты өзін.

Бәйбіше үһілейді аласұрып,  
Ұшымен жаулығының басып көзін.

Не істерге білмегендей, ақ боз үйге  
Бір кіріп, бір шығады ағалары [16, 42 б.].

Үзіндіден аңғарғанымыздай, Фариза ақын кейіпкерлері: жалшы әйелдер, қыз әкесі – Нүрет байдың, бай бәйбішесінің, қыз ағаларының сыртқы іс-

әрекет, қимыл-қозғалыстарын адам жанының ішкі терең сезімдерімен өзара байланыста, ажырамас бірлікте көрсетеді. Яғни, ақын осылайша үйдегі әрбір жанның психологиялық портретін сомдайды.

“Қырдағы айқас” – ақын жүрегінен сүзіліп өткен кеше мен бүгінді, зұлымдық пен адамгершілікті, махаббат пен озбырлықты қатар сөз еткен лирикалық толғау үлгісіндегі поэма. Қазақ сахарасының келбетіндегі дүбірлі өзгерісті, ондағы адамдар тағдырын толғайтын кесек туынды. Ондағы іс-әрекетке орай кейіпкер мінездері де соған сай өзгеріп, құбылып отырады.

Поэмадағы кейіпкерлердің қай-қайсысы да өзіндік келбетімен оқырман көз алдынан өтетін әдеби бейнелер. Сондай бейненің бірі – Манаштағы милиция бөлімінің бастығы Қайыржан Молдағұлов. Бұл ретте поэма оқиғасына үнемі араласып отыратын бас кейіпкер, ақ бандыға қарсы тұрар жалғыз адам да осы – Қайыржан. Поэмадағы келесі оқиғалар осы Қайыржанның айналасында өрбиді. Бозалақ құмында банды жүр дегенді естіген Қайыржан ауыл азаматтарын ертіп сонда аттанғанда, жайбарақат жатқан ауыл ақ бандының қоршауында қалады.

“Банды” деп ауыл түгел елендеді,  
Маңырап қозы-лақ та көгендегі.  
Дабырлап келе жатыр, естіледі  
“Начальник”, “милиция” дегендері [16, 43 б.].

Поэмадағы ауқымды оқиғаның бірі □ ақ бандылардың жантүршіктіретерлік істері. Қайыржаннан кек алуды көздеп, көздеріне қан толған ақ бандының эп-сәтте-ақ алақандай ауылды қызыл ала қанға бояғандығын Фариза былай суреттейді:

...Найзамен әйелдердің түртіп ішін,  
Мәз болып біреулері тұр күлісіп.  
...Қазанды қатық толы үйге әкеліп:  
Тәтті деп, дос “шарабы”, – ішті бәрі.  
...Қазанын қақыратты десін деп жұрт,  
Бір теуіп қарс айырды ортасынан.  
...Ұлыңа арызыңды айтарсың, – деп,  
Кемпірді қойып қалды маңдайынан.

Қазақта “Асын ішіп, аяғын тепті” деген сөз тіркесі бар. Бұл – ұлт ұғымындағы қорлық атаулының зоры. Ал енді әйелдің ішінен түртіп, ананың маңдайынан ұру – жауыздықтың шегіне жеткен түрі, бұдан өткен қасиетсіздік болмаса керек. Жау әскерінің барлық қылықтарын тіпке тізгендей етіп көрсетпей-ақ, олардың осы қылықтарымен-ақ ақын көп жайды байқатады.

Ер-азаматы жоқ ауыл бандыға қарсы шыға алмады. Осы тұста ақ бандыға батылы жетіп қарсы сөз айта алған жалғыз жан –

Қайыржанның анасы Ақкенже еді.  
Көрмеген мыналардай жат пендені.  
“Ақ дәмім жібермесін!”, – деген кезде,  
Офицер қылышына тап бергені.



Жауыздың жаны қаннан тіксіне ме,  
(О, адам, мұндайларды күшті деме!)  
әлгінде-ақ тілі сайрап сөйлеп тұрған  
ұзыннан қақ бөлініп түсті дене!  
Ауылға ақылшы еді. Өлді. Кетті.  
Үй ішін ал қызыл қан көлдіретті.

Осы көріністен оқырман ақ бандының озбырлығын, адам айтқысыз қиянатын, зұлымдығын көреді. Автор танытпақ болған негізгі идеясын кейіпкерлерінің іс-әрекеті арқылы баяндайды. Ақ бандының айуандық қылықтарының шырқау шегі ана өліміне әкеп соқтырады. Мұндағы сюжет детальдарының шашау шықпай шебер қиысқаны соншалық, ақын оқырманын бей-жай қалдырмайды. Поэмада жау әскерінің портреті берілмегенімен, олардың бар болмыс-бітімі, психологиясы осы көріністен бүкпесіз ашылады. Сондай-ақ, әр кейіпкерді өз мақсат, өз мұратымен, өз қимыл-әрекетімен даралап көрсетуде де ақын көп ізденіске барған.

Қазақ поэмаларын зерттеуші профессор Қ.Алпысбаев қазіргі қазақ поэмаларының жанрлық, түрлік ерекшеліктерін анықтай келе: “Эпикалық немесе сюжетті баяндау поэмаларында эпикалық сипат шешуші мәнге ие болып, бүкіл шығарма құрылымын айқындайды. Мұндай поэмаларды көбінесе эпикалық деп атайды. Эпос элементтерінің барлық поэмада кездесетіні сияқты эпикалық баяндау формаларында да лирикалық элементтер болуы мүмкін” [12, 12 б.], – дейді. Жоғарыдағы пікірде айтылғандай, “Қырдағы айқас” поэмасының “Қыз әні”, “Жігіт әні” дейтін тарауларында “Әлемде тек екеуі секілденіп, албырасып отырған қыз бен жігіттің” бақытты сәттерін, жүрек дүрсілін олардың өздерінің сырласуымен, яғни нәзік лирикамен бере білген. Енді бірде өз бақыты үшін қашқын атанған қос ғашықтың көңіл-күйлері:

Жүрек – жаз. Нұрлы өңдерде – бақыттылық.

Қалғандай шыр айналып, уақыт тұрып.

Дүние өң бе, түс пе біле алмайды,

әйтеуір дала жатыр жақұт тұнып, –

деп табиғатпен астаса, жымдаса жарасым табады. Лирикалық кейіпкердің жан толқынына ілесіп, сіз де тебіреністі күй кешіресіз. Олардың бұл жан рахатын дүсірлей естілген ат тұяғының дауысы бұзады. Аттылардың өздеріне қарай бет алғанын көрген сәттегі қыз мен жігіттің сезім, көңіл-күй құбылыстары өздерінің ішкі тебіреністері, яғни ішкі монологымен ашылады. Сол арқылы автор қоршауда қалған екеудің санаулы секундтардағы сезімдерін байқатып өтеді.

Жігіт те орнынан тұрды атылып

...Түстері суық қандай, қуғыншы ма,

Япыр-ау, кетер ме екен шын қапы ғып.

Қуғыншы... қайдан өзі мұнша халық,

Істеді-ау ерте кетпей бір шалалық.

...Қалайша тез жетті екен жорықтасып,

Бұл жерден болатын-ды қоныс қашық.

Бір қауіп бір үмітпен араласып,  
Қос жүрек шапқылайды ала қашып [16, 47 б.].

Бірақ, бұл қуғыншы емес, Қайыржан ауылын қан қақсатып кетіп бара жатқан ақ бандылар болатын. Бұларды көрген олардың ойы ат пен қызды олжа қылып, жігітті өлімші қып орға жығу еді. Алайда, олардың көздеген істерін жүзеге асыруға Қайыржан бастаған топ мүмкіндік бермеді

– Тоқтай тұр, бұл не дүбір жылға жақта?

– Мен үйден қашып кеткем, бұлар біздің

Ауылдың мені іздеген адамдары.

деді қыз жасырыңыз, сүйгенімнен

айырса, өлім артық маған-дағы, – деген қыздың сөзіне алданып,

Қайыржанның тобын қуғыншыға санаған ақ бандының әскері торға түскенін байқамай қалады. Бұл келгендер Қайыржан бастаған азаматтар болатын. Анасының өлігінің үстінен түскен Қайыржанның жанарында кек қайнап ақ бандының соңынан қуып жеткен беті еді. Банды басы – Беловтың оғынан жараланғанымен бандыны түгел қолға түсірген Қайыржан Молдағұлов қос ғашық – Айғаным мен Мадиярды ортаға ап, ауылға қайтады. Поэма осымен біткен сияқты. Бірақ... “Әңгімем бітпепті ғой, кәрілік-ай, кетемін бірін айтып, бірін бастап”, – дейді оқиғаны айтушы әже. Бұл – ақынның өткеннен бүгінге оралудағы, бүгінді сөз етудегі сүйенген ақындық тәсілінің бірі.

Бар біздің ауылда бір асыл адам,

Күміс шық самайында шашыраған.

...Білгің кеп отыр сенің бұл кісіні,

Неде деп осы адамның құнды сыры

Баяғы Мадияр мен Айғанымның

Осы еді қуанышы – тұңғыш ұлы.

“Біз тірі қалмас ек, – деп, – ол болмаса”,

Қойған-ды Қайыржан деп атын мұның [16, 52 б.].

Осымен поэма аяқталады. Алайда, поэмадағы кейбір оқиғалар аяқсыз қалғандай әсерде қалатыныңыз шындық. Қыз бен жігіттің құрығы ұзын әке жазасынан құтылып, оңай бақытқа жеткендігі сенімсіздеу шыққан сияқты. Қалай дегенмен де, бұл ақындық шешім. Бәлкім ақын таптаурын болған ескі мен жаңаның тартысы тақырыбына қайта оралуды аса сәтті тәсіл деп ойламаған болар.

“Қырдағы айқас” поэмасындағы осы оқиға Фаризаның “Шашы ағарған қыз” повесінің де сюжеттік арқауына айналады. Екі шығармадағы кейіпкерлер есімдері өзгеше болғанымен, оқиға барысы ортақ, тақырып бір. Бірақ, ақын жанр табиғатына орай повесть жанрының мүмкіндігін ескере отырып, шығарма шешімін өзгеше түйіндеген. Поэмада қос ғашық қосылып, ұлды болса, повестегі қыз бен жігіттің тағдыры трагедиялық жағдайда аяқталады. Алданды (поэмадағы Мадияр) ақ бандылар кескілеп өлтіреді. Сүйгенінің осы түрін көрген Шынардың (поэмада Айғаным) халі повесте былайша суреттеледі: “Бір топ әйелдің ортасында бота көздері отсыз мөлдіреп жасқа толған, құп-қу өңінен тіршілік белгісі білінбей Шынар тұр еді. – Жаным-ау, Шынаржан-ау, саған не болып еді? Бекен осыны айтып

үлгергенше, мұның құшағына тығылып, даусын шығаруға шамасы келмей, үнсіз егіліп талықсыған Шынарды көрді. Басына бос бүркеген үлкен қоңыр шарқыт жерге түсе беріп еді. Қыздың беліне түскен қос бұрымды шашы түп-түгел аппақ селеудей қуарып кеткен екен. – Құдай-ау, мұндайды кім көрген!” – деген әлдекімнің өксік араласқан даусы қаумалап тұрғандардың жылаулы үніне көміліп қалды” [15, 21 б.].

Ф. Оңғарсынованың “Қырдағы айқас” поэмасында алдыңғы орында ақ бандының озбырлығы, Қайыржанның ерлік істері шықса, “Шашы ағарған қыз” повесінде Алдан мен Шынардың махаббаты, Шынардың жан дүниесіндегі психологиялық арпалыс ерекше назар аудартады.

Поэмаға қойылар талап заманға қарай әртүрлі болып отырған. Қ. Жармағамбетовтың “Поэмалар туралы” атты мақаласында: “Әрбір поэманың авторынан, ең алдымен, озат идея мен өмірдегі жаңалық үшін күрескен адамның образын белгілі бір тарихи кезеңге сай көрсету. Мұнымен қатар, поэма жанры үшін ең басты шарттың бірі – өмірдегі ескі мен жаңаның, озат идея мен кертарпалықтың арасындағы тартыстың болуы [73, 4 б.], – деген екен. Әр кезеңнің идеясын насихаттауда, сол заманның үнін жеткізуде поэзияның қай уақытта болмасын жетекші қызмет атқарғаны тарихтан белгілі. Десек те, қазақ поэмаларының тақырыптық сипатына назар аударсақ, үнемі саф алтындай мінсіз шығармалардың жазыла бермегендігін байқаймыз. Эпикалық жанрда да науқаншылдықпен, ұраншылдықпен жырланған тақырыптардың да болғандығын айта кеткен жөн. Алайда ондай шығармалар сол уақытқа ғана қызмет етіп, келер заман үддесінен шыға алмай жатты.

Қоғам өмірінің жарқын парақтары мен жағымды жаңалықтарына үнемі алғашқылардың бірі ретінде үн қосып отыру сол кезең ақын-жазушыларының “жазылмаған талабы” болғаны тарихтан мәлім. Ақын Ф. Оңғарсынованың “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” поэмасы қазақтың тұңғыш механизатор қыздарының бірі Кәмшат Дөнентаеваның қиын да қызықты еңбек жолын суреттеуге арналған. Ф. Оңғарсынова аталған поэмасынан бұрын осы тақырыпта “Биіктік” атты повесін де жазған болатын. Ақынның бұл поэмасы поэзиямызға шын мәніндегі еңбек адамын әкеліп, оның өмірін шындықпен, шеберлікпен бейнелеген жақсы туындылардың бірі. Қазақ әдебиетінде еңбек адамының өміріне арналған Х. Ерғалиевтың “Үлкен жолдың үстінде”, “Біздің ауылдың қызы”, Т. Жароковтың “Жапанды орман жаңғыртты”, “Тасқынға тосқын”, Қ. Бекхожиннің “Тұрлаулы тағдыр”, Ғ. Қайырбековтың “Жер астындағы жұлдыздар”, Ж. Молдағалиевтың “Қыран дала”, А. Шамкеновтың “Жайлау-дастан”, М. Шахановтың “Танакөз”, т.б. сынды бірнеше поэмалар жазылды.

“Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” атты поэмасын очерк типтес поэма деп атадық. Себебі, көркем очерк әдетте, өмірде бар, не болған адамның өмірі, ісі туралы, қоғамдық оқиға туралы жазылатыны белгілі. “Қазақ поэзиясында сюжетті, эпикалық, лирико-публицистикалық поэмалармен қатар очерк типтес поэмалар да орын алады. Оларда негізінен көркем очерктің нышандары көрініп отырады. Осындай очерк сипаттас поэмалар қатарына С. Мұқановтың “Алдаберген туралы аңыз”,

Қ. Тоғызақовтың “Күләш”, Д. Әбілеутің “Шолпан”, Ә. Ахметовтың “Жер мен космос”, М. Әлімбаевтің “Құрыш-қазақ” поэмаларын жатқызуға болады. Мұндай шығармаларда автор ойдан жазып шығару сияқты көркемдік тәсілді қолданбайды. Оның үстіне шиеленіскен тартысқа негізделген өткір сюжет те бұл жанрда тым сирек ұшырайтыны мәлім [11, 180 б.], – деген ғалым Ә. Нарымбетовтың пікірін алдыға тартсақ, қазақ поэзиясына очерк типтес поэмалардың жаңалық еместігін түсінеміз.

Очеркке негіз етіп өмірде, қоғамда бар реальды адамдар алынатыны белгілі. “Очерктің күші – нақтылығында, документтілігінде. Очерктің әңгімеден айырмашылығы – очерк ешуақытта ойдан шығарылған фактілерге құрылмайды. Негізгі қаһарман әр заманның нағыз типтік белгілерін білдіруге тиіс” [74, 17 б.]. Осы шарттарды очерк типтес поэмаларға да қатысты айтуға болады. “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” деп аталатын бұл поэмасында автор кейіпкерін өмірдегі бар болмысымен, табиғи қалпымен суреттеуге тырысады. өмірбаяндық деректерді пайдалануда да шындықтан ауытқуға болмайтындығын үнемі есте ұстайды. Осы мақсатта автор кейбір көріністерді лирикалық шегіністер жасай отырып, шағын штрихтар арқылы ашады. Мәселен, Кәмшаттың анасынан ерте айырылып, әкесінің басты қолғанатына айналған тұстарын ақын былайша суреттейді:

Өксігін басуға да келмейді әлі,  
іні мен әке қамы – енді ойлары.  
әкенің қолтығынан демеу үшін  
сегізді кешке оқуға бел байлады.

Басталды сонда өмірдің шын өткелі,  
Алқымдап тұрып алды жүрек шері.  
Баяғы ерке Кәмшат тағдырынан  
Он үште есеюді тілеп пе еді... [36, 324 б.].

Очерктік үлгіде жазылған Фаризаның бұл поэмасы – ХХ ғасырдың жетпісінші жылдарындағы уақыт шындығын бейнелейтін, сол шындықты көрсететін кейіпкер бейнесін шеберлікпен өрнектей білген туынды. Өйткені, “Көркем очеркте замандас тұлғасын шынайы шығару үлкен өнер. Бұл жерде автордың жадағай суреттеуінен, адамдардың атын, лауазымын тізбектеумен, жұмыс көрсеткішін сылдыр баяндаумен іс бітпейді. Ең алдымен, еңбек адамдарының көңіл – күйін, ой сандығын ашу керек, олардың рухани дүниесіне бойлау керек” [74, 198 б.]. Қоғам өміріндегі ескі мен жаңа арасындағы тартыс поэмада ширыққан түрде көрінбегенімен, ол Кәмшаттың тракторға отыратын алғашқы сәтіндегі ауыл адамдарының сөздері арқылы көрініс беріп отырады.

Үй ұстау, бала өсіру – жеткен шындық.  
Келінге шығу деген шектен сырғып...  
О заман, бұ заманда бұл қазақта  
Темірге әйел мінген – неткен сұмдық! [36, 325 б.].

Автор поэма сюжетіне өмір қайшылықтарын арқау ете отырып, оларды өзара қиюластырып, оқушы жұртшылыққа нанымды етіп жеткізеді. Кез –

келген көркем туындының артық-кем шақтары да сол адам тағдырын бейнелеу ерекшелігімен өлшенетіні анық. Осы тұрғыдан келсек, сөз болып отырған поэманың ұнамды қасиеті алдымен адам образын жасау өзгешелігінде, шығарманың бүкіл архитектурасы кейіпкерлерінің образдық ерекшеліктерін аша түсуге бағындырылған. Ф. Оңғарсынова Кәмшатты озат механизатор етіп көрсетуден бұрын, ең алдымен оның Ана, Әйел екендігін естен шығармаған. Оны осы тұрғыдан, осы қырынан танытпақ болған.

“Төрт бала?

Кәрі ене? Жұмыс, жиын...

Бір басқа мұнша міндет... Бұл іс қиын” –

Деп шетте, жиындарда таңданады,

Бұл болса сағынады ырысты үйін.

Үй ішін, балаларын сағынады.

Жүр ме екен тыным көрмей жары да әлі.

Күн санап, жол қарасып жүрген шығар

Осы ойлар толқытады жанын әрі [36, 326 б.].

Көркем әдебиеттің қай саласында болмасын, еңбек адамының бейнесін өз ортасының шындығымен байланыста көрсету оңай болған емес. Мәселе соның өзекті буынын тауып, тұтас тұрпатын танытуда, жалпы рухының бейнеленуінде. Еңбеккерді тек қана өз кәсібіне тәуелді етіп көрсету де шығарманы нанымды ете алмайды. Еңбек адамы – Кәмшат мұнда бар табиғи болмысымен көрінеді. Ақын осы сүйікті кейіпкерін орынсыз мадақ, мақтаудан аулақ. “Еңбегіне қарай өнбегі” дегендей, еңбек адамының күнделікті қам-қаракеті, үйреншікті тыныс-тіршілігі, қиындығы мен рахаты қатар баяндалып, оқырманын шынайылығымен баурайды.

Қандай да болмасын көркем шығарманың негізгі объектісі адам, адам тағдыры екені мәлім. “Көркем әдебиет туындыларын қаншама тақырыпқа теліп, кесіп-пішіп жатсақ та, әдебиет негізінен бір-ақ тақырыпқа арналады. Автор мейлі мұнайшы, мейлі геолог мейлі малшыны алсын, ең негізгі нысанасы – адам, адам тағдыры” [75, 99 б.]. Поэмада ширыққан характерлер қақтығысы негізінде ашылатын образдар жоқ, мұндағы басты кейіпкер – Кәмшат ғана. Осы кейіпкерінің өмір жолын суреттеуде жанама образдар кездескенімен, ақын басты назарды Кәмшаттың еңбекқорлығы, төзімділігі сияқты қазақ әйелдеріне ортақ қасиеттерді көрсетуге арнағаны анық. Өзі де сол жынысқа қатысты болғандықтан, ол әйел психологиясын, оның сезім күйлерін тереңірек біледі, айқынырақ түсінеді.

Далада әйел өткен қанша мықты,

Динасы күймен төксе бал шабытты,

Ерлерше елін қорғап Әлиясы,

Майрасы әуелетіп ән салыпты.

Күн туса еліне, ұлдар жанын сақтар ма –

өмір мен өлім көшкен тар шақтарда,

даланың ары болған апалары  
рухын сіңіріпті Кәмшаттарға [36, 32 б.].

Ф. Оңғарсынова тақырып таңдамайтын ақын. Алайда, тақырыптың көркемдік шеберлік жолындағы орнының орасан екендігі белгілі. “Тақырыпты эстетикалық биік талғам деңгейінде нанымды, сенімді игеру де жазушының профессионалдық шеберлігіне, идеялық–эстетикалық мұратына, дүниетанымдық көзқарасы мен творчестволық позициясына тікелей қатысты” [76, 168 б.]. Шығарманың бар тағдырын арқалап тұрған басты кейіпкер – оқушының көз алдында өседі және осы өсу жолы көркем де нанымды жүйесін таба баяндалады.

Ф. Оңғарсынованың аталған поэмасынан бөлек 1985 жылы “Жалын” баспасынан мектеп оқушыларына арналған С. Парманқұловтың “Кәмшат апай” атты деректі әңгімесі жарық көрген. Онда алып тракторды меңгерген қазақ қыздарының бірі Еңбек ері К. Дөнентаеваның ісі оқушыға үлгі ретінде ұсынылады.

Ақын поэмалары уақыт пен заман сырын, оның тарихи-әлеуметтік мәнін көркем бейнелеуде, шындықтың қоғамдық-философиялық сипатын ашуда көрнекті қызмет атқарады. Өзінің көркемдік ізденістерін үнемі толықтыра отырып, Ф. Оңғарсынова заман жайын, халық сөзін көкейіне түйіп, әділет туын биік ұстаған ақын екенін байқатады.

## **I тарау бойынша өзіндік бақылауға арналған сұрақтар**

1. Жанр табиғатын анықтау мәселелері. Поэмаға қандай анықтама ұсынасыз?
2. Поэма жанры туралы отандық және Ресейлік ғалымдардың қандай еңбектерін білесіз?
3. Қазақ халық ауыз әдебиетінің поэманың жанр ретінде қалыптасуы мен дамуына тигізген әсер-ықпалы жайында не айтасыз?
4. Жаңарған қазақ поэмасының дәстүрлі қисса-дастандардан ерекшеленген қасиеті неде болды? Мысал арқылы дәлелдеңіз.
5. 1960-80 жылдардағы қазақ поэмалары туралы не білесіз? Аталған кезеңнің поэмаларына тән қандай ортақ сипат, үндестік - үйлесім байқадыңыз?
6. “Тарихи тұлға” ұғымын қалай түсінесіз? Осыған байланысты кімдердің пікірлерін білесіз және өз тарапыңыздан осы тіркеске қандай анықтама ұсынар едіңіз?
7. Ф.Оңғарсынованың өнерпаз тұлғалар тағдырына арнап қалам тартуының себебі неде деп ойлайсыз?
8. Ф. Оңғарсынованың “Дала тағдыры” поэмасындағы Абылай хан, Бұқар жырау бейнелерін автор өмір сүрген кезең мен бүгінгі күн тұрғысынан салыстыра талдаңыз.
9. Соғыс тақырыбына арналған қандай поэмаларды білесіз?

## Өзіндік жұмыс тапсырмалары

1. Пома жанрын зерттеудің өзекті мәселелері. XX ғасыр басындағы түрлі ғалымдардың поэма жанрына берген анықтамаларын жазыңыз және салыстырыңыз. Солардың ішінде осы кезге дейін өзекті деп қайсысын атар едіңіз?
2. Поэманың жанр ретіндегі ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін анықтауға байланысты орыс және қазақ әдебиеттануындағы пікірлерді талдаңыз.
3. Қазақ поэмасындағы тарихи тақырып: дәстүр және жаңашылдық.
4. Ф. Оңғарсынованың шығармашылық шеберханасы.
5. Ақын Ф.Оңғарсынованың “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”, “Тартады бозбаланы магнитім” поэмаларындағы тарихи шындық пен көркемдік шешім.
6. Қазақ поэмаларындағы Махамбет образы немесе рух тектестігі.
7. Қазақ поэмасы және Дала тақырыбы.
8. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ поэмасындағы ізденістер.

## 2 Ф. ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ

Қазақ поэзиясының тарихында сюжетті, эпикалық поэмалармен қатар нақтылы сюжеті жоқ, лирикалық, публицистикалық поэмалардың да өзіндік орны бар. Қазіргі поэмалар көп типті әрі стилдік жағынан сан қырлы болғандықтан, қазір мұндай поэмалар ешкімге жаңалық емес. Поэма эпикалық жанрдың бір саласы бола тұра, онда лириканың да, драманың да элементтері ұшыраса береді. Мұндай сюжетсіз поэмаларды әдебиетші қауым әртүрлі атаулармен атап жүр. Бірде лиро-эпикалық, бірде лирикалық, бірде публицистикалық, бірде лиро-философиялық, бірде сюжетсіз поэма деп атайтыны ғылыми еңбектерден жиі ұшырасады.

Поэма жанрын зерттеуші орыс ғалымы М. Числов: Лирикалық поэма қандай поэма? Ол қазіргі уақытта біздің әдебиетте бар ма? Бар болса ол қандай деңгейде? деген сұрақтарға жауап іздей отырып төмендегідей ой айтады: “Лирикалық поэма өз дәуірінің рухани келбетіне дендеп еніп, өз заманының кейіпкерін сомдауға тырысты. Ол өзінің даму жолында лирикалық табиғатын сақтай отырып, эпикалық кескіндерді де қажетінше пайдаланып келеді” [33, 96 б.]. С.А. Коваленко “Художественный мир советской поэмы” атты еңбегінде: “Лирикалық эпос аясында ХХ ғасыр поэзиясында поэма – монолог, поэма – цикл, поэзия мен прозаны көркемдік бірлікте байланыстыратын құрылымдар пайда бола бастады. Бұл кезеңдегі поэмалар А. Михайлов айтқандай, “лирика эпосты бағындырмайды”, керісінше, әлемнің эпикалық керінісін берудегі жаңа мүмкіндіктерді іздеуде эпос лириканы тандайды”, – [77, 5 б.] десе И. Сельвинский поэманың лирикалық және лиро-эпикалық түріне тікелей қарсылық білдіріп: “Поэмада ең алдымен мінез болуы керек. Мінез қақтығыстары драманы туғызады, ал мінезсіз ешқандай драмалық бастау болуы мүмкін емес. Мінезсіз поэма – поэма емес, баллада...”, – деген пікір айтқан болатын [78, 102 б.].

Қазақ поэмасының тарихына көз жүгіртсек, ХХ ғасыр әдебиеттануында поэма туралы өте көп жазылыпты. Аталған кезеңде жазылған эпикалық шығармалар сыншы- ғалымдардың зерттеу нысанына айналып қана қоймай, сол жылдардағы әдебиет мәселесіне арналған басылым беттеріндегі пікір-таластар мен әдеби айтыстардың басты өзегіне айналды. Соған сәйкес поэманың жанр ретіндегі ерекшелігін, мүмкіншілігін анықтаудағы ғалымдар ұстанған көзқарастар да қайшылыққа толы болды. Поэма жанрын лирикалық, эпикалық деп бөлу – сол уақыттағы даулы мәселелердің біріне айналды. Кейбір ғалымдарымыз поэманы осылайша жеке-жеке бөліп қарастыруға мүлде қарсы екендіктерін баспасөз беттеріндегі мақалалары арқылы білдіріп жатты. Лирикалық поэманы зерттеуші Ж. Толысбаева болса: “Лиро-эпикалық (кейінірек эпикалық) поэмаға деген қызығушылық адам қоғамдық аса маңызды феномен ретінде ұғыныла бастаған кезден басталады” [59, 27 б.], – деген пікір айтады.

Лирикалық поэма жайында пікір айтқандардың бірі жазушы Ә. Кекілбаев бұл жөнінде “Қазақ әдебиеті” газетінің 1965 жылғы 10-желтоқсанындағы санында “Өлі жандарды” неге Пушкин жазбаған?” атты



мақаласында: “Туған поэзиямызда да лирикалық поэманың “Адасқан өмір”, “Кедей”, “Адамға табын, жер енді”, “Әке сезімі”, “Жыр туралы жыр” сияқты жақсы үлгілері жасалды. Бірақ біздің лирикалық поэмаларымыздың дені әлі күнге фольклордағы “хиссашылдықты” жеңе алмай жүрген оқиғалы поэмаларымыз тәрізді төл поэзиямыздағы толғаушылдық үрдісті жеңе алмай жүр. Біз көп ретте он бетке, жиырма бетке желпінген жел сөздердің тізбесін “лирикалық поэма” деп жүрміз. Расында ол ұйымдастырылған публицистикалық мақала. Поэма болу үшін оған да драмалық кернеу, драматизм керек” [79, 103 б.], – деп лирикалық поэмаға қатаң талап қоя отырып, сол уақытта жарық көрген лирикалық поэмаларға тән кемшіліктерге тоқталады: “Ең үлкен кемшілік, біз поэманың табиғатын ескермейміз, поэма көтеретін тақырыпты, поэма көтеретін мазмұнды да тандай білмейміз. Екіншіден, жаңалықты жақсы көңілмен қабылдай білу керек”, – деген ұсыныс айтады. Осы таласты мәселеге қатысты толымды ой айтқан келесі бір пікір иесі ақын М. Әлімбаев болатын. “Сюжетті поэманың болашағы бар ма? Лирикалық поэма артық па? Бұлай мәселе қою әдебиетке қиянат”, – деген М. Әлімбаев әр поэманың өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала келе: “Сюжетті поэманың артықшылығы – ол тартысқа құрылады, нақтылық, кейіпкер қимылының өзі “сөйлеуі” адам образын сомдауға мүмкіншілігі мол. Мұнда да лирикалық ағын эпикамен тоғысып, тұтас бітім табады. “Евгений Онегинде” эпикадан лиризм басым ғой. Ал, лирикалық поэманың артықшылығы – публицистикалық шалқуы құштарлығы басым, мұнда шағын уақиғалар, сол әрекет төңірегінде автор өз ойын төгіп-төгіп жібереді” [80, 104 б.], – дегенді айтады.

“Лирикалық поэма туралы ойлар” атты “Қазақ әдебиеті” газетінің 1965 жылдың 29-қазанындағы санында жарық көрген мақаласында К. Шәменов: “Әдебиеттің барлық саласы сияқты лирикалық поэманың да көркемдік дамудың сан қилы белестерінен өткенін білеміз. Бұрын көбінесе жеке геройлар мен күрделі оқиғалар тағдырын шертетін лирикалық “мен” енді поэманың лирикалық кейіпкеріне айналды. Бұл ретте қазақ поэзиясынан “Мен қазақпын”, “Дала дастарханы” (Ж. Молдағалиев), “Менің Қазақстаным” (М. Әлімбаев), “Кремль жырлайды”, “Сұңқар туралы жыр” (Қ. Бекхожин), “Орман сыры” (Ғ. Қайырбеков), “Менің анам” (Т. Молдағалиев), “Сырласамын анаммен” (Қ. Мүсірепов) сияқты әр буындағы ақындардың поэмаларын атап өтсек те жетеді” [81, 105 б.], – деп қазақ поэзиясындағы лирикалық поэмалардың кейбір үлгілерін атап көрсеткен болатын. Ғалым Ә. Нарымбетов болса: “Лирикалық поэмалар қазіргі қазақ поэзиясында жаңадан туған құбылыс емес. Оның ұзақ тарихы бар. Поэманың бұл түрлерінің төркіні қазақтың Ұлы Октябрьге дейінгі арғы фольклорынан басталады, – деген пікірді айтады” [11, 256 б.]. Қалай десек те, мәселе поэманың қандай үлгімен жазылғандығында емес, ақынның алған тақырыбын игеру шеберлігінде екендігі анық. Қазақ әдебиетіне поэманың қай түрі де қажет, екеуінің қатар дамығаны керек.

Қазақ ақындарының 1960–80 жылдардағы шығармашылық шеберлігінің белгісінің бірі ретінде лирикалық поэманың жандануын айтуға болады.

“Современная советская поэма” дейтін еңбегінде Л.К. Швецова бұл жөнінде: “Лиризмнің күшеюі, тарихқа деген қарқынды қызығушылық, өткеннің бүгінмен байланысы, сондай-ақ, адамшершілік мәселелерге тереңдей ену 60-70 жылдар поэмаларына да тән” [82, 36 б.], – деген ойын байқатады. Аталған жылдардағы поэмалардағы басты назардың адам мен тарихтың тығыз байланысына бағытталғаны анық. Бұл турасында Б. Кәрібаева: “1960–80 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті үлкен ұлттық көркемөнердегі терең тамырлы нәзік арқаудан сабақ тарта дамуға талаптанған жаңа бір толқынның бет-бағдары болатын” /83, 98/,– деген болатын. Дегенмен, ғалымдар поэмадағы лиризмді тек алпысыншы жылдардың ғана жемісі деуге болмайды. Расында да, қазақ әдебиетіндегі С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Торайғыров, С. Мұқанов, т.б. поэмаларынан лирико-публицистикалық поэмалардың көрінісі байқалады. Осы жылдардан бастап-ақ қазақ поэмалары екі түрлі жанрлық бағытта, эпикалық және лирикалық бағытта дами бастаған болатын. Алғашында эпос түрінде пайда болған поэма осы жылдарда лирикалық шегіністер, философиялық ой-толғамдар мен тұрмыстық көріністер еркін араласа беретін синтетикалық жанр ретінде қалыптаса бастады.

Ф. Оңғарсынованың поэмаларының бір саласы шағын сюжетке құрылған лирикалық поэмалар болғандықтан, оған негізінен лиризм үстемдігі тән. Адамның көңіл-күйі, сезімі негізгі тенденцияға айналады. Яғни, ақынның өзінің сезім сырлары, жанын толқытқан өмір көріністері алдыңғы орынға шығады. Мұнда әдетте лирикалық шегіністер, лирикалық толқулар кең орын алады. Әдебиетте лиризмнің ең жоғары көрінісі – лирикадан байқалатыны белгілі. Ф. Оңғарсынованың лирикалық поэмаларында лирикалық кейіпкердің “мен” сарыны күшейіп, адамның моральды-интеллектуалды дүниесі бірінші орынға көтерілді. Лирикалық поэманың басты арқауы – сезім мен ойдың шарпысқан арпалысы десек, ақын қаламынан туғын лирикалық поэмаларда жеке кейіпкерлерді психологиялық тұрғыда сипаттауға баса назар аударылды.

Ф. Оңғарсынова поэмаларына тереңірек көз жіберіп қарағанда, ең алдымен оларға тән ортақ қасиеттің бірі – лиризм екендігін аңғарамыз. Ақынның қай тақырыпқа жазылған поэмасы мейлі ол өнер тақырыбы немесе соғыс тақырыбы болсын, ондағы орталық тақырып – адамның ішкі жан-дүниесі. Фариза қаламынан адам жанының тереңіне бойлап, оларға тән психологиялық көңіл-күй, сан алуан сезімдерді суреттейтін бірнеше лирикалық поэмалар дүниеге келді. Соның бірі “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы” – ақын тағдырын, әйел сезімін, жалпы адам баласының ішкі әлемінің құпиясын, көңіл-күй құбылысын, табиғи болмысын терең лиризммен ашатын психологиялық поэма. Ақынның осы поэмасы 1987 жылы шыққан таңдамалысында поэма деген айдарға ие болған. Бұл поэма ең алғаш ақынның 1979 жылы жарық көрген “Сенің махаббатың” атты кітабында осы атаумен бөлек-бөлек болып үш жерде орналасқан болатын.

“Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы” – автордың лирикалық монологы кең өріс алған өресі биік шығармасы. Поэма дәстүрлі сюжетке емес, керісінше, осы заман поэзиясының ізденістеріне сай ақындық – философиялық ой-толғаныстарға, әйел - ақынның анасымен диалогына құрылған. Лирикалық кейіпкердің бейнесін, мінез-кұлқын, адами келбетін ашуда – диалог таптырмайтын тәсіл. Диалог арқылы кейіпкердің ішкі сыры аңғарылады.

Поэмадағы ақын мен ананың диалогынан талай-талай өмір шындығына, тіршіліктің, адам өмірінің мән-мағынасына пәлсафалық тұрғыдан ой жүгіртеміз. “Ана мен ақын перзентінің сырласуы қоғам мен өмірге, тіршілік пен өнерге, ізгілік пен бақастыққа, ортақ мүдде мен қуыс пендешілікке, яғни әртүрлі контрастардың рухани әлеуметтік тартысына құрылғандықтан, шығарманың идеялық-көркемдік ауқымы үлкен сипат алады”, – дейді С. Жұмабеков ақынның осы поэмасы турасында [84, 3 б.]. Поэмада жеке адам санасындағы ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле көрсетіледі. Автор кейіпкерлерін диалог құдіретінің күшімен де бейнелейді. Лирикалық қаһарманның тек өзіне тән, дара характері оның сөйлеу мәнерінен көрінеді. Демек, диалогтан кейіпкер ерекшелігі моральдық – этикалық қасиеті, мінез – құлқы, танымы, рухани дүниесі, психикасы, бір сөзбен айтқанда өзіндік болмысы танылады. Диалог – шығармадағы шешуші сәттің бірі.

Алған тақырыпты жан-жақты игере білу – поэма жазуда үлкен шеберлікті, өмірді жете білуді, терең топшылауды талап етеді. Ф. Оңғарсынова поэзиядағы Ана тақырыбына жиі қалам тербеген ақын. “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы” поэмасынан бөлек ақынның “Анама”, “Ана дауысы”, “Анамен қоштасу”, “Ана махаббаты” сынды өлеңдерінде ақынның анаға деген махаббаты сәбилік сезіммен, ақындық жүрекпен жырланады.

Сен кейде күрсінесің, жаным анам,  
Мен бармын, айналаңның бәрі де аман.  
Айтушы ең он ұлға да бермесім деп

әлде ырза емессің бе әлі маған [16, 44 б.], – деп лирикалық кейіпкер өз өмірін ана өмірімен байланыста суреттеген. Осы шағын үзіндінің өзінен-ақ лирикалық кейіпкердің өзіне ғана тән психологиялық, мінез ерекшеліктері жарқырай ашылады дейміз. Дегенмен, “лирикалық образ анығында автор тұлғасында көрінгенімен, ол – өзгермелі бейне, – дейді Д. Максимов. Лирик ақын өмірді бейнелегенде әртүрлі сезімге бой алдырады. Бір өлеңінде мұңлы болса, екіншісінде өмірге құштар болады, бірде сүйсе, келесісінде жек көреді. Әрине, бұл ақын шығармасының ауанына байланысты. Конфликт тек сюжетте ғана көрінбейді, конфликт ақынның ішкі әлемінде де болады. Мысалы, Лермонтовтың “Парус” өлеңін алсақ, онда автор туралы бірде-бір сөз жоқ. Алайда, ақын образы өлеңінен білініп отырады. “Өзге өмірге” еніп, бөтен дауыспен сөйлегенімен, лирик-ақын өз дербестігін (индивидуальность) жоғалтпайды, ол тек өз “менін” кеңейтіп тұлға ретінде байырды” [60, 3 б.].

Поэма сюжеті диалогқа құрылғанымен, мұндағы ақын бейнесі жетекші рөлге ие болып, үнемі көшбасшылық қызмет атқарып отырады. Ақынның өз

бейнесінде көрінетін лирикалық кейіпкер поэманың басынан аяғына дейін қатысады. Ал лирикалық кейіпкер тебіренісі дегеніміз – белгілі дәрежеде автордың қуаныш-сүйінішімен ұласып жатады. Осы тұрғыдан келгенде, көп жағдайда автор бейнесі мен лирикалық кейіпкер бейнесі астасып кетеді. Сөйтіп, өлеңнің бүкіл бітімінен ақын тұлғасы айқын көрінеді. Осылайша, ана мен ақын диалогынан тыс лирикалық кейіпкердің ішкі монологы да қылаң беріп қалады. Себебі, поэмадағы диалог қатар отырған екі адамның әңгімелесуінен мүлде бөлек. Ақынның сыр ашып отырған анасы дәл жанында емес, өте алыста... Яғни, ақын жалғыз. Осы жалғыздықты ақын ана рухымен сырласу, ана бейнесіне мұң шағу арқылы бөліседі. Ішкі сырын, барын жырынан соң, анасына ақтарады.

Ана,  
Жалғыз арқалап тағдыр жүгін,  
Кең әлемде өзіңсіз қалдым бүгін.

Таң келеді бүгін де жаным анам,  
Жалғыздықты жолдас қып тағы маған.

Өмір кешем қалғандай жұртта жалғыз  
жырыммен тілдесемін [16, 43 б.].

“Жалғыздық – ішкі монологтың ең негізгі қасиеті екені белгілі. Өйткені, адам жалғыз қалғанда ғана ойына, сана ағымына ерік бере алады. Сөйтіп, өз-өзімен сөйлесіп кеткенін де сезбей қалады” [75, 11 б.]. Лирикалық кейіпкердің өз жүрегін жарып шыққан ішкі толғанысы тебіреніс-монолог түрінде айтылады. Осылайша, лирикалық кейіпкер ішкі жан-сарайының құлпысын ашар, жалғыздықтан жабырқағанда, жан-әлемі құлазығанда қашанда қасынан табылатын ана бейнесімен сырласып кеткен.

Поэмадағы жан-жүрегі жалғыздықтан жүдеген тек ақын ғана емес, жастайынан жесірлік қамытын киген ана да жалғыз. Алайда, ана жалғыздыққа мойымай, ұрпақ қамы үшін жасымай қарсы тұра алған, яғни ана үшін жалғыздық проблемалық деңгейге көтерілмеген.

Орағанда әкені жер құндағы,  
Талықсыдың сонда да сүрінбеп ең.  
...арасы еді отыз бен қырықтардың,

Шынардайын тұрып қалдың [16, 44 б.], – деген жолдардан әкесінен жастай айырылып, жалғыз анасының жұбанышы, қолғанаты болған бала Фариза өмірінің кейбір көріністерін аңғарғандай боламыз. Белгілі әдебиетші-ғалым Р. Нұрғалиевтің “60-жылдар буыны” деген ұғымға орай: “Ең алдымен, бұлардың балалық шағы соғыс жылдарының азапты күндерімен, қиыншылықпен, жоқшылықпен бірге өткен. Бұлар – әкелері майданда шейіт кеткен жетім ұрпақ, оларды өсірген – жесір ана, өлмелі кемпір, қаусаған шал” [85, 5 б.], – дегені бар еді. Ф. Оңғарсынованың шығармашылық шеберханасын ақтарғанда, ақынның анасы жайлы: “Әкем ауылда өте беделді, аты-абыройы болған адам, соның селбеуі ме, әлде өзінің кербез, байсалды мінез-кұлқынан ба, ауылдағы ақсақал-қарасақалдардан бастап, әкім-қараға

дейін анамды қатты қадірлейтін” [15, 142 б.], – деген сөздерін кездестіреміз. Ал осы ой поэмада өлең тілімен мынадай кескінде келеді:

Жүрдің оймен қайғыңның жасын басып,

Бас иді жақын, қашық.

Күйгелектеп азбадың сында жүдеп,

“Шаруа боп бізде бір тұрғаны”, – деп,

Ақсақалдар келетін ақылдасып [16, 44 б.]. Яғни, ақын өлеңінің белгілі бір пайызы өз өмірінен елес береді. Осылайша “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы” поэмасындағы оқиға автордың өз басынан өтіп, өз атынан баяндалып отырғандай әсер қалдырады. Мұндағы ақынның өз бейнесінде көрінетін лирикалық кейіпкер поэманың басынан аяғына дейін қатысады. Сөйтіп, поэмада лирикалық баяндау мен лирикалық көрініс қабаттаса суреттеледі. Яғни, лирикалық кейіпкердің болып жатқан оқиғаға деген жан сезімін, қуаныш, ренішін білдіреді. Лирикалық сарыны басым поэмалар жайлы айтылатын В.Г. Белинскийдің: “Ұлы ақын өзі туралы, өзінің «мені» туралы айта отырып, жалпы адамзат жайында айтады. Сондықтан, оның қайғысын әркім өзінікі деп біледі және ол тек ақынды ғана көріп қоймайды, сондай-ақ, адамды, адамзат бауырларын көреді”, – деген даналық пікірі осы тұста ойға оралады [86, 671 б.].

Бұл сырласудан ақын мен ананың жүрекжарды әңгімесін, ақын жүрегінің ыстық, суықтан туындаған шын сырын ұғынасыз. Лирикалық кейіпкердің бұл тебіреністері – ақынның ішкі толғанысын терең драматизммен ашып көрсететін толғаныс.

Артықтау туған алаштан,

Данышпан болсын бағы асқан.

Жалғыздық бірақ жарығым

Құдай мен күнге жарасқан.

Жұмыла кетсе жанарым

Сөнгенде солып Ана-күн,

Қалады-ау жалғыз жерде деп,

Сені ойлап жүрмін қарағым! [16, 45 б.], – деген Фариза поэмадағы екі адамның диалогын пайдалана отырып, ақын қазаққа ғана тән ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерді де танытады. Ана сөздерінен құпиясы мол адам жанының терең психикасы, ұлттық таным-түсінігі танылады. Қазақ халқында ана балаға деген шексіз мейірімі мен аналық махаббатын “құлыным”, “ботам”, “қозым”, “ақ лағым”, “айналайын”, “жаным”, т.б. еркелету сөздермен білдіреді. Ф. Оңғарсынова поэмадағы аналық асыл сезімді суреттеуде: “Жаның жүдеп, қалқам-ай, жүр-ау сенің”, “Шүкір, жаным, жылар ем жер астында, Алданбайтын біреулер қалса менен”, “Бірақ өмір бола ма, қарағым-ау, Адалдықтан жаралса бәрі адамның?”, “Кейде сабыр, ой керек, тоқта, күнім!”, “Міз бакпайсың балам-ау, елтімейсің”, “Жабыққанда жаныңда бола көр деп, Құлынымды халқыма тапсырамын”, “Жалғызымды тағдырға тапсырамын”, – деген ана сөздермен ақын өз болмысымызға тән ұлттық ерекшеліктерді байқатып отырады. “Әр адам

өзінше жұмбақ, өздерінше бір әлем”, – десек те, оларға ортақ құндылықтар да соншалықты көп. “Жалғыздық құдайға ғана жарасқан”, – деген қарапайым шындыққа бағынған кейуананың перзентінің жалғыздығына күйінуі – бұл да біздерге ортақ қасиет. Жалғыздық – қазақы ұғымның қалыбына симайтын, қазақы танымға жат құбылыс.

Поэманың алғашқы бөлімдерінде ақын тек қана өзінің жеке басының мұңы, ішкі сезім иірімдерімен, рухани жалғыздығымен бөліссе, енді ақын достық, адалдық, тектілік, ұлылық сияқты ұлық мәселелерге қарай ойысады. Адамдық қасиеттер қозғалады. Осы тұрғыдан келгенде, М. Ұйықбаеваның: “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогындағы” лирикалық кейіпкерлер әлеуметтік астармен әдіптеліп, әйел жанының болмысын бар қуаныш-күйінішімен, бақытымен, тауқыметімен, нәзіктігімен, пәктігімен жырлап, сырлас құрбыға, байсалды досқа, жан серігіне айналады. Ақынның жан-жүрегінің езілуі сендіреді. Сағыныш – қашан да өмір серігі. Жыр арқауы тек ақынның лирикалық кейіпкерінің мұң-наласы емес, иісі адам атаулының ортақ көкірек сағынышы [25, 160 б.], – дегенін орынды пікірі деп есептейміз.

Жүрмін ана

Көп жаннан сағым сынып,

Қиналамын кетердей жаным шығып.

Мен ешкімге зұлымдық жасамадым

Қайта,

Қолымды ұсындым барымша ұғып.

Болмысымды зерттеп ап ол ақырын

Тасаланып бастайды оқ атуын... [16, 48 б.].

Анасына осылай деп мұң шаққан лирикалық кейіпкер өзімен-өзі болып, оңашаланып, психологиялық тебіреніске жиі беріледі. Яғни, диалогтан қарағанда монолог басымдау тұрады да, драмалық шиеленіске әкеліп соғып жататында кездері болады. Кейіпкер рухани тығырыққа тіреліп, өз-өзінен күйіп-пісіп жатады. “Бұл өзін-өзі талдау (самоанализ) арқылы кейіпкер бейнесін, характерін ашудағы таптырмайтын тәсіл. Және бұл көбіне оқырманмен персонаж арасындағы дәнекер–делдалсыз яғни реалды автордың “қатысуынсыз” ақтарылады” [75, 11 б.].

Адамдарға сендім мен. Таңдамадым.

өкінемін кейіннен, алданамын.

Көре алмайды қатарға қосқандарым,

Нысанасы болдым мен сан жаланың [16, 49 б.].

Оқиға шиеленісуінен гөрі тереңнен толғану, ойлану, кейіпкер тебіренісі, іштей арпалысы басым. Осылар арқылы психологиялық тартыс күшейіп, кейіпкердің ішкі тебіренісі шарықтап барып, жан сыры ашылады. Бірте-бірте кейіпкер характері дамиды.

“Мылтықсыз атқан оқтардан” жараланған ақын жаны тағы да жұбанышты анадан іздейді. “Бірақ өмір бола ма, қарағым-ау, Адалдықтан жаралса бәрі адамның”, “Кейде сабыр, ой керек, тоқта күнім!, Сыйлатқанмен аз ғана топқа бүгін”, “Атағың да, жырың да жалған дер ем, Ел сенімі болмаса саған деген” деген сияқты аналық ақыл – кеңес күтеді.

“Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы” поэмасында көтерілген өзекті тақырыптың бірі – екінің біріне бұйыра бермейтін ақындық тағдыр, екінің бірі түсіне алмайтын ақындық азап.

Үйде жалғыз жатырмын, сырқат жаным,  
Төсегімнен тұрмадым, дым татпадым.  
Дәрі ішуге жайым жоқ. Алғаш рет  
Тілеп жаттым біреу кеп үн қатқанын [16, 50 б.].

Ақынның жалғыз серігі – тағы да жалғыздық. “Жалғыздық – қашанда жеке адамның басындағы қайғы-қасіретке, ішкі ойға, емін-еркін егілуге де, ішкі құпия тіршілікке ерік беруге, өз сезімін қадағалауға да, қадағаламауға да құқы бар мезет. Ішкі монологтардың, ішкі ой-қағыстардың жүзеге асатын кезі де осы сәт” [75, 25 б.]. Профессор Б. Майтанов монологқа жан-жақты тоқтала келе: “Монолог арқылы мінездер ерекшелігі, ойлау сипаттары, образдың дүниетанымдық арналары өрнектеледі. Шығарма идеясының не бір нәзік тұстары, кейде автор мақсатының басты дәні көп ретте ішкі сөздер ағымымен бейнеленеді” [87, 291 б.], – десе, Г. Пірәлиева: “Ішкі монолог – кейіпкердің ішкі ойы, көңіл-күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдардың бір түрі... Формасы мен мәні адам психикасындағы ғылыми және этикалық ойлау жүйесінің дамуына байланысты өзгеріп отырған” [48, 371 б.], – деген анықтама ұсынады. Монологтағы кейіпкер сырында көп ешкімге айтыла бермейтін астарлы сыр жатады. Мәселен, аталмыш поэма кейіпкерлерінің образы ішкі монологтарына негізделген. Онда күйіну, торығу, жауап таба алмау, сағыну басым тұрады. Демек, ішкі монолог психологизмге құрылады. Келе-келе бұл монологтары абстрактылы диалогқа ұласуы мүмкін. Осы арқылы заман, уақыт тынысы да сезіліп отырады.

Анасымен сырласқан ақынның өмірлік дүниетанымы мен айналасындағы құбылыстарға деген ерекше көзқарасы байқалады. Нәзік мұң сезіледі. Лирикадағы мұң барлық ақында бірдей бола бермейтіні белгілі. “Қазіргі қазақ өлеңіндегі психологизм” атты еңбегінде Н.С. Қамарова: “Күшті сезім мен эмоцияны жетелейтін мұң атты психикалық форма ең алдымен лирикаға тән, яғни ішкі монологты құрайтын негізгі күш” [57, 84 б.], – дейді.

Шулы өмірге мен де еріп кетер едім,  
Тағдыр мені өнермен некеледің.  
Дауыл, шуақ алмасқан жер бетінде  
өлеңімді сәбидей жетеледім.

Құндақтадым, соларды қорғаладым,  
Аттандырдым,  
Жайладым жол-жарағын.  
Жалғыз жатып жаныма медеу етем

Басқаларға бақыт боп орнады әнім [16, 51 б.], – деген шумақтардағы бірінші кезекке оқиға емес, лирикалық кейіпкердің көңіл-күйі, сезімдері шығады. Лирикалық кейіпкер – лирикадағы ақын

образы, нақты авторлық “меннің” шығармашылықтағы көрінісі. Фаризаның лирикалық кейіпкері үшін “тірліктің бар қамы, азабы, тауқыметі, үй қамы, бала, жары, тобырлардың мылжыңы, бағалары” секілді азаптар түк те емес,

Азаптырақ,

Ақынды ой қамағаны:

асау ой бұлқынғанда,

Сөз-маржандар жиылмай гүл-қырманға.

... буындырып ой-толғақ азаптайды,

Ақындар жыр туғанда.

Бұл – Ақын азабы, бір өлеңнің қағазға түсудегі қияметі. Бірақ осы азапқа орай келер рахаты да болмаушы ма еді. Өмірге өлең келеді.

...Менің құйттай бойыма күш құйылып,

өзімді адам сезуім сонда ғана [16, 53 б.].

Міне, қарапайым жұртқа түсініксіздеу ақын жанының арпалысын, ақындардың өзі тілмен айтып жеткізе алмас азап пен рахатқа толы ақындық тағдырды Фариза осылайша асқақ идеяға айналдырады.

Ф. Оңғарсынованың “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен сырласуы” поэмасындағы “жалғыздық” ұғымы тақырыптық деңгейіне көтерілген. Поэманың тақырыбы – жалғыздық. Әр адам ол – жалғыздық. Анадан нешеу болып туса-дағы пенденің ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір жалғыздықты бастан кешері, сезінері хақ. Ал, өнер адамының, ақынның жалғыздығы мүлде бөлек. Поэмада оқиға, тартыс, қым-қуыт әрекет жоқ. Керісінше, ақын ішіндегі ширыққан тартыс – әлем-тапырақ дүние. Ф. Оңғарсынованың лирикалық кейіпкерінің анасымен сырласудағы да басты мақсаты – жан-дүниесінде рухани сілкініс жасап, жалғыздықтан, еңсені басқан, мазалаған ойлардан арылу.

Ақын лирикалық кейіпкердің басындағы жалғыздықтың сан алуан көрінісін түрлі сипатта бейнелейді. “Әлем әдебиетіндегі экзистенциализм сарыны жалғыздық, сырт ортадан бөгделену ниетіне негізделеді. Қайғының досы – жалғыздық. Жалғыздық тамыры тереңде”, – дейді ғалым Б. Майтанов [87, 53 б.]. Жалғыздықтың да неше түрі болады. Тыныштықты аңсаған жалғыздық, құлазыған жалғыздық, өмірдегі жалғыздық, өнердегі жалғыздық, рухани жалғыздық. Жалғыздықтың шығармашылық адамдары үшін пайдасы да болатын кездері бар. Жалғыздықтың ең жақсысы да, жемістісі де осы түрі болса керек. Қалай десек те, Фаризаның “Анасы” айтпақшы,

Жалғыздықтың күні де қараң жаным,

Досы жоқтың қайғы-мұң қамар жанын.

Әркім өзін құдайдай сезінгенмен

Бір-бірінсіз түк те емес адамдарың.

Ф. Оңғарсынованың аталмыш поэмасы ақындық тағдырдан бөлек, сан қатпарлы әйел жанының да иірімдеріне бойлай түседі. Ақын көзінен қалыс, қаламынан қалтарыста қалған әйел-ана, қыз-келіншек тақырыбы жоққа тән болуы керек. “Әйел тақырыбын жырламаған қазақта ақын жоқ, алайда



Фариза ақындай беріле толғаған ақын сирек екені және шындық” [6, 172 б.] екендігіне тағы бір көз жеткіземіз.

Ақын шығармасын сөз еткенде, бұл поэмада мына мәселе сөз болған, тақырыбы мынау, идеясы анау деп кесіп-пішіп айта алмаймыз. Өйткені, Фариза адамзатқа ортақ, ақын көңілін күпті еткен күрмеуі көп сұрақтарға Ана атты құдіретпен сырласа отырып жауап табады. Поэмадағы адасқанға жол көрсетіп, білмегенге жөн сілтеп отыратын Ана образы – лирикалық кейіпкердің ғана анасы емес, ол – Кие мен Қасиеттің, қамқорлық пен мейірбандықтың, символы.

...Жалғыздықтан сақта деп жас бұладым,  
Жабыққанда жанында бола көр деп,  
Құлынымды халқыма тапсырамын.

Тайғанақты жолдардың тылсымында  
Жалғызымды тағдырға тапсырамын.

Жаным елтіп аялар жас құрағым,  
Жалғыздықтың жадаулау жақ шырағын...  
Түнек басқан түнге емес, мен өзіңе  
Шуақ шашқан тандарға тапсырамын [16, 64 б.], –

деген жолдардағы ана аманаты халық ауыз әдебиетіміздегі От-Ана, Су-анаға тәу ету, жалғзын табыстау сарындарын еске салады.

“Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы” – үлкен философиялық мазмұнға ие, айтары мол көлемді поэма. Сондай-ақ, поэма құндылығын арттыра түсер тағы бір жайт – ақынның терең философиялық сипатқа ие қанатты сөздері. Шебер қиюласқан мұндай сөздік оралымдар лирикалық қаһарманның интеллектуалдық біліктілігі мен тұлғалық қасиетін одан сайын даралай түскен. Сөзімізге дәлел ретінде сондай қанатты сөздердің бірнешеуін мысал ретінде ұсынып отырмыз: “Сен үлгі еткен ұрпақтар аластайды, Қаңылтыр мен алтынды бірдей десең”, “Үлкен-кіші істер жоқ әділдікке, Зұлымдықтың болмайды ірі-ұсағы”. “Сүртіледі ұлылық, атағың да, Әділетсіз, шындықсыз істеріңмен”. “Ынтығады адамзат мөлдір суға, Мөлдірлігі дүниенің аз ғасырда”. “Бірақ саған мұң шағып, өкпелесе, Жақын тұтып, ол сені дос көргені”. “Адаммын деп жүргенің бекер сенің, өкпе айтпайтын болса егер ешкім саған”. “Қайғылыға қылышын кеземейді, Ат құйрығын үзіскен дұшпаны да”. “Артық қайғы болмайды адам өзін, Ешкімге де керексіз сезінгеннен”. “Қанша тағам жесе де біледі адам, қоламтада қыздырған нанның дәмін”.

“Көптеген пікір қайшылықтарына қарамастан, лириканың эпостағы орны ерекше. Дәстүрлі үлгідегі поэмалармен қатар, лирикалық күнделік үлгісіндегі поэмалар да пайда бола бастады. Мысалы: А. Твардовскийдің “За далью даль”, А. Вознесенскийдің “Оза”, лирикалық монолог түріндегі Р. Рождественскийдің “Письмо в тридцатый век”, М. Бажанның “Полет сквозь бурю”, лирикалық цикл түріндегі Э. Межелайтистің “Человек”, И. Абашидзенің “Палестина, Палестина” т.б. поэмаларында лирикалық

шығарманың ажырамас бір бөлігіне айналды”,– дейді А.Банкетов [88, 14 б.]. Осы жерде В.Г. Белинскийдің “Лиризм өз алдына жеке дара поэзияның түрі бола тұра, басқаларында да кездесе береді”,– деген белгілі пікірін еске аламыз. Әдебиеттің барлық салалары сияқты лирикалық поэмалардың да көркемдік дамудың сан алуан белестерінен өткені белгілі. Бұрын көбінесе жеке кейіпкерлер мен күрделі оқиғалар тағдырын шертетін лирикалық “мен” енді поэманың бас кейіпкеріне айналды.

Ақынның мол әдеби күш қуатпен жазылған лирикалық туындысының бірі – “Мен өмірді сен деуші ем” (Бозбала күнделігінен) поэмасы. Олай дейтініміз, “поэмадағы шығарма қаһармандарының аттары да, болып өткен оқиғалардың мерзімі де немесе жылдары мен географиясы да белгісіз” [89, 30 б.].

Әдетте біз Фариза шығармашылығын сөз еткенде, оның өзіндік “әйелдер галереясын” жасағандығын, әйел әлемін, қыз сезімін дәл Фаризадай жырлаған ақын аздығын тілге тиек ететін едік. Сөйтсек, Ф. Оңғарсыноваға бозбала сезімі де жат емес көрінеді. Ақынның “Мен өмірді сен деуші ем” поэмасындағы негізгі желі – бозбала сезімі, оның пәк, балаң махаббаты. “Кейбіреулер махаббат, көңіл-күй тақырыбындағы өлеңдер жалаң сезімге құрылған” деген тіркес қолданып, сынайтын болып жүр. Ал сезімнің жалаңы болады дегенді мен түсінбеймін. “Сезімге әсер етпейді – сезімсіз” десек, бір жөн. ...Сезімнің сүйініші де, күйініші де адамды, не заманды таңдамайды емес пе? Қуанбайтын, қайғырмайтын, сүймейтін, жек көрмейтін адам бола ма? – деп Ф. Оңғарсынованың өзі айтқандай [15, 211 б.], ақын көп ешкімнің батылы бара бермейтін адам сезімінің небір қалтарыстарына үңіледі. Қыз сезімін, әйел жанын “сұлу мұнардан суырылғандай” етіп жырлайтын ақын бозбала сезімін де өз басынан өткергендей соншалықты шынайы етіп суреттейді.

Ф. Оңғарсынованың аталған лирикалық поэмасында махаббатта жолы болмаған бозбала жігіттің сезім сарсаңы сөз болады. Поэмадағы лирикалық кейіпкер мінезін тек шытырман уақиғалар ғана ашып отырмайды. Сонымен қатар, кейіпкер лирикалық планда өзінің ішкі дүниесін өзі де ашып отырады. Сюжетті поэмадағы оқиға іс-әрекет, тартыс, уақиға арқылы ашылады да, ақын айтпақ ойын қандай көлемде баяндаймын десе де, мүмкіндік табылады. Ал мұнда ақын бірде өз атынан, өз толғанысын сөйлесе, енді бірде кейіпкер атынан сөйлейді.

Елесің қуантардай,  
Сен жайлы ой кешемін.  
өзіңе дым айта алмай,  
құрбыңмен сөйлесемін.

Қолыңды алам да мен,  
Қысуға қысыламын.  
Гүлімді саған деген  
Мен оған ұсынамын.

...Кұрбыңа батыл-ақпын,  
Жаным-ау, бұл неліктен?.. [90, 37 б.], –

деген лирикалық кейіпкердің өзге түгілі өзіне беймәлім, жұмбақ, шытырман сезімдерін суреттеуде ақын парадокс үлгісіне сүйенеді. Бозбала психологиясы жасырын психологизм арқылы ашылады. Поэмадағы бұл образды тек лирикалық кейіпкер деп қана түсінеміз. Қазақ өлеңіндегі “меннің” тұрпатын анықтап, лирикалық кейіпкер, лирикалық тұлға ұғымының аражігін ажыратып көрсете білген Т. Шапай ақынның осы поэмасындағы лирикалық кейіпкер төңірегінде мынадай пікір білдіреді: “Мұнда өзінің талайсыз тағдырын, сезім сарсаңын, жан азабын алдыңызға жайып сап, бірінші жақтан (“мен”) сыр ағытқан кейіпкер (жігіт) бар. Өмірлік, ғұмырбаяндық, тіпті физиологиялық тұрғыдан болсын, әйел жынысты ақынымызға сырттай қарағанда, еш жанасымы жоқ бейне. Оны анық лирикалық тұлға немесе ақындық “мен” деп түстеп, ныспылап жатудың да реті келмейді. Бұл жерде әңгіме тек лирикалық кейіпкер туралы ғана болуы мүмкін. Ал осы лирикалық кейіпкердің махаббат ләззаты мен трагедиясын түйсіну ерекшелігі, көңіл-күй толқынының қозғалыстары мен мінез-темпераментінің көрініс-айғақтары ақынның өзге барлық шығармаларымен бірлікте біртұтас сезім диалектикасын құрайтындығы оны Ф.Оңғарсынова лирикасындағы ортақ лирикалық тұлғамен туыстастырып тұр” [91, 152 б.].

Жоғарыда Ф. Оңғарсынованың тақырып таңдамайтын ақын екендігін айтқанбыз. Алайда, тақырыпты эстетикалық биік талғам деңгейінде нанымды игеру – ақын-жазушының кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты екендігі бесенеден белгілі. Жанына жақын, өзіне етене таныс әйел әлемі болса, сөз басқа, ал бозбалаға тән сезім қабылдауларын ақын қалай аша алды? деген уақытта біз Ф. Оңғарсынованың осы жолда түрлі көркемдік ізденістерге барғандығын байқаймыз.

Ән салып сонда жатты өңір,  
әлемде күңгірт мұң қалмай.  
Адамның бәрі ақ көңіл  
Күлімдеп маған тұрғандай.

Сарғайған дала құлпырып  
Көктем боп кеткен секілді.  
Самал боп өпті ынтығып  
Күз желі менің бетімді [90, 38 б.].

Байқап қарасақ, бозбаланың дәл осы сәттегі көңіл-күйімен табиғат құбылыстары білінбейтін, көрінбейтін бір нәзік сәулемен байланысып жатыр. Шат-шадыман лирикалық кейіпкер көңіліндегі қуанышқа табиғат та ортақтасып, үн қосады. Табиғат-ана лирикалық кейіпкердің шаттыққа толы күндерін ғана бөліспейді, қайғысына да ортақтаса біледі.

Көкетайым-ау!  
өзіңді сағындым-ау.  
Құлазыған көңілсіз шағым мынау.  
Алатаудың басынан қыс келді ме –

Бұрқан-талқан – көңілім. Жаным-қырау.

Бұл тек лирикалық кейіпкердің тебіренісі емес, лирикалық кейіпкердің тебіренісі дегеніміздің өзі – белгілі дәрежеде автордың күйініш-сүйінішімен ұласып жататындығы анық. Қазақтың қара өлең қаймағын армансыз шайқаған ақын – Мұқағали десек, Фариза – қара өлеңге сезім сырын армансыз ақтарған ақын. Сүйгенінен айырылып, өзін мына әлемге керексіз жандай сезінген кейіпкер халін, оның аласұрған сан алуан сезімдерін жеткізудегі ақын шеберлігі шексіз.

“Тіл қатсаң жігіттерге, Қызғандым аласұрып” дейтін бозбала күнделігінен сыр шерте отырып, оның сезім толқыныстарын ақын тап бір өз жүрегінен өткізгендей етіп шынайы суреттейді. Адамзатпен қатар өмір сүріп келе жатқан адам бойындағы толып жатқан кереғар қасиеттер: үміт пен өкініш, күту мен күдер ұзу, сағыныш пен қауышу, сүю мен жек көру... Осылардың барлығы кейіпкер жанында арпалысып, алмасып өмір сүріп жатады. Ақын:

Сен маған бақытасың, қайғыдасың,  
Өмірсің, таусылмайтын бай мұрасың.  
Өлермін сол сезіммен. Маған десе  
аспаннан қара жерге ай құласың,  
әйтеуір анық менің айнымасым.  
Сонан соң күйіп – жанып алауладым,  
Ұмыттым Ай, Күн барын, самал барын.  
Әйтеуір алай-түлей сол сезімнен

жаныма бір тыныштық таба алмадым [90, 42 б.] – деген жыр жолдары ұлттық, фольклорлық, поэтикалық, эстетикалық үлгілеріндегі гипербола тәсілін елестеткенмен, олар лирикалық кейіпкердің ішкі махаббат сезімін жеткізуде орасан зор қызмет етіп тұр. Поэмада кейіпкердің ішкі ой-толғаныстары әрдайым өзгеріп, іс-әрекет, сезім қайшылықтарын тудырып отырады. “Кейіпкердің лирикалық “мені” – даралық сипат. Даралық жоқта көркемдік те жоқ. Осы тұста монологтың – лирикалық “меннің” өрісін өлшеусіз кеңейтетін тәсіл ретінде жанды, жансыз атаулының кез-келгеніне “тіл бітіруге” болатын қолайлылығын да бағамдайсыз” [92, 98 б.], – деген пікірдің растығына көз жеткіземіз.

“Мен өмірді сен деуші ем” – таза лирикалық поэма. Дегенмен, мұнда драмалық шығармаға тән элементтер де жоқ емес. Лирикалық кейіпкердің өз-өзімен сөйлесуі, яғни ішкі монологы, ішкі ойы, іс-әрекеттері нәзік драматизммен қабысып кететін тұстары да кездеседі.

Сондағы жазығым не? Түсінбедім.  
Құрыса, сыйласпайтын кісің бе едім?  
Бір жылы қарағаның арман еді,  
Сен бірақ көз қиығын түсірмедің.  
(Білмеймін, неге, неге түсінбедің.)

Лирикалық кейіпкер характері, психологиясы, ішкі мұңы риторикалық сұрақтармен араласып, ширыға береді. Сыртқы болып жатқан оқиғалармен қатар бозбаланың да ішкі толғанысы, аласапыран сезімі де үдей түсіп, өзгеше

сипат алады, сөйтіп, көл-көсір лиризмге тап боласыз. Атақты сыншы В.Г. Белинский лирика туралы бір толғанысында: “Лирикалық поэзиядағы ақын бізге субъект болып көрінетіндіктен, мұнда көбіне оның тұлғасы, ақындық “мені” маңызды роль атқарады. Ал оның жеке өз басының сезімі секілді етіп айтқандарынан біз өз халімізді танимыз [86, 240 б.], – деген болатын. Ал ақынның өзі бұл мәселе турасында: “Лирика – поэзия өзегі. Үлкен жанр поэмада ма, шағын өлеңде ме – поэзияға тән лиризм болмаса, ол жыр туындысы емес”, - дегенді жиі айтады.

Мен қайтсем екен?

Мынау денем өртеніп, барады ысып.

Кетсем бе әлде, сандалып арақ ішіп?..

Менен гөрі бақытты-ау әркімдердің

Итаяғын жалған кара күшік.

Сенсіз өмір өмір ме? Құрсын бәрі!

өлген артық мұнан да дала құшып [90, 44 б.].

Бар әлемнен баз кешкен лирикалық кейіпкердің рухани әлеміндегі драмалық тартыстар, өкініш, күйзеліс секілді сезімдер лирикалық кейіпкердің ішкі монологымен сыртқа шығарылып отырады. Поэма бірінші жақтан ақтарыла сыр айтқан бозбаланың лирикалық толғаныс – тебіренісіне толы. Ақын адам болмысына тән терең психологиялық толғаныстарды бір ғана адамның өз басындағы, өзінің ішкі әлеміндегі тартыстар арқылы танытады. Бозбалалық кезеңнен өтіп, жігіттік өмірге бет алған лирикалық кейіпкердің махаббат драмасы арқылы ақын кейіпкерлерінің мінез-құлқын, психикалық ерекшеліктерін білдіру үшін небір қиын сезім арпалыстарына тап келтіреді.

Ф. Оңғарсынованың аталған поэмасының басты ерекшелігі – автор оқырман назарын кейіпкердің ішкі сезімдеріне, түйсіктеріне назар аудартып отыратындығында. Лирикалық кейіпкерлердің ішкі тебіренісі беріліп, жан сыры ашылады, адам характері дамиды.

Мен өмірді сен деуші ем:

Сенің көзің, назды үнің, қылықтарың;

Сезімімнің сен кештің тұнықтарың...

Бұл әлемде өзіңсіз тірлік барын,

Ай,

Күн барын, ел барын түк ұқпадым.

Кеткен мені бір байғұс меңіреу қып,

Сенің тез-ақ, сүйіктім, ұмытқаның.

Содан бері жыл өтті. Көп ойландым

Жүрек соға бастады жылып қаным [90, 45 б.].

“Мен өмірді сен деуші ем” поэмасының бар арқауы – кейіпкер психологиясы, ішкі жан күйзелісі, ойлары. Мұнда айтарлықтай тың тіркес, образды ойлау кездеспегенімен, бұдан шығарма қуаты кемімейді. Оқырман лирикалық кейіпкермен бірұдай күй кешеді. Ақын жыры мен оқырман сезімі ортақтық, үйлесім тауып, оқушының сезім қылын дөп басып шерте алады. Осындай адами сезімдерді шынайы жеткізу арқылы ақын поэзия құдіретін

күшейте түседі. Мұндағы лирикалық кейіпкер – алып-ұшып ғашық болған, сүйген, қызғанған, сағынған бозбала, сүйгенінен айырылып, құлазыған бозбала ақырында махаббатын Отанға деген сезімі жеңіп есейген, ес тоқтатқан азаматқа айналады.

Әр ақын-жазушының өзіне тән сөйлеу тілі болады десек, Фариза кейіпкері өз жасына, түсінік – ұғымына сай сөздерді тауып сөйлейді. Поэмадағы бозбаланың өзі сүйген қызына қарата айтқан қаратпа сөз, еркелету сөздері, одағай, оқшау сөздерін ақын орны-орнымен шебер қиюластырады. “Мен өмірді сен деуші ем” негізінен махаббат, сезім тақырыбына арналғандықтан, негізгі назар кейіпкердің көңіл-күйінде болатыны анық. Сол себепті поэмада кейіпкер эмоциясын білдіретін қаратпа сөзбен орайлас одағайлар молынан ұшырасады. Мысалы: “Аяулым, сен кеткелі қанша күн!”, “Тез келші ақ лағым”, “Еркем, өзің кеттің де, душар болдым дертке мен”, “Мендік наз бен күлкінді, қидың ба оған? Масқара!”, “Ой, өмір-ай, алдамшы ең неткен”, “О, өткінші тіршілік!”, “Шынымен құшағынды, сол итке аштың ба, Алла-ай”, т.б.

Әйел-ақындар поэзиясында жиі қолданылатын “Жүрек” сөзінің Ф. Оңғарсынованың аталмыш поэмасында да өлең өзегімен бірлікте орнықты қолданыс тапқандығын көреміз. “Адамның адамдық қасиеттерінің бәрінде жүректің тұруы – халық ұғымында адам баласының ішкі сезімдік дүниесінің өлшемі ертеден қалыптасып, тіл деректерінде адамның жан дүниесіне қатысты көбірек қолданыста болып, танымдық әлемімізде ерекше мәнде жұмсалған” [64, б б.]. Айталық, Фариза поэмасында “жүрек” сөзі ақынның айтпақ ойына орай “қос жүрек”, “жүрегім – гүл”, “жүрегі құрғыр жалын атады”, “жүрегім дал-дұл”, “жарылып кетпей қалай-ақ тұрсың сен жүрек?”, “жүрегім – қырау сен жоқта”, “осып өтті жүректі”, “Мен сорлы жүрмін, бір емін таба алмай сендік жүректің” сияқты түрлі мәнде қолданылады.

Алпысыншы-сексенінші жылдар поэма жанрында да еркеше дамуға, ізденіске толы уақыт болды. Сондықтан да әдебиет зерттеушілері мен сыншыларының осы жылдарды әдеби процесс тарихындағы жаңа даму кезеңіне жатқызуы тегін емес. Ф. Оңғарсынова замандастары поэма жазу барысында тарихилыққа терең бойлады. Бұл заңдылық та. Себебі, артта “Өзі қалың болғанмен, оқулығы жұп-жұқа” (Қ. Мырзалиев) неше ғасырлық бай тарихымыз жатты. Ақын өзін осы тарихи оқиғалардың куәгері ретінде сезініп, өзін осы іске жауаптыдай сезінеді. Осылайша, автордың ой-толғамы алдыңғы орынға шығады.

Ф. Оңғарсынованың ең алғашқы жазылған поэмаларының бірі □ “Қарғыс” поэмасы. Композициялық құрылымы жағынан поэма бірінші ырғақ, екінші ырғақ, үшінші ырғақ, төртінші ырғақ, негр қызының бірінші монологы, екінші, үшінші монологы секілді тараулардан тұрады. Поэма бастан-аяқ негр қызы Анжеланың монологына құрылған, сюжетсіз лиро-публицистикалық поэма.

Поэманың негізгі тақырыбы бір қарағанда, Африка негрлерінің басынан кешкен қиын да қилы тағдыры секілді болып көрінері анық. Бірақ, Анжеланың аузымен баяндалатын негрлерге ғана тән қасірет анығында, қазақ

ұлтының басындағы трагедия болатын. Ал мұны осылай деп ашық айту ол кез үшін мүмкін емес еді. Бұл турасында ақынның өзі былай дейді: “Сол жылдардың қоғамына, қоғамның биліктеріне айтылатын сөздерді өткен ғасырда немесе қоғамда болған көрініс деп суреттеуге мәжбүр болдық. Алайда, айтайын деген ойды ебін тауып айта білу де қасиет қой” [93, 4 б.]. Шынында да, ақын қазақ ұлтының, қазақ даласының үнінің бәсең шығып, еңсесін тік көтеріп сол кездегі “ұлы ұлт” өкілдерімен тең дәрежеде тұра алмауы, т.б. жан ауыртып, жүрек сыздатар ақиқатты айтудың осындай жолын таңдауға мәжбүр еді. Мұның одан өзге жолы да жоқ-тын. Адами сезінулер мен қоғамдық өзгерістер қатар жырланады. Поэманың там-там ырғақтары жеңіл бір әуенмен астасып, оқырманмен лирикалық кейіпкердің арасындағы ерекше гармония сезіледі.

“Қарғыс” поэмасы коммунистік идеологияның құрсауынан құтыла қоймаған “тоқырау” жылдары жазылды. “Тоқырау”, “дағдарыс” деп айтуға жеңіл болғанмен, бұл өзі драмалық қайшылыққа толы, толып жатқан себептері, тіпті қайсыбір заңдылықтары да бар күрделі құбылыс” [91, 6 б.]. Осы бір “әліара” шақты поэмадағы ақын сөзімен тарқатсақ:

Бұл - кезі құздан құлдырау менен шырқаудың,  
Аңқау боп қалған ақ бастылар мен ақылгөй туған баланың;  
Амалы біткен әлсіздер менен өктемнің,  
Алдамшы Ақ пенен қасиетті Түндей қараның.  
Лапылдап өрттей сүйгізетін не өлердей  
Жек көргізетін де құдіретің сенің, заманым! [36, 178 б.].

“Мені ақын еткен – тоқырау кезеңі. Цензураның үлкейткіш көзәйнегімен қарайтын ақынның бірі мен болдым. Бірақ ол кезде бір сәулеге – шындықтың шырағына жетеміз деген үміт үзілген емес. Менің бүкіл шығармашылығымның лейтмотиві – ұлттық тұтастық” [93, 6 б.], – деген Ф. Оңғарсынованың өзінің айтуынша, оның ең бір өндіріп жазған жылдары да осы тоқырау жылдары болатын. Ақынның сол кездегі қоғамға деген ішкі қарсылықтары сыртқа семсер жыр болып атқылады.

“Қарғыстың” “қара континент” әйелдері туралы толғау емес, қазақ тағдыры туралы ащы зар екендігін аңғартатын детальдың бірі – ондағы Даланың басым жырлануы. Қазақ ұлтынан асып Даласын жырға қосқан халық болмаса керек. Поэмадағы лирикалық кейіпкер мен ақын арасындағы аражігі жойылып, екеуі біртұтас тұлғаға айналады.

Келгендер шарық табан  
Сені еміп тойынуға,  
өктемсіп шалықтаған  
әндетіп қойынында,  
төсінді арамдаған,  
О, менің мұңлы далам [36, 179 б.], –

деген мұң-зардың иесі қазақ екендігіне енді шүбәңіз қалмайды. Өйткені, Даланы өзімен егіз санайтын, өмірін Даласыз елестете алмайтын қазақтың Далаға келгенде үні өктем, дауысы жарқын қашанда. Осы шумақтың астарында талай тарихи шындық бүркеніп жатыр. Қазақ жеріне

келімсектердің көптеп орналастырылуы, қазақ жерінің байлығының оңды-солды жөнелтілуі – міне, осылардың барлығын ақын “тігісін жатқызып” бөлек бір қоғамның дерті ретінде көрсетеді. Алайда, мұның қазақ ұлтының үлесіндегі қасірет екендігін сезімтал оқушының түсінбеуі мүмкін емес.

Негрдің байтақ даласы –

Мекенім менің бақыттылыққа тапшылау,

Қасіретімен, тақсіретімен жаныма жақын, жақсылау.

Қайырын бермеген көк түтін завод, космостық алып алаңдар,

Көкірегіңді сорып, қозғалтпай қойды тас бұғау.

Солардың бәрін сыйғызған саумал кеуденнен

өз перзентіңе сая бере алмай қасірет шегіп жатсың-ау... [36, 183 б.], – деген шумақта “Негрдің байтақ даласы” дейтін тіркес бар. Тарихтан белгілі жайт – негр деген дербес ұлт жоқ. Ұлт ретінде көрініс таппағасын оның мемлекеті, яғни, белгілі бір аймағы (территориясы) да болмайды. “Байтақ даласы” екібастан болмақ емес. Мұның бәрі ақын үшін әрине, түсінікті жайттар. Дұрысы – “Қазақтың байтақ даласы” болу керектігін де ақын жақсы біледі. Біле тұра, осы тіркесті қолданады, қолданбасқа амал кәне?! Мысалға келтірілген үзіндінің соңғы жолдарына қойылған көп нүктеге назар аударыңызшы. Ақын көп нүктені білмей қойып отырған жоқ. Өз қолың өз аузыңа жеткенімен, билігің өз қолыңда емес, өзгелерде болса не шара. Көп нүктемен көп ойлар көмкерулі қалады.

Мен қарамын –

Табиғаттың өзіндей сұлуымен мен,

Қаныма ыстық құйылған қызу күннен.

Бір әділет күтумен бұл жалғаннан,

Қара тас боп ішімнен тынып жүрем.

Мен қарамын –

Қаным сіңген қара жер таң құшпаған,

Таң құшпаған, содан кек-арды ұштағам,

Сезе тұрып күшіңді бұрқана алмай...

О, дәрменсіз сорлылық – қарғыс саған! [36, 181 б.].

“Мен қарамын!” деп мақтанышпен айта алған негр қызы Анжеланың орнында “Мен қазақпын!” деп именбей айтуға көбіміздің ол кезде батылымыз жете бермегені уақыт шындығы. Яғни бұл – қара негрдің емес, “қара қазақтың” монолога болса керек. “Ақ қар қолыңды тондырады, қара қазан қарныңды тойдырады” деген қазақ ұлтының ұғымында “қара” қасиет пен киенің символы. Поэмадағы “қазақ” сөзі “қара” сөзімен алмастырып берілгенімен, ақын танымынша, екеуі бір ұғым. Яғни, “қара” – “қазақ” образы – поэманың берік діңгегі, түп қазығы. Қазақ ұлтының жүрек сөзін жеткізуде ақын қиялы бай, шеберлігі шексіз. Қалай айтсақ та, “Поэзияның қолында билік, дауысында әмір жоқ. Оның күші – адам жанына сәуле түсіріп, рухына қозғау салатын қасиетінде” [91, 122 б.].

Поэмада сондай-ақ, тіл, діл, ұлттық намыс, әділет секілді ұғымдар алдыңғы орынға шығады. Егер ақын өз заманында шындықты осынау бар



болмысымен: “қараңғы”, “бұратана” ел атанып, өзгеге бодан болған, туған тілінен жерініп, “қазақпын!” деуге арланана бастаған ұлт қасіретін шынайы қалпында көрсеткенде бұл шығарма міндетті түрде жарық көрмес еді. Мұны жақсы түйсінген ақын әлгіндей “әдістерге” барады. Бұл – даусыз өмір талабы.

Сен жылап алдың ба екен,  
Жылдасыңды көріп анасыменен басқа бір тілде ұғысқан,  
Осындайлардан жаның күйгенде жанарыңнан кекті мұң ұшқан.  
Ертерек сені есейтті ме екен “мәдениетпен” сырқос біреулер  
Халқыңның қанын мойындамауға тырысқан.  
Қара жерде тұрып, қара боп туғанын ар көріп  
Негрмін деуге ығысқан [36, 184 б.].

Келтірілген үзіндідегі “негр” сөзінің орнына “қазақ” сөзін қойып оқысаңыз, ақынның айтпақ болған, бірақ айта алмаған ойының ұшығына жетесіз. Африка халқының мұң-зарын шерткен негр қызының монологымен ақын қазақ ұлтының, қазақ даласының қайғы-қасіретін көрсетеді. Сол арқылы ұлт тағдырына ақындық, азаматтық тұрғыдан алаңдаушылық танытады. Ф. Оңғарсынованың “Қарғыс” поэмасы – айтуға болмайтын мәселені айта білетін ақын шеберлігінің тағы бір дәлелі.

Ақын Ф. Оңғарсынованың “Қасірет пен ерлік жыры” атты поэмасы дүниені дүр сілкінткен осынау сұрапыл соғысқа арналды. “Бұл кезде ойдан шығарылған кейіпкер туралы поэма жазу онша көп бола қойған жоқ. Поэмалардың көбінің объектісі – тарихи болған оқиға да, кейіпкері – тарихи белгілі адамдар” [10, 236 б.]. Қазақтың батыр қыздары Әлия мен Мәншүктің ерлігін суреттейтін “Тыңдандар, тірі адамдар” поэмасы өмірде болған нақты кейіпкерлерге арналса, “Қасірет пен ерлік жырын” ғалым жүйелеген бірінші топқа жатқызуға болады. Олай дейтініміз, поэмада нақты кейіпкерлер аты аталмайды, мұндағы бас кейіпкер – соғыс өртін бастан кешіп, соғыс қасіретін тартқан түрлі тағдыр иелері.

Ф. Оңғарсынова поэмаларына біршама мақалаларын арнап жүрген Р. Аяпбергенұлының айтуынша: “Қасірет пен ерлік жырында” жүйелі оқиғалар немесе жүйелі сюжет жоқ, ал ол ақынның біртұтас елестетулері, ой-сезіміне лирикалық, лиро-философиялық толғаныстарына, жанды детальдарды бірнеше лиро-психологиялық жағдайларға құрылған. Онда ешбір қаһарманның аты аталмайды, нақты оқиғалар тізбегі жоқ. Поэма ой мен сезімге, дұрыс пікірлерге толы. Сондықтан поэма өте тартымды оқылады” [94, 57 б.]. Біздің ойымызша, Ф. Оңғарсынова мұндай соны ізденіске саналы түрде барған сыңайлы. Ақынды белгілі бір кейіпкердің өмірі емес, сол сұмдық соғыстың куәгері болған сан түрлі тағдыр иелері толғандырады. Лирикалық қаһарманның ішкі дүниесіндегі аласапыран сезімдер бірінші орынға шығарылады. Бұл атақты Қ. Аманжоловтың “Абдолласынан” бастау алған үрдіс болатын.

Ақынның “Қасірет пен ерлік жыры” поэмасы үш тараудан тұрады. Әр тарауда әртүрлі тағдыр, бір шындық бар. Ол – Соғыс! Ақын “соғыс” деген суық сөздің әрбір отбасы, әрбір адам өміріне, оның ішінде шығарма

кейіпкерінің психологиялық дүниесіне қалайша келіп, қандай жан күйзелісін туғызғанын былайша суреттейді:

Соғыс,  
Тартыс  
Ешқашан басылмаған,  
Қантөгістен қаншама ашынды Адам.  
Жазықсыз жер қаншама жараланып,  
Жетімдіктен қаншама бала налып,  
Қара тұман жамылды жасыл ғалам [36, 209 б.].

“Ұлы Отан соғысында жеңіске жетудегі үстемдік құрған кеңестік саясаттың үлесін жоққа шығара алмаймыз. Алайда, сол жеңіс қаншама адам өмірінің өлшемі болғандығын ашып айтуға, қасірет әкелген соғыстың бар ауырпалығын кезінде ашып айтуға мүмкіндік шектеулі болды”, – дейді жиырма сегіз панфиловшылар ерлігіне арналған поэмаларды зерттеуші М. Жақыпбекова [95, 3 б.]. Ал, Ф. Оңғарсынова поэмасында бейбіт күн мен соғыс кезіндегі дала тынысы, соғысқа дейінгі сезімдер мен “Соғыс!” дейтін бір ауыз сөзден соңғы сезінулер салыстырыла, үнемі қабат келіп отырады.

...Төріне әкеп өлім мен қайғы лақтырып,  
Уланбаған аймақты жайратты жұт:  
Жауыздығын себелеп айбат қылып.  
Сүйіктісін бір сүйіп үлгерместен  
Ер кектенді зығыры қайнап тұрып [36, 210 б.].

Бұл – ақ арманмен, зор үмітпен болашаққа жоспар құрып, үлкен өмірге сүйгенімен қатар аттануды арман етіп, алайда, соғыстың кесірінен “сүйіктісін бір сүйіп те үлгермей” майданға аттанған ер жігіттің халі.

Отырды әйел  
Еміреніп, емізіп тұңғыш ұлы,  
Естігендей жалқы үнін жыл құсының.  
...“Соғыс!” деген бір сөзден есеңгіреп  
Зәресі ұшты орнынан атып тұрып.

Соғыс ешкімге де жанашырлық танытпады. Тіпті ұзақ жылдар бойы армандап, бір нәресте сүйе алмаған, сол аналық бақытты алғаш сезінген жас ананың да бақытын көп көрді.

Қосылған сағынысып  
Жүректерде тыншу жоқ алып-ұшып.  
...Айналып бар алапты  
Бақыт мынау қақпаны жаңа қақты.  
Соғыс деген бір сөзден жылы төсек  
Мұз болып бара жатты [36, 211 б.].

Адал ниет, ынтық көңілмен сағынысып қосылған қос ғашықтың да бақытын ұрлаған – Соғыс шындығы. Ақын осының бәрін өз жүрегінен өткізіп, сол сәтте кейіпкерлерімен бірге болғандай шынайы сезіммен суреттейді. Ф. Оңғарсынова поэмаларына ортақ ерекшеліктің тағы бірі – ақын үнемі өзі жырлап отырған тақырыбымен шектелмей, жалпы адамзаттық құндылықтарды ұлықтап, шындықтың жүзіне тура қараудан қаймықпайды.

О, бұл бүгін ғана тек басталды ма,  
Зұлымдықтар заманнан жасқанды ма  
Жасқанбады жалғады қырғын ісін,  
Тоқталмады күрес те шындық үшін,  
Оған куә мүжілген тастар мына.  
Галилейлер тірілей отқа жанып,  
Спартактар төсіне оқ қадалып...

Ал осыдан замана жақсарды ма?! [36, 213 б.] –

деп толғанған ақын поэмасының екінші тарауында майдан алаңының жанды көрінісі жасалады. Жантүршігерлік соғыс трагедиясы үзік-үзік кадрлардай көз алдынан өтіп барады... Ф. Оңғарсынованың соғыс тақырыбына арналған бұл поэмасының өзгешелігі – ақын майдан алаңындағы бір ғана кейіпкер төңірегінде сөз қозғаумен шектелмейді. Ол соғыс өртінің ортасында жүрген жас-кәрінің көбінің жан-әлеміндегі алуан түрлі сезімді жеткізуге тырысады.

Арулар сүйілмеген,  
Сыланып та үлгірмей үйінде кең,  
...жаудың оғын нәзіктеу иінменен  
Тоқтатты да құлады, дым көрместен,  
Дүниеге қош деп те үлгерместен...  
Бос сөз екен өлуді қиын деген.

Ақын қан майданның ортасында жүргендер тек жауынгерлер емес, етпен-сүйектен жаралған адам баласы екендігін, олай болса оларға түрлі сезінулердің тән екендігін үнемі есте ұстайды. Тағы да соғыс алаңы...

Жүрегі сыздады ма  
Қалтырап кетті таңның ызғарына,  
Шала жансар жігітке үңілді де,  
Шырамытқан секілді түрін, міне...  
Тани кетті! Денесі мұздады да  
Жалғыз ұлдың өлігін тасалауға  
Еңбектеді күш жоқтай басар алға.  
Қалай тастар өренін сызға мына... [36, 216 б.]

Жалғыз ұлынан айырылған жаны жаралы қарт әкенің басындағы қасірет, жалғыз ұлдың өлігін тасалай алмай жанталасқан қарт кешкен сан алуан сезім, психологиялық соққы – бұл соғыстың да бір сипаты ғана. Жауға деген ызакектен іш қайнаған қарт солдат қалайда жаудан ұлының кегін алмақ. Бірақ қарт солдаттың жүрегінде бітпес өкініш қалды. Себебі –

...Ол отырды, жалғызын көме алмады,  
Жүрек жылап, өксиді соған жаны,

Көрсетпеді бірақ та жасын жанға. Осылайша қарт жанында қасірет пен ерлік қатар сақталмақ. Ақынның көп поэмаларына тән негізгі бір ерекшелігі – оқырман назарын үнемі кейіпкердің ішкі сезімдеріне, түйсіктеріне аудартып отыратындығында.

Ф. Оңғарсынованың аталған поэмасындағы оқиға бірте-бірте дамып, барған сайын шиеленесе түседі. Соғыс картинасын оқырманының көз алдына

елестете отырып, автор енді соғыстың сұмдығын екінші бір қырынан танытады.

Камералар.

Темір тор.

Қақпа жабық.

Тірі өліктер әр жерде жатты ағарып.

Тірі деуге – тарамыс қу денелер,  
өлі деуге – қимылдап жатқаны анық.

Үзіндіден аңғарғанымыздай, ендігі оқиға орны – камера, темір тордың арғы жағы. Жоғарыда айтып өткендей, поэма кейіпкері біреу емес, бірнешеу.

Соның бірі – жас сәби

Жатыр әне көгеріп, талмаусырап,

Енді сөніп кетердей арман-шырақ.

Келесісі,

Өрімдей қыз

Махаббатқа, арманға, сенімге асық,

Тілін кескен, сөйлейді тек ымдасып.

Енді бірі, –

Жап-жас ана

От жанары ызасын шашады анық,

Сосын үнсіз жылайды тасаланып.

Қос анарын темірмен күйдіргенде

Сәтте кеткен қудай боп шашы ағарып.

Ақын тақырыпты ашуға көмектесетін кез-келген елеусіз қалатын кейбір детальдардың өзін соғыс көрінісін дәл, шынайы көрсету мақсатында шеберлікпен пайдалана біледі.

Солардың бірі – Концлагерь.

Қан түсті күрең есік.

Жақындасаң ажалдың лебі есіп...

Енді бірі – Крематорий.

Отын да құтаймайды,

Қара жерге келген бұл жұт айғағы.

Адамдарды тірілей отқа жағу –

Зұлымдардың ойыны, ұпайлары.

Келесісі – Темір пештер тізілген.

Сұсты бәрі.

Ұшқын шашып өртенген ыстық әрі.

Адамдарды бір-бірлеп өртеп жатыр,

Жанталасып біреулер күш қылады.

...Жанталасын көргенде адамдардың

Мәз болады фашистер дабырласып.

..Жауыз жұрттың қан-сөлін сығып алып,

“Биялайға жақсы” деп кейбіреудің

Жүр тірілей терісін сылып алып [36, 219 б.].

Автор фашистердің жауыздығын құрғақ сөзбен жалаң суреттемей, оларды өздерінің осындай сұмдық іс-әрекеттері арқылы танытып отырады. Ақынның кейіпкер болмысын тура мінездеп, поэзиядағы дәстүрлі жау портреттеріне бой ұрмай, кейіпкерін оқиғамен бірлікте қарастыруы – поэманың шебердің қолынан шыққандай жинақы болуына қызмет етіп тұр. Соғыс тақырыбына арналған поэмалардың басым көпшілігі белгілі бір кейіпкердің ерлік істерін суреттеуге арналатындықтан, онда дәл майданның өзіндегі Ана, Сәби қасіреті көп қозғала қоймаған-ды. Сондықтан болса керек, кейіпкер тағдырлары қаншалықты аянышты болса, жауыз – фашист бейнесі соншалықты жиіркенішті. Олар кәрі-жас деп санаспайды. Ерлік те дәл солай.

“Қасірет пен ерлік жырындағы” ерлік көрсеткен кейіпкерлерінің екеуі де он сегіз жастағы өрімдей жастар. Ақын сөзімен айтсақ,

Он сегіз жас!

Мөлдірліктің бәріне ғашық болып,

Қиындықтан көрмеген жасып, тоңып

Жан-тәнімен өмірге құмар шағы... Сондай өмірге ғашық жастың бірі - он сегіз жасар “шмидтерді” найза боп тілгілеген” ұшқыш жігіттің ерлігін ақын былайша сипаттайды:

“Шмидтердің” нешеуін

жер қаптырды. Бірақ ол санаспады.

Біреу тағы келеді жанасқалы.

Қап оқ тиді. Қырсығын қарашы тағы!

Самолетін жаралы бұрып келіп

Жаудың ауыр составын аластады.

... Тек шлемін басынан жұлып алып,

Күлімдеді соңғы рет жақ ашпады... [36, 220 б.].

Соғыс тақырыбындағы шығармалардың көбінесе қайғылы оқиғамен аяқталатыны сияқты, ақын кейіпкерлерін трагедиялық жағдайлармен тығыз байланыста алып қарастыруға болады. Автор өлімге бара жатып та жауға есесін жібермеген балаң жігіттің ерлігімен қоса өлімінен де сәбиге тән тазалықтың табын байқатады.

Поэмадағы екінші кейіпкер – атар оғы таусылып, жаны қиналса да, жау дзотын денесімен тұмшалап оңайлықпен жауға берілмеген он сегіз жасар өрімдей жас қыз.

Таңданды жау: “Ессіздік! Бұлар надан!”

Ессіздік пе?!

Мұндай ессіздіктерге жүгінер ем,

Өмір ғой бұл үзілген. Күңіренем.

Шығармадағы тағы бір тамаша ерліктің үлгісі – “үзік сымды тілімен жалғаған” байланысшының ерлігін ақын:

Байланысшы еңбектеп, жанұшырып,

Оқ үстінде аунады қары сынып,

Қол дәрменсіз, тұрса да жаны шығып

Үзік сымды жалғады тіліменен.

Жатты осылай үзілген сымды тістеп..., – деп аса нанымды суреттейді. Ақын жауға жанын бере соғысып, ол жолда опат болғандарды ғана батыр деп санамайды. Оның ұғымындағы басты ерлік – арына дақ салмау. Оның осы ойы жау қолына түсіп сұраққа алынғанда да бір сөз айтпай қасарысқан қайсар қыздың өжеттігін суреттеуде байқалады. Қандай шығарма болмасын басты іс-әрекет кейіпкер характеріне құрылатыны белгілі. Оны әдебиеттануда лирикалық кейіпкер дейміз. Автор мен лирикалық кейіпкер ара қатынасының аражігін айыру мәселесін қарастыру аса күрделі. Бұл туралы З. Ахметов “Лириканы түсіну пайымдаудағы үлкен және жиі кездесетін қателік – ақын өз атынан айтқанның бәрін тек өзі туралы, өз басы жайында айтып отыр деп қарау, ол болғанды ғана емес, болатындығы да, өзіне ғана емес, өзгеге де тән көңіл-күйін сезіне, айта алатынын ескермеушілік” [96, 272 б.], – деген болатын. Ал ақынның лирикалық кейіпкері ұдайы батыл қимылдар үстінде көрінеді. Автор оқиғаны сырттай бақылап, өзі әділ төреші ретінде үшінші жақтан үн қосып, баға беріп отырады. Лирикалық кейіпкер мен ақын дауысы егіз шығып, екеуінің айтайын деген ойы мен ішкі жан-дүниесіндегі тебіреніс ұштасып отырады.

Миллиондар. Мәңгілік жұмбақ жандар,  
Батырсыңдар халық пен ар алдында,  
Сендерді іздеп талай тер тамар құмға...  
Білем, Батыр атағын ала алмадың,  
Мүмкін жалғыз медаль да таға алмадың

Бірақ тұлғаң Ерлік боп қалар жырда [36, 223 б.], – деген поэманың екінші тарауының соңы ақынның Отан үшін от кешіп, алайда, есімдері сол қалпы белгісіз күйінде қалған миллиондаған белгісіз жандарға арнауынан тұрады. Поэма жайлы бір пікірінде Ю. Марцинкявичюс: “Поэманың уақыт пен адамға жақындауының түрлі жолдары мен амалдары бар” [4, 143 б.], – деп жазады. Яғни суреттеп отырған оқиғаны ақын оқырманға қалай жеткізеді, мұның бәрі тікелей ақындық шеберлікке байланысты.

Ф. Оңғарсынованың “Қасірет пен ерлік жыры” поэмасының ерекшеліктеріне бағдар жасау барысында біз оның идеялық–тақырыптық тұрғыдан қазақтың талантты ақынының бірі Ж. Нәжімеденовтің соғыс тақырыбына арналған “Келін” поэмасымен ортақ ұқсастықтары барын байқадық. Соғыс салған таңба, жазылмас жараның бірі – жалғызбасты ана, жесір әйел жағдайы. Ол □ күтумен кешкен ғұмыр, ақталмаған сенім, үзілген үміттер... Осындай сан қилы сезімнің барлығы поэманың үшінші бөлімінде Ф. Оңғарсынова поэзиясының басты тақырыбына айналған – әйелдік тағдыр арқылы ашылса, бұл тақырып Ж. Нәжімеденовтың “Келін” поэмасының негізгі өзегіне айналады. Жиырмадағы жас келіншектің майданға аттанған жаңа қосылған жарын сағына, бүкіл жан-жүрегімен езіле күтуі, аңсауы, т.б. секілді ішкі нәзік толғаныстар диалектикасы Ф. Оңғарсыновада:

Тарылтады тынысын түндер керен,  
Күндіз көппен жер басып жүргенімен.  
Құс жастықты құшады күйеуінің  
Таныс иісі сіңіп те үлгермеген.

Балғын дене балқымай, мұң қамаған,  
Бұл сезім ғой көңілді қылған алаң.  
Төсегінде дөңбекшіп аңсап-талып,  
Сосын таңда көз іліп шаршап барып [36, 224 б.], – түрінде берілсе,  
Ж. Нәжімеденовтың поэмасындағы келіннің психологиялық құбылыстары,  
сезінулері:

Көп түндерден бұған қалған белгі боп,  
Ақ шымылдық тұрады тек желбіреп.  
Тек қана оның...жатқан анау жастанып  
Жастығына қалатұғын жас тамып.

Өзіне-өзі дей ме екен бұл: “бір..шыда!”

бір сезімнің толқынына тұншыға.

Түні бойы жесір болып ойлап ол,

Келін болып оянатын күн шыға [38, 504 б.] – деп, өмірлік ситуациямен шебер қабысып жатады. Қ. Юсупов Ж. Нәжімеденовтің “Келін” поэмасын талдай келе: “Өмір – қатал сыншы. Адамды соғыс майданына салып бір сынаса, сезім майданына салып екі сынайды. Осындайда бүгілгенің-сынғаның, сынғаның – жеңілгенің. Баяғы ақ сезімді мәңгі сақтап қалумен жағаласқан жат сезім арасындағы шайқас анау-мынау майданнан кем соқпайды” [97, 142 б.], – депті. Шынында да, әйел жаны, оның психологиясы өте күрделі, қатпары көп құбылыс. Екі ақынның поэмасында да сол жылдар поэзиясында көп ақынның батылы барып қозғай қоймаған адам жанының ең терең, құпия сезімдері бой көрсетеді.

Литвалық ақын Ю. Марцинкявичюс өзінің “Судьбы поэмы” атты мақаласында әдебиеттанушылардың ортасына “Поэманың басты көздеген мақсаты неде?” деген сауал тастай отырып: “Мен әдебиеттің өзге жанрларына қарағанда, поэманың алдына үлкен міндеттер қоямын. Өз заманында философия ғылымының ғылымдардың атасы атанғаны белгілі. Дәл сол сияқты мен де поэманы жанрлардың жанры деп есептеймін. ...Поэма мінез даралай отырып, прозаның тәжірибесіне сүйенеді, лириканың жарқ еткен бір сәттік көңіл-күйін пайдаланып, драмада үнемі қозғалыс үстінде көрінеді. Тіпті публицистиканың өзі де поэмаға жат емес. Бұдан өзге әмбебап жанрды мен білмеймін. Бұл – тұтас симфониялық оркестр” [4, 142 б.], – деп жазған болатын. Яғни, поэманың әлгіндей әмбебап сипаттарға ие болуы бірінші кезекте ақын шеберлігінің нәтижесі екендігі анық. Осы тұрғыдан келгенде Ф. Оңғарсынова бір сәтте әрі лирик, әрі эпик, әрі драматург ретінде сөз алады.

Соғыс уақытына тән тағы бір трагедия – Мүгедек тағдыр. Тепсе темір үзетін арыстай азаматтардың “кескен теректей” жарымжан боп оралуы – бұл да сол заманның сұмдық шындығының бірі. Ақын күйеуінің майданнан қол-аяқсыз оралуын көргендегі әйелдің жан айқайын, психологиялық құбылыстарын поэмада былайша суреттейді:

Таныс жандар көзіне елестеді

Жеті түнде жай жүріс емес тегі...  
Бір нәрсені көтеріп тонға ораған  
Жоқ! Нәрсе емес! Бас, көзі... болжады – адам.  
Осы, осы таныс жүз емес пе еді?!

Шыныменен...  
Жоқ! Мынау қайдағы адам?  
Адам? Қап қой аузын байламаған.  
Қол - аяқсыз домалап жатқан мына  
Сол жігіт пе? Жоқ, мұны кешіре алман!  
Анық сол бір жігіт пе есін алған,  
Құшағына ап алқынған, аймалаған? [36, 225 б.].

Кейіпкерінің басындағы сөзбен айтып жеткізу қиын шындықты ақын драматизмге құрылған ішкі монолог арқылы ашып береді. Келіншектің жан дүниесіндегі ішкі тартысты, толғанысты ақын ішкі драматизм арқылы көрсете білген. Яғни психологизм драматизммен астасып, қабаттаса жүреді. Ол ішкі, сыртқы себептерге сай үнемі өзгеріп, құбылмалы кейіпте тұрады. Кейіпкердің санаулы секундта басынан өткерген сан қилы психикалық көңіл-күйі, ес, сана, сезім құбылыстарына ақын нағыз психологша бойлайды.

Сол!  
Көзде анау от қалған, ыза қалған.  
Шаш ағарған жиырмада ұзап арман.  
Мынау балғын денесін қаусыратып  
Тастар сонау күш қайда бұза жарған?  
Қалай енді жаныңа жақындайды  
Талықсытты әйелді ақыл, қайғы [36, 225 б.].

Әйел жанындағы жара, әйелдік қасірет – осының бәрі драмалық элементтер арқылы ашыла түседі. Келіншектің сырында көп ешкімге айтыла бермейтін астарлы драматизм жатыр. Қазақ прозасындағы драматизм мәселелерін зерттеуші ғалым Т. Есембеков: “Кейіпкерге тән көңіл-күй – іштей бір қалыпқа сыймайтын, драмалық хал-жағдайды жинақтауға апаратын анық бейне мен нақты бағыт жоқ кезде маңызды деп есептеледі” [98, 20 б.], – деп драматизмге тән негізгі ерекшеліктің бірін атап көрсетеді. Кейіпкердің ішкі толқынысымен байланысты оның ішкі дүниесінде ой, сана қақтығыстары көрініс береді. Келіншектің жан дүниесіндегі осындай түрлі ішкі тартыстар оның өз ішінен екі адамға бөлінуіне әкеп соғады. Болған, бар шындықты көре тұра сол қалпында қабылдай алмау, мойындамау, сене тұра сене алмау секілді сандаған сезімдер шарпысуы басталады. Мұнда драмалық шығармалардағыдай ішкі тартыс анық көрінбегенімен, драматизмге тән: тағдыр, жазмыш, сана, қабылдау, т.б сияқты элементтер байқалады.

Жұрт жым-жырт. Айнала тына қалған.  
 Есің жиғын, – деседі қоршағандар,  
 өзгермейді болған іс жылағаннан.  
 Құдайым – ау, шүкір ет. Бар ма арманың?  
Маған қара, – жалғызым, алданғаным



Келсе еді ғой осылай домаланып,  
Алданыш боп қалмас па еді о дағы анық...  
Солай келсе жоқ еді арланбағым.

Ішкі “меннің” арпалысынан кейіпкердің өз-өзімен келісімге келе алмайтынынан бөлек, айналасындағы қоршаған адамдармен де келісімге келе алмауына апарып соғады. Мұндай драматизм көрінісі мына шағын диалогтан көрінеді.

Керекпейді  
Ақыл айтып жұбату, үгіт деген.  
Қалай өмір сүреді тұлыппенен.  
Тәтті екен ғой күтудің қасіреті  
ер тұлғасын еске алып үмітпенен.

Кім кінәлі? Кегімді кімнен алам?  
...Неге керек жер басып жүрген аман?

Бұдан артық қасірет әкелмейді  
өлім, қайғы, азапты түн де маған [36, 225 б.], –

деген келіншектің бұл монологтары келе-келе абстрактылы диалогқа ұласқан. Драматизм арқылы кейіпкерлердің ішкі тебіренісі беріліп, жан сыры ашылады. Осыдан өз-өзімен келісімге келе алмаған келіншектің ішкі арпалысы алдыңғы орынға шығады. Қасіреттің үлкен-кішісі болмайды, дегенмен де, әйел үшін, расында, бұдан асқан қайғы болмаса керек. Ақынның шеберлігі де сонда, ол соғыс шындығын, оның залал–зардабын бір әйелдің басындағы қасіретпен сабақтастыра отырып аңғартады. Әйел жанының иірімдерін өзгелерден анағұрлым көбірек жырлаған Фариза ақынның бұл тұрғыдағы жетістігін Қ. Дүсіпова былай деп бағалайды: “Әйел затының атынан сөйлеп, оның жан әлеміне, тағдырының тылсымдарына, сезімдерінің тұңғиығына соншалықты терең бойлап, жүрек жұмбақтарын шешкен, көңіл көмбесін ашқан Фариза сияқты ақын әлемдік поэзияда бұрын болып көрген жоқ. Анна Ахматова да, Марина Цветаева да, Сильва Капитухян да бұл тақырыпқа келгенде Фариза шыққан биікке шыға алған жоқ” [99, 47 б.]. Бірақ, бұл бір ғана әйелдің емес, сол кезеңдегі талай әйелдің қасіреті. Олардың қайғысы – халық қайғысы, оның көз жасы – халықтың көз жасы емес пе?! Осы тұрғыдан келгенде “Қасірет пен ерлік жыры” поэмасын тарихи трагедия деуге болады.

“Қасірет пен ерлік жыры” поэмасындағы тақырыптық – идеялық үндестік ақынның “Жастық шақ туралы элегиясында” жалғасын тапқан. “Элегия – мұнды лирикалық өлең. Көбіне тұңғиық ойға шому, қамығу, жабығу сарындары басым болып келеді” [51, 374 б.]. Ақынның қарт солдаттың ойына құрылған лирикалық мұнды толғауында соғыстың адамзатқа салған жазылмас жарасы жалғыз ұлын күткен ана тағдырымен, жарын күткен келін, әкесін күткен бала сағынышымен қатар бейнеленеді.

Жылдар өтті. Ол бірақ оралмады.  
Қыран қайтып ұяға қона алмады.  
Шашы ағарған қос әйел күтеді оны,

Үміт оты сөнбеген оларда әлі...

Әдебиеттің қай жанрында жазылса да, соғыс тақырыбында шығармалардағы басты сарынның бірі □ тосу. Жүрегінде үміт оты сөнбеген, күтуден шаршамайтын келесі бір кейіпкер – майданға кеткен әкесін күткен лирикалық кейіпкер.

Көре қалсам көшеден шинельді адам,

Солдат болса әкем деп түйген маған

Елестейтін сол болып. Үміттенем.

Ол болмайды. Мұңаям. Күдікке енем.

Көп қайғырды. Өлмеді. Үйренді анам [36, 230 б.].

Элегияның алдыңғы тарауы баяндау тәсілімен берілсе, екінші тарау толығымен лирикалық кейіпкердің монологынан тұрады.

Ф. Оңғарсынованың соғыс тақырыбына арнаған поэмалары уақыт пен заман сырын, оның тарихи-әлеуметтік мәнін көркем бейнелеуде көрнекті қызмет атқарады. “Қасірет пен ерлік жыры” поэмасы – көлемі жағымен қоса, мазмұндық-идеялық, көркемдік жағынан да үлкен мәнге ие. Осынау азапты күндерді суреттеуде ақын осының бәрін өз басынан өткеріп, бар жан-тәнімен сезінген жандай шынайылық танытады.

Ақын поэмаларына тән ортақ қасиет – ақиқатқа адалдық, шындық үшін күрес болса, осы мақсатқа жету жолында ақын түрлі идеялық - көркемдік ізденістерге барады. “Барлық табиғатымен өмірдің өзі тұнып тұрған поэзия дейміз, алайда, сол өмірді көретін көз, сезетін сезім керек. Демек, шынайы поэзия – адам сезімінің анатомиясы да, шын ақын соның зерттеушісі. Шынайы шын ақын – өз халқының шаттанса, шаттығы мен қуанышы; жыласа, көкірек шерімен көз жасы”, – дейді ақиық ақын М. Мақатаев өзінің “Қазақ жырының бір жылы” атты мақаласында [100, 215 б.]. Осы пікірде айтылғандай, Фариза ақын қай тақырыпты жырласа да шынайы, көркем жырлауды мақсат етті. “Айтылмайтын шындық болмайды, мәселе соны айта білуде” дейтін даналықтың растығына Ф. Оңғарсынованың “Мүшәйра” поэмасын оқу барысында көз жеткіземіз. Поэма атынан аңғарылып тұрғандай мүшәйраға, яғни, жыр жарысына құрылған.

“... Тіл өнерін адам болмысымен пара-пар қойып келген халқымызда: баяғы заманда жыл басы – Наурыздың алғашқы күнінде туған топырақтың атышулы ақындарын осы “Ақынтауға” жиып жыр жарысын өткізетін дәстүрі болған екен дейтін аңыз бар. Сонда ең әуелі бас төреші – Абыз сөйлейді екен: “Халықтың қаймағы сендерсіңдер, ақындар! Аспан Жермен теңеліп тұрған осынау күні көңілдеріңдегі тұнған сырдың тума бұлағын ағытыңдар! Жер, ел, адам туралы кімнің не айтары бар, іркілмей жеткізсін мынау халыққа! Сол сол-ақ екен, жыр бұлағы жан-жақтан саулап құйылады екен” [16, 179 б.]. Міне, поэмаға бастар баспалдақ іспеттес бұл дерек – оқиға сырын ашуға арналған көркемдік кілт іспеттес. Екінші мұны оқырман қауымының қызығушылығын тудыру үшін ойлап табылған “ақындық қулық” деуге де болады. Сонымен жыр жарысы басталып та кетті...

Бас кейіпкер – он бес ақынның аты-жөндері поэмада нақты айтылмай, шартты түрде бірінші ақын, екінші ақын деген реттік қатармен берілген. Тек

Абыз бен Айсара қыз ғана аталады. Поэмада мүшәйраға қатысушы ақындардың сыртқы кескін-келбеттері көп суреттелмейді. Алайда, автор мүшәйраға қатысушы әрбір ақынның ішкі дүниесіне бастар жол ретінде олардың портреттерін ұсынады. Және олар судың екі тамшысындай бір-біріне ұқсас бейнелер емес, мысалы бірінші ақын “Түйе шекпенді иығына іле салған, айыр қалпақты ысаяқ қара”, екінші ақын “Орақ тұмсық, шегір көз сары”, үшіншісі “Қою мұртты, иықты, мысқыл жүзді жігіт” болса, төртінші ақын “Төбесіне зер төккен қама бөрікті, ақ жібек шапанын желбегей жамылып, қыр көрсеткен кейіпті сұңғақ бойлы ақын”, бесіншісі болса “Тақиялы, ала шапанның сыртынан белін патшайымен буа салған дембелше толық жігіт”, алтыншысы “Ұзын сирақ сары”, жетіншісі “Шүңірейген көзді, толық қара, торсық қарынды”, сегізінші ақын “қияқ мұрт, ақ сұр кісі” дегендей, әрқайсысы бір-біріне ұқсамайтын мүлде бөлек портреттер. Поэмадағы мүшәйраға қатысушы ақындардың сырт киімдері де мінез ерекшеліктеріне сай олардың өмір сүрген дәуірін танытып отырады. Л.Н. Толстой тарихи тақырыпқа шығарма жазушыларға қатысты айтатын бір сөзінде: “Шынайы суреткер – ежелгі әдебиет кейіпкерлеріне кеңестік күртелерді (советские куртки) кигізбейді. Тарихи кейіпкерлер өз заманына сай ойлап, сол заманның оқиғаларына сәйкес сөйлеуі керек”, – деп кеңес береді [101, 311 б.]. Мүшәйраға қатысушылардың сырт келбеттерінің бір-біріне ұқсамайтындығы секілді, ақын жырларының мазмұны, ойлары мен мінездері де бір-біріне ұқсамайды. Ақын сомдаған кейіпкерлерінің әлеуметтік ортасына сай мінез-құлқы, өмір тануы бар. “Мінез – адамның ішкі болмысы, белгілі қоғамдық жағдай қалыптастырған қоғамдық құлқы, барлық психологиялық ерекшеліктерінің жинытығы. Мінез жоқ жерде, Л.И. Тимофеевше айтсақ, ақиқатты “адамдандыру” мүмкін емес. Ал біз әдебиетте ақиқат шындықты тек адамдар арқылы ғана танитынымыз белгілі” [54, 95 б.]. Олар өмірді өздерінше танып, өз ортасының психологиясымен түйсінеді. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері олардың өз сөздері арқылы ашылады.

“Мүшәйра” поэмасының да негізгі идеясы - өткен күн шындығын бүгінгі өмірмен сабақтаста суреттеу болса, Ф. Оңғарсынова осыған орай түрлі көркемдік ізденістерге барады. Кез-келген ақынның өзіндік стилі, фабула, композиция құрудағы әдіс-тәсілінің болатындығы белгілі. Әр ақын күнделікті таптауыр болған жолдан шығып, өзінше тың сұрлеулер салуға талаптанады. Оқырманға өзін өзгеше қырынан танытқысы келетін сәттері болады. Осы тұрғыдан қарағанда, Ф. Оңғарсынова поэмаға мүшәйра формасын бекер таңдамаған. Сыртқы формасы мүшәйраға құрылып, ондағы оқиғалар әлдебір есте жоқ ескі заманда болғандай етіп суреттелгенімен, бұл – нағыз бүгінгі күннің шындығы болатын. Мүшәйраға қатысушы ақындар аузымен айтылған шындық тек сол заманға ғана тән шындық емес, ол – Фариза өмір сүріп отырған ортаның да ақиқаты. Бұл – ақын жанының ащы айқайы. Ал мұндай ащы шындықты өзі өмір сүріп отырған ортаның көтермейтіндігін жақсы ұғынған автор еріксіз осындай пішіндегі шығармалар жазуға мәжбүр еді. Аңыз желісіне құрылған ақындар айтысында бағзы

замандардың қоғамдық өмірінің қайшылықтары айтылса да, оның бүгінгі күнге тікелей қатысы бар.

“Ақындардың көбінің ой-пікірлері, тіпті өлең үлгілері де әртүрлі. Кейде төрт қатарлы шумақ кездессе, кейде толғау-терме формалары кездеседі. Кейбірі рифмаласқан прозалық қатарлар болып та келеді. Жарысқа қатысушылардың сыртқы көрінісі де портрет күйінде берілсе, кей қатысушының іс-әрекеті сәулеленіп отырады, кейде қара сөзбен баяндау да орын алған” [13, 31 б.] Поэмада қазақ халқының жағымсыз қылықтарын, заманына тән зиянды қылықтары тек сырттай ғана суреттеліп қоймай, оның тереңде жатқан сыры, себептері ашылып, айқындалады. Ақынның өзі өмір сүріп жатқан заман шындығынан мол хабар беріліп, бүкіл бір дәуірдің жанды көрінісі жасалады. Алма – кезек сөз алған ақындар аянып қалмайды. Әлі келгенше әрқайсысы-ақ, әділ сөзді айтуға тырысады.

Қайда кеткен әділдік – асыл қылық,

Көр кеудені өртейтін ашындырып?

Кімді көрсең бұғады, шындықты айтса,

Кететіндей біреулер басын жұлып, – деген ақындардың байқампаз назарынан ешбір құбылыс таса қалмайды. “Сол бұқпантайлап, шындықты ашып айта алмағандықтан заман, қоғам келбеті көбінесе келіспей тұрады. Шындықтың әкесі өлген, шешесі жесір, өзі жетім” [18, 2 б.]. Әр ақын барынша өз ортасының келеңсіздіктерімен қоса зиянды қылықтарын әшкерелеуге тырысады.

Қазақ деген елміз деп, халықпыз деп

өзеурейміз жердегі алып біз деп.

Жыр жазуға мадақтап теңеу таппай

Сандаламыз шарқ ұрып, шабытты іздеп.

Жайсаңдарды боларлық жатқа да аңыз

От басында мадақтап мақтанамыз.

Сосын сұңқар топшысын тайдырамыз

Шырқауларға самғайтын шақта нағыз.

...Ұмытамыз ұлыны мойындаудың

Шын сипаты екенін халықтықтың [16, 179 б.], – деп бірінші ақынның аузымен айтылған ащы шындықта қазақ ұлтымен бірге жасасып келе жатқан көре алмаушылық, шын асылды бағаламай, асылды асыл, жасықты жасық деп айта алмайтын жалпақшешейлік сынды “қасиеттерін” сынға алады. Мұны халық аузынан жиі естілетін “қазақтың өлісінің жаманы жоқ, тірісінің жаманнан аманы жоқ” дейтін ақиқаттың ақын жырындағы өлеңге айналған көрінісі десек те болады. “Әділіне жүгінсек, әр сөзден сезіктеніп, әр үтірден күдіктеніп, әр әріпті ежіктеп оқыған тосқауылы көп кешегі тоқырау заманында Ф. Оңғарсынова сынды ақиқатты айқайлап, шындықты шырылдап айтқан ақын кемде-кем” [102, 162 б.], – дейді ақын Т. Медетбек. Алдымен домбырасының құлағын бұрап алып, нық басып ортаға шыққан орақ тұмсық, шегір көзді екінші ақын:

Жағымпаздық жайында жанарды ұғым,

Ондай дарын болмаса қараң күнің,

Намысқорлық, туралық, адалдықпен  
Ақымақ боп көрінер адам бүгін.

Арқандалған бұзаудай, алыс бармай  
Би-болысты маңайлар қалыс қалмай.

... Мықтысының алдында – бір ақ күшік,

Ал басқаға жатпайды құлап түсіп.

... Біреулерге жорғалап ала құрдай,

Біреулерді жерлейді таң атырмай – деп ащы кекесінмен  
жағымпаздықтан түңіледі.

Жаныңа үміт құймасын жалын сенім

Қадіріңнің өлшемі – тағың, шенің.

Билік болса болғаны қолыңда тек

Көк тиындай қажетсіз арың сенің – дейтін келесі ақын атаққұмар  
пысықайларды сынайды, халқының биліктегі құл болып, жылпостық пен  
даңғойлықтан, қызғаншақтық пен күншілдіктен арыла алмай жүргеніне  
назаланады. “Фариза поэзиясын оқи отырып кешегі Абайды қоршаған,  
ақынның ащы дауысын шығарған ортаның психологиясы бүгін түгелдей  
өзгеріп кетпегенін көресіз. Уақыт, заман өзгеріп жатқанымен, адам  
бойындағы ұнамсыздықтар соған ілесе өзіндік түрін, сыртын өзгертіп, ішкі  
берік ұғымын сақтап өмір сүріп жатқаны жаныңа тиеді” [103, 13 б.], – дейді  
ғалым С. Қирабаев.

Қажет емес ақылың, даналығың,

Оларменен артпайды бағаң, құның.

Бір биліктің құлағын ұстау үшін

Дайын қандай іске де адам бүгін [16, 184 б.], – деп ақындардың ашына  
жырлағаны – өмірдің ауырлығы мен қаталдығы ғана емес, адам бойындағы  
арзандап бара жатқан асыл қасиеттер мен адамдық құндылықтар болатын.  
Ұлт мінезіндегі кемшіліктер мен қоғамның көлеңкелі тұстары сыналып  
отырады.

Енді бірде үшінші ақын:

Ақыным, табаныңнан жер қашты ма,

Жоқ әлде жұрт жаман да, сен жақсы ма?

Жалғаннан бір жақсылық көрмейтіндей

Көзіңнің қарашығын шел басты ма, – деп болашаққа үмітпен қарауды  
ұсынады. Жалғандағы жақсылық пен жамандықтың жұптасып жүретініндей,  
поэмада оптимизм мен пессимизм кезектесіп отырады. Олардың бірі  
заманының зарын айтса, екіншісі жақсылығын жыр қылуға шақырады,  
үшінші бірі қызық қуып, сауық-сайран құрсақ деген ой тастайды. Осылайша  
мүшәйра ақындарының қиыннан қиыстырып сөз сайысына түсуімен поэма  
сюжеті де ширығып, дами түскен. Ақындардың басым бөлігі аянбай ел, жер,  
адам тағдыры туралы толғанады. Әр ақын мейлінше шыншыл, батыл  
айыптауға тырысады. Сайып келгенде, халық тағдыры әр қырынан бой  
көтеріп отырады. Өз дәуірінің перзенті ретінде Ф. Оңғарсынова жырларында  
көзге көрінетін, кейде көрінбейтін, көңілмен сезілетін қоғамның неше алуан

құйтыртқы қылықтары көрініс табады. Мүшәйраға қатысушы жетінші ақынның:

Мынау жалпақ жалғанда келбеті кең,  
Мен де шындық іздеумен ержетіп ем.  
Жетіспейді әділет. Бұл тапшылық  
Кеткен емес ешқашан жер бетінен.

Ал мұқтаждың қашан да күні қараң,  
Күні қараң болған соң ғұмыры алаң.  
Ақиқат деп жұлқынып ақырында

Айналада ортаның құлқына адам [16, 185 б.], – деген жырларынан адамзат пайда болғалы бері талайлардың арманы болған “тапшы” қасиеттің бірі – Әділет тақырыбы орын алған. “Көне фольклордан қайнар көзін алған бай қазақ поэмасындағы тамаша дәстүр – бақыт, әділет іздеген халық арманын, ел аңсарын асқақ идеал дәрежесіне көтере гуманистік сарында жырлау, мадақтау” [12, 52 б.] болса, Фаризада бұл дәстүр өзгеше сипатта дамиды. Поэзиясының тақырыбы сан-салалы Фариза ақынды өзгелерден даралай көрсететін басты ерекшелік те – ақиқат, әділдік үшін күрес.

Ал “қос етек ақ көйлектің сыртынан қынама бел қызыл камзол, басына үкілі тақия киіп, үкілі домбыра ұстаған бидай өңді келіншек” – Айсара:

Бұл заманда ер жайлы түсінік кем.  
Ерлік пе екен білекке күш іріккен?  
Азаматтың деңгейі өлшенеді  
Кесек турар мінезбен, кісілікпен.

Бөріктілер жетерлік, рас, мұнда:  
Кісімсіген шетінен тыраш “тұлға”.  
өсек – аяң бүгінде – ердің ісі

қашан әйел қалғалы қыр астында [16, 188 б.], – деп өңі өзгерген ер-азаматтардың істеріне қарны ашады, налиды. Енді бірде өмірдегі және өнердегі әйел жолының жіңішкелігі туралы толғанады.

Жоғарыда айтып өткендей, мүшәйраға қатысушы ақындардың бәрі бірдей қоғамдағы кемшіліктерді айтып, өмірдің тек көлеңкелі тұстарын ғана көрмейді. Сондай-ақ, өмірдің күнгеі тұстарының да барлығын өзге ақындардың есіне сала отырып,

Мынау жатқан мол далам  
Жортып жүріп қорғаған  
Батырларым жоқ па еді?  
Шешен сөзге келгенде  
Жауар бұлттай торлаған  
Ақындарым жоқ па еді?  
Ел тағдырын толғаған  
Дана ақылды қария  
Шың-құздарым жоқ па еді?  
өнерімен ел сүйген

ұл-қыздарым жоқ па еді? [16, 190 б.], – деп мақтануға тұрарлық батырлары мен ақындарының, шешендері мен көсемдерінің, өнерлі өрендерінің барлығын алға тартады.

Мұның бәрін ескермей,  
Жалғыз бейнет кешкендей  
Сөз сөйлейсің дес бермей

Ақынмын деп! Ұят-ау!, – деген “маңдай жалтыраған, салпы ерін он бірінші ақынның сөздерімен “сергек қимылды, бұжыр бет, орта жастағы” он төртінші ақынның жырларынан оптимистік сипат байқалады. Осы айтқандардың барлығын тыңдап отырған Абыз болса:

Таңдана бермей жалғанға,  
Міндім деп шабыт – тарланға  
аз күндік баққа мастанбай  
шындықты айтыңдар жасқанбай.  
Ақыннан асқан шыншыл жоқ,  
Жақыннан асқан күншіл жоқ,  
Ойсыздан асқан мұңсыз жоқ,

Айтыңдар әділ шындықты [16, 202 б.], – деп мүшәйраның соңғы сөзін айтып, бар ойды түйіндейді.

Ақын шығармашылығын сөз еткенде тағы бір айта кететін жайт – оның өлең өрнегіндегі ерекшелігі, жаңашылдығы. Жалпы Ф. Оңғарсынова дәстүрлі поэзиямыздың негізін сақтай отырып, оны одан әрі жалғастырып, дамытушы. Ақын поэмаларына тән философиялық ерекшеліктерді сөз еткенде, ондағы буын, бунақ, тармақ, интонациялық екпін сияқты өлең өрнегіне де тоқтала кету орынды. Ондағы тіл кестесінен көретініміз, жыр ырғағын түсіндіру тұстарында ол батыл тәжірибелер жасайды. Ақын ылғи он бір буын немесе жеті-сегіз буын өлшемдерімен қанағаттанып қоймай, ойдың ағысына қарай аралас буын өлеңдер де жазатынына көз жеткіздік. Сондай-ақ, ол дәстүрді жаңа мазмұн мен тың образ, терең философиямен, тосын теңеу, жаңа сөз орамдарымен байытушы. Ақын поэмада осы мәселені айналасындағы құбылыстармен салыстыра суреттейді. Ақынның негізгі жетістігі көркем образдарды жан-жақты көрсете білуінде десек, көркем образды ашуының негізгі элементінің бірі – олардың тілдері болып табылады. Поэmanın тілі бай, кейіпкерлері шешен. Ақындар ойын әртүрлі ассонанс, аллитерациямен көркемдеп, төгілте баяндайды, архаизмдерді де пайдаға асырады. Осылайша, ырғақ сұлу, көркем суретке құралған жолдар поэзияға қосылған тосын жаңалық деуімізге болады.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы 1960 жылдарды адамзатты күрделі де аса қиын жаратылыс ретінде бағалап, оның жан әлеміне айрықша көңіл бөлуімен ерекшеленеді дегенді жиі айтамыз. Ф. Оңғарсынова поэмаларының ішінен айтпақ ой, ақындық идеясының сонылығымен ерекшеленетін поэмаларының бірі – “Интервью” деп аталады. Автор поэмасын бастамас бұрын қара сөзбен пролог іспеттес былай дейді: “...Палермо университетіндегі поэзия кешіне бару үшін қонақ үй фойесіне түссем, аудармашым күтіп отыр екен. Кешке баратын италиялық екі ақын мектептегі

кездесуден оралмай, біраз күтуімізге тура келді. Фойеде француз телекомпаниясының коментаторы сириялық кинорежиссер Ахмад Фархадтан интервью алып жаттыда, олардың әңгімесін аудармашы маған түсіндіріп отырды. Сол әңгіме қазір де жиі есіме түседі”. Бұл – бір қарағанда поэманың жазылуына ойтүрткі болған оқиға сияқты көрінуі мүмкін. Алайда, ақынның өз сөзімен айтсақ бұл – тек “прическа” ғана.

Ақын осы тақырыпқа келмес бұрын ұзақ ойланады. “Анам Халима мен ес білгеннен бастап, өзі жарық дүниеден өткенше бес уақыт намазын қаза қылған жан емес. ...мен ауырып-сырқап қалсам, бұрышта ілулі тұратын құранқаптан айналасы мүгіліп, беттері сарғая бастаған көне Құранды ала салып менің жаныма отыратын да, парақтарын еппен аударған күйі күбірлеп, мен түсінбейтін тілде әлде бір құпия сөздерді оқи бастайтын. Тіпті сол сөздер маған тыныштық әкеліп, ауру-сурқауымды аластап жіберетіндей әсерде жатқан менің көзім ілініп, тынышталатын болуым керек” [15, 210 б.], – деп бала жастан құран аяттарын естіп өскен ақынның бұл тақырыпқа тегін қалам тартпағаны анық. Ақын жаратушы бір Алланың барына көңілімен, жүрегімен сенгенімен, заманына қарай оны ашық айта алмаған. Айту мүмкін де емес еді. Профессор А. Жақсылықов бұл турасында былай дейді: “Әдебиеттану саласындағы ең жабық тақырыптардың бірі – дін мен әдебиеттің ара қатынасы, олардың қоғамдық танымдағы өзара эстетикалық, рухани әрекеттері болды. Кеңестік кезеңдегі көптеген еңбектерде әдебиет пен өнердің дамуындағы діннің рөлі теріс бағаланып келді” [104, 3 б.]. Сондықтан ақын айта білудің түрлі формаларын іздестіреді. Жоғарыдағы поэманың прологы соның бір үлгісі. Яғни “өгіз де өлген жоқ, арба да бүтін”.

“Интервью” поэмасының композициясы қос кейіпкер – телекомментатор мен кинорежиссердің диалогына, өзара сұхбатына құрылған. Адамның мінез қырларын белгілі бір сәттердегі сезім күйлерін тапқыр әрі ұтымды, қысқа да мағыналы бейнелеудегі ерекше тәсілдің бірі – диалог. Яғни, автор кейіпкер характерін ашудағы қолайлы форма ретінде диалогті қолданады. Поэмадағы ақынның басты мақсаты – адамзат атаулының өмір бойы танып-біліп, түсінгісі келетін, көруге асық “құдірет”, “жаратушы”, “сенім” деген ұғымдардың астарына үңіле отырып, олардың өзін-өзі тануға деген ұмтылысын аңарту. Бұл – қарттары құдайсызданып, жастары шыққан тегін ұмыта бастаған ақын өмір сүрген уақыттың талабы болатын.

Бір құдірет бар дейді асқан дана,  
Қайда онысы жерде ме, аспанда ма?  
Құрығы ұзын деседі сол біреудің  
Дөп тиетін бұққанға, қашқанға да.

Қайда өзінің мекені? Ұлы ма анық?  
Жарылқағыш адам ба нұры жарық?  
Тірі жанға көрінбей отыр ма әлі.  
Жалғыз өзі аспанға шығып алып? [36, 312 б.].



– деген кинорежиссердің риторикалық сауалы шыққан тегі мен дінін, ділін білмей өскен сан ұрпақтың көкейінде тұрғандығы даусыз. Ақын осы арқылы оқырманына ой тастайды, ойлантады.

Алайда автор:  
–Күштіні айтып күлгенмен,  
Солқылдайды шекем көп.  
Пиғылымды бір жерден  
Оқып қоймас па екен деп.

Мазақтаймын есіре  
Мінез–күлкын ортаның.  
Сөйте тұра есіме

Ол түскенде қорқамын, – деп әйтеуір ақ-қараны ажыратар бір күштің барына сендіреді. Бұл поэманың көтерген тақырыбы күрделі, сол уақыт үшін “қиын” тақырыптың бірі болатын. Өйткені, “кеңес дәуірінде партияның үнемі жіті бақылауында болған ақын-жазушылардың шығармашылық еркіндігі сөз жүзінде айтылғанмен, іс жүзінде сақталмады. Сондықтан да, барлық жанрда да, соның ішінде поэма авторларының да нені жазатыны, қалай жазатыны деген шығармашылық хұқы, еркі, шабыты, қиялы белгілі бір дәрежедегі шеңберден шыға алмай, тар құрсауда, қатал шектеуде болғаны рас” [68, 4 б.]. Ақын осы қиындықтарды ескере отырып, айтпақ ойының оқырманға кедергісіз жетуін қалағандықтан, поэманы жеңіл тілмен, сатиралық элементтерді енгізе отырып жазған.

Бейшара жеке дара тым,  
Кеудесі содан өрт кілең.  
Басқаның басын шағатын

Жерлестері де жоқ білем [36, 315 б.], – дейтін телекомментатор сөзінен осыны аңғаруға болады. Ф. Оңғарсынова әлгіндей сұрақтарға жауап іздей отырып, өзі өмір сүріп отырған қоғамды дендеген “дерттерді” бірде жеңіл әжуа, зілсіз мысқылмен сынаса, енді бірде ащы сарказм, уытты ирониямен түйреп отырады. Сөйте отырып, екіұдай сезімдегі кейіпкерінің халіне еріксіз назар аудартады. Лирикалық қаһарманның “күдіретті” іздеуі бара-бара үлкен философиялық ойларға жетелейді, бұл ойлар адамның өзін-өзі жетілдіру идеясына әкеледі. Айтар ой іріленіп мәселе адам бойындағы екіжүзділік пен опасыздық, дүниеқоңыздық пен қызғаншақтық секілді жаман қылықтарға қарай ойысады. Дәл осы тұста:

“Аққа бәрі жақ” десіп,  
өстік жанды даттамай.  
Шындық үшін қақ кешіп  
Ала жіпті аттамай.

Туатындай жұмақ-күн,  
Қоя салып баламды,  
Жанұшырып жұбаттым

Жылап жатқан адамды [36, 318 б.], – деген кинорежиссердің сөздерінен автордың ақындық мақсатымен қоса адами биік қасиеттері де көрініс тауып жатады.

“Интервью” – көлемі жағынан шағындау болғанымен, көтерген тақырыбы күрделі, терең мағыналы поэма. Сонымен, осы поэмасымен ақын не айтпақ болды? деген сұраққа “Бұл фильмде айтайын деген принципіңіз не?” деген телекомментаторға берген кинорежиссердің:

Аспанға ұшпа іздеу сап, жерге сіңбе,

Елеңдеме құлаққа келмес үнге:

Ол күдірет өзіңмен бірге мәңгі,

әр пенденің әлемдей кеудесінде!, – деген сөздерінен жауап табамыз. Осы екі жолға ақынның айтар ойы, соңғы шешуші сөзі сыйып тұр.

Телекомментатор: – Кешіріңіз, соңғы сұрақ...

Кинорежиссер:

Жоқ! Соңғы сұрақты мен қоямын.

Ал, сіз (камераға қарап), кімнің алдында,

Ар күдіретінің алдында тұрғандай,

өзіңізді тәуелсіз, таза сезінесіз?

Сіздің ар-ожданыңыздың “тәңірі” кім? [36, 319 б.].

Ақын осы сұрақтың шешімін оқырманның ой-таразысына салып, ақылмен сараптауына қалдырады. Бұл – тек телекомментаторға ғана қойылған сұрақ емес, жалпы адамзатқа арналған құнды сұрақ.

Ф. Оңғарсынова шығармашылығында циклды жырлар да едәуір орын алады. “Цикл” деген сөздің өзі негізінен грек тілінен аударғанда “дөңгелек, шеңбер” деген ұғымды білдіреді. Ал, әдебиеттану ғылымындағы “цикл” деп автордың саналы түрде жанрлық, идеялық-тақырыптық принциптері бойынша немесе кейіпкердің ортақтығы негізінде топтастырылған шығармалар тобын айтады. Оған енген әрбір өлең жеке тұрып та толыққанды шығарма болады. Жеке –жеке алып қарасаң, бір-бір өлең шежіре болып шыға келеді” [105, 33 б.]. Ақынның “Поэзия”, “Достар – айдын, ел – кемем”, “Бір мерген бар”, “Үйім – менің Отаным”, “Тумаған ойлар туралы жыр”, “Революция және мен”, “Айтыс”, “Менің планетам”, “Әйел”, “Қыз – тағдыр”, “Көктем – күдірет”, “Шаңырақ туралы жыр немесе жас ананың әндері”, “Атын жазбаған студенттің хаты және оған жауап” т.б. циклды жырларының да ақын шығармашылығындағы маңызы зор. Бұл жырларда өзара байланысқан фабула болмағанымен, тақырып ортақ. Ақынның циклді жырлары әртүрлі лирикалық монологтардан құралғанымен, олар іштей біртұтастық танытады.

Сондай-ақ, Ф. Оңғарсынова поэзиясының мағыналық бір бөлігі өмірдің түрлі саласында белгілі болған атақты адамдарға арналған арнау өлеңдері құрайды. Тарихи тұлғалар туралы шығарма жазу кең өріс алған осы тұста, Ф. Оңғарсынованың қазақтың ақиық ақыны М. Мақатаевқа арнаған “Мақатаев туралы жыр”, орыстың ұлы ақыны Лермонтовқа арнаған “Ащылық туралы жыр”, Ә. Тәжібаевқа арнаған “Семсер мен қалқан туралы”, атақты күйші Дина туралы “Күй” диптихі мен Халық әртістері Б. Төлегенова

мен Р. Бағланованың өнерлерін күллі әлемге паш еткен “Бибібұл – ән”, “Назқоңыр” атты көлемді жырлары өнер иелеріне арналуымен қатар, ақын поэзиясында өзіндік өрнек табуымен құнды. Екінші бір жағынан бұл арнауларда ақын өзі араласқан, жақын білетін кейіпкерлерінің өмірінің белгілі бір есте қаларлық тұстарынан оқырманды хабардар етеді. Қорыта айтқанда, ақынның лирикалық поэмаларында кейіпкердің рухани әлемі, мінез ерекшеліктері ішкі монолог пен диалог арқылы кеңінен танылады. Сол арқылы Ф. Оңғарсынова поэмаларының терең философияға ұласып жататын психологиялық иірімдерін көреміз.

## **II тарау бойынша өзіндік бақылауға арналған сұрақтар**

1. Сіздің ойыңызша, лирикалық поэма деп қандай поэмаларды айтуға болады?
2. Лирикалық “мен”, лирикалық кейіпкер терминдерін әдебиет теоретиктерінің еңбегіне сүйене отырып қалай түсіндірер едіңіз?
3. Қазақ қаламгерлерінің өз шығармаларына аңыздық желілерді арқау етуінің себептері неде деп ойлайсыз? Мысалдармен дәлелдеңіз.
4. Қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдер мен циклді поэмалар жайында не білесіз?
5. Қазіргі қазақ поэмаларындағы тенденцияларға қысқаша сипаттама ұсыныңыз.
6. Қазіргі қазақ поэмаларындағы ұлттық идея қалай көрініс табуы тиіс деп ойлайсыз?

## **Өзіндік жұмыс тапсырмалары**

1. Әдебиет теориясына қатысты отандық жән шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі лирикалық поэмаға берілген анықтамаларды жазыңыз және салыстырыңыз.
2. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық поэма жөніндегі әдеби айтыстарды талдап, осы мәселе турасындағы өз ұстанымыңызды ортаға салыңыз.
3. Ф. Оңғарсынованың “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы” поэмасы және қазақ әдебиетіндегі жалғыздық мотиві.
4. Ф. Оңғарсынованың “Қасірет пен ерлік жыры” поэмасы мен ақын Ж. Нәжімеденовтің “Келін” поэмасын салыстыра талдаңыз.
5. Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы психологизм.
6. Поэмадағы ішкі монолог.
7. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық күнделік үлгісіндегі поэмалар.

### **3 Ф. ОҢҒАРСЫНОВА ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК– БЕЙНЕЛІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қандай да бір көркем шығарманың көркемдік құндылығын анықтауда ондағы поэтикалық ерекшеліктерді зерттеудің маңызы зор. Шығарманың эстетикалық деңгейінің биіктігі ақын шеберлігі мен оның тынымсыз ізденісіне тікелей байланысты екендігі даусыз. 1960-80 жылдар қазақ әдебиетінің барлық салалары секілді поэмалардың да тақырыптық және көркемдік–эстетикалық принциптері тұрғысынан дамудың жаңа белесіне көтерілген кезеңі-тін. Осы жылдарда жазылған Ф. Оңғарсынованың кең көлемді шығармалары да қазақ поэзиясында бұрыннан бар дәстүрлерді жалғай отырып, өзіндік ізденістермен қазақ поэмаларының қатарын толықтыра түсті. Ақынның өзгеге ұқсамайтын дара қолтаңбасы әсіресе, поэмалардағы көркемдік құралдарды игеру, оқырманды образды ойлауға ұмтылдыру барысында анық байқалды.

Белгілі бір ақын-жазушының стилін, өзіндік ерекшелігін атағанда оның тіліне, сөз қолданысына айрықша тоқталып өткен жөн. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты құралы десек, ойды жеткізудің алуан түрлі тәсілдері бар. Көркемдік құралдардың қай-қайсысы болса да, суреткердің белгілі бір идеялық-эстетикалық мақсатына орай қызмет атқарады. Қаламгер атаулының басты мақсаты – айтайын деген ойын терең, мағыналы, сұлу етіп жеткізу. “Әдебиеттегі бұрыннан бар метафора, эпитет, теңеулерді қайталамай, қайта санын көбейтіп, түрлерін дамыту ақындар үлесіне тиген міндет”, – дейді ғалым М. Дүйсенов [106, 277 б.].

Ф. Оңғарсынова поэмаларын талдау барысында ақынның тосын теңеу, ерекше эпитет, мазмұнды метафоралармен бірге, басқа да көркемдегіш-бейнелеу құралдарының сәтті қолданыс тапқандығына көз жеткіземіз. Сөздің реңін кіргізіп, тілді ажарлаудағы негізгі көркемдегіш құралдардың бірі – теңеу. Мұнда әрбір суреткер белгісіз нәрсені белгілі бір нәрсеге теңеу арқылы танытып, оның ерекше бір қасиет-сипатын аңғартады. А. Байтұрсынов өз еңбегінде: “Көріктеу нәрсені айыра көрсетіп, айқын шығаруға жарағанмен, нәрсенің бернесін суреттеп көрсетуге күші жетпейді. Ондай орында белгісіздеу сипатты белгілі сипатқа, белгісіздеу нәрсені белгілі нәрсеге теңеп, көрнектеп, ашығырақ көрсетеміз”, – деп теңеуді 1. әншейін теңеу, 2. әдейі теңеу деп екіге бөледі [107, 335 б.].

Қазақ өлеңін теориялық тұрғыда зерттеген ғалым З. Ахметов теңеу жөнінде: “Көпшілікке белгісіз, түсініксіз нәрсені түсінікті, белгілі нәрсемен салыстырып айту бір басқа да, ал бейнелілік сипаты бар көркем теңеу жасау – бір басқа” [96, 35], – дейді. Ақын поэмаларындағы теңеулерге тоқталғанда, мұндағы теңеу түрлерінің көбінесе - дай, - дей, -тай, -тей сондай-ақ, секілді, бейне түрінде келетінін байқадық. Ақын қандай да бір бейнелеу тәсілдерін пайдаланғанда, ол сол суреткердің өзіне ғана тән тілдік қолданысы болуы тиіс. Ф. Оңғарсынова поэмаларында бұрын-соңды ақындарда кездеспеген, ақындық дербес теңеулер де бар. Ол көбінесе әр шумаққа теңеулермен астары қалың мағына береді. Мысалы: “Кеуек тастар секілді іші үгілген”,

“Жайдақ судай кезетін жайылманы”, “Біреулерге жорғалап ала құрдай, Біреулерді жерлейді таң атырмай”, “Шамданады сен айтқан ақиқаттан, Шок шашырап түскендей шаптарына”, “Сана күңгірт ортада сезімдер де, Жылы үйде өскен жемістің шырынындай” /Мүшәйра"/, “Тағдыры толқындағы тал қайықтай”, “Жазғы түндей адамның арда шағы”, “Аққан жұлдыз секілді ғұмырың да” /“Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”/, “Уды да үнсіз шашындар сұр жыландай”, “Нәзік дене бұтадай дірілдеді”, “Жанар онсыз жаныңа күлкі үйірмей, етек-жеңі бөлінбес бір киімдей” /“Тыңдаңдар, тірі...”/, “Өлеңімді сәбидей жетеледім”, “Үні өшкен жетімдей шықтым жасып” /“Сырласу немесе...”/, “Қанды жерден шошынған аққудайын”, “Дала қайғылы әйелдей жаны жара, Сәбисіз үй секілді қаңыраған” /“Дала тағдыры”/ сынды теңеулер ақынның өлеңге биік талғаммен баратындығының көрінісі болса керек. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы теңеулерден ақынның дара мінезі байқалады. Осы орайда академик З. Қабдоловтың “Лирикада мінез болады. Ол – ақынның мінезі. Өлеңім өзіме тарт дегендей, әр өлең тек иесіне ғана тартады” [54, 28 б.], – дейтін әйгілі пікіріне иек артамыз. Ақынның тұла бойындағы мінез ерекшелігі оның жырларынан да көрінуі заңдылық. Өйткені, табиғи мінезсіз өзіндік қолтаңбаның да қалыптаспайтындығы белгілі.

“...Қазақтың бүгінгі ақын-жазушыларының үйреніп, үлгі алатын екі түрлі қоры, екі түрлі қазынасы бар. Оның бірі – қазақтың бұрынғы, бүгінгі ауыз әдебиетімен жазба әдебиеті, екіншісі – орыс әдебиеті мен бүгінгі әдебиет. Әрбір ақын-жазушы күрделі шығарма жазарда осы екі қор, екі қазынаны оймен шолып, солардың жақсысынан, жаманынан үлгі алады, алуға да тиісті”, – дейді ғалым Б. Кенжебаев [108, 136 б.]. Ф. Оңғарсынова поэмаларының жазылу әдісі, ондағы көркемдік құралдарына назар аударғанда, ақынның ауыз әдебиеті, жыраулар поэзиясынан көп үйренгендігі байқалады. Әсіресе, ақын поэмаларында молынан ұшырасатын ақынның таза қазақы ойлауынан туған ұлттық сипат танытар мынадай теңеулері ерекше көз тартады. “Жасқаншақтап күйеудей ұрын келген”, “Адам да жүгені жоқ жүйрік аттай”, “Тойса болды төгіліп тегенедей”, “Көгі көктей бастайды керегедей”, “Еркектер жоқ, құландай кең даладан, Ауып кеткен тігерге тұяқ қалмай”, “Шыбындаған жылқыдай шұлғымасаң, Жатпайды жұрт күшің не көркінді елеп”, “Арқандалған бұзаудай алыс бармай, Би-болысты паналар қалыс қалмай”, “Отқа, суға түседі отар қойдай”, “Аяр, алтай түлкідей қашқан алдан”, “Долы қатындай қарғанған” /Мүшәйра"/, “Тасқында ыққан қойдай маңыраған”, “Соңымнан ұрпақ келер жас қырандай, кететін жеке жортқан арланды іліп”, “Құландай құрық көрсе шығандаған”, “Шабыт та шөлкес мінез, шідерді үзіп, жылғада жортып жүрген бір ақтабан”, “Адам мәңгі жалғайды үміттерді, бір-бірінен көкпардай іліп алып”, “Ірмекті сүттей ашыған”, “Арғымақтай өтсе де ғұмыр ағып” /“Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”/, “Шалға тиген байғұстай шарасыздан”, “Белең алған асаудай бұрылмай ма”, Жапанда жортқан тағы аңдай” /“Сырласу немесе...”/, “Сәуле түспес, жел соқпас мал қорадай”, “Шідерлеулі күліктей”, “Аз-ақ ауыл шалаптай сұйылуда”, “Жолатпайды үйірге жауыр аттай” /“Дала тағдыры”/

“Көңірсіді құйқадай адал далам”, “Адам кейде бұзаудай ноқталаған” /“Қасірет пен ерлік жыры”/, т.б. Сондай-ақ, ақын жайшылықта ешкімнің ойына орала қоймайтын теңеулерді тауып, айтпақ ойын ойнатып, сөзін қырық құбылтады. “Қорқаулар доптай ойнаған, Адалдық, арды лақтырып”, “Атаның егіз ұлындай, ажырамас екі бұрымдай”, “Жартыкеш ай барады жаутаң қағып, Үйінен кеткен қыздай ұзатылып” /“Қырдағы айқас”/, “Түріне тұрсың тым ұқсап, Әжем терген алашаның” /“Ақбөбек жыры”/, т.б. теңеулердің өз орнымен қолданылып, шығарманың танымдық мазмұнын күшейте түсуі де ақын шеберлігінің шындалғандығының дәлелі. Ф. Оңғарсынова поэмаларында теңеудің барлық түрі: жай түрі, күрделі түрі, ұлғайған түрлері де кездеседі

Ақын өлеңдерін сан қырынан талдап, зерттеген ғалым С. Қирабаев ақын өлеңдеріндегі ізденістер турасындағы ойын “Ақынның тіршілігі өлеңімен” атты мақаласында: “Фариза не айтса да нақтылай, сурет тілімен, образбен айтуға ұмтылады, қарапайым жазады. Ол сөзді үнемді пайдаланады. Теңеулерге де жиі жүгіре бермейді, көбінесе метафоралық бейнелер жасайды да, құбылысты суреткерлікпен көрсетуге ұмтылады” [109, 48 б.], – деген екен. Әйтсе де, Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы теңеулерінің ақындық өзгеше ойлам мен тосын түйсіктің жемісі екендігі анық. Жоғарыда келтірілген үзінділерден байқағанымыздай, ақын тілі бай, ұлттық колориті мол.

Сөз бейнелілігі тұрғысынан образ жасаудың айрықша тәсілі метафораның (ауыстырудың) қазақ поэзиясындағы қызметі сан-сала, орны орныққан. Метафора □ екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі [96, 227 б.]. Әдебиетші–ғалым С. Негимовтің: “Ой мен сөзді көркем, әсем, әсерлі, образды берудің эволюциясы барына назар аудардық. Жалпы образды немесе поэзиялық сананың дамуы екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – мифологиялық ойлау, екіншісі – метафоралық ойлау” [110, 24 б.], – деп атап айтқанындай, өлең өрнегіндегі көркемдік мәселелерін метафорасыз зерттеу мүмкін емес. Қазақ тіл білімінде, әдебиет теориясында болмасын метафора аз зерттелген жоқ. Б.В. Томашевский, А.А. Потебня, Қ. Жұмалиев, Б. Хасанов, З. Ахметов сынды ғалымдардың еңбектерінде метафораны басқа тәсілдерден ерекшелендіретін белгілерін анықталады. Ғалымдардың айтуынша, метафораның танымдық, бейнелегіштік, эспрессивтік, мағына тудырушылық, образдылық, герменевтикалық, рецептивтік қасиеттері мен қызметтері бар.

Метафора – дүниені, болмысты танудың көзі. Метафора оқырманға дерексіз заттарды деректі заттар арқылы қабылдауға, құбылыстың эстетикалық, көркемдік қасиеттерін түсінуге мүмкіндік береді. Кез-келген метафора танымдық қызмет атқарады десек, ақын поэмаларында дәстүрлі метафоралармен қатар, ақынның өзіндік дара қолтаңбасын айқындайтын метафоралар да бар. Мысалы: “Сенбеу-ақ керек еді, Жылан – жауға бойлаған керегені”, “Басталды да батыстан қара жорық, Ажал – орақ жөнелді адамды орып”, “Бақыт деуге бола ма бұл тағдырды, Бізді мұрттай ұшырған

тұлпар – жылды” /“Тыңдаңдар, тірі адамдар!”), “Мүмкін өмір – толқын жеп жұқардың ба?”, “Сөз – маржандар жиылмай гүл – қырманға”, “Буындырып ой – толғақ азаптайды”, “Уақыт – толқын шаяды парақтарын, Жолдар жайлы жазса егер жер естелік”, “Қайдан өнер кісілік, пейіл – бұлақ, Адам ажал-қазыққа жүгіреді”, “Сабылтып банды деген сағым қашқын”, “Кәрі таудың құшағына, Тұрақтамай бұлақ – қыздар”, т.б. метафоралардан ақынның әлемге деген өзгеше көзқарасы мен таным-түйсігі аңғарылады. Қай ақын болмасын көркемдік тәсілдерді қолданғанда ең алдымен, өлеңнің эстетикалық қуатын арттыруды, эмоциялық қызметін күшейтуді мақсат етері анық. Әсіресе, ақынның “Мүшәйра” поэмасында әдебиетімізде ең жиі кездесетін басты құбылтулардың бірі – метафора сәтімен қолданылады. Поэмадағы “Сиқырлап сылаң қағып өмір – жеңге, Заман да құбылтады өңін демде”, “Пайымдауға мұрша жоқ заман – құйын, Шырқ үйіріп шырмайды адам миын”, “Су тартыла бастаған қара жердей, Ой-теңізден жырақтап барады адам”, “Шоқығандай сұңқарды тәмам қарға, адалдықты төпейді Заман – балға“, “Ақыл көндей күстеніп бара жатса, Киесіздей көрінер ана-құндақ”, “Қанша мықты болса да өмір – көген, бұл ауруға көнбейді көрінген ем”, “Шындық – Айна жүзінен өздерінің, сиықтарын көргенде шыдамайды”, “Шындық үні шарықтап шырқар ма алға, жерде әлі зұлымдық-қылқан барда”, т.б. сынды ауыстырулар ой образын үстемелеп, поэмаға өзгеше мән беріп, көркемдігін арттырумен қатар, қазақтың өзіне ғана тән ұлттық ойлауынан туғанын айта кеткен жөн. Ақын метафоралары бір нәрсені екіншісіне жәй ғана ұқсатпайды, сондай-ақ, ақын ауыстыруларының ішкі дыбыс үйлесімі, ырғағы да әсем. Сонымен қатар, ақынның “Сайраған жетісудың бұлбұлымын” және “Тартады бозбаланы магнитім” поэмаларында негізгі арқауға айналған ән мен жыр тақырыбына орай мынадай метафоралық қатар түзгені байқалады.

ЖЫР → жарыс, көгі, күрес, жаннат, өткел, әлем,  
 Шолпан, бұлақ, теңіз, құрық, құс, сәуле,  
 жылым

Нұрлы, алмас, маржан, топан → ЖЫР

Арман, аққу, ұшқын,  
 бұлақ, асқақ, шабытты,  
 солғын, жыр, жалқы → ӘН

Байқап отырғанымыздай, ақын метафоралары күнделікті өмірде көп ести қоймайтын соны, әсерлі. Сөзден сурет тудыратын, ойшылдық пен терең сезімталдыққа жетелейтін ақынның үздіксіз ізденісінің нәтижесі. Көркем сөз – поэтикалық образдың арқауы, сол поэтикалық құралды жасайтын бірден-бір құрал. Егер сөз ақынның айтайын деген ойын, жасайын деген образын толық берсе, анық, айқын көрсетсе ғана шумаққа енуі керек. Сонда ғана сөз

шумақта өзінің ішкі, сыртқы бедерін көрсетіп, поэтикалық образға кірпіш болып қалана алады. Сөзді дұрыс қолдану – поэтикалық образ жасаудың басты шарты.

Ф. Оңғарсынова – тілді барынша шеберлікпен қолданатын аса талғампаз ақын. Өлең тілінің бейнелі, көркем, кестелі болып келуі поэзиядағы ой-сезімнің әсерлілігін арттырады. Яғни, бейнелеп сөзден сурет салуға бейімділік – өлең тіліне қажет ең негізгі қасиет. Ақын поэмасындағы сөз тіркестері әсерлі мән-мазмұнға ие болып, маңызды қызмет атқарады. Оның поэмаларында “заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз – эпитеттер” [96, 376 б.] де молынан кездеседі. Эпитеттің өлеңдегі қызметі туралы белгілі ғалымдар: А.Н. Веселовскийдің “Историческая поэтика”, А.А. Потебняның “Эстетика и поэтика”, А.С. Вольфтың “Эпитет как характерологическое средство в творчестве Л. Фейхтвангера”, т.б. ғалымдардың еңбегінде эпитеттің түрлі сипаты қарастырылады. Академик М. Балақаев бір еңбегінде: “...ойды бейнелі, нақты, шынайы көрсету үшін эпитетсіз елестету мүмкін емес”, – деп өте ұтымды тұжырым жасаған болатын [111, 80 б.]. Осы пікірді ескере отырып, ақын поэмаларындағы мына іспеттес эпитеттерге назар аударсақ. Мәселен, “Көңіл- керек, көз – жарғақ, әдемі рең”, “Солғын ән”, “Аққу- ән”, “Бұлақ-ән”, “Ұшқын-ән”, “Аққу ғұмыр мазмұны билік болып”, “Арман-шырақ осылай жанып-сөнер, Үміт-шыбық нәр татпай талып, семер”, “Шер – жусан, кермек - ой”, “Ақ қанат ащы арман”, “Өлімнің қақпас түні”, “Жаттанды үміт”, “Әз үміт”, т.б. эпитетті тіркестер көбінесе абстракты ұғымдарға айрықша өң беріп, мағына құндылығын арттыра түскен. “Әйел-ақындар поэзиясының тілі” атты кандидаттық диссертацияның авторы К.Қ. Есіркепова әйел-ақындар тіліндегі эпитеттердің мынадай үш түрлі жолмен жасалатындығын атап көрсетеді: 1. Сын есімдер ешбір жұрнақсыз түбір күйінде тұрып, зат есімнің сипатын, сынын айқындайды; 2. Зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтар арқылы; 3. Заттың не құбылыстың айрықша белгісін көрсететін сөздер ретінде - ған, -ген; -қан, -кен есімшенің жұрнақтары арқылы жасалатын етістіктер де қолданылады”, – дейді [112, 11]. Бұған ақын поэмаларынан мысалдар келтірсек: 1. “Әр жүректе тырысқан арша-күдік”, “Адамдардың бәрінде үркек сенім”, “Ақ арман өңгеремін”, “Кішілік үйренемін, күміс үн бұлақтардан”, “От мінез. Жанар найза. Жалын ішім” т.б; 2. “Алдамшы үміт”, “Көк мұнарлы көңіл”, “Дулығалы дәуірдің дүмпуінен, адам бара жатқандай малға айналып”, “Қазір менің дауылды теңіз кеудем, Сені көрмей тыншитын емес тегі”, “Жұлдызды әлем, шолпылы бұлақ, түндер” т.б; 3. “Жаныңды құрсаулаған бір ақ шабыт”, “Жол таңдадым жел ұрып, шоқ қарыған”, “Буырқанған көлдегі жаңқадайын”, “Қында жату жазылған қылыш тілге”, т.б.

“Өлеңде терең, тың серпінді ой айтылса, өткір отты сезім берілсе, соған орай бар сөз, сөзбен мүсінделген әр сипат-белгінің де мағынасы зорайып, көтерген жүгі ауырлап, түрленіп, жарқырап тұрады. Эпитетке тән көркемдік, бейнелілік сол сипаттауыш сөз бен сипатталатын сөздің бірлігінен тұрады” [96, 24 б.] деген З. Ахметовтің сөзіне сүйенсек, жоғарыдағы мысалдарды бір-



бірінен бөлек алып қарай алмаймыз. Олай етсек, бейнелілік әлсіреп, өлеңнің көркемдігі кемиді.

Алдыңғы буыннан үйренумен қатар дәстүрді жаңашылдықпен жалғай білген Ф. Оңғарсынова поэмасында ұлттық сипаттағы: “Жанары – айдын, сезімі – от, пүліш – дене, Өзі тірлік – сынада күміс шеге”, “Қайдан өнер кісілік, пейіл – бұлақ, Бара жатса тарылып адамдарда”, “Жыртпаса мұң сауытын бұлқып адам”, “Жарма мінез ақ болсаң, ақымақсың”, “Адамдардың желбуаз жайдақ әні”, “Қайда әйтпесе ақ алмас қылықтары”, “Дөңгеленіп жұмыр бас, жұмыр құрлық, арасында шырқырап құлын – шындық” сияқты эпитеттері шумақтардың мазмұнын айшықтап, айтылған ойды әсерлендіре жеткізіп тұр. Ақын эпитеттері мағына тереңдігімен, сонылығымен, қайталанбайтындығымен ерекшеленеді, ойлантады. Бейнелі сөздер ақындық, эстетикалық сезімнің, дүниені образды, бейнелі түрде танып-білетін және танытатын көркем ойдың бір ұрпағы іспетті.

Ф. Оңғарсынова поэмаларында алмастыру, яки метонимиялар мен синекдоха өте көп кездесе бермейді. Дегенмен де, айтар ойды ықшам, нақты жеткізу барысында ақын бұл тәсілдерді де өз орнымен жұмсап отырады. “Көтеріп ат үстінен алушы еді, Жылатып қоя ма енді қарлығашын”, “Тақсырсыған талай талтағын”, “Жылмың жүз, күңкіл кеуденің”, “Ожау ұстау – бәрінің мұраттары, Әңгі есек пе, атан ба, арыстан ба”, “Жұртқа жағар жақсы боп қалғың келсе, Жүр ортада бірі боп көп торының”, “Бөріктілер жетерлік рас, мұнда” т.б. деген сияқты адамның қасиетіне, мінезіне, қылығына қарата қолданылған метонимия, синекдохалар өлеңге өзгеше өң беріп, образды ойлауға қызмет еткен. Байқап қарасақ, мұндағы “қарлығаштың” бойжеткен қыздың, “талтақтың” бай-манаптың, “ожау ұстаудың” биліктің тізгініне ие болумен, “көп торының” көптің бірімен алмастырылып, жалпының орнына жалқының, бүгіннің орнына бөлшектің қолданылып тұрғандығын көреміз. Орыстың атақты сыншысы В.Г. Белинский: “Он том жазсың, жеткізе алмас ойыңды бір сызып тастай салғандай етіп, жалғыз сөзбен айтып берер – көркемдік”, – дейтінін ескерсек, сөзді дәл өз дәрежесінде танып, тауып қолдана білу шынайы ақындық шеберлік екені даусыз.

Поэзиядағы құбылтулардың ішіндегі аса бір икемдісі әрі жиі қолданылатыны, жансызға жан бітіріп адам мен табиғатты үйлестіре отырып, дерексізге қимыл дарытатын көркемдік тәсілдің бірі – кейіптеу Ф. Оңғарсынова поэмаларында молынан кездесетін тәсілдің бірі. Алайда ақын поэмаларындағы кейіптеулердің өзі түрленіп, сан алуан сипатта көрінеді. Көбінесе ақын поэмаларынан эпитетті және метафоралы болып келетін кейіптеулерді жиі табамыз. Мысалы: “Алаң тірлік ақылды тағалаған”, “Сері сезімдер ойқастасын, Қамау кірпіктер айқаспасын”, “Зұлымдықтың жарына соғылды арман”, “Ақ ұлпа бұлттар қысылып, Көкжиектерге қашқанда”, Шатқаяқтап шындықтың шатқалында, Көмді бәрін өмірдің қой тастары”, “Тымырсыған тірліктер тыпырлайды”, “Жарқ етіп сонда өмірдің ай жанары”, “Жылжымай жалғандықтың қой тастары”, “Жанашырлық бұл күнде торда жылап”, т.б. тіркестер эпитетті

кейіптеулер қатарын құраса “Тауға да жеттік ентігіп, Бұлақ– қыз күлді сылқылдап”, “Жанымды үміт–сәуле аймалады”, “Қара бұлт құрсауласа жер–бесікті, Ақиқат аласұрып сең кешіпті”, тағы да басқа метафоралы кейіптеулер ақын поэмаларынан молынан кездеседі. Сонымен бірге эмоциональды сипаттағы кейіптеулер, теңеумен сабақтас келген кейіптеулер де ақын поэмаларынан табылып жатады. Мысалы: “Күліп атып қылымсып таң алдаған”, “Төріне әкеп өлім мен қайғы лақтырып”, “Дөңбекшіп жатты дүние”, “Өмір, уақыт доп қылып қақса сені, мүжіледі тәкаппар тағы басың”, “Жалтақ жерде жол таппай ар қарманар”, “Жарасымға жалғандық қол сұққанда, Жараланған сезімдер семіп, солар”, “Күңкілдеген өмірге енді түкіргем”, “Қорқаулар доптай ойнаған, адалдық, арды лақтырып”, “Пенделіктің шырмалса арқанымен”, “Еске сап серілерді сыңғырлайды, Қаптаған қарағай мен қайыңнан ән”, “Сосын адалдығы үшін ақымақ деп, Ақиқатты басынан бір тепкенін”, “Қадір қалмай талант пен өнерде түк, Өмір кетіп барады өлеңдетіп”, “Тіркестер тырағайлап, ойларым орнықпады”, “Жайланып отырасың сым – жүйкені, Тыныштық теңізіне шомылдырып”, “Төккенде күн сәулесін шашыратып, Құм жатты ыссылықтан басы қатып”, “Бір қауіп бір үмітпен араласып, Қос жүрек шапқылайды ала қашып”, “Жер қақалды жас қанын тамсап ұлдың”, “Бір-біріне ажалды лақтырып”, “Жер бетінен адалдық ұрланғалы” т.б. сияқты кейіптеулер дерексізге қимыл дарытып, жансызға жан бітіріп қана қоймай, лирикалық қаһарманның да ішкі сезімінен хабардар етіп отырады. “Тілсіз немесе дерексіз нәрселерді сөйлетудің әсіресе ең көрнекті де әсерлі тәсілі – ондай заттар мен ұғымдарды тікелей өз сөздері, төл сөздері арқылы сөйлету амалы” [67, 23 б.]. Аталмыш тәсіл қазіргі қазақ поэзиясында да ақындардың орынды жерінде көп қолданылатын аса оңтайлы тәсілдерінің бірі болып табылады.

Ф. Оңғарсынова поэмаларында сөздік қорымызды байытып, молайтып отыратын синонимдерді өлеңнің эстетикалық қуатын арттыру мақсатында орынды қолданылып келеді.

Қашан да асылдарды арзан дейді,  
Түйсігі аз, тымырсықтар жырды ұқпаған.

Далаға жат көлеңке, күңкіл, күдік..

Әуенінен өрт екпін, қарқын ұғам .

Халқымның маған деген сезім селі,  
Даңқым да, бақытым да, байлығым да. (“Сайраған Жетісудың...”).  
Әйтпесе біздің халық,  
Қызуқанды, от мінез, наркескен-ді.

Онсыз қадір, қабілет, дарының да  
Күн көрмеген тамырдай тұншығады.

Жасандылық, жалаңдық, жалтақтыққа,  
Еті үйреніп барады адамдардың.

Қадіріңнің өлшемі –тағың, шенің.  
Айқай салып, тыпырлап, арпалысып.  
Намысқорлық, туралық, адалдықпен,  
Ақымақ боп көрінер адам бүгін. (Мүшәйра”)  
Жанартау бар, жарылыс бар, дүмпу бар.  
Тұралау, жығылыстар,  
Заманның тыныс, қаны. (“Дыбыстар әлемі”).

Келтірілген мысалдардан байғағанымыздай, ақын поэмаларындағы синонимдер ой ағымының күштілігіне қарай градациялық жолмен үдей түсіп, айтпақ ойды нақты, дәл беріп отырады. Бұл жөнінде ғалым С. Негимов: “Синонимдес сөздер шығарманың экспрессивті – стилистикалық мәнін күшейтеді, толқындата сөйлеуге мүмкіндік береді” [110, 13 б.], – деген болатын.

Ф. Оңғарсынова поэмаларына тән басты қасиеттің бірі – нақтылық. Ақын өмірдің қай қырына қалам тартса да, әр сөзіне мағына дарытып, барынша анық, нақты айтуға тырысады, жорта жорамал жасамайды. Сонымен бірге әр нәрсенің өмірдегі қаз-қалпын поэзия құдіретімен кемелдендіре көрсету – ақын шығармашылығының негізгі басты ерекшелігі. “Өмір шындығын өнерде шынайылау тәсілдерінің бірі – антонимдер” [96, 45 б.] де Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы маңызды орынға ие тәсілдің бірі. Кез-келген өмір құбылысының қарама-қайшылықта, салыстыруларда бағасы білінетіндігі шындық болса, ақынның осы мақсатта пайдаланған антонимдеріне назар аударайық.

Гүл көктем, қарлы қыстар,  
Жанартау, жарылыстар,  
Жылау бар, сағыныш бар,  
Бәріне ынтық сәби бар, қария бар.

Саңқылдаған дауыс бар, мылқаулық бар.  
Пәктік бар, шаң, былық бар  
Ерік те бар, ерікті бұғаулайтын  
Бар әлі тал құрықтар.

Адалдық бар, мейірім бар, зорлық бар./“Дыбыстар әлемі”/.

Сен маған бақыттасың, қайғыдасың  
Сен маған күлкідесің, ашудасың.

Бағым ба, қасіретім ба кезіктірдім.

О, өмір-ай, алдамшы ең неткен,  
Кеше күлдіріп, бүгін жылатқан /“Мен өмірді...”/.

Үлкен-кіші істер жоқ әділдікке,  
Зұлымдықтың болады ірі-ұсағы /“Сырласу немесе...”/

Жеңілістер болады жеңістерде.

Қия шабыс, айыру мүмкін емес  
Терең, тайыз, биік пен аласаны /“Ақан сері аңыздары”/.

Арамға емес, бұл өмір адалға сын.

Тірі деуге – тарамыс қу денелер  
өлі деуге – қимылдап жатқаны анық /“Қасірет пен...”/.

Қарама-қарсы құбылыстарды салыстыруда, оларды бір-бірімен қатар қойып теңестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды тайға таңба басқандай етіп түсіндіруде антонимдердің айрықша қызмет атқаратыны сөзсіз десек, Ф. Оңғарсынова поэмаларында пайдаланылған антонимдердің поэма көркемдігін арттырудағы маңызы зор.

Ф. Оңғарсынова поэмаларынан қос, қосарлы сөздер де көптеп кездеседі. Ақын қолданысындағы: “Арпалысам, асудан-мұңнан өтем”, “Сақтайтын ажал-қырғыннан”, “Ойламай өстім шекпен-тұлып қамын” (“Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”), “Жүрегіме түскендей жара-таңба, Жетіспей жүр мейірім-алақанда”, “Дүмпуіне шыдамай сағыныш-зардың, Жанымдағы жанартау-жарылыстардың” (“Сырласу...”), “Тозғанша тоқым-таралғың”, т.б. қос сөз, қосарлы сөздерден ұлттық таным мен қазақы ұғымның иісі аңқиды. Мұндай ерекшелік жалпы Ф. Оңғарсынова поэзиясынан жиі аңғарылады. “...Әдебиеттің барлық сыр-сипатын, өзіндігімен ерекшелігін танып-таразылауда ұлттық мінез мәселесін аттап өте алмаймыз. Ұлттық айырмашылықтарға тарихи тұрғыдан алғаш баға берген ХҮІІІ ғасырдың атақты ағартушысы И.Г. Гендер: “Түйіндеп айтқанда, адамның тұрмыс-тіршілігінде көп мәселе мезгілге, мекенге және ұлттық мінез айырмаларына тәуелді. Өйткені, ең негізгі нәрсе – халықтың мінезі” деген болатын”, – дейді ғалым А. Шәріп. [66, 93 б.].

Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы кейіпкер сезімі жалаң баяндалмай, ол айналасындағы құбылыстармен, табиғатпен салыстыра, қатар суреттеледі. Мұндай екі ұғымды, құбылысты, сезімді қатар қойып, жұптап суреттеу, яки егіздеу ақын поэмаларында былайша көрінеді:

Ән салып сонда жатты өңір,  
әлемде күңгірт мұң қалмай.  
Адамның бәрі ақкөңіл  
Күлімдеп маған тұрғандай.

Сарғайған дала құлпырып  
Көктем боп кеткен секілді.  
Самал боп өпті ынтығып

Күз желі менің бетімді [36, 97 б.], – деп осы бір үзінді екі бірдей құбылысты, ұғымды көз алдыңызға әкеледі. Табиғаттың құпия сыры мен адам жанының сезім сырларын астастыра, қатар өре суреттейтін психологиялық параллелизм (егіздеу) тәсілі арқылы кейіпкердің жеке психологиясы мен көңіл-күйі де қабаттаса көрінеді. Ақын табиғатты лирикалық кейіпкердің сезімін ашудағы кілт ретінде пайдаланады.

Мен үшін аспан бүгін құлағандай,  
Қызығып енді бізге сығалар ма ай?... [36, 101 б.].

...Дүниенің барлық қызығы  
Үдере көшкен секілді  
Сен ұшқан самолетпенен.

Сен барда мынау қос бөлме  
Ұқсайтын қазды қос көлге,  
Құлазып қалған секілді  
Басынан бақыт көшкендей [36, 103 б.].

Қасында сүйіктісі жоқ, өзін мына әлемде жалғыз, ешкімге керексіз болып қалғандай кейіпкер халін, оның аласұрған неше алуан сезімін жеткізудегі ақын шеберлігі шексіз. Кейіпкерінің бүкіл жан дүниесіндегі мазасыздықты, көңілсіздікті “қаңырағын бос бөлмемен” білдіреді.

Ақын поэмаларында кереғар ұғымдарды бір-біріне бетпе-бет қоятын айшықтаудың бір түрі – антитезалар (шендестірулер) көбінесе антоним сөздер арқылы беріледі. Мысалы: “Біздерге арман ақ көйлек – саған кіршең”, “Зәр болып шықты жаныма ем дегенім”, “Бірін-бірі атарға оғы болмай, Отырса да өтірік күлімдесіп”, “Адам сорлы амалсыз жымияды, Жүрек жылап тұрса да күлген болып” (“Мүшәйра”), “Иықтасып келеміз. Бірақ менен, Мәңгілікке алыстап бара жаттың”, “О, өмір-ай, алдамшы ең неткен, Кеше күлдіріп бүгін жылатқан” (“Мен өмірді...”), т.б.

“Әдеби тілге дауыс ырғағы емес-ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да ажар бітіруге болады”, – дейді академик З. Қабдолов [54, 208 б.]. Ақын аллитерация, ассонас секілді дыбыстық қайталауларға көп жүгінбегенімен, аракідік мұндай қолданыстардың да кездесіп отыратындығын байқадық.

Ұсақтық болса адамда-  
Ұшқын құй жырмен жанына,  
Ұмтылсын алғы таңына,  
Үміттің қылын үзбесін [36, 202 б.], – деген жыр шумағы ассонанс үлгісімен жазылса, төмендегі жыр жолдарындағы ақын ойы қатаң “қ”, “к”, “с” және ұяң “ж” дыбыстарымен кезектесіп келеді.

Қанша ғұмыр алмасты біз кеткелі,  
Қаншама рет ауысты күз, көктемі,  
Қарсыласын атыссыз тілде жеңген.  
Кімдер елең етпеді жеңісті үнге,  
Кімдер көсем болмады жер үстінде [36, 39 б.].

Ей, сор дала, сортанды сорлы дала,  
Соқыр, сотқар жандарға болдың ана.  
Жаны қари болмаса мына халық,  
Сезімдісін, серісін қор қыла ма?! [16, 96 б.].

Жалғандықпен улайды сананды әр күн,  
Жүрегімде сол удан жарам бар мың.  
Жасандылық, жалаңдық, жалтақтыққа  
Еті үйреніп барады адамдардың [16, 200 б.].

Бұлардан бөлек ақын поэмаларынан мынадай аллитерациялы тіркестерді байқадық: “Дулығалы дәуірдің дүмпуінен”, “Айбалтамен жүгіріп аңқауға да, Тойдан кейін толысар пайымдары”, “Жалғандықтың жартасы мықты қандай”, “Күңкілдеп, күмпіп, күндеме”, “Таралғы тақымды талдырып”, “Жыртық жаға, жүн шекпен жаяу жүріп”, “Пікірлермен пішілер тағдырың да”, “Шатқаяқтап шындықтың шатқалында”, “Тірсегіңнен тартқылап, табалаумен, Таң атырмай қояды саған анық”, т.б.

Сөз көркемдігін арттыра түсер айшықтаулардың келесі бір түрі – қайталау. “Қайталау – сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу”, – деп академик З. Қабдолов қайталаудың: 1. жай қайталау, 2. еспе қайталау, 3. әдепкі қайталау (анафора), 4. кезекті қайталау (эпифора) сияқты түрлерін көрсетеді [54, 229 б.]. Ақындық идеясы мен айтпақ ойына ерекше салмақ сала, әсерлі етіп жеткізу үшін ақындардың жеке сөздер мен сөз тіркестерін қайталай жұмсауы поэзияда бұрыннан бар тәсіл болғанымен, оны әр ақынның қолдану әдісі әр басқа. Ф. Оңғарсынова қолданған қайталаулар поэма мазмұнын айқындаумен қоса, лирикалық кейіпкердің көңіл-күйінен де хабардар етеді. Ақын поэмаларында қайталаулар өте жиі кездеспегенімен, аракідік байқалып отырады. Мысалы:

О, гитара, сайра-дағы  
Балқыт балғын денені сен!  
Балқыт мылқау айналаны  
Мен жылаймын, сен егілсең.  
Сайра, жұртты жасқандыра  
Ұғынбаған құлақ талсын! [16, 180 б.], – деген жолдар жай қайталаудың үлгісі болса,

...Әндетіп қойынында,  
Төсінді арамдаған,  
О, менің мұңды далам!  
Ақтарып байлығыңды,  
Құлазып құлдыраған,  
О, менің мұңды далам! [16, 179 б.].

Басшысыз үйде бала азар,  
Тәртіп жоқ жерде жан азар,

Хан мисызда бәрі азар  
Ірілік кетіп жігіттен.  
Айғыры – азбан үйір тоз,  
Шешені – мылжың жиын тоз,  
Бірлігі кетсе елің тоз  
Осыған, Бұқар, қарсы ма ең?!

Мұндағы жыр жолдарының соңғы сөздеріне ерекше тоқталып, оқырман назарын сол сөзге аудара бірнеше рет қайталанып кезекті қайталаудың (эпифораның) үлгісі жасалынады.

Мен қарамын –  
Қасіретім бұл маңдайда сорым болған,  
Азап-мұңның қадады оғын жалған.  
Мен қарамын –  
Табиғаттың мен де бір перзентімін,  
Арқалаған бейнетін жер бетінің.  
Мен қарамын –  
Қасиетті түндердей адалдығым,  
Жүректерді өртеген жанар нұрым.

Дала жолы... бастауын таба алар кім ...

Ізі ме әлде боз інген, қара нардың?

Дала жолы – құпия сыр қаптаған,  
бастауы да, шегі де жұмбақ маған.

Дала жолы керіліп сал қылықпен

Талай мен де жолымнан танды күткем [36, 89 б.].

Бұл – Ф. Оңғарсынова поэмаларында басқаларынан көбірек қолданылатын әдепкі қайталау, яки анафораның шебер жасалған үлгісінің бір көрінісі. Поэманың әр жолы бір сөз немесе бір сөз тіркесінен басталып отырады. Мұндай қайталаулар поэманың көркемдік ажарын кіргізумен қатар, негізгі темірқазық ойдың берік те нық болуына қосымша қызмет етіп тұрғаны анық. Қайталаулардың басқа түрін ақын поэмаларынан кездестіре қоймадық.

Ф. Оңғарсынова поэмаларында көптеп кездесетін кестелі сөз, шымыр шумақ, жақсы тіркестердің де поэманың шырайын ашып, шұрайын кіргізудегі атқарар қызметі зор. “Көп жабы көлденендеп көсілгенмен, қадірін серіктестің тұлпар білмек”, “Адамдардың кәсібі– алшаң басып, Ой – теңізден жырақта қарын тырнау”, “Сосын сұңқар топшысын тайдырамыз, Шырқауларға самғайтын шақта нағыз”, “Арыстанға аңсатып тарлан күнін”, “Күншілдіктің суыры сананы жеп”, “Ақтың аппақ екенін біреулерге, күйзелесің дәделдеп ұқтыра алмай” т.б. сияқты ақынның өмірдің өзінен алып, терең ойға құрылған афоризмдері мен қанатты сөз тіркестері оқырманын таңдандырмай қоймайды. Көркемдік ізденістерін үнемі толықтыра отырып, заман жайын, халық сөзін көкейінде ұстаған Фариза поэмаларынан оның азаматтық келбетін, ақындық кредосын анық байқаймыз.

Көркем шығармаға мейлі ол прозалық, мейлі поэзиялық шығарма болмасын ерекше бір өткірлік дарытатын, оқырманын бей-жай қалдырмайтын өтімді құбылтудың бірі – ирония, сатира, сарказм. Мысалы, ақын өз поэмасында: “Күштінің” азап маған, кәріне ілінгенім. Мысықты мазақтаған, тышқандай күнім менің”, “Аузыңды ашса санайды тісіңді де, Қимылың да бағулы, ғұмырың – сын”, “Адам басы – алла емес, адамдардың, Көңіл соқса ойнайтын қуыршағы”, “Қажет емес ақылың, адалдығың, оларменен артпайды баған, құның”, “Біреу өліп жатса да, жайбарақат, тұрғаны сол түйсіксіз ыржаң қағып”, “Келеке ғып өзіне күлгендермен, қосарланып өзі де ыржияды” т.б. ирония мен сарказмді қолданғанда өмірде, тұрмыста кездесетін келеңсіз, оқыс жәйттарды көрсете отырып, адам мінезінің сырын ашу үшін пайдаланады. Бұл кейіпкердің дара характерін ашуға мүмкіндік береді.

Символ – балама бейне. Оған негізгі ойды, айтқалы отырған нәрсені, құбылысты сол балама бейне, сурет арқылы тұспалдап көрсету тән. Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде символға мынадай анықтама беріледі: “Символ – қандай да бір құбылыстың мәнін шартты түрде білдіретін сөз немесе зат. Жалпыға бірдей түсінікті символикамен қатар әдебиетте ақындар тудырған индивидуалдық символдар бар. Олардың мәнін ашу үшін автордың поэтикалық әлеміне үңілу керек” [96, 154 б.]. “Өмір атты бұрқаған дарияға, Бұрымымнан ұстап ап лақтырдың”, “Оны да бір күн күз-жардан лақтырмайсың ба?”, “Қырында қылаң берген қызғалдақты, Құйын жел кетеді айдап құм далаға”, т.б. мысалдардан байқағанымыздай, автор мегзеп отырған нәрселерін тек ишатарпен ғана білдіріп отырады. Яғни, суреттеп отырған белгілері ап-айқын күйінде көрінбей, тұспал сурет арқылы елес береді. Әрине, тұспалдап сездіру, тұспалдап суреттеу орнын тауып қолданғанда ғана ұтымды, орамды шығады.

Ф. Оңғарсынова поэмаларының көркемдік қырының тағы бір сыры фразеологизмдер, яғни тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің байыпты қолданыс табуында жатыр. Фразеологизмдер – ақын жырларындағы белгілі бір бейнені көз алдына елестете суреттеудегі поэтикалық құралдың бірі. Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы фразеологизмдердің басым көпшілігі халық тілінде бұрыннан қолданылып келе жатқан үлгілер. Алайда, ақынның шеберліні де сонда – ол күнделікті естіп жүрген тұрақты сөз тіркестерінің өзін өңін құбылтып, керек жеріне сай ойнатып қолдана береді. Мысалы: “Ошаққа отырғызып кетті мені, Әне бір ұзын бойлы ақ сұр жігіт”, “Бұлт айналып, басыңның тайды бағы, бақ дегенің қашан да айнымалы”, “Қайғылыға қылышын кеземейді, ат құйрығын үзіскен дұшпаны да”, т.б.

Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы ауыз әдебиетіне тән көркемдік құралдардың бірі – гиперболаны пайдалануы да сәтті, ұтымды шыққан. Сөзімізге мына мысалдар дәлел болса керек: “Күлімдесе – көн дала көл болады, қабақ шытса – демінен шыны балқып”, “Айдай ару көріктім, Оймақ аузың шоқ шашып, Сен де бүгін желіктің”, “Жасыл жайлау даламда, қойларым да құнандай”, “Айтысып әлек болған талайлардың, тірідей оқытқанмын жаназасын”, т.б. Градация: “Кімді де болса, әйтеуір сүйші, – деп



жүрек, Жалындым, талдым, жүдедім...”, “Бұл да сабақ азаптан талса денен, Сеніп, сүйіп, алданып, шарша дер ем”, “Жүрген кезде құлазып, жылап-талып”, “Жаныңызды тор астында бұлқынған, елестетіп, елжірегем, жылағам”, т.б.

Ф. Оңғарсынова поэмаларының буын мәселесіне тоқталғанда, ең алдымен айтарымыз, ақын поэмасында қара өлеңнің алар орны ерекше. “Қазақ өлеңіндегі қасиеттің көптен-көбі буында жатыр. Өлеңді өлең ететін ырғақ болса, қазақ өлеңіндегі күллі ырғақ буынмен үндес. Керек десеңіз, тіпті ұйқассыз (ақ) өлеңнің өзін өлеңге айналдыратын бірден-бір күш, құрал осы– буын”, – дейді академик З. Қабдолов [54, 259 б.].

Әдебиетші-ғалымдар арасында он бір буынды өлеңнің шығу тегін жеті буынды өлшемнен шыққан деген пікірлер де болғандығын білеміз. “Өлең сөздің теориясы” атты еңбегінде өлең сөздің білгірі З. Ахметов 11 буынды өлең өлшеміне қатысты былай дейді: “Академик Ф. Корш жеті буынды өлең тармақтың басында немесе аяғында ырғақтық бөлшегі (яғни бунағы) қайталану арқылы, он бір буынды өлшемге айналуы мүмкін деп санаған. Ал Ш. Уәлиханов қара өлеңге былайша анықтама береді: “Қара өлең – әдеттегі, үйреншікті өлең, бұл өлең төрт шумақты, әр шумақта жеке-жеке ой жатады” [113, 165 б.].

“Он бір буынды өлең өрнегін Т. Ковальский жеті буынды өлшемнің өзгерген түрі (видо-изменение) десе, В. Гордлевский оны бас жағы қосарланып өсірілген 7 буынды өлең деп қарауға болады деп санайды”, – деген ғалым З. Ахметов 11 буынды өлеңді 7 буынды өлшемнің өзгерген түрі деген пікірлермен келіспейтіндігін айта келе: “Он бір буынды өлең өлшемінде бұрыннан белгілі өлшемге қосымша кіргізу, өзгеріс енгізу арқылы пайда болған кейбір өрнектердегідей жасандылық жоқ, ...ырғақтың құрылыс өрнегі мейлінше ширақ және жатық, әуезділік, үнділігі жағынан әбден келісті, кең тынысты болып келген, соның нәтижесінде аса кең тараған өлшем” [96, 148 б.], – екендігін нақты айтқан болатын. Ғалым Б. Кенжебаев болса: “...қара өлеңмен әр алуан тақырыпты, әр алуан мазмұндағы шағын өлеңдер де, бірер шумақ айтыс, жұмбақ, мақал-мәтел, күлкі-сықақ өлеңдер де, ұзақ желілі үлкен дастан-поэмалар да шығарылады”, – дейді [108, 44 б.].

Қазақтың қай ақыны да соқпай кете алмаған, ұлттық поэзиядағы негізгі орынға ие мұндай өлшем өрнегі – ұзақ уақыттық әдеби сыннан өтіп, халықпен бірге жасасып келе жатыр. Ф. Оңғарсынова поэмасындағы қара өлең ақын ізденімпаздығының нәтижесінде сан алуан құбылыста көрінеді. Айталық, “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын” поэмасындағы Сараға арнаған ақынның

4 3 4  
/Ақын Сара, // санлағы // жыр-жарыстың/, 11

4 3 4  
/Шашылғандай //бейуақта// шыңнан ұшқын/. 11

4 3 4  
/Арманшылдау //жанымды // алау шарпып/, 11  
4 3 4

/Қанатымды // жырыңа// шыңдап ұштым/, – 11  
деген жыр шумағы кәдімгі қалыптасқан, дәстүрлі қара өлең түрінде келген болса, Сараның өз аузымен айтылған монологы былайша құрылады:

3 4 4  
/Үш жүзге // даңқы кеткен // Сара басым/, 11

3 4 4  
/Сазымен // табындырған // дана, жасын/. 11

3 4 4  
/Айтысып, // әлек болған // талайлардың/, 11

/Тірідей // оқытқанмын // жаназасын/. 11

Бұл шумақтағы буын кезегі жоғарыдағы үзіндіден байқағанымыздай, 4-3-4 түрінде емес, алғашқы бунақ 3 буын, қалған 2 бунақ 4 буыннан құрылып, 3-4-4 буын кестесі түзілген, он бір буынды өлең ұйқасымен жазғанымен, ішкі құрылысы жағынан жаңалықтың лебі танылады.

Ф. Оңғарсынова поэмасындағы қара өлеңнің қолданылу ерекшелігін сөз еткенде, ерекше тоқталар бір жайт бар. Ол – ақынның қара өлеңінің көбінің 7-8 буынмен басталып, я болмаса аяқталып отыруы. Мысалы,

3 4  
/Бер маған, // домбыраны/ 7

3 4 4  
/Жерітті //мына жұрттың // солғын әні/. 11

3 4 4  
/Мен салсам //аққу әнге, // ілесе алмай/ 11

/Бәлсінген //бозбалалар //болдырады!/, 11

Келтірілген үзіндіден көріп отырғанымыздай, алғашқы тармақ 7 буынды 3 буын + 4 буын=7 буын түрінде келіп, қалған үш тармақ 3 буын + 4 буын + 4 буын = 11 буынды болып отырады.

Сол сияқты, керісінше, “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы” поэмасындағы

4 3 4  
/Таң атарда //еске алам // күнде сені/, 11

4 3 4  
/Көмейіме //тығылып // мұң кесегі/. 11

3 4  
/Көз алдымнан //кетпейтін //нұр бейнеңмен/ 11

/Жүрегім // тілдеседі/, 7

деген жолдардағы алғашқы үш тармақ 4 + 3 + 4 = 11 буынмен келіп, соңғы тармақтың 3 + 4 = 7 буынмен аяқталуы байқалады. Мұндай мысалдар тек қана 7-8 буынды өлеңдерде немесе 11 буынды қара өлең ұйқастарында ғана кездесіп қоймайды. “Бұған қоса біз мына жайттарды да аңғардық, – дейді С. Айбергенова. Фариза ақын шумақтың соңғы тармағын жеті буынмен түйіндеуді тек қара өлеңде ғана емес, он үш буынды, он бес буынды, он сегіз буынды өлең формаларында да қолданады” [114, 117 б.]. Сондай-ақ, жеті

буынды тармақпен бастап жыр жазу да ақынның қара өлеңнен бөлек көп буынды өлеңдерінде де молынан ұшырасады.

7  
/Сен ызаландың ба екен?/ 7  
5 5 6 3  
/Қампық қарынды // отандастарың // қараңғы көкірек // түн кеуде, 19  
5 5 5 3  
/Дүниенің бәрін // алтынмен өлшеп, // алшаңдай басып // жүргенде? 18  
4 5 6 3  
/Ұлт, ар-намыс, // әділет деген // сені тыншытпаған // көп ойлар 18  
6 3  
/Қаңсыған бастарға // кірген бе?/ [36, 184 б.] 9

– деген поэма жолдарындағы бірінші тармақ 7 буынмен басталғанымен, қалған тармақтардың буын саны әртүрлі он тоғыз, он сегіз, тоғыз буыннан болып келеді. Яғни, ақын өлеңдерінің басым көпшілігінің 7 буыннан басталып, яки аяқталып отыруын ақынның өзіндік дара қолтаңбасының бір көрінісі ретінде бағалағанымыз жөн.

Ф. Оңғарсынованың 11 буынды қара өлең үлгісімен жазылған поэмаларына жіті көз жібергенде, ақынның кейбір поэмаларында 11 буынмен 7 буын кезектесіп келіп отыратындығын байқаймыз.

4 3 4  
/Қилы күнді //көп кешкен //халқым менің/, 11  
3 4  
/Шабытты // бал күндерім/. 7  
4 3 4  
/Көкірегімнен // күй болып // ақтарылса/, 11  
3 4  
/Ол – сенің // даңқың, демің! [36, 296 б.] 7

Өлең а,а,б,а түріндегі қара өлең ұйқасына құрылғанымен, бірінші, үшінші тармақ 11 буынмен келеді де, қалған екінші, төртінші тармақтар 7 буынды болып отырады. Бір өлеңде 11 буын мен 7 буынның араласып отыруының тағы бір үлгісі мынадай:

3 4  
/Қосылған //сағынысып./ 7  
4 3 4  
/Жүректерде // тыншу жоқ // алып-ұшып. 11  
4 3 4  
/Дүниенің // бәрі ұмыт.// Елжіреуден/ 11  
3 4  
/Денелер //жанып, ысып/. 7  
3 4  
/Көңілдер //алабұртып/ 7  
4 3 4

/Рахаттың //жаңбырын // жанар іркіп.../ 11  
           4                  3                  4

/Тек осылай // сүйе алады // бұл өмірде/ 11  
                                   3          4

/Қос жүрек // адал, ынтық/ [37,211 б.] 7

Мұнда бірінші тармақ пен соңғы тармақ 7 буыннан құралып, екінші, үшінші тармақтар 11 буынмен келіп, кезектесіп отырады. Осылайша өлең ырғағы қысқа тармақтан ұзын тармаққа, ұзын тармақтан қысқа тармаққа ауысып отырады.

Ақын поэмаларында кейбір жағдайларда буындардың қос-қосымен келіп, кезектесетін үлгілері де байқалады.

/Болашақ //ұрпақ, саған/ 7  
           3                  4

Көңілде // сыр сақтағам,/ 7  
           4                  3          4

/Сыр емес-ау, // сұрақтар, // шегіністер,/ 11  
           4                  3          4

/Сендердегі // жеңістер, // жеңілістер,/ 11  
           3                  4

/өмір мен // адам жайлы,/ 7  
           3                  4

/сезім мен //заман жайлы/ 7  
           4                  3          4

/нәзік жыныс// құштар ғой //білуге әлі,/ 11  
           4                  3          4

/өр мінез боп // кетпесе //бүгін бәрі [36, 32 б.] 11

– деген поэма жолдарында бірінші, екінші тармақтар 7 буынның құралса, үшінші, төртінші тармақтар 11 буынды қара өлең үлгісімен жасалған. Алайда, буын сандарының алмасып, араласып келулері қара өлең табиғатын бұзбайды, себебі ондағы ұйқас, ырғақ талаптары үнемі ескеріледі. Жоғарыда келтірілген мысалдардан аңғарғанымыздай, Ф. Оңғарсынова қара өлеңнің өзін сан құбылтып, қолдағы бар қазынаны жаңғыртып, жаңартып пайдалана біледі. Тамыры тереңге жайылған халық ауыз әдебиеті үлгілерінен нәр алып, шығыс шайырлары мен батыс әдебиетінен сусындап, Абайдай бас ақын мен мiр оғындай жырлары бар Махамбетті пiр тұтқан ақынның 11 буынды өлеңге атбасын тiремеуi мүмкiн емес.

Ф. Оңғарсынова поэмаларында “қазақ поэзиясына арнаулы өлшем ретінде шұғыл сіңіп кете қоймаған” [96, 265 б.] 10 буынды өлең үлгісімен жазылған жыр жолдары да кездеседі.

/Отыра кеттім // дірілдеп тізем./ 10  
           5                  5

/Аймалап тұрды // сені сол жігіт/ 10  
           5                  5

/ Енді мен қалай // күнімді өткізем,/ 10  
           5                  5

/Оралар деген // өшті соңғы үміт./ 10

5 5  
/Сезімім мұнша // алданар деп пе ем,/ 10  
5 5  
/Желге ұшып // менің гүлім бұр атқан./ 10

4 5  
/О, өмір-ай, // алдамшы ең неткен,/ 10  
5 5  
/Кеше күлдіріп, // бүгін жылатқан/ 10  
 (“Мен өмірді сен деуші ем”). [36, 107 б.].

Ф. Оңғарсынова қолданған 11 буындық өлшемдерден кейінгі ақын поэмаларында кеңінен дамытылғаны – дәстүрлі 7-8 буынды толғау түріндегі жырлар болып табылады. “Толғаудың жанр ретінде қалыптасуы халықтар әлі бөлініп үлгенмеген, XIII-XIV ғасырларға сәйкес келеді. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясында толғау ерекше өркендеп, өзінің ең жоғары даму сатысына жеткен. Толғау тарихы жыраулар поэзиясына тікелей қатысты” [115, 29 б.]. Түркі халықтарының ортақ ауыз әдебиеті үлгілерінен бастау алатын аталмыш өлшемдер – Ф. Оңғарсынованың өте шеберлікпен жиі қолданатын өлең түрінің бірі.

3 5  
/Ой кешіп, // көрмей жан тыным,/ 10  
3 5  
/Тергенмен // сөздің алтынын,/ 10  
3 5  
/Тапқанмен // кейде хан тілін,/ 10  
3 5  
/Ақындар // ақын бола алмас/ 10  
3 5  
/Айтпаса // мұңын халқының/ 10  
3 5  
/Тозғанша // тоқым –таралғын/ 10  
3 5  
/Шертпесең // шерін заманның / [36, 201 б.]  
 (“Мүшәйра”)  
5 3  
/Шын ақын болсаң, // тартынба,/ 10  
5 3  
/Назағай болып // жарқылда./ 10  
5 3  
/Жер ошағыңның //басында/ 10  
3 3  
/Бақытыңа маз боп // қалмағын/ [36, 119 б.].  
 (“Алмас қылыш...”)

“Қазақ өлеңінде әдетте 7 буынды тармақ пен 8 буынды тармақ араласып, алмасып келе береді. 7 буынды тармақ 4 буын + 3 буын болып құралса, онымен алмасып отыратын 8 буынды тармақ 3 буын + 2 буын+3 буын болып келуі мүмкін. Тармақтары осылай құрылатын 7-8 буынды өлшем – қазақ

поэзиясында кең қанат жайған, ең өнімді түрі” [96, 133 б.]. Мұндай 7-8 буындар алмасып келетін мысалдар ақын поэмаларында баршылық.

4 3  
/Ей, Абылай//– бас ханым!/ 7

4 3  
/Бас болсаң да// аспағын./ 7

5 3  
/Алыс пен жақын // жерлердің/ 8

5 3  
/Кәрі мен жасын, // асқағын/ 8  
3 3

/Айбарыңмен // жасқадың./ [36, 92 б.]. 7  
 (“Дала тағдыры”)

“Жеті буынды өлеңді академик Ф. Корш: “Мейлінше ықшам, мейлінше мол тараған, түрік жазу-сызуының тіпті көне ескерткіштерінен кездесетін жеті буыны өлеңді хронологиялық жағынан, сірә, бар өлеңнің басы деп білген жөн болар”, – деп есептесе, академик В. Гордлевский: “Түрік нәсілдес халықтардың бәріне жаппай таралуына қарағанда, 7 буынды өлең түрін әнінің ең негізгі және ең ескі өлшемі тәрізді”, – деген екен” [54, 29 б.] Академик Ф. Корш, В. Гордлевскийлер осылай деп жеті буынды өлшемді түркі өлеңінің ең негізгі және ең ескі өлшемі деп санайды. Қалай дегенде де, 7 буынды өлеңнің түркі тілдес халықтар тарихындағы ең көне жазба үлгілері екендігі анық.

Жеті буынды өлеңнің өзіндік ерекшелігіне тоқтала келе академик З. Қабдолов: “...бұл өлшемнің ырғағы әр күйге бір түсіп, құбылып тұрады”, – деп осы өлшемнің 1. Бас бунағы 4 буын; 2. Бас бунағы үш буын; 3. Бас бунағы екі буыннан болып келетін түрлері бар екендігін айтады [54, 270 б.].

4 3  
/Нұрын төксе, // Ай, Күнім,/

4 3  
/Асыр салған // тай, құлын/

4 3  
/Төрт түлігім // тең өсіп,/

4 3  
/Асып жатыр // байлығым./

4 3  
/Жау жасқанған // көргенде/

4 3  
/Батырымның // айбынын,/

4 3  
/Елдігімнің // сөзбенен/

3 3  
/Тізе берем // қайбірін/ [36, 189 б.].  
 (“Мүшәйра”)

Жоғарыда келтірілген мысал 7 буынды өлең өлшемінің бас бунағы 4 буыннан келетін түрі болса,

3 4  
/Кетсе де //бақ тасаға,  
3 4  
/Сен жалғыз// бақсың маған/  
3 4  
/Тақыр қып // таптаса да,  
3 4  
//Ешкімді // жатсынбаған/  
3 4  
/Ешкімге // таңданбаған/  
3 4  
/О, менің // аңғал далам!/[36, 181 б.]

(“Қарғыс”)

Бұл – жыр жолдарының бас бунағы 3 буыннан басталатын үлгісі. Бас бунағы 2 буын болып келетін 7 буынды өлең түрін ақын поэмаларынан кездестіре қоймадық.

Ф. Оңғарсынова поэмаларына аралас буынды өлең өлшемдері де жат емес. “Аралас буынды өлшем – қазақ поэзиясында ұзынды-қысқалы әртүрлі тармақты келетін өлең өрнегі, Абайдың “Бай сейілді” сияқты өлеңдерінен бастап орныққан төрт буынды тармақпен жеті-сегіз орынды тармақтар араласып келетін өлең үлгісіне жатады” [96, 49 б.]

4 /Мен қызың ем/  
/Ақ үміттерменен // еркіндіктерге// талпынған.  
13 /Сүйіктіменен // күн кешер ем-ау // басым айналып // балқудан.  
18 /Мен саған сені // қастерлеп өтер // қызу қанды ұлды // сыйлар ем  
18 /“аналап” ерер // артымнан [36, 183 б.] (“Қарғыс”)

5 /Ұйқыңды аш, қане,  
8 /Сөзіме менің // сал құлақ/  
13 /Ақ найза алмас // жырымды менің // қалғандай бүгін // тот басып,  
/Тұрушы еді-ау, // от шашып!/[36, 115 б.] (“Алмас қылыш...”)

8

7 /Сені “тағы” деседі/

18 /Сұрғылт кеуделер// тентіреп келген //ұмытып елін, //мекенін,  
 13 /(соларға қаным //қайнамай енді //не етемін?)  
 18 /Құштарлықтардан //мақұрым қалған //сорлы кеуделер //ұққан ба/  
 19 /Тағылым – деген //табиғаттай пәк //тағылықта ғана екенін!/  
 5 /Олар білмейді – /  
 15 /Қорлауыменен //кемітуінің өзі //сабақ боп,  
 8 / есейтіп мені кетерін/ [36, 184 б.].

Ф. Оңғарсынова жырларының өршіл оптимистік мұңдарының пафосы, сезімдері көбіне музыкалық әуен-ырғақтарға, паузаларға құрылып, ұтымды шыққан. Өзіне дейінгі поэзия үлгілерін жетік біліп, игерген Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы аралас буынды өлең өлшемдерінің де үнемі ұйқас, ырғақтары берік орнығып, өлеңнің “теп-тегіс, жұмыр” шығуына қызмет етіп отырады.

Ғалым З. Ахметов “Өлең сөздің теориясы” еңбегінде Ф. Оңғарсынованың “Сен үшін сонау алыстардағы елес ем...” деп басталатын өлеңінің буын санының ерекшелігіне тоқтала келе: “Ақын он үш буынды тармақтарға сегіз және кейде он сегіз буынды тармақтарды қосып отырған. Және оларды шумақ ішінде белгілі ретпен кезектестіріп, келісті өркен жасай алған”, – деген болатын. Ақын поэмасына тән осы айтылған ерекшеліктер мына мысалдар арқылы қарастырып көрелік.

5 3  
 /Дауылды менің// ғасырым!/  
 5 5 3  
 /Ұлылығыңа, // қайсарлығыңа // бас ұрам/  
 5 5  
 /Сендегі құйын // екпінге ере алмай/  
 5 3  
 /Жүргендер үшін // ашынам/  
 5 5 5 3  
 /Табына алмайтын //бейшара жандар //сұсты кейпіңнен//  
 шошынып  
 4 3  
 /Ұрмай-соқпай // жасыған/ [36, 177 б.].  
 (“Қарғыс”)

Алғашқы тармақ пен төртінші тармақтың буын саны бірдей 5 буын + 3 буын = 8 буынды, ал қалған тармақтардың саны әртүрлі он үш, он сегіз, жеті буынды. Дегенмен, буын санының осылайша әртүрлі болып отыруы



поэmanın мазмұнына, көркемдігіне ешбір кері әсерін тигізбейді. Керісінше, өлең ырғағы ақын ойының айқын болуына қызмет етіп тұр.

Ф. Оңғарсынова поэмаларында белгілі бір ақын қолданатын қатып қалған буын өлшемі жоқ. Айтар ойын ырғаққа бағындыратын ақын поэмасында 14, 15, 18, 19 буынды тармақтар да кездесе береді.

/Сен жылап алдың ба екен,/

/Жолдасыңды көріп // анасыменен // басқа бір тілде // ұғысқан/

/Осындайлардан // жаның күйгенде // жанарыңнан кекті // мұң ұшқан/.

/Ертерек сені // есейтті ме екен // “мәдениетпен” сырқос // біреулер/

/Халқының қанын // мойындамауға // тырысқан/ [36, 184 б.].

(“Қарғыс”)

Мұндағы 7 буынды бірінші тармақ ешқайсысымен ұйқаспай, ой салмағын келесі тармақтарға артып тұр. Қалған үш тармақ 19 буыннан, соңғы тармақ 13 буыннан құралған. Яғни, ақын өлеңдерінде жиі қолданатын көп бунақты тармақтар поэма жанрында да ақынның өнімді өлең өлшемінің бірі. Қазақ ақын әйелдер поэзиясын зерттеуші С. Айбергенованың сөзімен айтсақ: “...Мұның өзі сырты сұлу көріну үшін ғана емес, көркемдік, образдылық, әуезділік үшін таптырмас құрал секілді әсер етеді” [114, 113 б.].

Ақын қолтаңбасы айқындайтын басты белгінің бірі – ырғақ. Ырғақтың негізі өлеңнің буынында, бунағында, тармағы мен ұйқасында. Өлеңді өлең жасайтын да ырғақ. Поэmanın өлең құрылымындағы басты және шешуші ерекшелік – өлеңнің ырғағы мен ұйқасында, олардың үнді үйлестігінде. В.В. Маяковский: “Өлеңді қалай құрастыру керек” деген мақаласында “Ритм – это основная сила, основная энергия стиха” деп өлеңнің поэзиялық қажеттілігінде ырғақтың шешуші рөлін көрсетеді.

Ф. Оңғарсынова өлеңдерінен бастап, кең көлемді поэмаларына дейін өз қолтаңбасын танытуға ұмтылады. “Сенің өлеңді оқығанда, бір жолын аяқтағанша, Атыраудан Алматыға жаяу барғандай демігіп қаламын” деген пікірді айтып жүр жұрт”, – деген едің. Мүмкін... о да мүмкін. Бірақ өлең ырғағын өмір тынысы белгілемей ме? Ал өмір тынысы бір сарынды ма? Бір сарынды күндердей, бір сарынды өлеңдер де жалықтырмай ма? [116, 6 б.] дейтін ақынның мұндай ізденістерін тек форма жаңашылдығы деп емес, ақындық арынның, қалам қарымының мықтылығынан деп бағалаған дұрыс.

Сөз өнерінде өлеңді өлең ететін ең маңызды құралдардың бірі – ұйқас. “Әсіресе, силлабикалық жүйедегі қазақ өлеңінің көп қасиеті осы ұйқасқа байланысты. В.Г. Жирмунский, Т. Ковальский, Ф. Корш, И.В. Стеблева, М.К. Хамраев, А.М. Шербак т.б. ғалымдардың еңбегінде ұйқастың түркі тілдес халықтар поэзиясында көне заманнан қалыптасқаны дәлелденеді. Қазақ ғалымдарында ұйқас туралы құнды пікір айтқан ғалымдар: А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Е. Ысмайлов, З. Ахметов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, Ә. Тәжібаев, Қ. Өмірәлиев, Б. Кәрібаева, С. Негимов т.б. [96, 36 б.] “Қазақ поэзиясында ұйқастардың түрі көп, бірақ ең негізгі және көп қолданылатындары мыналар: 1. Қара өлең ұйқасы, 2. Шұбыртпалы ұйқас, 3. Ерікті ұйқас, 4. Кезекті ұйқас, 5. Шалыс ұйқас, 6. Егіз ұйқас, 7. Аралас ұйқас, 8. Осы күнгі ерікті ұйқас”, – деп жазады

академик Қ. Жұмалиев [117, 183 б.]. Ф. Оңғарсынова поэзиясы, оның ішінде поэмаларындағы қара өлеңнің орны ерекше екендігін жоғарыда айтқанбыз. Ақынның поэмаларында буын, ұйқасқа байланысты сәтті ізденістер аз кездеспейді. Осы ретте оның әсіресе 7-8 буынды өлеңдердегі шалыс ұйқас (абаб), егіз ұйқастарды (аабб) аса шеберлікпен қолданылуын айтуға болады. Дегенмен де, ақын поэмаларына қара өлең ұйқасы да, шалыс ұйқас та, кезекті ұйқас та, шұбыртпалы ұйқас та, егіз ұйқас пен аралас ұйқас та тән. Поэзиямыздың арғы-бергі тәжірибесінде әр кез көрініп жүрген осы ұйқастарды ақын жандандыра, өзгеше сипат бере қолданады. Өлең өлшем өрнектері қисынымен шебер қолданылғанда ғана өлең-жырдың әуезділігі арта түсетіндігі анық.

#### Қара өлең ұйқасы – а,а,б,а

3	4	4	
/Кәдімгі //	жиыртпалы	//жыл еді бұл,/	–а
/Жасарып//	жаңа өмірмен	//түледі қыр/.	–а
/әлі де //	байлар елде	//бақ түзеді,/	–б
/әндесіп,//	ақ бандымен	//тілегі бір/ [37, 42 б.].	–а

(“Қырдағы айқас”)

#### Шалыс ұйқас – а,б,а,б

3	4	
/Елемей //	нұрын да айдың/	–а
/Көңілім //	жабығулы/.	–б
/Көз тігіп //	қырындаймын/	–а
/Бетке алып //	ауылыңды/.	–б
3	4	
/Жарқылдап //	жүруші едім/	–а
/Достармен //	қалжыңдасып./	–б
/Көрдім де //	бүгін сенің/	–а
/Жүзінді, //	қалдым жасып/ [37, 94 б.]	–б

(“Мен өмірді...”).

#### Егіз ұйқас – а,а,б,б

3	5	
/Сұңқарды //	сұңқар деу керек	–а
/Тұлпарды //	тұлпар деу керек./	–а
/Ақымақ //	қара қарғаны/	–б
/Түлкіге баулып //	салғалы/	–б
/Қыран деп//	баптау күлкілі/ [15, 92 б.].	
5	3	
/Бықсықтарыңды //	қағатын,/	–а
/Алапат дауыл//	желдерге,/	–б
/Теңіз қопарған //	сеңдерге/	–б
/Қарайсындар ма,//	қалшылдап/	–в
/Зәрелерің ұшып, //	жан сыздап/ [15, 95 б.]–в	

(“Дала тағдыры”)

#### Кезекті немесе аттамалы ұйқас – а,б,в,б

3	5
---	---



7. Ф. Корш, В. Гордлевский сынды академиктер қазақ жырындағы 7 буынды өлең өлшемдері туралы қандай пікірде болды?
8. Қазақ өлеңіндегі ұйқас түрлерін атаңыз. Қосымшадағы үзінділерді пайдалана отырып, мысал келтіріңіз.

### Өзіндік жұмыс тапсырмалары

1. Отандық және шетелдік ғалымдардың қазақ өлеңінің құрылысына қатысты еңбектерімен танысып, конспект жасаңыз.
2. А. Байтұрсыновтың теңеу турасындағы тұжырымдары. Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы дербес теңеулер.
3. Метафораның танымдық, экспрессивтік және герменевтикалық қасиеті мен қызметі.
4. Эпитеттің өлеңдегі қызметі.
5. Ф. Оңғарсынова поэмаларындағы тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің қолданысы.
6. Ф. Оңғарсынова поэзиясындағы күрделі ұйқас, ырғақ, екпін, интонация мәселелері.
7. Толғау жанрының дамуы мен қалыптасуы.

### ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Өлең сөзбен жазылған сюжеттік желісінде әңгімелеу сипаты басым көлемді әдеби түрді белгілеңіз.  
А) поэма;  
В) повесть;  
С) сонет;  
D) ғазал ;  
E) бәйіт;
2. “Қазақ совет әдебиетіндегі 20–30 жылдардағы поэмалар”, “Қазіргі қазақ поэмасы” еңбектерінің авторы кім?  
А) Ә. Нарымбетов;  
В) Қ. Жұмалиев;  
С) З. Қабдолов;  
D) С. Мұқанов;  
E) Ш. Әлібеков
3. Поэма турасында “...поэма мінез даралай отырып, прозаның тәжірибесіне сүйенеді, лириканың жарқ еткен бір сәттік көңіл-күйін пайдаланып, драмада үнемі қозғалыс үстінде көрінеді. Тіпті

публицистиканың өзі де поэмаға жат емес”, – деген пікірді кім айтты?

- A) Ю. Марцинкявичюс;
- B) Эд. Джрбашян;
- C) Г.Н. Пospelов ;
- D) Н. Қарбанова ;
- E) Ә. Нарымбетов;

4. Ф.Оңғарсынованың қаламынан тумаған поэманы көрсетіңіз.

- A) “Мүшәйра”;
- B) “Дыбыстар әлемі”;
- C) “Айтыс”;
- D) “Ақбөбек жырлары” ;
- E) “Интервью”;

5. Әлеуметтік тұрмыс құбылыстары кең қамтыла отырып адам характері мен образы жасалатын эпикалық поэзияның көнеден келе жатқан дәстүрлі түрі.

- A) циклді поэмалар
- B) лирикалық поэма;
- C) очерк-поэма;
- D) сюжетті поэма;
- E) публицистикалық поэма;

6. Ф. Оңғарсынованың:

“Арман-жолда шың-құздар өріндегі,  
Адастырмай албырттау көңіл мені.  
Жалқы темірқазығым – Махамбет те,  
Жыр – Шолпаным өзіңсің көгімдегі”, – деген жыр жолдары кімге арналған?

- A) анасы Халимаға;
- B) ақын Сара Тастанбекқызына;
- C) Әлия мен Мәншүкке;
- D) әнші Майра Уәлиқызына;
- E) күйші Динаға;

7. Айыптама, ағайын, ессіз деме,  
Жалын кештім, білмеймін, кештім неге...

Қажет емес қалың мал, қысырағы –

Сезімімді сатпаймын ешкімге де!, – дейтін Ф. Оңғарсынова

кейіпкерін көрсетіңіз

- A) Наркүміс қыз;
- B) Ақын Сара;
- C) Ақбөбек;
- D) Майра;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

8. Фаризаның “Дыбыстар әлемі” поэмасы – композитор Ғ.Жұбанова туралы толғаныс-кантата. Кантата дегеніміз не?

- A) оркестр құрамындағы соқпалы музыкалық аспап;

В) айтар ой, ақындық идеяны қандай да бір музыкалық аспаптың үнімен беру;

- С) жеке әншілер мен ансамбль, хор үшін арналған көлемді шығарма;
- Д) поэма тарауларының аты музыкалық терминмен берілген шығарма;
- Е) өте қысқа әдеби жанр ;

9. Махамбетке арналған поэманы көсетіңіз.

- А) “Барлыбай түбіндегі ән”;
- В) “Махамбеттің жебесі”
- С) “Бас жұтқан бас”;
- Д) “Қараой”;
- Е) “Нарынкүм зауалы”.

10. Махамбет тақырыбына жазылған Ф. Оңғарсынованың поэмасын атаңыз.

- А) “Махамбет”;
- В) “Жаңғырық”
- С) “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім”;
- Д) “Кек”;
- Е) “Исатай- Махамбет”

11. Кейіпкердің өзінің іштей айтатын ой-өрісі, көңіл-күйі, толғаныстары.

- А) диалог;
- В) монолог;
- С) эпиграмма;
- Д) пародия;
- Е) аллегория ;

12. Ф. Оңғарсынованың түс көру элементімен байланыста құрылған поэмасын табыңыз.

- А) “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”;
- В) “Қарғыс”;
- С) “Мен өмірді сен деуші ем...”;
- Д) “Алмас қылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім”;
- Е) “Қасірет пен ерлік жыры”;

13. Ф. Оңғарсынованың “Шешім”, “Жан қуанышын іздеу”, “Жылқышы жігіт хикаясы”, “Түйін”, “Абылай алаңындағы ой” сынды тараушалардан тұратын поэмасы.

- А) “Тартады бозбаланы магнитім”;
- В) “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген”;
- С) “Тыңдаңдар, тірі адамдар!”;
- Д) “Ақан сері аңыздары”;
- Е) “Қасірет пен ерлік жыры”;

14. ... – кейде адамның ішкі халін, қиын көңіл күйін, шым-шытырық оқшау сезімдері мен ұғымдарын, шытырман психологиялық иірімдерін аңғарту үшін де жұмсалады. Ала –құла ой, қиыр-шиыр қиял, әрі-сәрі түс, кейбір қияли кісінің оқыс күйініш-сүйініші...

- А) ішкі монолог;

- B) қайталау;
- C) эллипсис;
- D) лирикалық шегініс;
- E) диалог.

15. Ақынның халық аузындағы тарихи аңыздардың негізінде жазылған поэмасы қайсысы?

- A) “Ақан сері аңыздары”;
- B) “Сайраған жетісудың бұлбұлымын”;
- C) “Тыңдаңдар, тірі адамдар!”;
- D) “Ақбөбек жырлары”;
- E) “Қасірет пен ерлік жыры”;

16. Қазақ поэзиясындағы символдық бейне.

- A) Орман;
- B) Дауыл;
- C) Аспан;
- D) Дала;
- E) Су;

17. “Поэмада адам атаулы қатыспайды деуге де болады. Ал, сол адам адамзат атынан оркестрге бірігіп, әртүрлі аспаптар үнімен сарнайды, сыр шертеді, тіпті адамша тілдеседі”. Әңгіме Ф. Оңғарсынованың қай поэмасы турасында?

- A) “Тыңдаңдар, тірі адамдар!”;
- B) “Дыбыстар әлемі”;
- C) “Дала тағдыры”;
- D) “Ақбөбек жырлары” ;
- E) “Интервью”.

18. Фрагмент жанры туралы

- A)
- B)
- C)
- D)
- E)

19. “60-80 жылдардағы қазақ поэзиясында туған жер культі жаппай тұрақ тепті десек асыра айтқандық емес. Заманында М. Мөңкеұлы, Абай, Ақан сері, Сұлтанмахмұт шығармаларында кездескен туған жерден жеріну сарыны мүлдем дерлік ұшыраспайды. Оның орнына атамекеннен табан аудармау, адасқан қазықты қайта табу мәселесі тиянақталды”, – деген пікірдің авторы?

- A) Б. Кәрібаева;
- B) Т. Кәкішев;
- C) З. Қабдолов;
- D) А. Шәріп;
- E) А. Еспенбетов.

20. Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы поэмалар қатарына жатпайтын шығарманы табыңыз.

- A) Д. Әбілевтің “Майданбек”;
- B) Ә. Сәрсенбаев “Намыс ұлы” ;
- C) М. Хакімжанованың “Мәншүк”;
- D) Ф. Оңғарсынова “Қырдағы айқас”;
- E) Н. Исабаев “Аққу”.

21. Ф. Оңғарсынованың қай поэмасындағы оқиға кейіннен ақынның “Шашы ағарған қыз” повесінің де сюжеттік арқауына айналды?

- A) “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”;
- B) “Қарғыс”;
- C) “Мен өмірді сен деуші ем...”;
- D) “Қырдағы айқас”;
- E) “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы”.

22. Ф. Оңғарсынованың очерк типтес поэмасын табыңыз.

- A) “Дыбыстар әлемі”;
- B) “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген”;
- C) “Тыңдандар, тірі адамдар!”;
- D) “Ақан сері аңыздары”;
- E) “Қасірет пен ерлік жыры”.

23. “Лирикалық поэма өз дәуірінің рухани келбетіне дендеп еніп, өз заманының кейіпкерін сомдауға тырысты. Ол өзінің даму жолында лирикалық табиғатын сақтай отырып, эпикалық кескіндерді де қажетінше пайдаланып келеді”. Бұл кімнің пікірі?

- A) Ю. Марцинкявичюс;
- B) Эд. Джрбашян;
- C) Г.Н. Поспелов ;
- D) М. Числов;
- E) С.А. Коваленко.

24. Ақынның қай поэмасында жалғыздық ұғымы проблемалық деңгейге көтерілген?

- A) “Мүшәйра”;
- B) “Қасірет пен ерлік жыры”;
- C) “Мен өмірді сен деуші ем...”;
- D) “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы”;
- E) “Дала тағдыры”.

25. “Поэма диалогқа құрылғанымен, мұндағы ақын бейнесі жетекші рөлге ие болып, үнемі көшбасшылық қызмет атқарып отырады”. Әңгіме ақынның қай поэмасы турасында болып отыр?

- A) “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”;
- B) “Қарғыс”;
- C) “ Тыңдандар, тірі адамдар!”;
- D) “Қырдағы айқас”;
- E) “Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы”.

26. Ф. Оңғарсынованың қай поэмасында махаббатта жолы болмаған бозбала жігіттің сезім сарсаңы сөз болады?

- A) “Тартады бозбаланы магнитім”;



- B) “Мен өмірді сен деуші ем...”;
- C) “ Тыңдаңдар, тірі адамдар!”;
- D) “Дала тағдыры”;
- E) “Интервью”.

27. Элегия деп нені айтамыз?

- A)
- B) мазақтау өлеңдер
- C) мұнды лирикалық өлең.
- D) мақтау өлеңдер
- E)

28. Әдебиеттану ғылымындағы “цикл” дегеніміз не?

A) Автордың саналы түрде жанрлық, идеялық-тақырыптық принциптері бойынша немесе кейіпкердің ортақтығы негізінде топтастырылған шығармалар тобы;

- B)
- C)
- D)
- E)

29. А. Байтұрсынов өз еңбегінде теңеуді неше түрге бөледі?

- A) Екіге бөледі;
- B) Үшке бөледі;
- C) Төртке бөледі;
- D) Беске бөледі;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

30. “Лирикада мінез болады. Ол – ақынның мінезі. Өлеңім өзіме тарт дегендей, әр өлең тек иесіне ғана тартады”, – дейтін пікір кімдікі?

- A) З. Ахметов;
- B) М. Дүйсенов;
- C) Г.Н. Пospelов ;
- D) З. Қабдолов;
- E) В.Г. Белинский.

31. Екі нәрсені, құбылысты салыстыру және жанастырып-жақындату негізінде астарлы тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі.

- A) теңеу;
- B) метафора;
- C) синекдоха ;
- D) шендестіру;
- E) метонимия.

32. Дерексізге қимыл дарытып, жансызға жан бітіріп қана қоймай, лирикалық қаһарманның да ішкі сезімінен хабардар етіп отыратын тәсіл

- A) эпитет;
- B) қайталау;
- C) кейіптеу ;

D) шендестіру;

E) метонимия.

33. Табиғаттың құпия сыры мен адам жанының сезім сырларын астастыра, қатар өре суреттейтін тәсіл қалай аталады?

A) антитезалар (шендестірулер);

B) анафора;

C) кейіптеу ;

D) эпитет ;

E) психологиялық параллелизм (егіздеу)

34. Кереғар ұғымдарды бір-біріне бетпе-бет қоятын айшықтаудың бір түрі

A) эпитет ;

B) метафора;

C) синоним сөздер ;

D) антитезалар (шендестірулер);

E) психологиялық параллелизм (егіздеу)

35. Берілген шумақ қандай тәсіл арқылы жасалған?

Ұсақтық болса адамда-

Ұшқын құй жырмен жанына,

Ұмтылсын алғы таңына,

Үміттің қылын үзбесін

A) қайталау ;

B) аллитерация;

C) ассонанс ;

D) антитезалар (шендестірулер);

E) антонимдер

36. Академик З. Қабдолов қайталаудың неше түрін көрсетеді?

A) 4 ;

B) 7;

C) 3 ;

D) 2;

E) 5

37. Төмендегі жыр шумағында қайталаудың қай түрі қолданылған?

Мен қарамын –

Қасіретім бұл маңдайда сорым болған,

Азап-мұңның қадады оғын жалған.

Мен қарамын –

Табиғаттың мен де бір перзентімін,

Арқалаған бейнетін жер бетінің.

Мен қарамын –

Қасиетті түндердей адалдығым,

Жүректерді өртеген жанар нұрым.

A) жай қайталау ;

B) кезекті қайталаудың (эпифора) ;

C) әдепкі қайталау, (анафора) ;

D) еспе қайталау;

E) дұрыс жауабы жоқ.

38. Қара өлеңге: “Қара өлең – әдеттегі, үйреншікті өлең, бұл өлең төрт шумақты, әр шумақта жеке-жеке ой жатады”, – деген анықтаманы ұсынған ғалымды атаңыз.

A) З. Ахметов;

B) Академик Ф. Корш ;

C) Г.Н. Пospelов ;

D) Ш. Уәлиханов;

E) Қ. Жұмалиев.

39. Толғау қандай жанр?

A) ;

B) ;

C) ;

D) ;

E)

40. Берілген шумақта ұйқастың қай түрі қолданылған?

Елемей нұрын да айдың,

Көңілім жабығулы.

Көз тігіп қырындаймын,

Бетке алып ауылыңды.

A) шалыс ұйқас;

B) қара өлең ұйқасы;

C) егіз ұйқас;

D) кезекті ұйқас;

E) күрделі ұйқас.

41. Шектен тыс ұлғайту дегеніміз - ...

A) литота;

B) композиция;

C) кейіптеу;

D) гипербола;

E) аллегория.

## ҚОСЫМША

Ф. Оңғарсынова “Сайраған Жетісудың бұлбұлымын”  
(поэмадан үзінді)

Ақын Сара, саңлағы жыр-жарыстың,  
Шашылғандай бейуақта шыңнан ұшқын.  
Арманшылдау жанымды алау шарпып,  
Қанатымды жырыңа шыңдап ұштым.

Арман-жолда  
Шың-күздар өріндегі  
Адастырмай албырттау көңіл мені-  
Жалқы темірқазығым – Махамбет те,  
Жыр-Шолпаным – өзіңсің көгімдегі!

Жыр-әлемде жолдар аз таң нұрындай,  
Зулап өтер дауылға, шаңға ұрынбай.  
Бұралаң жол, бұрқасын өткелімен  
Сендік тағдыр менің де тағдырымдай...

Сайраған жетісудың бұлбұлымын,  
Айбынды, үнім асқақ, нұрлы жырым.  
Айтыссам, ақ бұлақтай ақтарылам,  
Кешпеймін кейбіреудей жыр жылымын.

Өсірген өжет етіп өлке мені,  
ерлердің елдігімен көркем елі.  
Жырымда найзағайдың ұшқыны бар  
Тіл тарпай талай ақын өртенеді!

Жырыңнан жүректерде нұр жанбаса,  
Жықпаса, жығылмаса, жынданбаса,  
Күлмесе, қайғырмаса, мұңданбаса,  
Жылтыңдап жайдақ судай жылмаңдаса,  
Жыр емес, ондай жырың құр далбаса!

Жыршы емес, елдің жүгін тарта алмас,  
Таңдайға алмас сөзді арқандаса.  
Іштегі буырқанған жай тасқынын  
Жасқанып, ақтара алмай жалтаңдаса!

“Тартады бозбаланы магнитім...”  
(поэмадан үзінді)  
*Майраның ағаларына өкпелеп айтқаны*

Қыз етіп құрсағынан тапса да анам  
Ешқашан жанарымды жасқамаған.  
Ал сендер ала көзбен атасыңдар,  
Мен бейне туғандай-ақ басқа анадан.

Тағдырдан талант бер деп сұрамадым,  
Жаулады ел жүрегін бұлақ-әнім.  
Халқымның кәрі-жасы қадірледі  
Осы ма маған тағар кіналарың?

Ел сүйіп, ақ сезімін маған жайды,  
Біреуге соның өзі салар қайғы.  
Халықтың махаббатын, мойындауын  
Құдай да пұлға сатып ала алмайды.

От мінез. Жанар найза. Жалын ішім.  
Ұшқын-ән талайлардың қарыды ішін.  
Еркіндік, еркелікті кешірді елім,  
Ажарым үшін емес, әнім үшін.

Ойламай өстім шекпен-тұлып қамын,  
Жақпайды сендерге еркін қылықтарым.  
Жұртқа арман қайран басым сендер үшін  
Ұяда жарылған бір жұмыртқамын.

Күн туар, атар алдан таңдар жаңа,  
Жылыстар жалған байлық, жалған дана.  
Күні өткен жылап, күліп Майра қызға  
ән-жырын арнар бала, арнар дала.

“Тыңдаңдар, тірі адамдар!”  
(поэмадан үзінді)

Жайқалып ек біз нәзік қыр гүліндей,  
Арман–серік, көңіл–пәк, мұңды білмей.  
Күнді құшып қиялмен, Айды аралап,  
Жердегілер жанарға жүрді ілінбей.

Табиғаттан құйылған тамырына  
Қыр қызының қашан да ары – мұра.  
Алау көңіл шарпылды бозбаланың  
Деміне емес, соғыстың жалынына.

Аласұрып он жылап, он күлетін,  
өрлігінді өртейтін, көндіретін.  
Жар болудың бақыты бұйырмады,  
Денемізді көрді жер, көрді де түн.

Тал бесікті тербетіп жақұт таңда,  
Ақ үмітпен қарайтын уақытқа, алға.  
Жалғасындай бөбегің бауырыңда...  
Бұдан басқа әйелде бақыт бар ма?!

Арбалғанда өмірдей күміс үнге,  
Ойлай ма адам өлімді тірісінде!  
өкініштер өртейді мұз денені  
қалғаннан соң қамалып мұз ішінде.

Рас, біздер ажалдан қорықпадық,  
өмір үшін айқастық. Соны ұқ, халық!  
Нәзік дене бұтадай дірілдеді  
Оқ астында түндерде тоңып, талып.

Біз де тірі қалуды армандадық,  
Шай құюды, жүруді шамдар жағып,  
Ашық аспан, Ай, Күнді қызықтауды...  
Енді бүгін біздегі арман – жырақ.

Басталды да батыстан қара жорық,  
Ажал–орақ жөнелді адамды орып.  
Біз өмірден рахат сезінбедік  
Тым құрыса бір сәтке ана болып.

Ана біткен тірлікке қорек алған–  
Ұмтылады аналап бөбек алдан.

Тірі адамдар, тыңдаңдар, ескеріндер  
Тартыстардан осылай өледі арман.

“Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы”  
(поэмадан үзінді)

Үйде жалғыз жатырмын, сырқат жаным.  
Төсегімнен тұрмадым, дым татпадым.  
Дәрі ішуге жайым жоқ.  
Алғаш рет  
Тілеп жаттым біреу кеп үн қатқанын.

Сонда мүлде жазылып кетер едім...  
Жаутаңдатып осылай өте ме күн...  
Мен асылы ауырған жүрегімнің  
Дәрілерден іздеймін бекер емін.

Шулы өмірге мен де еріп кетер едім,  
Тағдыр, мені өнермен некеледің.  
Дауыл, шуақ алмасқан жер бетінде  
өлеңімді сәбидей жетеледім.

Құндақтадым, соларды қоғаладым,  
Аттандырдым, сайладым жол-жарағын.  
Жалғыз жатып жаныма медеу етем-  
Басқаларға бақыт боп орнады әнім.

Кештім жалғыз тірліктің сынақтарын,  
Жабырқасам, жыласам, жұбатты әнім.  
Жаным анам, жаныма сен келгендей,  
Сосын... менің келгендей ұнатқаным.

Үйден ғана бір бақыт табар жандай,  
Думан, дархан жерлерге қалам бармай.  
Жалғыз қалып зар кешем. Тағдырына  
Екі ғұмыр жазылған адамдардай...

*Балам,  
Адам  
Айрылса асылынан  
Ағаштай жасын ұрған.  
Жараланғыш,  
Алданғыш мұңды жаны  
Жүрегі – ашық жарадай  
Шыңғырады.*

*Жалғыздықтан,  
Алдану,  
өкініштен  
адамдар жынданады.  
Тұншығады кірбің мен мұңға жаны,  
Жанарлардың бәрінен қауіп сезіп,  
Шалқар дейді су қайтқан сұр жағаны.*

*Жүрген кезде  
Құлазып,  
Жылап-талып,  
Жан таба алмай баратын сыр ақтарып,  
Жазықтан да тайғанап жазатайым,  
Қаз басасың қайтадан құлап барып.*

*өрлігіңді  
өртейді  
кек пен егес,  
шыңғырады шыға алмай естен елес...  
қыл үстіндеі осы бір сәттен өтсе,  
арғы жағы адамға ештеңе емес!*

**“Ақан сері аңыздары”**

*(поэмадан үзінді)*

***Наркүміс қыздың әңгімесі***

*Зеренді маңындағы бір тойда Ақан серіні көрген Наркүміс атты қыз бала 5-6 ай өткесін ағаларына қолқа салып ақынды шақыртады. 16-17 жастағы наркүміс Ақан сері келгенде көкірек ауруынан төсек тартып жатып қалған екен.*

*Күнім таяу ақырғы.  
Сізді адам деп заты үлгі  
Айтып кеткім келді барлық сырымды,  
Анама да айта алмайтын мұңымды;*



Мәнсіз өткен ғұмырымды.  
Алдыңыз ба менің ащы хатымды?  
Адамсыз ғой сезімі пәк, ақылды—  
Көкірегімнің запыранын тек Сізге  
Құйғанымды кешірсеңіз мақұл-ды.  
Мен өйткені кездестіре алмағам  
Сізден асқан жақынды.

Сізді көріп құлағам.  
Бар екен деп мені ұғатын бір адам.  
Көзіңізді мұң тұнған,  
өзіңізді сыр тұнған,  
жаныңызды тор астында бұлқынған  
елестетіп елжірегім, жылағам.  
Жүруші едім қирағандай бұғанам—  
Содан бері аяғымнан тұра алам.  
Сіз бар-ау деп запы болған жанымды  
Баурап алды тіршілікке құмар ән!

Өзіңізбен кезсем деп ем жағаны,  
ажал сұмның ашылғандай араны  
қан ауруы қылғындырып барады...  
мен рахат көрмедім.  
Көзім жасы көл менің,  
Мөлдірлікті бір көре алмай шөлдедім.  
Сіздер өскен, мен сүйетін даланы  
Залал қаптап барады.  
Қасаңдықтың, топастықтың залалы.  
Айқайымды естімейді адамы.

... Сізге жалғыз тілегім:  
Түйгенімді түртіп, жазып жүр едім—  
Соны оқыңыз...  
Сырлас едім үкімен,  
Сіздің іздеп келгеніңіз... күтіп ем...  
Күркілдеген өмірге нді түкірем.  
Сізді күтіп жатыр еді жүрегім...  
Сізден... іздеп... бір... емін...

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Пospelов Г.Н. Проблемы исторического развития литературы. – М.: Просвещение, 1972. – 325 с.
- 2 Кубилюс В. Новые пути поэмы // Вопросы литературы. – 1962. – №1. – С. 22–23.
- 3 Эд. Джрбашян. // Литературная Армения. 1967. №3.
- 4 Марцинкявичюс Ю. Судьбы поэмы // Литература и современность. – М.: Просвещение, 1966. – Вып. 7. – С. 36–37.
- 5 Әлібеков Ш. Қазақтың революцияға дейінгі сюжетті поэмасының өсу жолдары: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 1961. – Б. 97–98.
- 6 Мүтитегі З. Ф. Оңғарсынованың лирикасы: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 2000. – Б. 87–88.
- 7 Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – 208 б.
- 8 Тарақ Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 342 б.
- 9 Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 320 б.
- 10 Жанр және шеберлік / Жауапты ред. М. Базарбаев. – Алматы: Ғылым, 1968. – 352 б.
- 11 Нарымбетов Ә. Қазіргі қазақ поэмасы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 248 б.
- 12 Алпысбаев Қ. Поэма және сюжет. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 124 б.
- 13 Аяпбергенұлы Р. Ф. Оңғарсынова поэмалары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – №5. – Б. 30–31.
- 14 Мүтитегі З. Ф. Оңғарсынованың лирикасы: Филол. ғыл. канд. дис. автореф. – Алматы, 2000. – Б. 25.
- 15 Оңғарсынова Ф. Шашы ағарған қыз // Мақала, эссе, повестер. – Алматы: Жазушы, 1990 – Б. 125-127.
- 16 Оңғарсынова Ф. Өлеңдер / Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1987. – Т 2. – 366 б.
- 17 Гуляев Н.А. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 1985. – 288 с.
- 18 Мұртаза Ш. Намыс қайрағы // Астана ақшамы. – 2000 – 29 сәуір.
- 19 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 2003. – 304 б.
- 20 Мүсірепов Ғ. Ақын Сараға соқтықпасақ қайтер // Заман және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1982. – Б. 132-134.
- 21 Айтқожина М. “Ешкіөлместегі ескерткіш” // Социалистік Қазақстан. – 1974. – 8 наурыз.
- 22 Кәкішев Т. Өрелі де кестелі ойлар // Айтқожина М. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1986. – Б. 114-116.
- 23 Иманасов С. Ғашықпын саған // Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ғылым, 1981. – Б. 240-242.
- 24 Асылжанов Б. Менде бір тебіреніс бар // Жалын. – 1982. – №2. – Б. 28– 29.

- 25 Ұйықбаева М. Қанатты жырдың қарлығашы // Ф. Оңғарсынова. 10 томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2001. – Т 9. – Б. 310-311.
- 26 Сұлтанғалиева Ж. Қазіргі қазақ лирикасындағы мінез мәселелері: Филол. ғыл. канд. дис.:10.01.02. – Алматы, 1998. – Б. 53–54.
- 27 Сұлтанов Қ. Ақынның аманаты // Оңғарсынова Ф. 10 томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2001. – Т 8. – Б. 310-311.
- 28 Боков В. Жаркий жанр // Литературная газета. – 1956. – 16 сентября.
- 29 Дүкенбаева З. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941жж). – Алматы: Ғылым, 2003. – 329 б.
- 30 Қоспақов З. Өнші Майра // Майра Уәлиқызы атындағы 1-Халықаралық әдеби-көркем, ғылыми – әдістемелік жинақ / Құраст: А. Исағұлова, Т. Қоңыратбай. – Алматы: Ғылым, 2001. – Б. 115-117.
- 31 Тәжібаев Ә. Майра // Жұлдыз. – 1976. – №3, 4; Тәжібаев Ә. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 1979. – Т 2. – Б. 180–182.
- 32 Нарымбетов Ә. Уақыт шындығы – көркемдік кепілі – Алматы: Жазушы, 1989. – 184 б.
- 33 Числов М. Время зрелости – пора поэмы. – М.: Советский писатель, 1982. – 406 с.
- 34 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Ред. бас. І. Кеңесбаев. – Алматы: Ғылым, 1979. – Т 10. – 345 б.
- 35 Аяпбергенұлы Р. Ф. Оңғарсынованың “Ақбөбек жырлары”, “Дыбыстар әлемі”, “Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген” поэмасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – №3. – Б. 61-67.
- 36 Оңғарсынова Ф. Өлеңдер // Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1987. – Т 1. – Б. 160-161.
- 37 Мақпырұлы С. Қазына. – Алматы: Арыс, 2004. – 320 б.
- 38 Нәжімеденов Ж. Өлеңдер // Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1996. – Т 1. – Б. 404-406.
- 39 Мәдібай Қ. Жүмекен-жыр – ақын ғұмыр // Тұғыры биік тұлға. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – Б. 99-101.
- 40 Шаханов М. Мәңгүрттенбеу марсельезасы. – Алматы: Рух–Дария, 2008. – 288 б.
- 41 Оңғарсынова Ф. Мен оны туысымдай көретінмін...// Алтын Орда. – 2003. – 18 қыркүйек.
- 42 Байоралова Н. Жырдың пірі – Махамбет // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – № 47. – Б. 47–48.
- 43 Сейітов С. Өлең өлкесінде. – Алматы: Жазушы, 1986. – 256 б.
- 44 Өтемісұлы М. Шығармалары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1951. – 138 б.
- 45 Нарымбетов Ә. Махамбет – дастан // Алматы ақшамы. – 2003. – 5 тамыз.
- 46 Өтеев Ж. Парасат поэзиясы // Ф. Оңғарсынова. Он томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2001. – Т 9. – Б. 74–79.
- 47 Ахметова К. Ақиқат пен ар алдында // Лениншіл жас. – 1989. – 22 желтоқсан.

- 48 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
- 49 Нұрахметов С.Қ. Мырзалиевтың ақындық шеберлігі: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 1994. – Б. 44–45.
- 50 Бисенғали З. Ұзарар өмір із қалса... // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – №11. – Б. 36 -37.
- 51 Әдебиеттану терминдер сөздігі / Құраст: З. Ахметов. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 240 б.
- 52 Кенжебаев Б. Ақан сері. (А. Хангельдиннің “Ақан сері” поэмасы туралы) // Әдебиет және искусство. – 1948. – №10. – Б. 74-79.
- 53 Дәдебаев Ж. Өлеңдегі сөз // Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 11 к. – Б. 14–15.
- 54 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 55 Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). – Алматы: Ғылым, 1992. – 488 б.
- 56 Адамбаев Б. Ақбөбек // Поэма мен өлеңдер. – Алматы. – 1962. – 87 б.
- 57 Қамарова Н. Қазіргі қазақ өлеңіндегі психологизм: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 2001. – Б. 101–102.
- 58 Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. докт. дис.: 10.01.02. – Алматы, 1997. – Б. 90–91.
- 59 Толысбаева Ж. Лирическая поэма рубежа II-III тысячелетий. – Алматы: Семей, 2005. – С. 255– 256.
- 60 Максимов Д. О лирическом герое // Литературная газета. – 1954. – 15 май.
- 61 Қалижанов У. Парасат жырлары // Ф. Оңғарсынова. 10 томдық шығармалар жинағы. – Астана: Елорда, 2001. – Т 9. – Б. 207-208.
- 62 Бүркітов О. Қазақ тіліндегі қайталамаларының лингвостилистикалық жүйесі: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 2001. – Б. 63– 64.
- 63 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және Ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000. – 336 б.
- 64 Қабош Б. Қазіргі қазақ поэзиясының түрлік – бейнелілік ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 2006. – Б. 93– 94.
- 65 Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктер. – Алматы: ҚМКӘБ, 1942. – 269 б.
- 66 Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры. – Алматы: Білім, 1995. – 315 б.
- 67 Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. – Алматы: Ғылым, 1969. – 444 б.
- 68 Нарымбетов Ә. 70-80 жылдардағы қазақ поэмасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 51 б.
- 69 Қамбаров Қ. Ерлік эпосы. – Алматы: Жазушы, 1979. – 216 б.
- 70 Хакімжанова М. М. Мәметова. – Алматы: Жазушы, 1945. – 86 б.
- 71 Тайшина Т. Ерлік гимні. // Жас өркен – Қостанай. 2003. 8 мамыр. – Б.10–11.

- 72 Кекілбаев Ә. Бар бол, баһадүр сөз // Астана ақшамы. – 2000. – 29 сәуір.
- 73 Жармағамбетов Қ. Поэмалар туралы // Социалистік Қазақстан. – 1954. – 26 тамыз.
- 74 Ыдырысов Т. Очерк туралы ойлар. – Алматы: Қазақстан, 1969. – 210 б.
- 75 Пірәлиева Г. Ізденіс өрнектері. – Алматы: М.Әуезов ат. ӘжӨИ, 2001. – 220 б.
- 76 Егеубаев А. Сыр мен сымбат. – Алматы: Жазушы, 1981. – 224 б.
- 77 Коваленко С.А. Художественный мир советской поэмы. Возможности жанра. – М.: Наука, 1989. – 272 с.
- 78 Сельвинский И. О поэме // Литературная газета. – 1965. – 22 июль.
- 79 Кекілбаев Ә. Өлі жандарды неге Гоголь жазбаған? // Қазақ әдебиеті. – 1965. – 10 желтоқсан.
- 80 Әлімбаев М. Поэма туралы кеңесу // Қазақ әдебиеті 1964ж, 10 қазан.
- 81 Шәменов К. Лирикалық поэмалар туралы ойлар // Қазақ әдебиеті. – 1965. – 29 қазан.
- 82 Швецова Л.К. И лирика и эпос // Литературное обозрение. – 1974. – №1. – С. 15-27.
- 83 Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. – Астана: Елорда, 2001. – 265 б.
- 84 Жұмабеков С. Жыр – Шынар // Қазақ әдебиеті. – 1989. – 22 декабрь.
- 85 Нұрғали Р. Сырлы сөз // Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 1 т. – Б. 208-210.
- 86 Белинский В.Г. О литературе // Полное собрание сочинений. – М.: Просвещение, 1953. – Т 5. – 768 с.
- 87 Майтанов Б. Монолог құрылымы. – Алматы: Ценные бумаги, 2006. – 106 б.
- 88 Банкетов А. Лирика в эпосе // Вопросы литературы. – 1967. – №11. – С. 80–81.
- 89 Аяпбергенұлы Р. Ф. Оңғарсынованың “Мен өмірді сен деуші ем” поэмасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – №8. – Б. 28–30.
- 90 Оңғарсынова Ф. Мен саған ғашық емес ем. – Алматы: Білім, 1999. – 168 б.
- 91 Шапай Т. Ой түбінде жатқан сөз // Бүгінгі лирика бағдары. – Алматы: Жазушы, 1989. – Б. 194-196.
- 92 Қайырбеков Ә. “Өлендегі “мен” – нен өрбіген ой” // Беталыс. – Алматы: Жалын, 1984. – Б. 53-55.
- 93 Оңғарсынова Ф. Менің досым – халық // Ана тілі. – 1998. – 29 қазан.
- 94 Аяпбергенұлы Р. Ф. Оңғарсынованың “Алмас қылыш”, “Қасірет пен ерлік жыры” поэмалары // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – №12. – Б. 53-62.
- 95 Жақыпбекова М.Г. Ерлікті бейнелеудің ұлттық өрнектері: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 2003. – Б 34–35.
- 96 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.

- 97 Юсупов Қ. Жыр жиһазы (Ж. Нәжімеденовтің ақындығы туралы). – Алматы: Рауан, 1995. – 236 б.
- 98 Есембеков Т.О. Художественно-эстетическое значение драматизма в казахской прозе: Дис. канд. филол. наук: 10.01.02. – Алматы, 1998. – С. 76–77.
- 99 Дүсіпова Қ. Фариза – поэзия әлемінің жарық жұлдызы // Атырау. – 1999. – 25 желтоқсан.
- 100 Мақатаев М. Қазақ жырының бір жылы // Қош, махаббат. – Алматы: Жазушы, 1988. – Б. 91-92.
- 101 Толстой Л.Н. Полное собрание сочинений. – М.: Просвещение, 1955. – Т 13. – 473 с.
- 102 Медетбек Т. Баба дәстүрінің мұрагері кім. – Алматы: Өлке, 2001. – 214 б.
- 103 Қирабаев С. Талантқа құрмет. – Алматы: Жазушы, 1989. – 248 б.
- 104 Жақсылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 422 с.
- 105 Шәйекенов Ж. Ә. Сәрсенбаевтің лирикасы: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 1999. – Б. 102–103.
- 106 Дүйсенов М. І. Жансүгіров. – Алматы: Ғылым, 1965. – 301 б.
- 107 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Ғылым, 1997. – 532 б.
- 108 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихы мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 288 б.
- 109 Қирабаев С. Ақынның тіршілігі өлеңімен // Қазақ әдебиеті. – 1987. – 4 қыркүйек.
- 110 Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980. – 136 б.
- 111 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және олардың нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 184 б.
- 112 Есіркепова К.Қ. 60-80 жылдардағы қазақ ақын әйелдер поэзиясының тілі. Автореферат. Астана. 2005.
- 113 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 114 Айбергенова С. Мен даланың қызы едім (Ақын әйелдер поэзиясы туралы). – Алматы: Ы. Алтынсарин ат. ҚБА РБК, 1999. – 141 б.
- 115 Балтоғаева Ж.Е. М. Жұмабаев поэмаларының жанрлық-көркемдік ерекшеліктері: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Алматы, 2003. – Б. 93–94 б.
- 116 Оңғарсынова Ф. Шілде // Таңдамалы өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1978. – 244 б.
- 117 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1964. – 320 б.
- 118 Елікбаев С.Т. 60-80 жылдардағы өлең құрылымы: Филол. ғыл. канд. дис.: 10.01.02. – Астана, 2000. – Б. 82–83.
119. Ә. Тәжібаев. Ой мен сезім нақыштары // Сөзстан. – Алматы: Жалын, 1982. – 3 к. – Б. 168-170.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫСӨЗ.....</b>	<b>3</b>
<b>1 ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ, СЮЖЕТТІК НЕГІЗДЕРІ.....</b>	
<b>2 ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ЛИРИЗМ.....</b>	
<b>3 ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК-БЕЙНЕЛІК ІЗДЕНІСТЕР..... ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ..... ҚОСЫМША.....</b>	

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....**